



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Министерство просвещения Республики Казахстан

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы
Национальный научно-практический центр физической культуры

«ҰЛТТЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНДАР»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«НАЦИОНАЛЬНЫЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ ИГРЫ»

Астана

29 қараша
ноября 2024

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ – ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ СЕРІКТЕСТЕРІ
ПАРТНЕРЫ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ НАУЧНО – ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ**



Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
Национальный музей Республики Казахстан



Дене шынықтыру нұсқаушыларының қауымдастығы
Ассоциация инструкторов по физической культуре



Қазақстан Этнодизайнерлер одағы
Казахстанский союз этнодизайнеров



Қазақстан Республикасы
Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы



«Тоғызқұмалақ» зияткерлік федерациясы
Федерация интеллектуальной игры «Тоғызқұмалақ»



Республикалық «Асық ату» федерациясы
Республиканская федерация «Асық ату»

ISBN 978-601-08-4856-6

«Ұлттық зияткерлік ойындар»: республикалық ғылыми-практикалық конференция баяндамалар жинағы (29 қараша 2024 ж.) – Астана: ҚР ОАМ ҰҒПДТО, 2024. – 225 п.

«Национальные интеллектуальные игры»: сборник докладов республиканской научно-практической конференции (29 ноября 2024 г.) – Астана: ННПЦФК МП РК, 2024 - 225 стр.

Редакциялық алқа:

Ташметов А.Б. – ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директоры;

Куптилеуова С. К. – Бас директордың академиялық сұрақтар бойынша орынбасары;

Рысбекова Р.К. - Бас директордың стратегиялық даму және инновациялар бойынша орынбасары;

Махаш Г. А. - Дене шынықтыру саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі зертханасының жетекшісі;

Билибаева Ф.А. - Зертхана маманы;

Бисембаева А. С. – Зертхана маманы;

Алшынбаева Г. А. – Зертхана маманы.

Конференцияның баяндамалар жинағы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының шеңберінде еліміздің мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтері мен нұсқаушыларының ұлттық зияткерлік ойындарды дамытудағы теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын жетілдіру мақсатында өткізілген «Ұлттық зияткерлік ойындар» тақырыбындағы республикалық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамаларын жариялауға арналған.

Жинаққа конференция спикерлері ҚР Оқу-ағарту министрлігі Комитет және Департамент басшыларының құттықтау сөздері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ғалымдары мен профессорлық-оқытушылар құрамы, отандық қауымдастықтардың басшылары, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтері мен нұсқаушыларының баяндамалары енгізілген. Баяндама материалдары «Бестемше», «Бескеней», «Асық ату», «Шахмат», «Тоғызқұмалақ» ұлттық зияткерлік ойындарынан бастап дене шынықтыру пәнін оқытудың теориялық және практикалық бөлімдерді құрайды. Сонымен қатар, жинақ конференция аясында өткізілген «Бестемше» ұлттық ойынынан республикалық зияткерлік жарысты түсірген фото материалдарды қамтиды. Басылым мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтері мен нұсқаушыларына, сондай-ақ жоғары оқу орындарының мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы студенттеріне арналған.

Сборник докладов конференции посвящен публикации докладов республиканской научно-практической конференции на тему «Национальные интеллектуальные игры», проводимой в рамках программы «Біртұтас тәрбие» Министерства просвещения Республики Казахстан с целью совершенствования теоретических знаний и практических навыков педагогов и инструкторов физической культуры дошкольных организаций образования страны в развитии национальных интеллектуальных игр.

В сборник включены приветственные слова спикеров конференции руководителей Комитета и Департамента Министерства просвещения РК, доклады ученых и профессорско-преподавательского состава Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева, руководителей отечественных ассоциаций, а также педагогов и инструкторов физической культуры дошкольных организаций образования. Материалы доклада составляют теоретическую и практическую части преподавания физической культуры, начиная с национальных интеллектуальных игр «Бестемше», «Бескеней», «Асық ату», «Шахматы», «Тоғызқұмалақ» и т.д. Кроме того, сборник содержит фотоматериалы, запечатлевшие республиканское интеллектуальное соревнование по национальной игре «Бестемше», проведенное в рамках конференции. Издание предназначено для педагогов и инструкторов физической культуры дошкольных образовательных организаций, а также студентам вузов, обучающимся по программе дошкольного образования.

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ
ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ
КОНФЕРЕНЦИЯ БАЯНДАМАЛАРЫ / ДОКЛАДЫ КОНФЕРЕНЦИИ

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ	
<i>Жұмашев Қ. Б.</i>	7
АЛҒЫ СӨЗ	
<i>Таиметов А. Б.</i>	8
ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ҮЗДІКСІЗ ДАМУЫ - МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ КЕПІЛІ	
<i>Билибаева Ф. А.</i>	9
ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНДАР ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ	
<i>Шотаев М. Е.</i>	15
ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ	
<i>Жумабекова Ф. Н.</i>	16
«ҮШБАС» СПОРТТЫҚ АСЫҚ ОЙЫНЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗДЫ ДАМУЫДАҒЫ ОРНЫ	
<i>Шилибаев Б. А.</i>	26
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР-ҰРПАҚҚА АМАНАТ	
<i>Жапарова С. А.</i>	32
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ДАМУЫ МЕН ТӘРБИЕСІНЕ АРНАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР	
<i>Амантай Д. М.</i>	33
«АСЫҚ АТУ» ОЙЫНЫ АРҚЫЛЫ ТҮЛҒАНЫҢ ИНТЕЛЕКТУАЛДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІНІҢ ДАМУЫ	
<i>Омарбекова Ф. Қ.</i>	37
«БЕСКЕНЕЙ» АСЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ БАЛАЛАР МЕКЕНІНДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	
<i>Ережепова Ү. С.</i>	43
ҚАЙТА ЖАҢҒЫРҒАН ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – «БЕСТЕМШЕ»	
<i>Мадикенова М. М.</i>	48
«ӘЛЕМДЕГІ БЕСТЕМШЕ» КІЛЕМШЕ БЕСТЕМШЕСІ	
<i>Спанова Т. В.</i>	52
БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІМІ МЕН ЗИЯТКЕРЛІК ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУДА «БЕСТЕМШЕ» ОЙЫНЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	
<i>Шаймбетова К. Ш.</i>	56
КОНФЕРЕНЦИЯ МАҚАЛАЛАРЫ \ СТАТЬИ КОНФЕРЕНЦИИ	
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ОЙЫН ӘРЕКЕТІН ДАМУЫ	
<i>Абдумуратова Г. К.</i>	59
БАЛА БАҚШАДАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТҮРЛЕРІ	
<i>Агажанова Ж. С.</i>	61
БАЛАБАҚШАДА БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ РУХАНИ- АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ	
<i>Алдаева Л. А.</i>	65
БАЛАБАҚШАДА ЭТНОПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ	
<i>Ақбалаева А. О., Исазұл З.</i>	68
ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ АҚЫЛ-ОЙЫН ДАМУЫ	
<i>Амиралина М. К.</i>	71

КОНФЕРЕНЦИЯ МАҚАЛАЛАРЫ \ СТАТЫИ КОНФЕРЕНЦИИ

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЗЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БЕЙІМДЕЛГЕН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ	
<i>Аскарова Н. О.</i>	76
АСЫҒЫҢ АЛШЫСЫНАН ТҮССІН	
<i>Аскарова Ж. Х.</i>	80
ШАХМАТ - ЖҮЙРІК ОЙДЫҢ ЖЕТЕКШІСІ	
<i>Бекжанов Т. С.</i>	85
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ	
<i>Бектемиров К.Б.</i>	88
ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ – ҰЛТТЫҚ ДАМУДЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ	
<i>Билибаева Ф. А., Бисембаева А.С.</i>	92
САУЫҚТЫРУ - ШЫНЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫНЫҢ БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТИГІЗЕР ПАЙДАСЫ	
<i>Букирова Ж. М.</i>	95
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ	
<i>Бейсембаева Ғалия Арсланқызы</i>	98
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
<i>Демеуов А. К.</i>	102
ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР-ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНАМЫЗ «БЕС ТАС», «ТАС ҚАЛА», «БЕС АСЫҚ»	
<i>Джасксылыкова А.К.</i>	107
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ	
<i>Ерғазы Б.М.</i>	114
БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ БАҒЫТЫ	
<i>Ермагамбет С.Қ.</i>	118
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ	
<i>Ермеков К.Е.</i>	124
ҰЛТТЫҚ ОЙЫН- ТАРИХИ МҰРА	
<i>Ережепов Д.Б.</i>	128
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕ ДӘСТҮРДЕН ТЫС ЖАБДЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ	
<i>Есимова М.С.</i>	131
«АЛАҢДАҒЫ БЕСТЕМШЕ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ	
<i>Жолбарысова М. А.</i>	138
ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ «АСЫҚ АТУ» - ДӘСТҮРДІ ЖАҢҒЫРТУ	
<i>Жумагулова С. Б.</i>	143
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІГІ	
<i>Жумбаев Д. А.</i>	145
БАЛАЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС ИКЕМДІЛІГІН ДАМУ МАҚСАТЫНДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНАТЫН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ТҮРІ	
<i>Ильясова Б.</i>	148
БАЛАБАҚШАДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ	
<i>Иманғалиева Н.М.</i>	151
«ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ» ОЙЫНЫ	
<i>Камигат Ж.</i>	154
ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ	
<i>Космаханова Г.Е.</i>	157
ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫМЫЗ «БЕСТЕМШЕ», «БЕСТАС»	
<i>Кистаубаева М.М.</i>	161

КОНФЕРЕНЦИЯ МАҚАЛАЛАРЫ \ СТАТЬИ КОНФЕРЕНЦИИ

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ АРҚЫЛЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ <i>Құдайбергенов Қ.Қ.</i>	164
ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР 4-6 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚИМЫЛҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРЫН ПАЙДАЛАНУ <i>Медиева Ж.Р.</i>	168
БАЛА БАҚШАДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ НАСИХАТТАУ <i>Мырзагерей М.Б.</i>	173
ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Нуралин А.Н.</i>	175
ҰЛТТЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНДАР ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕ <i>Оралбай Д.К.</i>	178
БЕСТЕМШЕ- ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ <i>Палашова Ж.К.</i>	181
ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІМІН ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖЕТІЛДІРУ <i>Рысбаева Н.Р.</i>	184
БАЛА БАҚШАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ: БОЛАШАҚҚА НЕГІЗ <i>Сағынбекова А. Ж.</i>	188
ШАХМАТ –ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫН <i>Саймасбаева С.Т.</i>	189
БЕСТЕМШЕ-БАЛАЛАРДЫҢ СҮЙІКТІ ОЙЫНЫ <i>Сейдахметова Қ. Ә.</i>	195
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР- ТӘРБИЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ <i>Сегізбаева Н. Л.</i>	196
ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРІН ҮЙРЕТУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Сүлекеев К. К.</i>	199
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ <i>Түлеуова Ж.Е.</i>	205
ҰРПАҚ - ҰЛТТЫҚ ОЙЫНМЕН ШЫҢДАЛАДЫ <i>Туленбаев Ж.О.</i>	209
МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТАҒА БЕЙІМДЕУ <i>Тілеубайұлы Ә.</i>	213
ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ЗАНЯТИЯХ ПО ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ С ДЕТЬМИ ООП <i>Усманова К. Ю.</i>	217
«БЕСТЕМШЕ» ОЙЫНЫНАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫС/ РЕСПУБЛИКАНСКОЕ СОРЕВНОВАНИЕ ПО НАЦИОНАЛЬНОЙ ИГРЕ «БЕСТЕМШЕ»	
<i>Фотолар</i>	220
КОНФЕРЕНЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ	
<i>Қорытынды</i>	227



*Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі
Орта білім беру комитетінің төрағасы
Жұмашев Қаныбек Бекболатұлы*

***АЛҒЫ СӨЗ!
Құрметті әріптестер мен қонақтар!***

«Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет» - деп Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, қазіргі кұбылмалы уақытта балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын ұлттық құндылықтар арқылы дамытудың ерекше маңызы зор. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бүлдіршінді ұлттық ойындармен таныстырып, ойын арқылы танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту олардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына, ұлттық мәдениетімізді кішкентайынан бойына сіңіріп өсуіне ықпал етеді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» шеңберінде болашақ ұрпақтың бойына заманға сай білім беру мен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – педагогтің міндеті. Осыған орай, балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне бәріміз қоғам болып мән беруіміз керек. Бұл бағытта Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушыларына арналған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырып, еліміздің өңірлерінде сапалы, жоғары деңгейде өткізілуін қамтамасыз еткендігін атап өтуіміз керек.

2023 жылы 650 тыңдаушы, 2024 жылы 400 тыңдаушы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, тыңдаушылар балалардың даралығын ұлттық спорт ойындары арқылы жетілдірудің, зияткерлік қабілетін дамытудың, танымдық деңгейін кеңейтудің әдіс-тәсілдерін меңгеріп, курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асырып, өз практикаларында тұрақты қолдануда.

Ұлттық ойындарды ойнаған кезде балалар алдымен белсенді қимыл-әрекет арқылы физикалық тұрғыдан дамиды. Одан бөлек, ұлттық ойындардың мазмұны мен табиғаты балалардың ата жұрты мен ұлтының түсінігіне, ерекшелігіне бейімделеді. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңіреді. Құрметті, дене шынықтыру педагогтері және қонақтар! Ұлттық ойындарды насихаттаушы ойын авторларымен ұйымдастырып отырған Сіздердің осындай еңбектеріңізге сәттілік тілеймін!



*ҚР Оқу-ағарту министрлігі
Ұлттық ғылыми-практикалық
дене тәрбиесі орталығының бас директоры
Таиметов Арман Бақытжанұлы*

***Құрметті әріптестер!
«Ұлттық зияткерлік ойындар» республикалық ғылыми-практикалық
конференциясына қатысушы қонақтар!***

Ұрпақтың денсаулығы – ұлтымыздың болашағы. Білімі терең, тәрбиесі мығым, тәні сау ұрпақ қана елдігімізді еңселі ете түсетіні анық.

Біздің Президентіміз – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөзінде: «Балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасау қажет» - деген болатын. «Физикалық күш жұмсайтын емес, ой-санамен де жұмыс істеу керек. Жас спортшыларға дәстүрлі құндылықтарды сіңіру өте маңызды», - деді.

Осы мақсатта, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы «Ұлттық зияткерлік ойындар» тақырыбында ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастырып, еліміздің түкпір-түкпірінен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушыларының басын қосып, үздік тәжірибелерді ортаға салу үшін ауқымды шараны өткізуді мақсат еттік.

Қазақтың ұлттық ойындары адамдарды біріктіреді, стратегиялық ойлауды дамытады.

Ұлттық спорт түрлерінің алғашқы әліппесінің балабақшадан бастау алатындығы бәрімізді қуантады. Мәдени құндылықтарымызды балалардың бойында қалыптастыру жолындағы Сіздердің жаңашыл идеяларыңыз бен мол тәжірибелеріңіздің орны ерекше.

Ұлттық зияткерлік ойындар ғылыми-практикалық конференциясы Сіздерге ұмытылмас әсер сыйлайтын жарқын сәттерге толы болсын!

Назарларыңызға рақмет!



***Педагогтің кәсіби үздіксіз дамуы - мектепке
дейінгі білім сапасын көтерудің кепілі***

*Астана қаласы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің
«Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі»
орталығының бас маманы
Билибаева Фарида Аманбаевна*

Құрметті әріптестер!

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жұмыс жасайтын педагогтері мен мамандардың еліміздің өсіп келе жатқан ұрпақтарын тәрбиелеп оқытуда қосып отарған үлестері балалар өмірінде үлкен орын алады. Барлық өзгерістерді іске асыратын әрине біздің мектепке дейінгі білім саласының педагогтері. Аянбай еңбек ету, өз елінің бүлдіршіндерінің өсуіне үлес қосу, патриоттық сезімде жаңа өмірге жаңаша қадам басу, үздіксіз іздену бұл біздің педагогтердің бойынан табылатын керемет қасиеттердің бірі болып табылады. Уақыт өткен сайын қай салада болмасын дүниенің бір жаңалығы орын алып жатады. Сол жаңалықты тосырқамай, жақсы - жаманын саралап қабылдай білу керек.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек екенін атап көрсетті. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, «Біріншіден, барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Біз Ұлттық білім беру саласының барлық бөлімдерінің сапасын жақсарту үшін көп жұмыстар атқарылды. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігімен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгерту тиіс» делінген. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін, елдің айбынды болашағы үшін заман талабына сай сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылыми – техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі.

Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Қазақстан 2050 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарын өткізу және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау өлшемшарттарын енгізуді әдістемелік сүйемелдеу біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар педагогтердің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады.

Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Тәрбиеленушілердің бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, педагогтер тынымсыз еңбектену керек. Ата-бабамыз «Оқу-инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады, нәтижеге жетеді.

ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының ұйымдастыруымен «Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің, тәрбиешілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту» білім беру бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушылары үшін педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсы ұйымдастырылғанын атап өткім келеді.

Біліктілік арттыру курсы бағдарламасының мақсаты – жеке тұлғаға бағытталған және технологиялық тәсілдер контексінде түзету-дамыту білім беру процесін сәтті жобалауды қамтамасыз ететін дене шынықтыру сабақтарында заманауи технологияларды пайдалана отырып, дене тәрбиесі және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтерінің, тәрбиешілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру болып табылады. Заманауи мектепке дейінгі білім беруді соның ішінде педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.

Бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі мен педагогтердің біліктіліктері біршама биікке көтерілгенін атап өткім келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Педагогтердің шеберлігі қандай жоғары болса да, тәрбиеленушілердің өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру - сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай

алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады. Заманауи мектепке дейінгі ұйымдардың мақсаты - жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде бала бойында еркін ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың жалпы дамуына және кіріктірілген ҰІӨ-ті тереңірек зерттеп, қолдану арқылы, көмектесуге септігін тигізді.

Бағдарламаның міндеттері: 1) Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарын іске асыру тетіктері туралы білімді жүйелеу; 2) Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі саласында кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру; 3) ҚР білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (ББМЖМС) сәйкес дене шынықтыру бөлімі бойынша «денсаулық» білім беру бағыты құрылымымен, мазмұнымен, реттілігімен, мақсаттарымен және міндеттерімен педагогтердің, тәрбиешілер мен нұсқаушылардың дене шынықтыру бойынша білімдерін таныстыру және кеңейту; 4) Дене шынықтыру бөлімін оқыту кезінде тиімді педагогикалық, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды іріктеу және пайдалану бойынша кәсіби құзыреттерді қалыптастыру; 5) Балаларды дене шынықтыру және дене тәрбиесі сабақтарында заманауи технологиялармен таныстыру; 6) Түзету - дамыту білім беру процесін психологиялық-педагогикалық қолдаудың маңыздылығын түсінуді қалыптастыру.

Білім беру бағдарламасы 5 модуль бойынша оқытылды. 1) Заманауи мектепке дейінгі білім беруді дамытудың психологиялық- педагогикалық және нормативтік аспектілері; 2) Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру; 3) Дене шынықтыру сабақтарындағы заманауи технологиялар; 4) Медициналық-биологиялық; 5) ІТ құзыреттілік.

Курс барысында дене шынықтыру нұсқаушыларына мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында дене шынықтыру сағатын дұрыс ұйымдастыру, тиімді әрі қызықты жаттығулардың бағдарламаларын құрастыру және балаларды нәтижеге жетуге ынталандыру жөнінде әдістемелік кеңестер берілді. Яғни, курс қатысушылары дене қозғалысы жаттығуларының заманауи әдістерін үйренді, әртүрлі жас топтарымен жұмыс істеудің құнды тәжірибесін алды. Жеке тұлғаға бағытталған және технологиялық тәсілдер мен түзету-дамыту сабақтарын жобалау дағдыларын меңгерді. Дене шынықтыру бөлімін оқытуда тиімді педагогикалық, ақпараттық - коммуникациялық технологияларды таңдау және қолдану бойынша кәсіби құзыреттілікті қолданды.

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының басшылығы мен дене шынықтыру саласындағы мамандардың, педагогтердің біліктілігін арттыру және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету зертханасының жетекшісі мен аға әдіскерлері де біліктілікті арттыру курсына тыңдаушылардың сабаққа қатысу белсенділігін зерделеу мақсатында өңірлерге іс-сапарлармен шығып теориялық-практикалық

сабақтарға қатысты. Оқыту курсының барысында тыңдаушылардан сауалнама алынып, өзекті мәселелер мен ұсыныстары ескеріліп, қозғалыс белсенділігін дамыту және спорттық іс-шаралар ойындарын ұйымдастыру бойынша іс-тәжірибемен алмасу жоспарланды. Балабақшадағы (бассейн) жүзу бойынша оқытудың заманауи әдістері 3-ші модуль бағдарламасына ұлттық спорт түрлері мен спорттық іс-шаралар ойындарын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар берілді.

Орталықтың ұйымдастыруымен «Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің, тәрбиешілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту» тақырыбындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушылығына арналған біліктілікті арттыру курсы қорытындыланып, курс тиімділігін анықтау және дене шынықтыру педагогтерінің мәселелері мен қиындықтарын айқындау мақсатында 17 өңір және республикалық маңызы бар үш қала: Астана, Алматы және Шымкент қалаларының курс тыңдаушыларынан сауалнама алынды.

Мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің, тәрбиешілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту» тақырыбындағы білім беру бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының 650 (алтыжүз елу) дене шынықтыру нұсқаушысы бюджеттік негізде кәсіби біліктілігін арттырды, 100% толығымен қамтылып, жоспарлы үлкен жұмыстар атқарылғанын атап көрсеткім келеді. Орталықтан мектепке дейінгі дене шынықтыру нұсқаушыларын оқытуға 36 сертификатталған тренер-оқытушы біліктілікті арттыру курстарында дәріс оқып, тәжірибелік сабақтар жүргізді.

Жаттықтырушылар санына жоғары оқу орындарының оқытушылары (PhD докторлар, ғылым кандидаттары, магистрлер), колледждер және озық жұмыс тәжірибесі бар мектепке дейінгі білім ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушылары кірді. Оның ішінде: Профессорлық-оқытушылар, ғылым докторы, PhD докторы, ғылым кандидаты - 60,6 %; (20); педагогика ғылымдарының магистрі -12 34,3 %; (14); шебер оқытушы, оқытушы-зерттеуші, аға оқытушы – 5,7%; (2). Біліктілікті арттыру курсы жөніндегі ақпарат Орталықтың ресми әлеуметтік желілерінде тұрақты жарияланды.

Жалпы 84-ға жуық ақпараттық және бейне материалдар «salauatty_kazakhstan» инстаграм мен «Ұлттық Дене Тәрбиесі Орталығы» facebook желілеріне жарияланып, оқырмандардың тарапынан 2000-ге жуық қолдауға ие болды. Онда біліктілікті арттыру курстары бойынша тыңдаушылар өз алғыстары мен оң пікірлерін білдірген.

Бүгінгі таңдағы болашақ ұрпақтың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру, патриоттық тәрбие берудің бастапқы кезеңі мектепке дейінгі ұйымдағы дене шынықтырудың сапалы ұйымдастырылуы басты міндеттердің бірі. Мектепке дейінгі ұйымның дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс сапасына тікелей байланысты. Сондықтан дене шынықтыру нұсқаушысының мәртебесін көтеру мақсатында: Дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби біліктілік деңгейін көтеруге арналаған әдістемелік

көмекші құралдар дайындау, өз тәжірибелерін насихаттауға қолдау көрсету жұмыстарын күшейту; Мектепке дейінгі балалардың жетістіктері мен нұсқаушының жаңашыл бағыттағы сайыстар, конкурстар ұйымдастыру (аудандық, қалалық, республикалық, халықаралық т.б.)

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында дене шынықтыру нұсқаушыларының педагогикалық қызметінің ғылымилығын, әдістемелік тұсын жандандыруда ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар ұйымдастыруды дәстүрге айналдыру;

Осы кезеңге дейін дене шынықтыру нұсқаушылары тәрбиешілерге арналған педагогтердің біліктілік санатын қорғау тесті бойынша тапсырып келеді. Тест спецификасы бағдарламалары Мектепке дейінгі педагогика, психология, әдістемелік бағыттарда құрылғын. Жалпы сұрақтың 5 % ын ғана қамтиды. Себебі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізу лауазымдық міндетінде жоқ болғандықтан басымдық берілмейді.

Сондықтан мектепке дейінгі ұйымның дене шынықтыру нұсқаушыларына арналған «Мектепке дейінгі педагогика және психология. «Денешынықтыру әдістемесі» деген бағыттағы тест спецификасы құрастырылуы қажет екендігі ұсынылды.

Курстардың қорытындылары бойынша талдамалық ақпарат орталық отырыстарында, әкімшілік кеңестерде, бас директор жанындағы кеңестерде қаралды. Бұл курс дене шынықтыру нұсқаушылары үшін жаңа білім мен дағдыларды алу ғана емес, сонымен қатар кәсіби шеберліктерін жетілдіру мүмкіндігі болды.

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар: - педагогтің білім беру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды әлеуметтік және кәсіби салада пайдалануды; оқыту стандартының мазмұны және дене шынықтыру бойынша оқу бағдарламасының мазмұны бойынша оқу-әдістемелік материалдарды және пәннің ресурстық қамтамасыз етілуін талдауды; - мектепке дейінгі жас дамуының психологиялық заңдылықтарын ескеріп, білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында дене шынықтыру сабағын жоспарлаудың жаңа тәсілдері мен стратегияларын қолдануды; - ерекше қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді; - дене шынықтыру сабақтарында оқытудың жаңа тәсілдерін қолдана отырып, оқу процесінде де, сабақтан тыс уақытта да спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын жоспарлауды және өткізуді; - инклюзивті оқыту аясында балабақшадағы дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологияларын: инклюзивті білім берудің принциптері мен бағыттарын ескеріп, балабақша жағдайында дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологияларын қолдануды меңгерді.

Біліктілік арттыру курсынан өткен педагогтер онлайн/офлайн форматта курстан кейінгі қолдау шарасы ZOOM платформасында өткізіліп, on-line кеңестер, әдістемелік көмектер көрсетілді. Кәсіби даму аясында өз жобаларын қорғаған

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушылары таңдамалы сабақтарын, озық тәжірибелерін БАҚ-қа, яғни Орталықтың «Дене шынықтыру жаршысы» ғылыми-практикалық журналына жариялау мақсатында материалдар жинақталып басылымға ұсынылуда.

ҚР Оқу-ағарту министрлігіне Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының дене шынықтыру педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы, тыңдаушылардың сертификаттарының көшірмелері Ережеге сай сараптамалық есеп уақытылы тапсырылып, Орталық порталына жүктелді. Курстан кейінгі сүйемелдеу нәтижелерін талдау және білім беру бағдарламаларының тиімділігін, жұмыстарын үш жылда кемінде бір рет жүргізу жоспарланып, ашық басылымға жариялау жоспарланды.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Балаларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл процестің мектепке дейінгі ұйымдардың дене шынықтыру нұсқаушыларының біліктілікті арттыру бастауы көңілді қуантады. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

Қорыта айтатын болсам, әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді өшіретін де-білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдалана білу сіз бен біздің үлесімізде. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін жаңаша оқытатын жаңа көзқарасты ұстаз болайық. Назарларыңызға рахмет!



*Зияткерлік ойындар – ұлттық құндылық
Ұлттық және ат спорт түрлері орталығының
тоғызқұмалақтан аға жаттықтырушысы,
филология ғылымының кандидаты
Мақсат Шотаев*

Құрметті әріптестер!

Еуразияның ең даласын жайлаған түркі халықтарының адамзаттың мәдениеті мен руханиятына қосқан үлесі зор. Жұмыр жерде басқа халықтармен тығыз байланысып өмір сүрген бабаларымыз басқа этностармен араласа отырып, түрлі мәдени-тілдік қарым-қатынасқа түсті. Ол мәдениеттердің ішінде өркениет деңгейіне көтерілген Қытай, Иран, Үнді, Грек мәдениеттері бар. Бірақ қаншама елдермен аралас-құралас болса да, түркі халықтары өзіндік бітім-болмысын жоғалтпай, ұлттық мұраларын сақтап қалды. Бүгінгі күні түркі халықтарында 3 мыңға жуық ұлттық ойын түрлерінің бар екені белгілі.

Қазақ халқының ұлттық ойындары мазмұны жағынан сан алуан, түрлік көрінісі өте бай, адам баласының сәбилік шағынан бастап, бүкіл өмірін тұтас қамтуға негізделіп жасалған және тарихы да терең. Мәселен, асық, күрес, жамбы ату, бәйге, қыз қуу, көкпар, теңге алу, тоғызқұмалақ ойындарының тарихы өте көнеден бастау алады. Ұлттық ойындардың барлығына тән негізгі ортақ белгілер - жас ұрпақтың бойында адамгершілік, отансүйгіштік қасиеттер қалыптастыру, білім бере отырып тәрбиелеу болып табылады. Ұлт ойындарына тән тағы бір қасиет өскелең ұрпақтың дүниетанымын, өзіндік көзқарасын қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасында бүгінгі күнге дейінгі ұлттық ойындар мен спорт түрлеріне арналып жүргізілген ғылыми зерттеулер төмендегідей бағыттарды қамтығандықтарын көруге болады. Оларға:

- ұлттық ойындар мен спорт түрлерінің даму тарихы;
- ұлттық ойындарды спорттық оқу - жаттығу жұмыстарында қолдану;
- ұлттық ойындарды патриоттық тәрбие жұмыстарында қолдану;
- ұлттық ойындарды балалардың, оқушылардың, студент жастардың дене шынықтыруында қолдану.

Ұлттық ойындар мен спорттың тарихы оның дене тәрбиесіндегі атқаратын рөлі туралы Б.Төтенаев, М. Тәнекеев, Б.Доскараев еңбектерінен көруге болады. Ғалымдардың зерттеулерінде ұлттық спорт түрлерінің даму тарихы әлем халықтарының және олимпиадалық ойындардың даму барысымен байланыстыра

отыра зерттелген. Ұлттық ойындар туралы көптеген еңбек жазған М.Танекеев өз еңбектерінде адамзат тарихындағы ұлттық ойындардың халықтардың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыста болғандығын тарихи тұрғыдан негіздеп көрсетеді. Ол өз зерттеулерінде «Тоғыз құмалақ», «Түйе жарыс», «Қыз қуу», «Көкпар», «Күміс алу», «Жаяу жарыс», «Жамбы ату», тағы да басқа ойындардың жастар арасындағы тәрбиелік рөлімен қоса, халықтар арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуда атқаратын орны туралы да тұжырымдар жасайды.

Ұлттық ойын дегеніміз – ұлттық мәдениеттің қайнар көзі. Оның негізінде дүниетаным, тіл мен этномәдениет көріністері бар. Қоғамдар ауысып, уақыт өткен сайын ұлттық ойындардың ішінде өміршендігін жоғалтпай, заман ағымына ілесе білген түрлері ғана сақталып, көпшіліктің қолдауына ие болып, әлемдік деңгейге көтеріледі. Міне сондай құнды мұралардың бірі – зияткерлік ойындар.

Қазіргі таңда қазақ халқының этномәдени мұралары жан-жақты қарастырылып, оның әр саласына қатысты зерттеулер жасалып жатқанымен, зияткерлік ойындар саласы кешенді зерттеулерге өзек бола қойған жоқ. Бүгінгі күні дүние жүзінде зияткерлік ойындарды дамыту, өркендету маңызды мәнге ие болып отыр. Өйткені жеке тұлғаның біліктілік қасиеттері мұндай ойындар арқылы шыңдала түседі. Зияткерлік ойындар дегеніміз – ой шығармашылығын дамытатын спорт түрі. Түркі халықтарының атадан балаға дәстүр ретінде беріліп келе жатқан тоғызқұмалақ, алтай шатра, түрік мангаласы секілді ойындары жасөспірімнің бойында салмақтылық, сабырлылық, төзімділік, есептегіштік, ойшылдық қасиеттерін қалыптастырумен қатар, кең ақыл, жүйрік қиял иесі болуына да жағдай жасайды.

Қазақ халқының қандай зияткерлік ойындары бар дегенде ең алдымен тоғызқұмалақ ойындары көзге түсетіні белгілі. Бүгінгі күні бүкіл әлемге танылып, Юнесконның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілген ұлттық ойын сапалы дамуды басынан кешіріп жатыр. 2024 жылдың 8-13 қыркүйек күндері Астанада өткен 5 Дүниежүзілік Көшпенділер бағдарламасында тоғызқұмалақтың болуы заңдылық. Тоғызқұмалақ ойындары құрамына құмалақ ойындары, унес тугулах, бестемше, қоздату, керей тоғызқұмалағы кіреді.

Тоғызқұмалақ – әлемдік мәдениетінің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік ойын, ой өнері, ата-бабамыздан қалған асыл мұраларымыздың бірі. Жасөспірім ұрпақтың дене шынықтыру тәрбиесімен қатар, ақыл – ойының дамуына да зор мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тауып, зерделік және зияткерлік даму құралы ретінде қолданған.

Археолог – ғалымдарының пайымдауынша ойынның пайда болу мерзімі 4000 жыл шамасын қамтиды. Өйткені Қазақстанның бірнеше облыстарынан табылған археологиялық қазбалар осы ойға жетелейді. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысының Дастарбасы үңгірінен табылған қорымдардың бірінде жартасқа қашалып салынған тоғызқұмалақ тақтасы бар. Осы тақтаның жасын

зерттеу алдағы уақытта ұлттық ойынның тарихындағы көптеген ақтаңдақ беттерді ашып көрсетеді.

Тоғызқұмалақ ережелерінің қалыптасуы көптеген дәуірлерді басынан кешіріп, бірнеше кезеңдерді қамтиды. Бұл ретте ойын ережелерінің шығу тегі және тақта құрылысының эволюциялық дамуын қарастыру орынды болмақ. Сондай-ақ құмалақ ойындарының қалыптасу сырларын қарастыруымен қатар, қазақ халқының тарихы мен дүниетанымы, салт-дәстүрін де зерделеуіміз керек.

«Әр алуан дәуірлерде, әрқилы кезеңдерді басынан өткізсе де қазақ халқы өздерінің көшпелі тұрмысында қалыптасқан әдеттерін рухани азық ете алды. Халық өмірдің қандай қиыншылығына да, қуанышына да төзе отырып, осы әдет-ғұрыптары, толғау жырлар мен әсем әндер, сарынды күйлері – көңіл ашар қуанышы, қайғы-шерін тарқатар алданышы етіп, ауыр күндерде ой тербететін жұбанышы етіп отырған. Сондықтан да қазақтың ойын-сауықтарының, әдет-ғұрыптарының түпкі негізі мал өсіру мен экономикалық қарым-қатынастың дамуына байланысты болған. Ұлттық ойындарды зерттеуші Б.Төтенаевтың бұл тұжырымы тоғызқұмалақ ойынының шығу тегіне де қатысты.

Ағылшын ғалымы Э.Маккей ұлт ойындарының ішіндегі әр түрлі құмалақ ойындарын, бестас, асық және басқаларын 5 мың жыл бұрын да Азия елдеріндегі түрлі тайпалық одақтарда ойналғандығын жазады. Ал африкалық овари ойынын зерттеушілер тоғызқұмалақ тектес мұндай ойындардың 6 мың жыл бұрын болғанын сөз етеді. Бұл деректердің барлығы мұндай ойындардың көне замандарда қалыптасқандығына куә болып отыр. Бірақ біз үшін маңыздысы тоғызқұмалақ және осы тектес ойындар қалай қалыптасты, алғашқы кезде қандай қызмет атқарды? Бұл жөнінде қырғыз зерттеушісі К.Айдаркулов: «Ал, адегенде эле оюн болуп жаралғанбы, же алғаш, басына да өзүнче бир функцияны атқарғанбы деген сурак туулат» - дейді. Яғни бүгінгі күнге жеткен мұралар өз кезеңінде басқаша бір мәнге ие болуы да мүмкін.

Тоғызқұмалақтың қалыптасу ерекшелігін білу үшін, ең алдымен балалардың, оның ішінде «қой бағу» ойынын қарастырудың маңызы зор. Бұл туралы Б.Төтенаев: «Сәби ойындарының келесі бірі – ата-анасының күнделікті тұрмыстағы өмірінің қалай өтетіндігін, таң атқаннан, күн батқанша қалай еңбектенетіндігін, тіпті қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық дамуын баяндайтын, «қой бағу», яғни құмалақ ойындары.

Жаңа қонысқа келіп, көліктен түскен балалар бірден үй тігетін қоныстың орнын айнала қарап, түйенің кепкен құмалағын молырақ етіп жинап алуға тырысады. Бұл – біреуі емес, жалпы қонысқа келген ауылдың барлық балаларының әдегі. Себебі түйе құмалақтары ауылдың екінші бір жерге қоныс ауыстырғанға дейінгі жеті жасқа дейінгі балалардың ермек-еңбегі немесе күнделікті кәсібі, шаруасы. Қалайша бұл түйе мен қойдың құмалақтары балалардың күнделікті өмірдегі ермек-еңбегі болды?

Түйе құмалағынан (қой құмалағы - қозылары) қой жайып, қораға қамап, түнде күзетіп, қоздатып көшіп-қонып, тағысы тағы, үлкендердің күнделікті өмірдегі

болып жатқан уақиғаларымен тығыз байланыстырып отырады. Бұл ойынның сәбилер үшін құндылығы осынша, тіпті ойын үстінде құмалақтары бірінікіне бірінікі қосылып кетсе, қайтадан бермеуге тырысады, сол үшін дауласады, себебі ауылдың қонған жерінде, түйенің кепкен құмалағы көп бола бермейді. Мұнда да халықтың экономикалық тіршілігінің нышаны байқалады.

Құмалақ ойындары қоғам өмірінің дамуына сәйкес, халық тіршілігінің саяси-әлеуметтік өзгеруіне байланысты дамып, өзгеріп отырғандығы өз алдына. Демек далада ойнайтын ойынды сәби құмалақ ойындарынан бастайды және ата-ананың ескерту тәрбиесінсіз-ақ, олардың күнделікті тіршіліктегі өмірін қайталауды да осы құмалақ ойынымен елестетеді. Яғни осы құмалақ ойыны тоғызқұмалақтың қалыптасуына тікелей әсер етуі де мүмкін. Өйткені «қой бағу» ойыны кезінде сәбилердің әр құмалақ үшін таласуы, қой мен қозыны ажыратып қарастыруы, ата-аналарға ой салып, осы ойыннан да күрделірек, дау-жанжалдарды азайту үшін белгілі бір ережеге бағынған танымдық мұра қалыптастыруына негіз қалаған деп жорамалдауға болады.

Ежелгі көшпенділердің тұрмыс-тіршілігі көшпелі мал шаруашылығына негізделгендіктен, төрт түлікті бағу, оны ерекше күтімге алу басты еңбек болып табылады. Өйткені малының арқасында жеке тұлға еш нәрседен мұқтаждық көрмей, бақуатты өмір сүреді. Сондықтан малдың аман-есен төлдеуі – ол үшін табыс болса, төрт түлігінің қысыр қалуы, қоздамауы шығын болып саналады. Міне, осы тұрмыс-салт ерекшелігі унее тугулаах зияткерлік ойынынан көрінеді. Ойын тақтасында әр ойыншыда 3 отаудан, 18 құмалақ болады. Унее – монғол тілінде сиыр, тугулаах – бұзаулау деген мағына береді. Бұл ойынды алғаш рет Namzhildorzh 1963 жылы Монғолияның батысындағы Қытаймен шектесетін жеріндегі қазақ ауылдарынан тапқан. Ойынды одан кейін Ресей этнографы А.Попова интернетте жариялаған. Ал Унее тугулаах терминологиясында отаудағы 1 құмалақты – сиыр, 2 құмалақты – сиыр мен өгіз, ал 3 құмалақты – «буаз сиыр», ал 4 құмалақты – «бұзаулаған сиыр» деп атайды. Жүріс жасағанда орнына құмалақ қалдырмай, сағат тілімен сәйкес жүріледі. Тек өз жағында ғана соңғы құмалақ отауға төртінші болып түссе, сол құмалақтарды ұта аласың. «Бұзаулаған сиыр» ережесі С.Аманжоловтың 1936 жылы жазылған «Тоғызқұмалақ» кітабында «қойым қоздады» ережесі түрінде ұшырасады». Яғни ежелгі көшпенділердің табыс туралы ұғымы унее тугулаах ойынында ереже түрінде кездеседі. Отаудың саны көп болмағанымен, бұл ойында да айла-тәсілдер жетерлік.

Одан кейінгі уақытта 5 отау, 25 құмалағы бар бестемше (әр ойыншыда), 7 отау, 49 құмалағы бар қоздату ойындары қалыптасқан. Сонымен қатар А.Попова Баянөлгейден тапқан 6 отау, 54 құмалағы бар есонкоргоол ойыны да тоғызқұмалақ тақтасы мен ережелерінің қалыптасуындағы бір саты болып табылады. Аталған ойындардың барлығы бақташылық дәуірде қалыптасқан болу керек. Осы ойындардың жетілген түрі – тоғызқұмалақ болса керек. Бестемше және есонкоргоол ойындарында тұздық ережесі кездеспейді. Соған қарағанда тұздық бақташылық

дәуірден батырлық дәуірге ауысу кезінде пайда болған болу керек және ол ғұндардың дүниетанымымен тығыз байланысты.

Тоғызқұмалақ ойыны XIX ғасырда шетел этнографтарының назарын аударды. Р.Карутц, Н.Краснов, Н.Пантусов секілді ғалымдар өз жазбаларында қазақ халқының тоғызқұмалақ ойынын ойнағанын атап көрсетті. Қазақ халқының ағартушы-қайраткерлері Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев тоғызқұмалақ ойынын ерекше мадақтаған, әсіресе Абай бұл ойынды сүйсініп ойнаған. Сондай-ақ, А.Құнанбаев Семей өңірінде тоғызқұмалақ мектебін қалыптастырып, жарыстар ұйымдастырып отырған. Қазір Шығыс Қазақстан облысындағы ақынның мұражайында Абай ойнаған тоғызқұмалақ тақтасы сақтаулы тұр.

Тоғызқұмалақ ойындары – түркілік бастауларға апарарар жол. Бұл ойындар арқылы түркі халықтарының ерте замандардан бастап, бүгінгі күнге дейінгі дүниетанымдық ерекшеліктерін, мәдени мұраларды сақтаудағы зерделілігін, ойын мұраларын насихаттаудағы жанкешті ерлігін байқауға болады. Мысалы, қазақ пен қырғыз халқы ұлттық ойындарын сақтауда ерекше көзге түссе, түрік халқында мангала ойынының енді жанданып отырғанын байқаймыз. Азербайжан халқындағы мәрәкөшті, ұйғыр халқындағы чакпелек және татар халқындағы тоғыз тас ойындары ұмытылып қалған.

Тоғызқұмалақ ойындары – ежелгі көшпенділердің табиғат пен болмысты терең зерделеуінен туындаған және ойларын жинақтап ереже түрінде көшіре білген. Кейбір ойындар барған жерлерінде

Қорыта айтқанда, қазақ халқының зияткерлік ойындарының ережелерінде көнедегі бабаларымыздың дүниетанымы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ойлау дәстүр нақтылы көрініс тапқан. Ал ол ерекшеліктерді қарастыру – бүгінгі қазақтану ғылымының алдында тұрған нақты міндет.



Ұлттық ойындар арқылы балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытудың инновациялық бағыттары

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты
Жұмабекова Фатима Ниязбековна

Құрметті әріптестер!

Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдардың нормативтік құжаттарындағы тәрбиелеу мен білім беру мазмұнының өзгертілуі, мақсат, міндеттерінің нақтылануы, жас ерекшеліктерінің қысқаруы, әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану жолдары мен оны іске асыру құралдарының жаңартылуы деп айтсақ болады. Осы құралдардың бірі ретінде ұлттық ойындарды пайдалану арқылы еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың тәрбиесіне басымдық беру тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Терең тәрбие – баланы дүниеге әкелуді жоспарлаудан бастап одан кейінгі ұлттық құндылықтарды үйрету емес, оны баланың санасына сіңіріп, көкірегіне түйіп, жүрегіне жеткізудің нақты тиімді жолдарын қарастыру болып табылады. Бос сөзбен емес, іспен, әрекетпен, үлгі болумен жас ұрпақтың қазіргі талап-тілектерін қанағаттандыру қажет-деп атап көрсетілген.

Біртұтас тәрбие бағдарламасында: «Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры. Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандырады. Ал, қазіргі уақыт – өзгермелі әлемдегі жасампаз ұрпақтың дәуірі. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақ ұлағатты болмақ. Ұлағатты ұрпақ ұлттың сапасын құрайды. Ал ар-ұят, намыс, адалдық, отаншылдық, жауапкершілік, әдептілік пен инабаттылық, мейірімділік пен бауырмалдық, отбасына сүйіспеншілік, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болу қасиеттері берік қалыптасқан жасампаз азаматты тәрбиелеу маңызды. Еліміздің өркендеп дамуы үшін халқын сүйетін, мемлекет мүддесін жоғары ұстайтын, білімді де адал ұрпақ тәрбиелеу аса өзекті мәселелердің бірі ретінде үнемі назарда ұстауды қажет етеді» - деп көрсетілген.

Қазақ халқының ұлттық ойындары - ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдени мұра, олар тек көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік мәні зор дәстүрлердің бірі.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия кітабында: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса

зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған», - деп жазылған.

Бұл пікірлер ұлттық ойындардың тек ойын-сауық емес, сонымен қатар жас ұрпақты тәрбиелеуде, олардың физикалық және рухани дамуына ықпал ететін маңызды құрал екенін көрсетеді. Қазақ халқының этнографиясы мен фольклорын зерттеуге зор үлес қосқан ғалым Әбубәкір Диваев: «ұлттық ойындар балалардың дене шынықтыруына, ептілік пен батылдылыққа тәрбиелеуге, сондай-ақ олардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді – деп атап көрсеткен.

Қазақтың көрнекті ғалымы, этнограф, археолог және тарихшы, қазақ халқының мәдениеті мен тарихын зерттеуге зор үлес қосқан тұлға Әлкей Марғұлан: «Қазақтың ұлттық ойындары - халықтың мәдениетінің айнасы, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан асыл мұрасы» -деп ой түйіндеген.

Осы орайда, бүгінгі сөз қозғалып отырған ұлттық ойындар мәселесі, ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатса да өзінің құндылығын жоймай, жауһардай жарқырап, әр қырынан айшықтала түсуде. Қазақ халқының ұлттық ойындары - ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдени мұрасы және олар балалардың жан-жақты дамуына ықпал ететін тәрбиелік мәні зор дәстүрлердің бірі. Бұл пікірлер ұлттық ойындардың тек ойын-сауық емес, сонымен қатар жас ұрпақты тәрбиелеуде, олардың *физикалық және рухани дамуына* ықпал ететін маңызды құрал екенін көрсетеді.

Ұлттық ойындар қазақ халқының мәдени мұрасы болып табылады және олар балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Ұлттық ойындар балалардың физикалық, эмоционалдық және зияткерлік қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын оятады. Ұлттық ойындарды қолдану арқылы балалардың логикалық ойлау, есте сақтау және шапшаңдық қабілеттері дамиды. Бұл тақырып мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік қабілеттерін дамыту үшін ұлттық ойындарды қолданудың жаңа, инновациялық әдістерін сипаттайды.

Ұлттық ойындар арқылы балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытудың инновациялық бағыттарын анықтаудың мақсаты – ұлттық ойындар арқылы балалардың танымдық белсенділігін, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық әлеуетін және шешім қабылдау дағдыларын жетілдіру. Инновациялық әдістерді тәжірибеге енгізу ұлттық және заманауи құндылықтарды бойына сіңірген тұлға ретінде қалыптастыру.

Ұлттық ойындар арқылы балалардың зияткерлік қабілетті дамытудың артықшылықтары: Ұлттық ойындар балалардың танымдық қызығушылығын оятып, олардың ойын түрінде оқуға деген ынтасын арттырады. Шығармашылық қабілеттерін дамытып, балалар ұлттық ойындар барысында жаңа шешімдер табуға, ойлау қабілеттерін кеңейтуге үйренеді. Ұлттық ойындарды қолдану арқылы балалар мәдени мұраны сақтауды, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді меңгереді, бұл олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Ұлттық ойындар балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытудың тиімді құралы болып табылады. Инновациялық бағыттарды қолдану арқылы ұлттық ойындарды заманауи білім беру процесіне енгізу мүмкіндігі артады. Бұл әдіс балалардың логикалық ойлау, мәселелерді шешу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, ұлттық ойындар балаларға ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді меңгеруге мүмкіндік береді, бұл олардың рухани дамуына оң әсер етеді.

Халық даналығындағы - «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді, ойында озған өмірде де озады, ...ойнаған баланың ойы өседі» - деген аталы сөздің сырына жүгінсек, балалардың ойынға деген қызығушылығы, қарым – қатынасы, мінез – құлық көріністері олар өсіп, есейгенде де өмірде жалғаса беретіні белгілі. Ұлттық ойындарды ойнату «ата-ана-бала-тәрбиеші» жүйесіндегі қатынастарды өзгертуді-ынтымақтастық орнатуды талап етеді. Сондай-ақ, бұл педагогтардың жаңаша ойлауын қалыптастыруды, әдіс-тәсілдерді тәжірибеде дұрыс, тиімді пайдаланудың өзгеруіне ықпал етеді. Білім беруді ізгілендіру тұлғаның жалпы мәдени, әлеуметтік моральдық және кәсіби дамуының біртұтастығын қарастырады. Жас ұрпақтың ойлау, сөйлеу, еңбек мәдениетін өзара бірлікте қарастырып, зияткерлік әлеуетін жетілдіруге ықпал етеді.

Ұлттық ойындардың тиімділігі: Балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытуда ұлттық ойындардың жоғары тиімділігі анықталды. Бұл ойындар олардың есте сақтау, логикалық ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Танымдық қызығушылықтың артуы: Ұлттық ойындар танымдық белсенділікті арттыру құралы ретінде балалардың сабаққа деген қызығушылығын күшейтті. Әлеуметтік және коммуникативтік қабілеттердің жақсаруы: Ұжымдық ұлттық ойындар балалардың қарым-қатынас дағдыларын, топта жұмыс істеу және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға оң әсерін тигізді. Эмоционалдық тұрақтылық: Балалардың эмоционалдық жағдайының жақсарғаны және стресстік жағдайларды жеңу қабілетінің артқаны байқалды. Ұлттық сана мен құндылықтардың қалыптасуы: Балаларда ұлттық мәдениетке қызығушылық пен құрмет сезімінің артуы анықталды.

Ұлттық ойындар балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға бірнеше маңызды тәсілдермен ықпал етеді: логикалық ойлауды, математикалық және стратегиялық ойлау қабілетін дамытады. Бұл ойындарда сандық есептеулер мен бірнеше қадам алға жоспарлай алады. Ұлттық ойындар балаларды шығармашылық шешімдер іздеуге және жағдайға бейімделуге үйретеді. Шығармашылық және тапқырлыққа баулиды. Мысалы, «Ақсүйек» немесе «Арқан тарту» ойындары баланың физикалық ғана емес, ақыл-ой қабілеттерін де сынайды. Есте сақтау қабілеті дамытады, кейбір ұлттық ойындар ережелер мен стратегияларды есте сақтауды талап етеді. Бұл балалардың жады мен ақпаратты өңдеу қабілетін нығайтады. Ұлттық ойындардың көбісі ұжымдық түрде ойналады, бұл балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау, көшбасшылық қасиеттерін дамыту және топтық үйлесімділікті нығайту қабілеттерін арттырады. Эмоционалдық интеллектті

дамытуда ойын барысында балалар эмоцияларды басқара білуге, жеңіс пен жеңілісті қабылдауға үйренеді, бұл психологиялық тұрақтылықты арттырады. Осылайша, ұлттық ойындар тек көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен қатар балалардың зияткерлік және әлеуметтік қабілеттерін жан-жақты дамытуға тиімді құрал болып табылады.

Ұлттық ойындар балалардың танымдық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Ойындар барысында балалар логикалық ойлау, мәселелерді шешу, талдау және қорытынды жасау дағдыларын меңгереді. Бұл процестер балалардың зияткерлік дамуының негізгі компоненттері болып табылады. Инновациялық бағыттарды қолдану арқылы ұлттық ойындарды заманауи білім беру процесіне енгізу мүмкіндігі артады. Бұл әдіс балалардың логикалық ойлау, мәселелерді шешу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, ұлттық ойындар балаларға ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді меңгеруге мүмкіндік береді, бұл олардың рухани дамуына оң әсер етеді.

Ұлттық ойындарды заманауи білім беру технологияларымен біріктірудегі инновациялық бағыттарына тоқталатын болсақ ол:

Цифрлық форматтағы ұлттық ойындар арқылы балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытудағы жаңа, инновациялық әдістерді қолдануға болады.

Цифрлық платформалар: Ұлттық ойындарды цифрлық форматта жасау балалардың ойынға деген қызығушылығын арттырады. Мысалы, "Тоғызқұмалақ" және «Бестемше» ойындары мобильді қосымша ретінде қолжетімді, бұл балаларға кез келген жерде ойнауға мүмкіндік береді.

Интерактивті ойындар: Интерактивті технологиялар арқылы ұлттық ойындарды оқыту процесіне енгізу балалардың зияткерлік қабілеттерін ойын түрінде дамытуға көмектеседі.

Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін: ұлттық ойындар балалардың дәлдік пен көзбен көру қабілеттерін дамытуға бағытталған. Ойын барысында балалардың шапшаңдық, дәлдік және логикалық ойлау дағдылары қалыптасады. Балалардың аналитикалық ойлау қабілетін жетілдіреді. Педагогтер ұлттық ойындарды сабақтың бір бөлігі ретінде қолдана алады. Ұлттық ойындар балалардың танымдық қызығушылығын оятып, зияткерлік қабілеттерін дамытудың тиімді құралы ретінде кеңінен қолданылады. Балабақша мен мектептерде ұлттық ойындар арқылы балалардың логикалық ойлау, математикалық есептер шығару, мәселелерді шешу қабілеттері дамытылады.

Ұлттық ойындарды қолдану тәжірибесі. Мысалы, «Асық ату», «Ақсүйек», «Бестемше», «Алаңдағы бестемше», Тоғызқұмалақ», «Асық», «Бес кеней», «Асық қазан», «Ақсүйек» т.б ұлттық ойындарды оқу процесіне енгізу арқылы балалардың қызығушылығын арттыруға және олардың оқу мотивациясын көтеруге болады. Ойын түрінде тапсырмалар беру балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытудың тиімді әдісі болып табылады. Ұлттық ойындарды қолдану тәжірибесі. Ұлттық ойындар балалардың танымдық қызығушылығын оятып, зияткерлік қабілеттерін дамытудың тиімді құралы ретінде кеңінен қолданылады. Балабақша мен

мектептерде ұлттық ойындар арқылы балалардың логикалық ойлау, математикалық есептер шығару, мәселелерді шешу қабілеттері дамытылады. Бұл педагогтардың жаңаша ойлауын қалыптастырады, әдіс-тәсілдерді тәжірибеде дұрыс, тиімді пайдаланудың өзгеруіне ықпал етеді. Білім беруді ізгілендіру тұлғаның жалпы мәдени, әлеуметтік моральдық және кәсіби дамуының біртұтастығын қамтамасыз етеді. Жас ұрпақтың ойлау, сөйлеу, еңбек мәдениетін өзара бірлікте қарастырып, зияткерлік әлеуетін жетілдіруге ықпал етеді. Ұлттық ойындар – балалардың зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік қабілеттерін дамытуда заманауи білім беру мен тәрбие жүйесінің тиімді құралы бола алады.

Әдістері

1. Педагогикалық эксперимент. Балаларға ұлттық ойындарды жоспарлы түрде ұйымдастыру және олардың әсерін бағалау үшін тәжірибелік топтарда ойын сабақтары өткізілді.

2. Сауалнама және бақылау: Балалардың қызығушылығы мен даму деңгейін анықтау мақсатында ата-аналар мен тәрбиешілерге сауалнама жүргізілді. Балалардың ойын кезіндегі мінез-құлқын бақылау арқылы дамудың сапалық көрсеткіштері талданды.

3. Салыстырмалы талдау: ұлттық ойындарды қолданған және қолданбаған топтардың нәтижелері салыстырылды, бұл әдістің тиімділігін дәлелдеді.

4. Әдістемелік нұсқаулықтар дайындау: зерттеу барысында ұлттық ойындарды білім беру процесінде тиімді қолдануға арналған әдістемелік құралдар әзірленді.

Ұлттық ойындарды жүйелі түрде қолдану балалардың зияткерлік, танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына айтарлықтай оң ықпал ететіні анықталды. Бұл зерттеу нәтижелері мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру бағдарламаларына ұлттық ойындарды белсенді түрде енгізу қажеттілігін растайды. Ұлттық ойындар арқылы балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытудағы инновациялық бағыттарды түйіндейтін болсақ, ұлттық ойындар – балалардың зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік қабілеттерін дамытуда заманауи білім беру мен тәрбие жүйесінің тиімді құралы бола алады. Бұл бағытта инновациялық тәсілдерді қолдану, соның ішінде ойындарды цифрлық технологиялармен біріктіру, ынталандыру элементтерін енгізу және заманауи оқыту әдістемелеріне ұлттық ойындарды ықпалдастыру, балалардың зияткерлік әлеуетін арттыруға жаңа мүмкіндіктер ашады. Осылайша, ұлттық ойындар мәдени мұра ретінде сақталып қана қоймай, жаңа буынның жан-жақты дамуы мен ұлттық құндылықтарды игеруіне үлес қосады. Сондай-ақ, ұлттық ойындар – баланың когнитивті, эмоционалдық және әлеуметтік дамуының іргетасын қалауда ғана емес, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды насихаттауда маңызды құрал. Инновациялық тәсілдер, мысалы, ойындарды цифрлық форматта ұсыну, интерактивті платформаларда бейімдеу, білім беру бағдарламаларына енгізу, оларды қазіргі заманғы оқыту әдістерімен ұштастыру балалардың қызығушылығын арттырады және үйрену үдерісін жеңіл әрі қызықты етеді. Сонымен қатар, ұлттық ойындар

арқылы жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашу, топтық жұмыс дағдыларын дамыту және көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру мүмкін болады. Осылайша, ұлттық ойындарды заманауи білім беру жүйесіне енгізу – ұлттық мәдениетті сақтау мен ұрпақ санасын тәрбиелеудің тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегиясы болып табылады.



**«Үшбас» спорттық асық ойынының ұлттық құндылықтарымызды дамытудағы орны
«Үшбас» спорттық асық ойынының авторы,
қауымдастырылған профессор (доцент)
Бекболат Аманжолұлы Шилібаев**

Құрметті әріптестер!

Қазақ елінің тағылымы мол салт-дәстүрінен ерекше орын алған асық ойынының жарқын жақтарын рухани жаңғыртып, ұрпақ санасына сіңіру мақсатында ойынды халық назарына ұсынуды жөн көрдік. Үшеуміздің бірігіп жасаған еңбегіміз халықтың қазынасына айналсын деген ізгі ниетімізбен бүгінгі «Үшбас» асық ойыны деген атауға ие болды. Бұл ойынды араға ұзақ уақыт салып, әртүрлі идеямен, қазіргі заманға лайықты жасадық. Біз төменде тәжірибемізден туындаған «Үшбас» асық ойынын ойнаудың әдіс-тәсілдері мен технологиясын халық назарына ұсынып отырмыз. Асық ойынын міндетті түрде далалық (алаңдық) немесе үй ішілік (тақталық) деп екіге бөлмей-ақ, бірден арнайы үстел үстінде (үстел теннисі, бильярдқа ұқсас) жиналмалы (шахмат тақтасына ұқсас) көтеріп жүруге ыңғайлы, көп жер алмайтын, бар болғаны 8-10 кв жерді қамтитын ұлттық нақышта жасалған (шаңырақ, ою-өрнек), 12 қой асығы (12 жыл атауына байланысты), 3 сақа (үш қасиетті сан) түсі қызыл (хан белгісі) және арнайы иық дорбасы (қазақи) ойын түрі ретінде алдық.

Қазақстанда қоныстанған халықтардың ұлттық спорт түрлерін, соның ішінде негізгі тұрғылықты халық, жер иесі қазақ халқының ұлттық спорт түрлерін мектептерде жүргізудің танымдық, тарихи және патриоттық негіздері бар. Сонау біздің заманымызға дейінгі сақ және ғұндар, онан бері қазақ хандығы кезеңінен бері осы ұлттық спорт түрлері дамып, жетіліп осы кездерге дейін маңызын жоғалтпай келді. Ұлттық спорт түрлерін біліп, жете меңерген біздің ата-бабаларымыз, білектің күші, найзаның ұшымен осынау кең даланы қорғап, ұрпақтарына арнап сақтап қалды.

Батыр бабаларымыздан мирас болып қалған осы ұлттық спорт түрлерін біз осы қазіргі заманда сақтауымыз, түрлендіруіміз, жаңартуымыз, қазіргі заманға сай лайықтауымыз керек. Сол арқылы жастарымызды күштілікке, мықтылыққа, батылдыққа, батырлыққа, шыдамдылыққа, сабырлылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуіміз қажет. Осы бағытта жүргізілетін көп жұмыстардың ішіндегі бір негізгісі, маңыздысы мектептерде дене тәрбиесі сабақтарында, сыныптан тыс спорт

сауықтыру жұмыстарында, жарыстарда ұлттық спорт түрлерін насихаттап, кең қолдану.

Қазіргі кезеңге дейін жеткен ұлттық спорт түрлерін біз шартты түрде үш топқа бөлдік. Олар: ат үсті спорт түрлері, жекпе-жек спорт түрлері және ақыл-ойды дамытатын, яғни логикалық спорт түрлері.

Асық ойыны - Орта азия мемлекеттерінің түркі тілдес елдер ішіндегі, әсіресе, қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойындарының ең қызықты, әрі өте кең тараған ойын түрі. Асықтың бір кереметі - оны ешкім қолдан жасап жатпайды, яғни ол табиғи зат.

Асық - малдың асықты жілігіндегі сирақ пен сан жілікті жалғастырып тұратын жұмырлау топса сүйек. Ұлттық асық ойындарында күні кешеге дейін кеңінен қолданылып келген мал (қой, ешкі, сиыр) және кейбір қара аңдардың асықты жілігінде болатын кішкене сүйектің жалпы атауы.

Асық ойыны өте қарапайым болып көрінгенімен, мұнда адам денесін шыңдап, сомдайтын қасиеттер мен адамдарды өзара әрекетке жетелейтін қимыл қаншама. Ең бастысы, ол адамды жастайынан салауатты өмір салтына жетелейді. Адамның ойлау жүйелерінің жетілуінен бастап, бұлшықеттерінің жетілуіне, тынысалу мүшелерінің реттелуіне, өз дене мүшелерін меңгеруге, соның нәтижесінде қырағылық пен мергендікке баулиды.

Бір мезгілде бірнеше адам ойнайтын асық ойынының түрлерінен ойыншының намысы оянып, қатарымнан озсам деген талпынысты бойға қасиет етіп сіңіреді. Асықтың атып ойнайтын түрлері үнемі қимыл-қозғалысты қажет ететіндіктен, денені қыздырып, бойдағы қан айналымын жақсартады. Үнемі отырып-тұру, жүрелей отыру, тізені жартылай бүгу, жиырылу, ширығу адамдардың денесін шынықтырып, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады. Асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі ежелден келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады. Асық ойыны адамның жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Мұндай қасиеттер болмаса, адамда төзімділік, шыдамдылық та болмайды. Көз алдыңызға елестетіп көріңізші, алыстан, бірнеше метр жерден көз ұшында түймедей болып бұлдыраған асыққа сақанды дәл тигізу нағыз мергендіктің белгісі. Сондықтан болар, ерте заманда қазақтан небір құралайды көзге атқан мергендер шыққан.

Садақ тарту болсын, найза лақтыру болсын, қазақ жауынгерлері ешкімге дес бермеген. Соңғы кездері бұл ойын түрлері қолға алынып, мектеп бағдарламасына еніп, федерация ашылып, қауымдастыққа мүше де болып жатыр. Ойнай білген адамға асықтың пайдасы орасан зор. Аяқ-қолдың қимылын жақсартып, денсаулыққа көп пайдасын тигізеді. Асық ойыны адамның жастайынан жүйке жүйесін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлылыққа тәрбиелейді. Бұл ойынды ойнаған ойыншы топпен жұмыс істеуді үйренеді және де топтан озып шығу қабілетіне ие болады. Іске епті, жауапкершілігі мол жұмыскер шығады. Асық ойнағанда адамның тек екі қолы емес, ойлау мүшелерінен бастап, иығы, аяғы,

барлық бұлшық еттері қимылдайды. Сондай-ақ, ойыншыны бәсекелестікке жетелеп, талаптылыққа тәрбиелейді.

Ел арасында кең тараған асық ойынының түрлері көп-ақ. Ойын түрлеріне қарай оның ойнау шарттары да өзгеріп отырады. Асық ойыны негізінен жас балалар ойыны болып саналса да, оның кейбір түрлеріне жігіттер де, ересек әйел-еркектер де қатысады. Асықты жерге иірген кезде төрт түрлі қалыпта, яғни: алшы, тәйке, бүк, шік түседі. Ұлттық қасиетті, салт-сананы, дәстүрді қалпына келтіре отырып, ұлттық сипатты да мықтап қалыптастырады. Асық ойынының бүгінде тәрбиелік тағылымында мәні өте зор екенін айта келе, өскелең ұрпағымыздың ой-өрісін, сана-сезімін, дене қимылын дамыту мақсатында біз Шилібаев Бекболат Аманжолұлы, Күзембаев Жамбыл Елемесұлы, Мінәрбеков Дархан Ізтілеуұлы - «Үшбас» спорттық асық ойынын өз тәжірибеміздегі зерттеу еңбектермен, дүниетанымдық ой-толғамдарымызбен айқындап бердік.

Қазақ елінің тағылымы мол салт-дәстүрінен ерекше орын алған асық ойынының жарқын жақтарын рухани жаңғыртып, ұрпақ санасына сіңіруде ойынды халық назарына ұсынуды жөн көрдік. Үшеуміздің бірігіп жасаған еңбегіміз халықтың қазынасына айналсын деген ізгі ниетімізбен бүгінгі «Үшбас» асық ойыны деген атауға ие болды. Бұл ойынды араға ұзақ уақыт салып, әр түрлі идеямен, қазіргі заманға лайықты жасадық. Біз төменде тәжірибемізден туындаған «Үшбас» асық ойынын ойнаудың әдіс-тәсілдері мен технологиясын халық назарына ұсынып отырмыз. «Үшбас» спорттық асық ойыны тағылымы мол ұлттық өнертабыс. Қазақстан Республикасының «Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы» куәлігін (№ 687. 26 қараша, 2018 жыл) алдық, осы асық ойынын педагогтердің тәжірибесінде инновациялық жолмен дамытуға жол ашудамыз. Интеллектуалдық «Үшбас» спорттық асық ойыны арқылы педагогтердің белсенділіктерін арттыртып, үздіксіз ізденуге жетелейтін, ұлтымыздың мәртебесін әлемге ұлықтатар ойын боларына сенімдіміз. Бұл ойынды әр түрлі идеямен, кәзіргі заманға лайықты түрде далалық (алаңдық) немесе үй ішілік (тақталық) деп екіге бөлмей-ақ бірден арнайы үстел үстінде (бильярд және үстел теннисіне ұқсас), жиналмалы (шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ және нарды тақтасына ұқсас), ыңғайлы (көтеріп жүруге), көп жер алмайды (бар болғаны 8-10 кв. жер), ұлттық нақышта (шаңырақ, ою-өрнек), 12 қой асығы (12 ай атауына байланысты), 3 сақа (үш қасиетті сан) түсі қызыл (хан белгісі) және арнайы иық дорбасы бар ойын түрі ретінде алдық.

«Үшбас» спорттық асық ойынын ойыншылар арнайы жасалынған үстел үстінде ойнайды. Үстел көлемі екі бөліктен 1х1 м, бір-біріне шахмат тақтасы секілді қосылған, үстелдің ортасына шаңырақ суреті кескінделген, жалпы үстелдің төрт бұрышында қазақы ою-өрнек орналасқан.

Үстелдің біріккен жеріне, яғни көнге тігілген 12 асық Қазақ халқының жыл қайыру күнтізбесіндегі (тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз) аң бастарымен бейнеленген.

Асық үстелінің беті арнайы матамен қапталынған. Үстелдің биіктігі 40 см. және оның шетіне тор орналастырылған, Тор - атылған асық түсетін жер болып есептелінеді. Оның биіктігі 18 см. Тор асықтың шашылмай бір жерде болуына байланысты жасалған. Тор – қақпаға ұқсас.

Асық ойынын бастар алдында төреші екі ойыншыдан асық қай қолымда деп сұрайды, асықты тапқан ойыншыға (жұпқа, топқа) төреші ойын алаңын анықтап, кезегін береді.

Ойынды бастау барысында төреші 3 сақаны бір қолдың алақанына алып, үстел үстіне шашып тастайды. 3 сақаның әртүрлі түсуіне байланысты ату кезегін анықтап алады, яғни 1 алшы, 2 алшы, 3 алшы түсуі міндет болып саналады.

Бұл ойынды екі немесе келісім бойынша жұп, топ болып ойнауға болады.

Ойын ережесінде асық ойналатын үстелге өте жақын тұруға болмайды. Жақындап, ойынға кедергі немесе ойын ережесінің бұзылу жағдайында айып салынады. Айып келісім бойынша ойыншылардың шешімімен (сыйлық, өнер-ән, күй, би, өлең оқу және тағы да басқалай) түрінде жүргізіледі. Айып ережесі сақталмаса ойыншы (жұп, топ) ойыннан шығарылады, бұл асық ойынының міндеті болып саналады. Оны төреші өзі белгілейді.

Ойын бастаушы 3 сақаны алып (өзі немесе жұп, топ болып) ойынға кіріседі.

Ойын үстелінен кері 1,2,3 метр, яғни ойыншының жас ерекшелігіне байланысты (бойы, жынысы міндет емес) осы өлшемде өріс сызығында тұрып, 3 сақамен кезек-кезек асықтарды атады. Әрбір ойыншыға асықты үш атыстан кезек беріледі. Үш атыстан кейін келесі беттегі ойыншы (өзі немесе жұп, топ) ойынды жалғастырады, ол да дәл осы ережені іске асырады.

«Үшбас» спорттық асық ойын тәртібінде төрешінің басқаруымен ойыншылардың жас ерекшеліктері, ату өлшемдері төмендегідей ескеріледі:

6 жастан – 10 жасқа дейін – 1 метрден,

11 жастан – 16 жасқа дейін – 2 метрден,

17 жастан жоғары – 3 метрден асықты үш атыстан кезек беріледі.

Көнге жалпы 12 асық (алшы немесе тәйке) бір қатарға тігіледі. Ойынды бастаушы өріс сызығын сол немесе оң аяғымен басып тұрып, оң немесе сол қолындағы сақасымен көндегі асықтарды атады. Бұл жерде сақаның - оңқай немесе солақай болуына, яғни ойыншының оңқай немесе солақайлығына байланысты.

Ойыншының ойында 3 атыс кезегімен асықтар торға түсуі керек, ал сақаның қайда, қалай жатуы міндет емес. Тек асықтың торға түсуі есепке алынады. Сақа асыққа жәй тиген болса, ол ойыншы мерген атағына, ал асықты торға түсірген ойыншы шебер атағына ие болады. Ойынды бастаушы ешқандай асықты торға түсіре алмаса, екінші ойыншыға кезек беріледі.

Ойында 3 атыс кезегімен атылған асық үстел үстінде қалса, сол жерінде ереже бойынша сақталады, ал асық жерге түсіп кеткен жағдайда үстелдің оң немесе сол қақпаның көнге жақын бұрышында арнайы орналасқан айып алаңына қойылады. Асық айып ретінде бүк жағымен теріс қойылады.

Көндегі немесе айып алаңындағы асықты ататын кезде ойыншы қайсы бірін ататынын өзі таңдап алады, өзі шешім қабылдайды.

Егер алаң сызығының ішінде асық тор алдына тұрып қалса, онда асық сол жерде сақталады. Асық тор алдында алаң сызығының сыртында болса, көнге қайта тігіледі. Ал асық алаң сызығының оң және сол сыртында болған жағдайда оны қайтадан айып алаңына өз ережесімен қойылады.

Ойын өз ережесімен үстел үстіндегі 12 асық біткенше ойнала береді.

Ойын тең болған жағдайда «Үшбас» спорттық асық ойынының жаңа ережесіне сәйкес төреші екі ойыншының туған жылын қазақ халқының жыл қайыру күнтізбесі (тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз) бойынша анықтап, әр ойыншының өзіне тән жыл қайырудағы аң немесе жануар бейнеленген шеңбердің ішіне асығын қойып атуы тиіс. Ережеге сәйкес ойыншы «Үлкенге жол беру» салт-дәстүріміз бойынша 1, 2, 3 метр қашықтықтан өз асығын атуы тиіс. Егер де ойыншы асыққа тигізген болса, сол ойыншы жеңген болып есептеледі. Ал тигізе алмаса, кезек келесі ойыншыға өтеді. Осылайша ойын сақа асыққа тигенше жалғаса береді.

Ойын ережесі ойыншыларға бірдей, жоғарыда аталған ретте жүргізіледі. Төреші ойыншының торға түскен асықтарын есепке алып, қай ойыншының ұтқан асығының көптігін анықтап, сол ойыншыны жеңімпаз деп есептейді.

Ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылығын ояту міндетіміз.

Асық ойыны арқылы ойыншыларды дәлдікке, мергендікке, ептілік қабілеттіліктерін дамытуға, жеңіске деген құштарлыққа, намысқойлыққа, әділдікке баулу. Ойыншыларды ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу. Қазақ халқының ұлттық ойындарын әлемдік деңгейдегі спорттық ойындар қатарына қосуға ой туғызу. Мақсатымыз - асық ойынының барлық ережелерін, қыр-сырларын зерттеп, ізденіс жұмыс жасап, асықтың түрлері мен ерекшеліктерін білу.

Асық – кәдімгі санағыштың рөлін қоса атқарады. Асықтарды қаз қатар тізу кезінде олардың санын алу, кейін ұтысты есептеп, ұпай бөліскенде жапырлап асық санау кез-келген ойыншыны есепке деген бейімін арттырады.

Асық ойыны күндіз де түнде де ойналады. Күндіз - мергендікке, түнгісі - ептілікке баулиды.

Асық ойыны жай ғана ойын емес, адамдардың өткені мен бүгінгісінің көрінісі, біздің іс-әрекетіміздің оңайлатылған түрі. Сондықтан ойынды тәрбие, үйрету, оқыту құралы деп қарастыру қажет.

Жалпы асық ойыны тек көңіл ашу, құмарлық ойыны ғана емес. Бейне шахмат ойынының төркініндегі әскери стратегия сияқты. Бұл да халқымыздың ел болуы мен Тәуелсіздігі жолындағы ішкі-сыртқы қорғаныс мәселесін терең зерттеуден туған. Ұлттың ежелден елдік ішкі кемелін, ірге бекітуін, халық арасындағы бірлік пен байланысты нығайтуды, ойлауы арыдан жалғасын тауып келген ұлттық негіздің ойын түріндегі көрінісі.

Ұлттық ойындардың бәрінің астарында үлкен мән бар. Асық ату адамды мергендік пен ептілікке ғана емес, сабырға да үйретеді. Сақаны иіру, асыққа дәлдеу, ату - бәрі адамды ойлауға қалыптастыратын психологиялық ойын. Ойынға шыдам керек, қырағылық қажет. Көз өлшемі мен қолдың дәлдігі - бәрі адамның қиялын дамытады, ойды байытады. Асықты ақылмен ойнау керек. Ойынға аса шеберлік қажет. Сақаң қолыңа сай, мергендігің бабыңда болса, мықты ойыншысың.

Асық ойынында кімнің сақасы алшысынан түссе, сол бірінші атады немесе басымдыққа ие болады. Яғни, асықтың алшы тұруы оның иесіне сәттілік жолдас болып тұрғанын білдіреді. Сондықтан, аталарымыз белгілі бір оқиғаға, болмаса жағдайға байланысты мерейлі болғанын қалайтын адамына осындай тілек айтқан. Бұл сөз қандай да бір даулы мәселеде, айтыс-тартыста, бәс тігілген сәттерде мерейі үстем шыққан немесе бастаған ісі игі жалғасын тапқан азаматтарға қарата - «асығы алшысынан түсті» деп те қолданылады. Бұл нақыл да қазақтың болашағынан үмітті балаға қаратып айтылатын сөзі. Бала деп жасытпай, сеніммен қарасаң, тәжірибеңмен бөлісіп, тәлімінді берсең, ол да ертең елдің жүгін арқалар азаматың деген мағынадағы үмітті меңзейді.

«Үшбас» спорттық асық ойынының сапасы – оқу мен тәрбие мазмұнында ұрпақты дәстүр мен мәдениетке тәрбиелейтін инновациялық жолымен асық ойыншысының кәсіптілігін шындай түсері анық. Сондықтан да асық ойыны ережесімен спортшы-асықшыларымыз атанған жүлдегерлеріміз бен жеңімпаздарымыз болашақта ұлт мәртебесін ұлықтата берсін демекпіз.

Бүгінгі асық ойыны тек ойын дағдыларын меңгерту ғана емес, ұрпақтың өзін-өзі дамытуға бағытталған, мерген ойыншы, шебер ойыншы және белсенді ойыншы тұлғасын қалыптастыратын әлемдік ойын болуы тиіс.



Ұлттық өнер - ұрпаққа аманат
«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының
лауреаты, Қазақстандық Этнодизайнерлер
Одағының президенті
Жапарова Салтанат Әминқызы

Құрметті әріптестер!

Әрбір ұрпақ ата-бабасы құрған шаңырақтың жалғастырушысы. Сол үйдің жалғасып келе жатқан салт-дәстүрі мен өнегесін әрі қарай жеткізуші. Біздің әрбір жетіп жатқан жетістігіміздің болашақта жемісін көруші осы ұрпақтарымыз. Сондықтан да жалғасымыз ұрпақ болғандықтан, игі істеріміз ұрпаққа аманат. Ұлттық өнер-ұрпаққа аманат. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетімізді жас ұрпаққа дарыта, санасына құя білсек, яғни, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалады деген сөз. Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды.

Қазақ-қазақ болғалы еті мен сүйегіне сіңген ұлттық өнерімен, өзіндік салт-дәстүрімен, әдеп-ғұрпымен ерекшеленді. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, тал бесіктен жер бесікке дейін әдеп-ғұрып, салт-дәстүрін, өнерін сақтаған. Этнодизайнерлер Одағының алға қойған мақсаттарының бірі - ата бабадан келе жатқан салт-дәстүр қайта жаңғырту және оны ұрпақтар сабақтасытығымен жалғастыру

Назарларыңызға көп рахмет!



*Мектепке дейінгі баланың дамуы мен тәрбиесіне
арналған ұлттық ойындар
Астана қаласы дене шынықтыру нұсқаушыларының
ассоциация төрайымы
Амантаева Динара Мұратқызы*

Құрметті әріптестер!

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие – ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс – тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын біз халық педагогикасы дейміз.

Халық педагогикасы – халықтың мәдени мұрасы. Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттық) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан. Ал, ұлттық тәрбие мәселесі – адамзат тарихынан өн бойына ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде адамзаттың өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұра болып қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтар мен ар тазалығы және тағы басқа қасиеттерді жатқызамыз.

Егеменді еліміздің болашағы, келешегі бүгінгі жас жеткіншектер екенін ескерсек, «осы балалардан қоғамның тұлғасы болар білімді, тәрбиелі, мәдениетті азаматтар шыға қояр ма екен?» деген ой көпшілігімізді, әсіресе тәрбие негізі қаланатын мектептегі ұстаздар қауымын толғандырады. Себебі, Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі - ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне байланысты. Өйткені әрбір халық ұрпағымен көктеп, өркен жаяды. Әрбір мемлекет рухы таза, санасы биік білімді де, білікті ұрпағынан қуат алады. Ол өзінің әрбір жаңа буын жас ұрпағы жетілген сайын дамудың жаңа биіктеріне көтеріледі. Ал бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет – еңселі еліміздің кірпіші боп қаланатын әрбір қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тиянақты білім беру. Адам бойында адамгершілік құндылықтар болмаса, олардың орнын ешқандай терең білім толтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде.

Педагогика ғылымында тәрбиенің тұтастығына әсер ететін факторлар: отбасы тәрбиесі, мектепке дейінгі ұйым тәрбиесі, қоғамдық тәрбие. Мектепке дейінгі балалардың игеретін дағдылары мен құзыреттіліктері: байланыстырып еркін сөйлейді, қарым-қатынасқа белсенді, өзі-өзіне қызмет етеді, ой-өрісі кең, іздемпаз, білуге құштарлы, физикалық белсенді; жеке қасиеттері: көпшіл, тіл табыса алады, мәдениетті, кішіпейіл, парасатты, өзіне сенімді, мейірімді, рухани байлығы: елін, жерін қастерлейді, отанын құрмет тұтады, отбасын қадірлейді, ұлтының дәстүрлерін біледі, адамгершілігі мол, бауырмал болады. Балалық шақта өмірлік, ұлттық құндылықтар жүйесінің қалыптасуы қоршаған әлем туралы түсінігін кеңейтетін арнайы ұйымдастырылған әлеуметтік, мәдени, білім беру, заттық дамытушы ортасы бұл қалыптасуды жеделдете алады. Соның ішінде кітап — ұлттық құндылықты жеткізу құралы.

Ұлттық құндылық – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға: меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады.

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Өйткені сонау ғасырлардан бүгінге жеткен ұлттық құндылықтарымыз (лиро-эпостық және батырлар жырлары, ұлттық қол өнер, ұлттық спорт түрлері т.б.) – еліміздің дамуы мен мәдениетінің айнасы. Демек, сан ғасырлық тарихы бар рухани құндылықтарсыз ұлттың дамып, өркендеуі әсте мүмкін емес.

Тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады, дегенмен мұнан кейін балабақшаның да ролі зор. Ұлттық тәрбиеден салт –дәстүр ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал боларына кәміл сенеміз. Ұлттық салт-дәстүрді, мәдениет пен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі.

Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт – дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып, елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге – құрмет, кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты, адамгершілігі биік, білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып, білімді, ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу. Қайырымдылықты– халықтан, пайымдылықты- қариядан үйрен деген ұлтымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттер мен әдет ғұрыпты оқу қызметін ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-

құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. этнопедагог, профессор – Серғазы Қалиев «ұлттық тәрбиені балабақшадан бастауымыз керек, не ексең, соның орасың» демекші, балаларымызды қандай жолға бастасақ, олардың сол бағытты алатыны белгілі. Ал біздің ата-бабаларымыздан қалған асыл мұрамыз – тәрбиеміз қазақтан басқа ешкімде жоқ үлгі.

Мектепке дейінгі кезеңнен балаға адами қарым-қатынас құндылықтарын өмірде қолдануға, білімнің мінез-құлыққа айналуына және «өзін-өзі реттеу» формаларының пайда болуына ықпал етеді. Балаға кітап оқу бесік жырынан басталады және кітап үшінші педагог қызметін атқарады. Әр жас кезеңдегі балалардың көркем шығарманы қабылдау ерекшелігі әртүрлі. 2-3 жаста сөз бен әсерді қабылдайды. 3-4 жаста кейіпкерлер мен олардың іс-әрекетін қабылдайды, 4-5 жаста оқиғалардың ретін, кейіпкерлердің мінезін, олардың қарым-қатынасын қабылдайды. 5-6 жаста күрделі сюжетті, ертегі шығармасының бөліктерін (басталуы, шарықтау шегі, шешілуі), оның неғұрлым нәзік ерекшеліктерін қабылдайды. 6-7 жаста шығарманың мәнін, бейнелеу құралдарын, кейіпкерлердің тереңдігін, сезімдерін суреттеуді қабылдайды. Осындай мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшелігін ескере отырып, нәресте кезеңінен бастап (күтім жасап жатқанда (жуыну, тамақтандыру және т.б.) тақпақтар мен ертегілер айтудың, көркем шығармалардың орны ерекше. Нәресте кезінен кітап оқудың құндылығы зор, бала интонацияны және дыбыстарды түсінеді, қабылдайды. Атап айтсақ, балаға арналған әдебиеттен жақсылық пен зұлымдықты, сұлулық пен ұсқынсыздықты ажыратады. Көркем шығарма балалар үшін қоғамдық өмірге бағдарланудың эталоны.

Ұлттық ойындар - салауатты өмір салтын мұрат тұтқан арманшыл, елі мен жерінің қамын ойлайтын, ұлтқа тән барлық қасиетті қадір тұтатын, дара тұлға – жаңа адамды тәрбиелеп шығарудың маңызды құралы. Оқу-іс әрекет барысында немесе бала-бақшадан тыс кезде баланы ұлттық ойын арқылы өмірге тәрбиелеу үздіксіз процестің жалғасы. Халықтың ұлттық ойындары - жас ұрпақтың қалыптасып өсіп-өнуіне әсер ететін факторлардың бірі және дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты.

Ақыл-ой спорт түріндегі ұлттық ойындар тарихтың терең қойнауынан бастау алған, шығу және пайда болу мерзімі әлі толық дәрежеде зерттелмеген, яғни ғылыми түрде тұжырымдамасы айқындалмаған, ұлтымыздың асыл қазыналарының бірі. Жас ұрпақты тәрбиелеуде де ұлттық ойындардың берері мол. «Санамак», «Жылдам айт», «Қаржу» (тақталық ойын) ойыны, т.б. тартымды ойындарды үйрету, тіл өнеріне негіз салады деп есептелген. Балалар негізінен ойын үстінде бір-бірімен тез тіл табысады және ойын барысында баланың психологиясын аңғаруға болады.

Спорт түріндегі ұлттық ойындары: «Жамбы ату», «Теңге ілу», «Бес тас», «Асык», «Садақ ату», «Бес табан», «Алшы», «Құма», «Омпы», «Төрт асы», «Хан талапай», «Қақпақыл», «Иіркеміл», «Ханжаппай», «Сасыр», «Топай» немесе «Сөкелек», «Бәйге» «Отыз ұры, бір есепші», «Хан», «Кетсін бір», «Көтеріспек», «Атқабыл». Бұл ойындар мергендікке байқағыштыққа, қырағылыққа, батылдыққа, ептілікке, төзімділікке, шапшандыққа баулиды.

Балабақшада балаларға ұлттық ойындардың құндылығын насихаттаумен қатар, оларды қолданудың озық тәжірибелерін жинақтау және дамыту керек.

Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен ұлттық тәлім - тәрбиеге баулып, халқының салт - дәстүрін жақсы білетін саналы азамат тәрбиесіне көңіл бөлуіміз керек. Ата-бабамыздан аманат болып келе жатқан ұлттық тәлім-тәрбиеміз асыл мұра ретінде, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып, еліміздің саналы азаматтарын қалыптастыруда қосар үлесі орасан зор.

Сондықтан қатардағы баланы нағыз толыққанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор.



«Асық ату» ойыны арқылы тұлғаның интеллектуалдық қабілеттерінің дамуы Алматы қаласы Түрксіб ауданы «№187 КМКҚ бөбекжай – балабақша» меңгерушісі Омарбекова Фарида Қызырхановна

Құрметті әріптестер!

Асық ату ойынының тәрбиелік мәні де ерекше. Ойын барысында балалар арасындағы қарым-қатынас нығайып, достық байланыстар орнайды. Топтық жарыстарда балалар бір-бірінің жетістіктеріне қуанып, сәтсіздіктері үшін қолдау көрсетуді үйренеді. Бұл, өз кезегінде, эмоционалдық интеллектінің дамуына ықпал етеді, өйткені балалардың өз эмоцияларын түсінуі және оларды басқару қабілеттері артады.

Сонымен бірге, асық ату ойыны арқылы балалардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы артады. Бұл ойын қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарын, әдет-ғұрыптары мен салттарын таныстыруға мүмкіндік береді. Балалар ұлттық мәдениетті меңгеру барысында, өз сәйкестіктерін қалыптастыруға, ұлттық мақтаныш сезімін дамытуға көмектесетін ортаға ие болады.

Сондай-ақ, асық ату баланың зейінін арттыруға ықпал етеді. Ойынның талаптары, мақсаттары мен ережелерін есте сақтау, нәтиже мен есеп жүргізу балалардың зейін шоғырландыру, еске сақтау қабілеттерін күшейтеді. Бұл дағдылар өмірлік тәжірибеде, оқу процесінде маңызды рөл атқарады.

Осылайша, асық ату ойыны — балалардың жан-жақты дамуына арналған тиімді құрал. Оның образының қарапайымдылығы мен шынайылығы арқылы балалар тек ойнау ғана емес, сонымен қатар өмірлік дағдыларды дамытуға ойын ретінде қатысып, әлеуметтік, эмоционалдық және интеллектуалдық қабілеттерін таниды.

1. Ұлттық асық ойындарының мектеп жасындағы балалардың дағдыларын дамыту

Асық ату ойыны — қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойындарының бірі. Бұл ойын мектеп жасындағы балалар үшін ерекше маңызға ие, себебі ол бірнеше негізгі дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

- **Координация.** Асық ату, балалардың қол-аяқ координациясын дамытады. Олар асықты дәлдікпен ату барысында көзбен бағып, қозғалыс жасауды үйренеді.

- **Логикалық ойлау.** Ойын барысында балалар стратегия құру, қарсыластың қимылдарын болжау арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамытады.
- **Сабырлылық және шыдамдылық.** Ойынның жүйесі балаларды сабырлы болуға және сәтсіздіктері болса да, қайтадан әрекет етуге үйретеді.
- **Командалық жұмыс.** Асық ойындары топта ойнау формасында да жүргізіледі, бұл балалардың командалық жұмыс істеуі мен коммуникация дағдыларын арттыруына көмектеседі.

2. Физиологиялық дамуы.

Асық ату ойыны балалардың физиологиялық дамуына да жақсы ықпал етеді. Оның басты аспектілері:

- **Физикалық белсенділік.** Асық ату — балаларды қозғалысқа мүлдем жетелейтін динамикалық ойын. Ойын барысында балалар дене белсенділігін арттырады, бұл сау және жетілген физикалық дене құрылымын қалыптастыруға ықпал етеді.
- **Бұрыштық және сызықтық жылдамдық.** Ойынды ойнау кезінде балалардың реакция жылдамдығы мен жүріс-тұрысы жақсарады, бұл көпшілік спорт түрлеріне дайындық ретінде пайдалы болып табылады.
- **Моторика.** Асық ату кезіндегі қозғалыстар балалардың дрожалық қозғалыстарын (fine motor skills) дамытуға көмектеседі, бұл әсіресе жазу және бейнелеу өнеріне қатысты дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді.

3. Интеллектуалдық дамуы. Асық ату ойынының интеллектуалдық даму үшін маңызы зор. Ойын барысында балалар:

- **Стратегиялық ойнау.** Ойынның өзі стратегиялық ойлауды талап етеді. Балалар қарсыласты жеңу үшін өз стратегияларын дайындап, әрі қарай іс-қимыл жасауды үйренеді.
- **Шығармашылық.** Ойын барысында балалар ұсынылған ережелерге жаңа түсініктер мен интерпретацияларды қосуға мүмкіндігі зор, бұл олардың шығармашылық әлеуетін дамытады.
- **Соматика.** Ойын өтіп жатқанда, балалар жағдайды бағалау, реакция жасау, шешім қабылдау секілді дағдыларды дамытады, бұл олардың көпшілікті ажырату қабілеттерін арттырады.
- **Сабақтас әрекеттер.** Асық ату балалардың көз алдында бірнеше процесстердің байланысын жасауға ықпал етеді, бұл олардың анализ жасау және синтез кезінде белсенді рөл ойнауы үшін тиімді.

Асықты пайдалана отырып санау, құрастыру, асық үстінен жүру, математикалық логикалық тапсырмаларды шешу сияқты әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын көрсете аламыз. Балаларды ұлттық ойындарды ойнау барысында шапшаңдылыққа, ептілікке, бір-бірін сыйлауға, өз ойын еркін жеткізе алуға баулимыз. Асық ату ойыны арқылы көз жітілігін, мергендікті дамытып, ұстамдылық пен шыдамдылыққа тәрбиелейміз.

Асықтан құрастырылған инновациялық тақтайшалар мен массажды қолғаптар арқылы бала денсаулығын шыңдаймыз.



• **Асықты жіпке тізу.** Балалар боялып, тесілген асықтарды жіпке бір түстен соң екінші түске тізбектеп тізеді. Бұл тізбекті тізу арқылы бала түстермен танысып, бір – бірінен ажырата алады. Қолмен жұмыс жасау барысында баланың ұсақ моторикасы дамиды. Саусақтарымен жұмыс жасауда баланың саусақтары иілгіш болып, жұмыс жасауға жаттығады (бірінші кіші топтағы жұмыс төмендегі әдіспен жүзеге асырылуда).



• **Асықпен із салу.** Балалар түрлі – түсті бояуларды асықты қолдану арқылы пайдаланады. Бұл жерде балалар санына байланысты төрт – төрттен бірнеше топқа бөлінеді, әр топқа тиесілі түс пен шеңбер сызылған парақшалар беріледі. Балалар парақшада берілген шеңбердің ішіне асықты бояуға малу арқылы парақша бетіне нүктелер түсірулері тиіс. Бұл әрекет осылайша бірнеше рет қайталаынады. Нәтижесінде парақ бетінде әр балада әртүрлі бейне пайда болады. Балалар үшін бұл жасырын пайда болған бейне, қызықты әрі сиқырлы сәт болады. Мұндай әдісті қолдану балалардың саусақ моторикасын дамытумен қатар, баланы берілген тапсырманы таза әрі ұқыпты орындауға баулиды.

• **Асықпен құмда сурет салу.** Балалар құмның үстіне асықпен түрлі мазмұнды суреттер сала отырып, нені бейнелегендерін айтып береді. Ойнай отырып құмға асықпен сурет салу бала үшін қызықты, әрі пайдалы. Баланың ұсақ моторикасымен қатар бейнелеуге деген қызығушылығы артады, қиялы дамиды

және өзінің ойымен салынған бейнені өз сөзімен түсіндіру барысында сөздік қоры мен ойын әрекетіне жеткізуге көмектеседі.



• **«Сиқырлы асық» қолғаптарымен уқалау.** Балалар «сиқырлы асық» қолғаптары арқылы түрлі дене шынықтыру жаттығуларын орындайды. Бір – бірінің арқасын уқалау, сипалау арқылы омыртқа, арқа жоталарына демалдыру әдісін жасайды. Мәселен, бұл әдістерді «сиқырлы» қолғаптармен қолдану барысында балалардың арасындағы арқаның ұюы, майтабандылық, аяқтың ұйып қалуы деген денсаулық сыр беретін қолайсыз жағдайлар жойыла бастайды. Балалар түрлі жаттығуларды жасау барысында шыдамдылыққа, төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбиеленеді.

Асықты тақтайшамен жүру. Тақтайшалармен жүру арқылы балалардың аяқ, қол еттері қатайды, жұмысқа қабілеттілігі артады. Қимыл-қозғалыс координациясы артып, қол мен аяқтың бірлескен қимылы дамиды. Табандағы жүйке нүктелері арқылы ойлау қабілеті дамып, психикалық процестердің дамуына әсерін тигізеді. Жалпақ табанның алды алынып, ең бастысы балалардың дұрыс жүру дене бітімі артады.

«Луллия шеңбері». Мақсаты: Сөздердегі дыбыстарды ажырата білуге үйрету, әріптерді тани білу дағдыларын жетілдіру. Ойын барысында балалары зейінді болуға дағдыландыру. Керекті құралдар: Луллия шеңберінің тақтасы, асықтар Ойын шарты: Үстелді айналып балалар отырады. Луллия шеңберінің жоғары бөлігіне әртүрлі суретті карточкалар қойылады. Балалар алдарына айналып келген шеңбердегі суретке қарап, оның қай дыбыстан басталып тұрғанын ажыратады да сол әріпті екінші шеңберге орналастырады. Ойын осылай жалғаса береді.

Қорыта айтқанда, асық терапиясының мектепке дейінгі балалардың дене, психологиялық және әлеуметтік дамуында орны ерекше, сонымен қатар оның көп функционалдық рөл атқаратынына көзіміз жетіп отыр. Бұл тек асық терапиясының бастапқы нұсқасы ғана. Келешекте мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту стандартына, үлгілік бағдарламаға сай барлық білім салаларында асық терапиясын қолдану мүмкіндігіне жол ашып, оны түрлендірудің теориясы мен әдістемесін дайындау және тұжырымдамалық негіздеу мақсатын қойып отырмыз.



«Жаңа асық ойыншықтар», «Асығың алшысынан түссін!», «Асық ойындары»

№	Ойынның атауы	Мақсаты	Сағ
1	«Ханталапай» ойыны	Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа, тез әрекет ету, жедел шешім қабылдауға, бәсекеге қабілеттілікке тәрбиелеу	5
2	«Асық ату» шеңбер ойыны	Балаларға ойын ережесін бұзбай ойнауға дағдыландыру, дәлдікке, ептілікке үйрету.	5
3	«Төрт асық» ойыны	Балаларды ұқыптылыққа, мергендікке, ептілікке тәрбиелеу, стратегиялық жоспар құру, тілін, ойын дамыту.	4
4	«Омпа» ойыны	Балаларды мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу, саусақ моторикасын дамыту.	5
5	«Атқапыл» ойыны	Балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру.	4
6	«Бестабан» ойыны	Балаларды мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу, ұсақ қол саусақ моторикасын дамыту.	5
7	«Шік-бүк» ойыны	Балаларды ептілікке, мергендікке үйрету. Асық жатысына байланысты түрлерін ажырата білуге баулу.	4
8	«Шертпе» ойыны	Балалардың жылдам әрекет етуін дамыту, жүйке жүйесін шыңдау, ұсақ қол моторикасын дамыту, санауға үйрету.	4
Барлығы: 36 сағат			

№	Ойын атауы	Мақсаты	Сағ
1	«Хан» ойыны	Ұлттық ойындар арқылы балалардың бойындағы ұлттық қасиеттерін, ойлау қабілеттерін дамыту адамгершілікке, шапшаңдыққа, мұқияттылыққа тәрбиелеу.	4
2	«Асық ату» шеңбер ойыны	Балаларға ойын ережесін бұзбай ойнауға дағдыландыру, дәлдікке, ептілікке үйрету.	4
3	«Бес тас» ойыны	Балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке жүйелерін шыңдау, қол моторикасын дамыту, санауға үйрету.	4
4	«Төрт асық» ойыны	Балаларды ұқыптылыққа, мергендікке, ептілікке тәрбиелеу, тілін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру, өзін-өзі басқара білуге машықтандырады	3
5	«Омпа» ойыны	Балаларды мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу, саусақ моторикасын дамыту	4
6	«Атқапыл» ойыны	Балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру.	3
7	«Бестабан» ойыны	Балаларды мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу, саусақ моторикасын дамыту	4
8	«Шік-бүк» ойыны	Балаларды ептілікке, мергендікке үйрету. Асық түрлерін ажырата білуге баулу	3
9	«Шертпе» ойыны	Балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке жүйелерін шыңдау, қол моторикасын дамыту, санауға үйрету.	3
10	«Алшы» ойыны	Балаларды ептілікке, шымырлыққа тәрбиелеу. Ұлт мұрасын сыйлауға тәрбиелеу. Тез ойлауға, алыстан көруге, қайраттылыққа баулу.	4
Барлығы: 36 сағат			

Қорытынды Асық ату ойыны — ұлттық құндылықтардың бір бөлігі, әрі балалардың физикалық, психологиялық және интеллектуалдық дамуына үлкен көмек береді. Бұл уақыт өткізудің түрлілігі жөніндегі үлгі бола отырып, балалардың тәрбиесіне оң әсер етеді. Сондықтан, асық ату ойындарын оқу процесіне енгізу қажет, өйткені олар балалардың тұлғасын қалыптастыруға және дамытуға үлкен үлес қосады. Мысалы:

- **Шығармашылық**

Дәстүрден тыс сурет салуға, бояулардың түсін ажыратуға, заттардың шамасы мен үйлесімділіктегі айырмашылығын бере білуге үйретеді, музыкалық шығармалардың сипатын, көңіл күйін ажырата үйретеді, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

- **Математика**

Қарапайым дағдыларды қалыптастыруға, таным процестерін қалыптастырып, зейінді, есті қабылдауға балаларды кеңістікті бағдарлай білуге, санауға үйретіп, логикалық ойлау қабілетін дамытады.

- **Коммуникация**

Дыбыстық талдау жасауға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге, сөздік қорын жетілдіруге ықпал етеді. Денсаулық, шыдамдылыққа, жылдамдыққа, ептілікке, топпен бірлесе әрекет ете білуге тәрбиелейді.

- **Патриоттық**

Отанға деген сүйіспеншілікке, туған жерге, ата дәстүріне, ұлттық құндылықтарына қамқорлықпен қарауға тәрбиелейді.

- **Физикалық**

Физикалық тұрғыдан алғанда, асық ату қимыл-қозғалыс координациясын, моторика мен реакция жылдамдығын жақсартады. Бұл денсаулықты нығайтып қана қоймай, өмірлік дағдыларды дамытуға да септігін тигізеді.



«Бес кеней» асық ойындарының балалар мекеніндегі маңыздылығы

ШҚО білім басқармасы «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің № 6 «Күншуақ» балабақша-бөбекжайы» КМҚК директоры, білім магистрі Ережепова Үміт Серікбекқызы

Құрметті әріптестер!

Бүгінгі күні ұрпақ тәрбиесі мен дамуына аса көңіл бөлуге көштік. Себебі баланың айналасында теріс әрекетке еліктейтін, бөгде қылыққа үйрететін қауіп көп болып тұр. Сондықтан балабақша педагогтері және ата-аналар бала тәрбиесі мен оқуына, жалпы дамуына сауатты, мейірімді, патриотты көзқараспен қарағаны өзекті болып отыр.

Бүгінгі балабақша – бақытты балалар мекені, себебі балабақшада баланы ойната отырып, тәрбиелейміз, оқытамыз, дамытамыз, яғни баланың бақытты балалық шағын сақтауымыз керек.

Ендеше, ойын құзыреттілігі белсенділік танытып тұрған болса, неге ұлттық ойындарды қолға алып бала бақшаның өзегіне айналдырмасқа!

Біз – мектепке дейінгі мекемелер ойындардың түрлерін зерттей бастадық. Қазіргі гаджетпен, телефонмен өсіп келе жатқан баланы ойынға қызықтырудың амалдарын қарастырдық. Сөйтіп, ұлттық құндылықты бала бойында қалыптастыру үшін, ұлттық ойындарды баланың дағдыларын дамытуда кеңінен қолдануды дұрыс деп таптық.

Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні өте терең. Олар баланың дене, ақыл-ой, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ұлттық ойындар арқылы балалар бойына өз халқының мәдениетіне, тарихына, дәстүрлеріне деген құрмет пен сүйіспеншілік қалыптастырады. Ұлттық ойындар – бұл болашақ ұрпақтың рухани және физикалық жетілуінің негізі.

Бүгін мен ұлттық ойындардың ішінде асық ойындарына тоқталамын.

Біз – ШҚО білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөліміне қарасты «Күншуақ» балалабша-бөбекжайында асық ойындарын 2022 жылдан бері кеңінен қолданып жүрміз.

Асық ойыны – қазақ халқының дәстүрлі ойындарының бірі, бүгінгі күні мектеп жасына дейінгі балалар арасында жоғары қызығушылыққа ие болып отыр. Бұл ойынды ойнаудың бірнеше маңызы бар.

1. баланы физикалық дамытады;
2. зейін мен ойлау қабілетін арттырады;
3. қоғамдық қатынастарға үйретеді;
4. дәстүр мен мәдениетті сақтауға баулиды;
5. көңіл көтеру және демалуға үйретеді.

Ұлттық ойындарды заманауи тәсілдермен үйлестіріп, балалардың қызығушылығын арттыру үшін түрлі инновациялық әдістер қолдануға болатынын көрдік. Жаңа технологиялармен ойын элементтерін енгізу арқылы балалардың оқу процесін түрлендіріп қызықтырдық.

Мысалы, ұсақ асықтар математикалық түсініктерін қалыптастыру дағдысында таптырмас құрал болып отыр: санау, реттеу, топтау, жіктеу, аз-көп, қосу, азайту сияқты түсінік бергенде ұтымды қолданылады.

Сенсорикалық дағдыларды қалыптастыруда, асықтарды түстерге бояп түрлендіреміз, асықтың түрлі пішіндерін: сақа, кеней түрлі көлемдерін қолданамыз.

Әлеуметтік және дене шынықтыру дағдыларын қалыптастыруда түрлі асық ойындарын ойнатамыз.

Биылғы 2024-2025 оқу жылында балабақшаға мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жаңадан шыққан ұлттық ойындар топтамасын алдық. Олар: *«Бес кеней» «Бес атар» «Қалашық» «Зерек» «Шертпек» «Үш асық»* ойындары. Бұл ойындарды балабақшаға әкеліп, педагогтар ортасына ұсынған кезде педагогтар қатты қызығушылық танытты. Бірден зерттеу - іздену жұмысы жүріп кетті.

Егер педагогтер қызығушылық танытса, ендеше балаға ұсыным дұрыс жасалатынына күмән болған жоқ.

Бала қабылдауына байланысты ойындар түрлендірілді, жеңілдетілді, шарты өзгерді, бірақ ұлттық мәні сақталды.

Асықты барлық бала ұстап өссін деген саясатпен біз ойындарды түрлендіріп те ойнатудамыз. Мысалға, 3-4 жасар балалар *«Шыр»* ойынын жақсы меңгерген, енді асық лақтырып көздеп көру мақсатымен *«Қалашық»* ойынын жеңілдетіп бердік. Шарты: асықтарды қалашық жасап қаламаймыз түзу сызық бойына тіземіз. Бұл жеңіл түрі 3-4 жасар бала қабылдауы мен қызығуына сәйкес келді. Балалар бірден ұғып ойнап кеткенін байқадық.

4-5 жасар балалар *«Бес кеней» «Шертпек»* ойындарын қызығып жылдам меңгерді. Бұны балалар дербес әрекет кезінде өз еріктерімен белсенді ойнайтындарынан байқадық. *«Шертпек»* асық ойыны – баланың саусақ буындарын дамытады әрі барлық саусақтың жұмыс жасауын қадағалайтын таптырмас көмекші.

Үстел үсті *«Үш асық»* ойыны балаларды жылдамдыққа, ширақтыққа үйретеді. Бұны да ересек топ пен мектеп алды топ балалары жарыса ойнайды.

«Бесатар» ойыны алаңда кеңістікті бағдарлауда тамаша құрал. 5-6 жасар балалардың қимылын, мергендігін, көру қабілетін дамытуда тамаша жаттығу.

Соның ішінде «Бес кеней» асық ойынына ерекше тоқталғым келеді.

«Бес кеней» – асық ойыны екі түрлі: үстел үстінде ойналады және алаңда ойналады.

Алаңдағы «Бес кеней» асық ойыны үлкен асықтармен ойналады. Асықтардың үлкен көлемді болуы, алтын, күміс түстер балаларды өзіне тартып қызықтырады.



Үлкен сақа асықтарды орнынан көтеріп, жылжытып, жүріс жасап ойналатын «Бес кеней» ойыны балалар үшін ерекше әсерлі, түрлі позитивті эмоциялар туғызатыны рас.

Ойын топтық түрде өткізіледі, бұл балалардың коммуникация, ынтымақтастық және командалық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Олар бір-бірімен араласу арқылы әлеуметтік байланыстарын нығайтады – бұл әлеуметтік дағдылардың дамуы.

Практика барысында байқағанымыз, сөйлемейтін, тұйық, жасқаншақ немесе қырсық балалар «Бес кеней» ойыны барысында құрбыларымен қарым-қатынасқа түсіп, ашылды, ортақ ережеге бағынды, үйлесімді белсенділікке үйренді.



Ойын барысында балалар жеңіс пен жеңілісті тәжірибелеп, эмоцияларын басқаруға үйренеді. Бұл олардың эмоционалдық интеллектісінің дамуына ықпал етеді.

Асық ойыны балалардың физикалық белсенділігін арттырып, моторикасын жақсартады. Ойын барысында қозғалыс пен белсенділік балалардың денсаулығына

пайдалы. Баяу қимылдайтындар, жарыста шапшаң әрекет жасап үйренді, темп қосып бір-бірін асықтырады.

«Бес кеней» асық ойыны қазақ мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Оны балаларға үйрету арқылы ұлттық құндылықтарды, дәстүрлерді сақтап, мәдениетке деген қызығушылықты арттыруға болады. Аланда жүріс кезінде бір-бірін күтуге, кезектесуге, сабырға үйренгенін көрдік. «Бес кеней» асық ойыны балалардың логикалық ойлау, стратегиялық жоспарлау және математикалық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Ойын барысында балалар сандармен және есептеулермен жұмыс істейді, бұл олардың когнитивтік қабілеттерін арттырады, ендеше – бұл процесс бала дамуында бірден бір инструмент бола алады. Балаларға жүріс кезінде жеңіл, икемді болуы үшін және барлық топтарға толығымен жеткілікті болу үшін біздің мамандар өз белсенділіктерімен үлкенді-кішілі асық жасауға кірісті. Балабақшадағы әсіресе жас мамандар үлкен асық жасаудың технологиясын зерттеп меңгеріп алды.

Аландағы «Бес кеней» ойынын тарату мақсатында сақа асықтарды көбейтіп жасады, қазір барлық топтар қызыға ойнайды. Ал кеней асықтарды балалар өз қолдарымен зерттеу бұрыштарында жасап жүр, олар санауға, шертуге, лақтыруға арналған ұсақ түрі.

Ұлттық ойындарды дамыту – бұл тек балаларды ойынмен айналдыру ғана емес, олардың тұлғалық, рухани және әлеуметтік дамуына, сондай-ақ елдің мәдени мұрасын сақтауға бағытталған маңызды қадам. Бұл әрекет болашақ ұрпақты жан-жақты дамуына, ұлтжандылық пен ұлттық құндылықтарды құрметтеуге ықпал етеді. Әлеуметтік ортада жылдам бейімделу, адамдармен қарым-қатынас жасай алу, командада жұмыс жасай білу - болашақта табысқа жетудің кілті осылар болады.

Қорытынды. Асық ойындары – қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтау мен ұлттық ойынды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жолында маңызды мәдени элемент болып табылады.

Баланы дамыту – бұл тек білім беру мен тәртіпті қалыптастыру ғана емес, оның жеке тұлға ретінде барлық аспектілерінде дамуына мүмкіндік жасау. Дене, ақыл-ой, әлеуметтік, эмоциялық және рухани даму салаларының барлығына қамқорлық жасау арқылы, біз баланың болашақта тәуелсіз, шығармашыл, жауапкершілігі жоғары, қайырымды және қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасуына ықпал етеміз.

Осы орайда түрлі тұжырымдар ойға келеді:

Тоғызқұмалақ ойыны сияқты асық ойынының да әлемдік сахнаға шығуына жол ашуымызға болмай ма? Ұлтымыздың мәдени мол мұрасын жоғалтып алмау үшін асыл қазыналарымызды неге ұлықтамасқа!?

Асық ойындары – балаларға керек ойындар. Түрлі вертуалды ойындармен уақыт өткізгенше, қызығушылықтарын бір мезет асық ойындарына аударып, ойнауды үрдіске айналдырған дұрыс.

Асық ойындары сияқты дүниетанымдық ойындарды бала зердесіне қайта құю – ұлтымыздың мерейін тасытып, мәртебесін биіктететін нәрсе емес пе?!

Ендеше, баяндамамның соңында балабақшада асық ойындарын дамытушы практик – маман ретінде төмендегідей ұсыныс айта кеткенді жөн санадым:

- Балаларға арналған асық ойындарының мәнін ашатын мультфильмдер, танымдық фильмдер шығарылса;

- Асық ойындарынан қалалық, облыстық, республикалық турнирлер өткізілсе;

- Республика көлемінде ұмытылып бара жатқан асық ойындарын зерттеу және жинақтау мақсатында баспасөз бетінде конкурс жарияланса;

- «Асық ойындары» атты балаларға арналған кітапшалар шығарылса.




*Қайта жаңғырған ұлттық ойын – «Бестемше»
Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы «Қарлығаш»
бөбекжайы КМҚК директоры
Мадикенова Мерuert Мадикеновна*

**«Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»
Абай Құнанбаев**

Құрметті конференция қонақтары!

Ұлттық ойын – халқымыздың мәдени асыл мұрасы. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс-әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Балабақшадағы ұлттық ойындар балалардың денсаулығын жақсарту, ұлттың мәдени мұрасын сақтау және балалардың топтық ынтымақтастығын нығайту үшін маңызды рөл атқарады. Қазақ халқының дәстүрлі ойындары балалардың ақыл-ойын дамытуға, дене қимылдарын жетілдіруге және ұлттық құндылықтарды сақтауға көмектеседі.

Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың болашағы деп білген. Бала табиғатының сүйетіні: жүру, жүгіру, ойнау. Баланың ойыны да – ойын, жұмысы да – ойын, бәрін ойын үстінде, ойын үшін істейді. Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес.



Балабақшада бүлдіршіндерді тәрбиелеу үшін қазақтың ұлттық ойындарын кеңінен пайдалану керек. Әсіресе, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін, ұлттық ойындарын балдырғандарға үйретіп, бойына сіңірудің мән-маңызы ерекше. Өйткені, баланың ойы, сезімі, қиялы ойын арқылы өседі. Ұлттық ойындардың

адамға тигізетін пайдасын халық ертеден-ақ білген. Демек, кезінде ойындарды көп ойнап, жүгіріп, далада, таза ауада жүру – жас организмнің дұрыс та сергек өсуінің көзі. Онымен бірге бүлдіршіндер ойын ойнаған кезде көпшіл, Отанның болашақ азаматы болуға, халқына адал қызмет етуге бағыт алады және тәуелсіз еліміздің жас ұрпағын уақыт талабына сай тәрбиелеу ісіне ойындардың қосар үлесі үлкен. Ертеден келе жатқан ұлттық ойындардың бірі - Бестемше.



Бестемше – қазақ халқының зияткерлік бренді, әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын рухани ойын, логикалық ойлау өнері. Бұл өнердің басты қасиеті – баланың санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады.

Бестемше ойынының тағылымдық, тәрбиелік, танымдық құндылықтары көп. 4 мың жылдық мерзімді қамтитын тарихы бар ата-бабамыздан аманат етіп қалдырған бұл ойынды келесі ұрпаққа тапсырудың маңызы біздер үшін өте зор және аманат. Бестемше ойыны бабаларымыздың кең ақыл, биік болмыс иесі болғандығын көрсетеді. Бұл ойынның әлемге тез арада жайылуы – оның өміршендік қуатының жоғарылығын, ережелеренің эстетикалық деңгейінің биіктігін көрсетеді. Көптеген елдер бестемшені бала тәрбиелеудің, математикалық қабілетін арттырудың озық үлгісі ретінде пайдаланады. Соңғы жылдары қазақтың ұлттық ойыны «Бестемше»-ге қызыққан балабақшалар саны артып келеді. Ол баланың логикасын дамытуға арналған зияткерлік ойын. Сондықтан, оны балабақшада ойнатудың маңызы өте зор.

Бала бестемше ойынын 4-5 жаста балабақша кезеңінен бастап ойнай алады. Бестемше ойынын балаларға ойнату тиімді, өйткені бұл барынша жеңіл әрі ережесі қарапайым, балаларға есептің 4 амалын меңгерумен бірге ойлау қабілетін қалыптастырады. Мінез-құлқын, сана-сезімін әлеуметтік жағынан тәрбиелеп, тәртіпті тиянақтауға, ойлау жүйесін шыңдауға көмектеседі.

Біздің бөбекжайымызда «Бестемше» ұлттық-зияткерлік ойыны 2023 жылдан бастап негізделіп келеді. Ең алдымен ойынды енгізерден бұрын тәрбиешілерімізге үйреттік. Сонымен қатар 2023 жылдың қараша айында қала бойынша 40-тан астам

балабақша педагогтарының қатысуымен негіздеу семинары өткізілді. Желтоқсан айындағы Тәуелсіздік мерекесінің қарсаңында барлық қала педагогтарымен 32 команда арасында «Алаңдағы бестемшеден» командалық жарыс ұйымдастырылды. 2024 жылдың ақпан айында ата-аналардың арасында жарыс ұйымдастырылды. Бестемшенің шығу тарихына сүйенсек, алғашында тас тақтаға жасалып, ойналған болса, бүгінгі күнде мектепке дейінгі шақтағы бүлдіршіннің құзіреттілігін арттыру және бөбекжай түлегінің моделін қалыптастыру мақсатында кілемшелерімізді (бес дағды, экологиялық тәрбие, ұлттық құндылық, зияткерлік дамуы) пайдаланудамыз.

1-сурет



1-сурет «Садақ ату бестемшесі» - балаларды мергендікке, ептілікке баулиды.

2-сурет



2-сурет «Робот бестемше» - логикалық, интеллектуалдық ойлауды дамытады.

3-сурет




3-сурет «Наурыз бестемшесі» - салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді қастерлеуге тәрбиелейді.

4-сурет



4-сурет «Ертегі бестемше» - балалардың тілін дамытып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

5-сурет.



5-сурет «Көкпар бестемше» - ұлттық ойыны зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейді

6-сурет



6-сурет «Музыка бестемше» - қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстырады.

7-сурет



7-сурет «Төрт жыл мезгілі» - (жаз, күз, қыс, көктем) табиғаттың әсем көрінісін қызықтай білуге, қоршаған ортаны сүйуге тәрбиелейді.

Орталық Қазақстан бойынша «Бестемше» ұлттық-зияткерлік ойының біздің бөбекжай ең алғаш негіздеп және түрлендіріп отырғандықтан біраз көрме,

семинарларға қатыстық. 2024 жылдың ақпан айында Теміртау қаласындағы «Құндылыққа негізделген тәрбие мен білім» атты облыстық форумында «Бестемше» ойынының түрлерінен көрмеге ұйымдастырылды. Сарыарқа телеарнасының «Сәлем Қарағанды!» бағдарламысында «Бестемше» ойыны жайлы сұхбат берілді. Бөбекжайымызда «Наурызнама» айлығының аясында МДҰ мен ата-аналар арасындағы құрылған «Мейірім көпірі» аясындағы кездесулерде ата-аналарға Бестемше ойыны негізделіп жарыс өткізілді. Қыркүйек айында Республикалық форумға қатысып, Бестемшенің түрлерінен көрме ұйымдастырдық.

Қараша айында Түркия елінің Анкара қаласында өткен халықаралық семинарға қатысып, түрлендірілген Бестемше ойынымен таныстырып қайттым. Қараша айының 20-да педагогтеріміз Павлодар облысы Екібастұз қаласында өткен «Ұлттық ойындар – ұлттық құндылық» Республикалық семинарға қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісіп қайтты. Алдағы уақытта «Бестемше» ойынынан педагогтар мен балалар арасынан облыстық жарыс жоспарланып отыр. Сонымен қатар «Бестемше» ойының әрі қарай түрлендіріп, балаларды жан-жақты дамыта және тәрбие бере отырып ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіріп, рухани адамгершілік қасиеттері мен парасатты тұлға қалыптастыру біздің басты міндетіміз.

Бестемше ойынын дамытуға себеп болған тағы бір жайт, балалардың бойындағы сабырлылықты, төзімділікті, ойшылдық, есептегіштік пен үнемшілдік қасиеттерін қалыптастыру екені анық. Бұл қасиеттер дамыған елдер қатарына қосылам деген әр азаматтың бойынан табылу керек.

Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған орта мен құбылыстарды ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Ойынды үйреніп, жарыстарға қатысып, жеңістің дәмін сезген ойыншы бұдан әрі гаджеттерде отырудан гөрі осы ойынға деген қызығушылығы артып, өзінің айналасына өзі секілді зияткер, талғампаз, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, бәсекеге қабілетті, есте сақтау қабілеті едәуір дамыған, қажетті ақпаратқа зейінің тез аудара алатын, дербес шешім қабылдап сол шешімнің нәтижесін дұрыс қабылдай алатын, кез-келген жағдайды алдын ала жоспарлай білетін, өзіне сенімді, өз ойын еркін білдіре алатын, жан-жақты қалыптасқан тұлға тәрбиеленіп шығады. Былайша айтқанда болашақ қайраткердің тәрбие жолы, тәлімдік өнегесі ойыннан бастап өрбиді.



«Әлемдегі бестемше» кілемше бестемшесі
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы
№38 «Әлем» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі
Спанова Токтагуль Васильевна

Қадірлі конференция қонақтары!

Кіріспе. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу, рухы биік болашақ жастарын тәрбиелеуде назар аударатын басты мәселе ол-ұлттық тәрбие яғни-ұлттық ойын. Ұлттық тәрбие, отбасылық тәрбие демекші тәрбиенің түп негізі отбасынан бастау алу керек. Қазақ болашағы кішкентай бүлдіршіндер тектілікпен кісілікті, бірлікпен татулықты, біліммен адамгершілікті бойына сіңіру үшін балабақшаның атқарар рөлі зор.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырып оны әрі қарай дамыту мақсатында менің ойыма осы көнеден кәде болып қалған, ұлттық идеологиясы мықты, бесіктен белі енді шыққан бүлдіршіннің санасына ұлттық тәрбиені мәңгі сіңіріп алуы үшін ұлттық ойын «Бестемшені» ең қолайлы, ең тура жол деп білдім. Сонымен қатар өзімнің бала бақшадағы ішкі тәртіппен ішкі саясатты бір қалыпты ұстай отыра бірлігі жарасқан, бір-біріне деген сыйластығы артқан бала тәрбиесі мен білімін арттыру негізінде алға қойған мақсат-мұраттарды ұйымшылдықпен жүзеге асыру барысында **«Әлемдегі бестемше»** атты кілемше ойынын ойлап шығардым.

Бұл ойын бала бақшадағы он топтың атауы мен оның құрамы арқылы кілемше тігіліп, тастары сол топтың атауы бойынша мүсін ретінде тігілді. Басты мақсат ұлттық ойын арқылы топтар арасындағы бірлік пен татулығы басым, зияткерлік танымдық қабілеті жоғары ұрпақ тәрбиелеу болды. Әлемдегі бестемше ойыны педагогтар мен балалар арасында ерекше қызығушылық тудырып, ойынды тез, әрі жеңіл қабылдап үйреніп кетуге үлкен септігін тигізді.

Бестемше ойыны — әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын рухани ойын, логикалық ойлау өнері. Бұл ойынның басты қасиеті — жеке тұлғаның сана-сезімін жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтын халқымыз, жасөспірімнің дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән берген. Қазіргі кезде бестемше ойынының елімізде және шет елдерде кеңінен таралып, балабақша және мектеп бағдарламаларына енуі — ұлттық ойынның бала тәрбиесінде алатын маңызына байланысты болып отыр. Осыған байланысты, осы ой өнерінің

жасөспірім тәрбиесіне беретін қандай маңызды ерекшеліктері бар, соған тоқталайық:

Бестемше ойынының маңызы

- Ойлау жүйесін дамыту;
- Дербестікке үйрету;
- Назарды шоғырландыру;
- Уақытты тиімді пайдалану;
- Жоспарлау және бас тартуды үйрету;
- Жадыны жақсарту және есте сақтау қабілетін дамыту;
- Қол моторикасының дамуы;
- Жан-жақты қалыптасу.

Бестемшенің басты маңызы — ойлау жүйесін дамытады

Бестемше ойыны - математикалық есеп ойыны. Жүрістерді алдын-ала ойлау, есептеу, қиялдау- оның негізгі өзегі. Сондықтан оқушы ойынды үйрену барысында оның бойында стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті қалыптасады. Бұл кез-келген салада болашақта керек болады. Өйткені өмірде де болашақ істеріңді алдын-ала ойлау - негізгі мәнге ие.

Дербестікке үйрету

Бестемше жасөспірімнің тек өз ақыл-ой күшіне ғана сене алатынын тәжірибе жүзінде көрсетеді. Бала ойын барысында тек өзі ғана ойланады, өзі ғана шешім қабылдайды. Сондай-ақ, оңаша кезде есеп шығарса да, ойын барысына талдау жасаса да, жарысқа қатысса да тек өзінің сана-сезімімен ғана жүзеге асырады. Яғни ойын тұжырымдамасы тек өзіне ғана сенуіне үйретеді.

Назарды шоғырландыру

Бестемше ойнаған балалар алғашқы кезде бір орнында отыра алмай, жеңілтек мінездер көрсетеді. Олардың назары біресе ойында, біресе телефонда немесе басқа жақта болады. Уақыт өте келе ойынның құндылықтары оны шыдамды, төзімді етіп тәрбиелейді. Баланың назары тек тақтаға ғана ауып, ойынға ықыласы артады. Ойыннан қуаныш алып, жаман мінездерден арылады.

Уақытты тиімді пайдалану және жылдам шешім қабылдау

Бүлдіршін назарын ойынға аударған соң, ол бос уақыттарында бестемше ойнап уақытын да тиімді пайдаланады. Жарысқа қатысқан кезде бестемше ойыны барысында тақтадағы жағдайға байланысты тез және тапқыр шешім қабылдау керек. Өйткені сіз ұзақ ойласаңыз уақыттан жеңілуіңіз мүмкін. Сондықтан әрбір минутты және секундты қадірлейсіз.

Жадыны жақсарту және есте сақтау қабілетін дамыту

Бала ойынға берілген сайын ойынды қалай бастау керек, қалай аяқтау керек, бәрін есінде сақтайды. Әр құмалақтың жүріс жасаған сәтіндегі орны мен оның барған жеріне дейінгі аралықта отаулардағы құмалақ санын үнемі есептеп, жаңылыспау керек. Мұның барлығы баланың есте сақтау қабілетінің дамуына көмектеседі. Әрбір жақсы жүріс әдетке айналып, ол есінде қалады.

Қол моторикасының дамуы

Бестемше ойынында ұсақ шарларды ұстау кезінде қол қозғалысы арқылы ми және жүйке талшықтарына әсер етеді. Сонымен қатар, ойын барысында қол қозғалысының жылдамдығы сағатты басу кезінде ойын тағдырына да әсер етеді. Қол моторикасын дамыту — өз саулығыңызды үнемі зияткер ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

Жан-жақты қалыптасу

Осы жоғарыдағы қабілеттердің дамуының арқасында болашақта бала жан-жақты жетілген тұлға боп қалыптасады. Оқу үлгерімінің артуы, ақыл-ой белсенділігінің дамуы, бәсекеге қабілеттілікке бейімделуі, имидж қалыптасуы барлығы ұлттық ойынның беретін маңызы болып табылады.

Бестемше ойыны жасөспірімдердің мінез-құлқын, сана-сезімін әлеуметтік жағынан тәрбиелеп, тәртіпті тиянақтауға, ойлау жүйесін шыңдауға көмектеседі.



Сонымен қатар, осы бестемше ойынын «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы «Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институты» әдіскерлерге арналған курс қатысушыларына №38 «Әлем» бөбекжай-балабақшасында «Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру» тақырыбында көшпелі іс-тәжірибе алмасу облыстық семинары ұйымдастырылды. Бұл семинарда №38 «Әлем» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі: Спанова Токтагул Васильевна «Әлемдегі бестемшенің» тұсау кесерін жасап, курс тыңдаушыларына паш етті. «Әлем» бөбекжай-балабақшасында 10 топ болғандықтан, бестемшедегі 10 отауды сол 10 топтың атымен атап және сол атына сәйкес фетра матасынан ойыншық тігіп балаларға көз тартарлықтай етіп жасалынған. Бұл ойындағы отаулар геометриялық пішіндермен белгіленген, 1-ші топ-ақ бота(бота пішінді), 2-топ - «Құлыншақ», 3-топ - «Алма», 4-топ - «Бауырсақ», 5-топ - «Күншуақ», 6-топ - «Ақ көгершін», 7-топ - «Сылдырмақ», 8-топ - «Балапан», 9-топ - «Қарлығаш», 10-топ - «Ақ желкен» ойыншықтары балалардың танымдық қабілеттерін тез есте сақтауға дамытады. Ойыншықтар жұмсақ, қауіпсіз, қолжетімді етіп тігілген, бұл балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуға үлкен пайдасы зор. Aktobe_orleu курс тыңдаушылары «Әлемдегі бестемше» ұлттық зияткерлік ойынын керемет бағалады. Сонымен қатар балабақшамызда 20 педагог бестемше курсы

оқып бестемшемен қамтамасыз етілді. Бестемше үйірмесі ашылып, ересек, мектепалды топтары арасында өткізіліп жатыр. Педагогтарымыз әртүрлі материал түрлерінен балаларға ыңғайлы, қауіпсіз етіп, бестемшенің бірнеше түрін жасап алып, күнделікті ойын іс-әрекетінде және ұйқыдан оянғаннан кейінгі уақыттарында ойнатып машықтандырып жүр. Атап өтетін болсам, «Асық бестемшесі», «Робот бестемшесі», «Ойыншықтар бестемшесі» жасалынды.



Әрі қарай мектепке дейінгі білім беру саласында балалардың зияткерлік танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында кеңінен қолданылса және теннис үстелі тәрізді балаларға ыңғайлы ықшам етіп жасалса деген ойым бар.

Қорытынды Бұл ойын ой спортының дағдысын қалыптастырады, ойнаушы талғамайды, неге десең бала да, жас та, кәрі де, ойнай береді. Балғын ойыншыларды ұлттық ойын қызықтырады және мүдделі ете түседі.

Ұлттық ойын-мәңгілік мұра. Бүгінгі бүлдіршін болашаққа қанатын еркін қағуы үшін санасына ұлттық мұраны оның ішінде ұлттық ойын арқылы тікелей жол табады.



*Балалардың білімі мен зияткерлік қабілетін
арттыруда «бестемше» ойынының маңыздылығы
Тараз қаласы №1 бөбекжай-бақша меңгерушісі
Шаймбетова Кулшат Шамадиновна*

Құрметті әріптестер!

Кіріспе. Әр халықтың ғасырлар бойы рухани және мәдени, ұлттық құндылықтарын ұрпақ бойына сіңіре отырып білім мен тәрбие үдерісінде ұлтжандылық пен отаншылдық, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетінің мүддесін көздің қарашығындай қорғайтын тұлға тәрбиелеу - ұстаздар алдындағы басты міндет. Қоғамның дамуын айқындайтын факторлар - білім мен біліктілік, бүгінгі таңда білімді адам ғана емес, білім алуға қабілетті адам ұғымы да өзекті. Себебі, білім-құнды әрі қоғам алға дамыған сайын күрделене түсетін қазына. Қай кезеңде болмасын адамзат баласы алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеп, сапалы білім беру.

Бестемше ойыны Жамбыл облысы, Тараз қаласы № 1 бөбекжай-бақшасында алғаш рет 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап жүргізіле бастады. 2022-2023 оқу жылының желтоқсан айында бестемше ойыны бойынша қалалық семинар өткізіліп әріптестер арасында кеңінен қолдау тауып қаламыздың бөбекжай-бақша тәрбиешілері бестемше ойынын тәрбиеленушілерге үйретуді қызығушылықпен бастап кетті. Жаз айларында «Алаңдағы бестемше» ойыны далада ата-аналармен ойнатылады.

Бестемше ойынының өңірімізде жоғары деңгейде жүргізілуіне тоғызқұмалақ зияткерлік қауымдастығы республикалық қоғамдық бірлестігінің вице-президенті М.Е. Шотаев мырзаға өзімнің және Жамбылдық әріптестер атынан алғыс білдіремін. Қазіргі таңда бестемше ойынының Жамбыл облысында өз дәрежесінде таралуына Мақсат Есенбекұлының атсалысуы нәтижесінде біршама игі істер атқарылуда. 2023 жылғы сәуір айында Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік кабинетімен бірлескен Тараз қаласында №1 бөбекжай-бақшасында алғаш рет ұлттық ойын бестемшеден **«Мектепке дейінгі мекемеде инновациялық технологияларды қолдануда ұлттық ойындардың маңыздылығы»** тақырыбында облыстық семинар өткізіліп, қала және аудан бөбекжай-бақшалары арасында кеңінен насихатталып бестемше ойыны таралып өз жұмысын бастады. 2023 ж желтоқсан айында №11 бөбекжай-бақша меңгерушісі

А.У. Мұратаева, 2024 жылғы № 39 бөбекжай-бақша меңгерушісі А.М. Құлтаева бестемшеден қалалық семинар өткізіп М.Е.Шотаев мырза арнайы шақырылды. М.Е. Шотаев Жамбыл облысында бестемше ойыны бойынша өткізілген іс-шараларға мұрындық болды және өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Т.Рысқұлов ауданы «Алтын сақа», «Болашақ» бөбекжай-бақшалары, Меркі ауданы «Айым» бөбекжай-бақшасында бестемше бойынша аудандық семинарлар өткізіліп үлкен ауқымды жұмыстар жасалып жатыр және басқа аудандарда өз жалғасын табуда.



Тараз қаласы №1 бөбекжай бақшасы



Меркі ауданы «Айым» бөбекжай бақшасы



Т.Рысқұлов ауданы «Болашақ» бөбекжай-бақшасы



Т.Рысқұлов ауданы «Алтын сақа» бөбекжай-бақшасы

Бестемше ойынынан №1 бөбекжай-бақшасы қабырғасында 2024 ж. 14 наурызда тәрбиеленушілер арасында, 15 наурыз тәрбиешілер мен педагогтар арасында қалалық жарыс болып жүлделі орындармен жеңімпаздар марапатталды. Осы өткізілген қалалық бестемше жарысы республикалық ғылыми-

әдістемелік «**Білім өркениеті**» журналының №12 нөмерінде «**Бестемше ойыны ой дамытады**» тақырыбында мақала жарық көрді.

Бестемше ойыны-математикалық есеп ойыны. Жүрістерді алдын ала ойлауды есептейді, қиялдайды, ойнау барысында стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті қалыптасады, зейінділікке тәрбиелейді, реттілік пен жүйелілікті түсінуге үйретеді. Себебі ойлаған жоспарлы мақсатқа жетудің басты әрі нақты қадамына жетелейді. Жеңіске жету үшін ойыншы жоспар құру барысында егер дұрыс емес деп санаса сол жоспардан бас тарта отырып басқа жол қарастыруды үйренеді. Баланың назарын шоғырландыру арқылы зейіні дамып, есте сақтау қабілеті мен логикалық ойлау қасиеттерін дамытады. Ойын баланың есте сақтау қабілетін күшейте отырып қабылдау процесін тұрақтандыруға бағыттайды, баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулиды, ынтасын арттырады, өз күшіне сене білуге көмектеседі және ерік- жігерін тәрбиелейді, жағымды өзара әрекет тәсілдерін меңгеруге, достық, жолдастық сезімдерін дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Бестемше ойыны ойыншының қабілетін іске асыруда зор мүмкіндіктер беретін ойын.

«Өнер –ағып жатқан бұлақ, ғылым – жанып тұрған шырақ» деп халық даналығы босқа айтылмаса керек. Ел болашағы ұрпаққа аманат. Ұрпағымыз білегіне емес біліміне сенетін, білімге бейімді жастарымыз оқығанын көкірегіне тоқып сөйлейтін зейінді болсын. Келешек зияткер ұрпақтарымыздың өнеріне қанат бітіп, таудай талабы сағат тіліндей алға жылжып білім бағында тамырын тереңге жайған бәйтеректей жайқалсын. Ырыстың тізгінін ұстаған білегімен емес білімімен таңқалдыратын зиялы ұрпағымыз білім көшін бастайтынына сенімдімін.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ОЙЫН ӘРЕКЕТІН ДАМУ

Абдумуратова Гульвира Калменовна - Тараз қаласы,
№ 25 бөбекжай бақшасының меңгерушісі

Аңдатпа. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, әдет-ғұрпы, салт-санасы, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтарды әр ұлттың ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Сондықтан ұлттық құндылықтар сол ұлттың меншігі болып есептеледі.

Түйін сөздер: ұлттық құндылық, ұрпаққа мұра, ұлттық ойын.

Кіріспе. Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, діні, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Қазақтың ұлттық ойындары — ежелгі заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауық түрлері. Тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тараған. Ұлттық ойындарды меңгеру барысында балалар мен жасөспірімдер әр түрлі жаттығулар жасау арқылы денесін шынықтырады, ой-өрісін дамытады. Қазақ ұлты, негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген.

Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, әдет-ғұрпы, салт-санасы, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтарды әр ұлттың ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Сондықтан ұлттық құндылықтар сол ұлттың меншігі болып есептеледі. Оны әр ұлттың ұрпақтары сақтап, заманына қарай дамытып отырулары керек. Егер халық өздерінің ұлттық құндылықтарын жоғалтып алса, ол халық – «ұлт» деп саналмайды. Сондықтан әр ұлт өздерінің ұлттық құндылықтарын сақтауға тырысады, әрі қорғайды.

Қонағымызға, ұлттық ыдыстарды, киімдерді, тағамдарды, ойындарды, бұйымдарды көрсету, түсіндіру. Өзге ұлт өкіліне ұлттық құндылықтарымызды әрі қарай түсіндіру үшін, ұлттық құндылықтар туралы дидактикалық ойындар ойнату.

Әлемдік даму заманында жахандану кезінде бәсекелестікке қабілетті жастарды тәрбиелеу бүгіннен бастау алу керек. Өткеніне көз жүгіртіп, болашағына танымдық көзқарас құра білетін әр ұрпақ дұрыс ортадан тәрбие алуы керек.

Ұлттық ойын баланың дамып жетілуіне, адамгершілік қасиеттерінің артуына, психикасына да тигізетін әсері мол. Шындығына келсек, адамның өмір сүруінде қазақтың ұлттық ойындарының атқаратын маңызы ерекше. Басқаны былай қойғанда, әр ұлттық ойын оған қатысушыны өмір сүруге бейімдеп ғана қоймай, қиындықтан қорықпай, қарсы тұра білуге үйретеді. Мысалы, бір ойын шеберлік пен ептілікке, енді бір ойын талғампаздыққа, ал енді бір ойын қиын-қыстау кезеңде тез шешім қабылдап, оңтайлы жол таба білуге баулиды. Оның үстіне ұлттық ойындардан спорт пен патриоттық тәрбие айқын аңғарылады. Мұның өзі қазақтың ұлттық ойындарының бала тәрбиесінде маңызы зор екеніндігін дәлелдейді. Ұлттық ойындар - қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан.

Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге - құрмет, кішіге - қамқорлыққа баулып, адамдық қасиеттерді ұғындыру, қалыптастыру болып табылады.

Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, олардың жауынгерлік рухта ержетуін ұқыптылықпен қадағалаған. Оларды аяғын басып жүре бастаған кезінен бастап ұлттық ойындарға икемдеп баланың епті, шымыр болып өсуіне тәрбиелейді. Ұлттық ойындар балаларды тапқырлыққа турашылдыққа, шымырлыққа, балалардың туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін арттырады. Кез –келген елдің баласы ойынмен ержетеді. Бірақ әр халықтың бала болашағына көңіл бөлуі әрқилы. Осы тұрғыдан алғанда қазақ елі өзге халықтардан оқ бойы озып тұр деуге толықтай негіз бар. Баланың байсалды да байыпты болып қалыптасуы- ұлттық ойындардың тамырынан нәр алуында жатыр. Ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты рөл атқарады: біріншіден, жаттығулар жасап, ұлт ойындарын ойнаған кезде дене дамуы жақсарса, екіншіден, ұлт ойындарының мазмұнын, ойлау тәртібін түсіндірген кезде ұлттық әдет – ғұрпымыздан, өткен өмірімізден хабар алады. Егер балабақшада жұмыс стилі ұлттық дәстүр, салт – санаға бағытталған болса, мысалы, барлық топ бөлмелері, залдар қабырғаларындағы түскиіз, ою, сырмақ, домбыра, қамшы, ер сияқты заттардың өзі күнделікті баланың көз алдында болғандықтан осы бұйымдарға көздері қанық болып өседі. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың, бүкіл балалар дамуында басты роль атқарады. Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған.

Қорыта келе, мектепке дейінгі ұйымдағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленушілерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт – дәстүрлерін аялай білуге, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Балалардың жас

ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге –құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу – біздің қолымызда.

Әдебиеттер тізімі

1. Ғаламтор көзінен, Бекен Қайратұлы, «Асық ату» ойыны, «Асық түрлері»;
2. Ғаламтор көзінен, А.Ш. Балапанова, «Мектеп жасына дейінгі балаларды; халық ойындары арқылы ұлттық мәдениет көздеріне тарту» презентациясы, 2015 жыл;
3. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі», «Алматы» 2004 жыл, 209 б.;
4. «Қазақтың ұлттық ойындары» кітабы авторы: Базарбек Төтенаев. Алматы «Қайнар» баспасы 1994 ж.

БАЛА БАҚШАДАҒЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТҮРЛЕРІ

Агажанова Жұлдызай Сағындықовна - Шымкент қаласы,
№ 19 «Қызғалдақ» бөбекжай - бақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында дене тәрбиесі жұмыстарын ұйымдастыру мәселесі қамтылады. Мектепке дейінгі жастағы балаларға дене шынықтыру сабақтарын өткізудің нұсқаулары, ұйымдастыру формалары берілген.

Түйін сөздер: нұсқаулар, қозғалыс әрекеті, оқу жұмысы, жаттығулар, сауықтыру жұмыстары.

Кіріспе. Дене шынықтыру - сауықтыру жұмыстарына таңертеңгілік гимнастика, ашық ауада ойындар мен серуендеуге арналған дене жаттығулары (таңертең және кешке), дене шынықтыру минуты жатады. Таңертеңгілік жаттығулар баланың денесін оятуға көмектеседі, бұлшықет жүйесіне орташа әсер етеді, жүрек-тамыр, тыныс алу және басқа дене жүйелерінің қызметін белсендіреді, ішкі органдар мен сезім мүшелерінің жұмысын ынталандырады, дұрыс қимылдың, жақсы жүрістің қалыптасуына ықпал етеді, жалпақ табанның пайда болуына жол бермейді. Таңертеңгілік жаттығулар балалардың әдетін дамытуымен де, күн сайын таңертең дене жаттығуларын жасау қажеттілігімен де құнды. Сонымен қатар, ол балабақшадағы күнді ұйымдасқан түрде бастауды қамтамасыз етеді және балалардың назарын бірлескен іс-әрекет түрлеріне аударуға мүмкіндік береді.

Балалардың қозғалыс әрекеті.

Мектепке дейінгі мекемелердегі дене тәрбиесі жүйесінде балалардың қозғалыс әрекетінің келесі негізгі ұйымдастырушылық формалары қолданылады:

- оқу жұмысы – дене шынықтыру сабақтары;
- үндізгі дене шынықтыру – сауықтыру жұмыстары – таңертеңгі гигиеналық гимнастика, ашық ойындар және серуендеудегі дене шынықтыру жаттығулары (таңертең және кешке), дене шынықтыру минуты;
- белсенді демалыс – дене шынықтыру демалысы, дене шынықтыру мерекелері, жаяу серуендеу, экскурсиялар, маршрут бойынша серуендеу (ең қарапайым туризм), денсаулық күндері;
- балалардың өз бетінше қозғалыс әрекеті;
- отбасымен жұмыс.

Оқу жұмысының негізгі түрі - дене шынықтыру. Аптасына дене шынықтыру сабақтарының саны мен ұзақтығы кіші, орта топтағы және мектеп алды тобындағы балалар үшін әртүрлі. Бұл балалардың даму ерекшеліктеріне, олардың физикалық дайындығы мен дербестік дәрежесіне байланысты бөлінеді.

Екінші кіші топтан бастап аптасына үш сабақ жоспарланған. Олардың кіші топтағы ұзақтығы кемінде 15 минут, орташа – тобында кемінде 20 минут, үлкен – тобында кемінде 25 минут, дайындық тобында – 30 минут. Балалардың спорттық киімдері болса және медициналық қарсы көрсетілімдер болмаса, ересектер мен дайындық топтарындағы үш дене шынықтыру сабағының біреуі жыл бойы ашық ауада өткізілуі керек. Орта аймақтың аймақтары үшін қысқы маусымда учаскеде дене шынықтыру сабақтары, сондай-ақ 5–7 жастағы балалар –20°S төмен ауа температурасында және 15 м/сек жоғары жел жылдамдығында өткізілмейді. Жылы мезгілде, қолайлы ауа райы жағдайында сабақтардың максималды санын ашық ауада өткізу ұсынылады. Дене шынықтыру сабақтарын өткізудің әртүрлі нұсқалары бар:

- дәстүрлі схема бойынша сабақтар;
- жоғары, орташа және төмен қарқындылықтағы ашық ойындар жиынтығынан тұратын сабақтар;
- қозғалыстардың негізгі түрлерінде оқыту;
- көркем гимнастика;
- жарыс түріндегі сабақтар, онда балалар екі команданың әртүрлі эстафеталары кезінде жеңімпаздарды анықтайды;
- Тесттер, оның барысында балалар дене шынықтыру нормаларын тапсырады;
- сюжеттік-ойын әрекеттері және т.б.

Таңертеңгілік жаттығулар

Таңертеңгілік жаттығулардың ұзақтығы 1 кіші топта – 4–5 мин, 2 кіші топта – 5 – 6 мин, ортаңғы топта – 6 – 8 мин, үлкен топта – 8 – 10 мин, дайындық тобында – 10 – 12 мин. Жылы мезгілде таңертеңгілік жаттығуларды өткізуге арналған оңтайлы орын – топтың ойын алаңдары, топтың суық – бөлмесі. Қоршаған ортаның

температурасына байланысты балалар жеңіл киінеді. Таңертеңгілік гимнастика дамыту жаттығуларынан басқа, сауықтыру кешеніне, тыныс алу жаттығуларын және арқа мен аяқ бұлшықеттерін нығайтуға арналған арнайы жаттығуларды қамтиды. 3 минут бойы әртүрлі қарқындылықтағы сауықтыру жүгірісі. Сыртқы тыныс алу функцияларын жақсартуға ерекше назар аударылады, ол үшін балаларға қозғалыс кезінде дұрыс дем алуға үйретеді, дыбыстар мен буындардың айтылуымен тыныс алу жаттығуларын қамтиды және мұрынның дұрыс тыныс алуын қалыптастыруға назар аударады. Балалардың таза ауада болуы олардың физикалық дамуы үшін үлкен маңызға ие. Жаяу жүру - баланың денесін қатайтудың бірінші және ең қолжетімді құралы. Бұл оның төзімділігін және қоршаған ортаның қолайсыз әсерлеріне, әсіресе суық тиюге төзімділігін арттыруға көмектеседі. Серуендеу кезінде балалар ойнайды, көп қозғалады. Қозғалыс зат алмасуды, қан айналымын, газ алмасуды жақсартады, тәбетті жақсартады. Балалар әртүрлі кедергілерді жеңуге үйренеді, белсенді, епті, батыл және төзімді болады. Олар моторика мен дағдыларды дамытады, бұлшықет жүйесін нығайтады, өміршеңдігін арттырады. Дұрыс ұйымдастырылған және ойластырылған серуендер балалардың жан-жақты даму міндеттерін жүзеге асыруға көмектеседі. Балалардың таза ауада болуы үшін күніне шамамен төрт сағатқа дейін уақыт беріледі. Жазда бұл уақыт айтарлықтай артады. Балабақшаның күнделікті режимі сабақтан кейін күндізгі серуенді және түстен кейін кешкі серуендеуді қамтиды. Жаяу жүруге бөлінген уақытты қатаң сақтау керек. Алаңда ашық ойындарды өткізуге және балалардың қимыл-қозғалысын дамытуға арналған орындар бар: өрмелеуге арналған қоршаулар (үшбұрышты, тетраэдрлік және алтыбұрышты), тепе-теңдік жаттығуларына арналған бөренелер, сырғанақ, секіру және лақтыру жаттығуларына арналған жабдықтар. Мұның бәрі тартымды көрініске ие болуы керек, берік, жақсы өңделген, берік және балалардың жасына сәйкес болуы керек. Балалардың серуендеудегі іс-әрекетін жоспарлау жыл мезгіліне, ауа-райына, алдыңғы іс-шараларға, қызығушылықтары мен жасына байланысты. Ұйымдастырылған қозғалыс белсенділігінің маңызды құрамдас бөлігі – күннің бірінші жартысында серуендеу кезінде ойналатын ашық ойындар. Оңтайлы жаттығу әсеріне қол жеткізу үшін жасына байланысты 3–5 минут бойы жоғары қарқынды қозғалатын ойындар, спорттық ойындар, – жарыс ойындары, эстафеталар немесе жоғары қарқынмен жүгіру қолданылады (1–2 ойын немесе жүгіру, оларды тәуелсіз белсенділік кезеңдерімен ауыстырады). Жазда ашық ойын қатаю элементтерімен (сүмен ойындар) толықтырылады. Оларда негізгі қозғалыстар дамып, сабақтан психикалық шиеленіс жойылып, адамгершілік қасиеттер қалыптасады. Қозғалыс ойынын серуеннің басында ойнауға болады, егер сабақтар балалардың ұзақ отыруымен байланысты болса. Егер олар музыкалық немесе дене шынықтыру жаттығуларынан кейін серуендеуге барса, онда ойынды серуеннің ортасында немесе оның аяқталуына жарты сағат қалғанда ойнауға болады. Ойынды таңдау жыл мезгіліне, ауа райына және ауа температурасына байланысты. Суық күндерде серуендеуді жүгіруге, лақтыруға және секіруге байланысты үлкен ұтқырлық ойындарынан

бастаған жөн. Көңілді және қызықты ойындар балаларға суық ауа райына жақсы төтеп беруге көмектеседі. Ылғалды, жаңбырлы ауа-райында (әсіресе көктем мен күзде) көп орынды қажет етпейтін отырықшы ойындарды ұйымдастыру керек. Сондай-ақ көктемнің жылы, жаз күндері және күздің басында секіру, жүгіру, лақтыру, тепе-теңдік жаттығулары бар ойындар өткізілуі керек. Серуендеу кезінде заттармен сюжетсіз халық ойындарын кеңінен қолдануға болады, ал – үлкен топтарда спорттық ойындардың элементтері: волейбол, баскетбол, қалалар, бадминтон, үстел теннисі, футбол, хоккей. Жаяу серуендеуде ашық ойындар мен негізгі қозғалыстардағы жеке жаттығулардан басқа, спорттық ойын-сауық (жаттығу) да ұйымдастырылады. Серуендеу кезінде мұғалім барлық балалардың бос еместігін, жалықпауын, ешкімнің қалып қоймауын немесе қызып кетпеуін қамтамасыз етеді. Ол өте белсенді балаларды тыныш ойындарға қатысуға тартады. Серуеннің аяқталуына жарты сағат қалғанда мұғалім тыныш ойындар ұйымдастырады. Күнделікті жаттығулар мен ашық ойындардың әртүрлі түрлерін дұрыс біріктіру балалардың ұтымды физикалық белсенділігін қамтамасыз етуге көмектеседі. Сабақта бағдарлама материалын меңгеру барлық дене шынықтыру—сауықтыру іс-шараларының және балалардың өз бетінше жаттығулары мен ойындарының негізі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. С.Ерғали. Қазақы зияткерлік ойындарды жасөспірім логикасын дамытуға пайдалану. Астана, 2015 ж;
2. «Мектептегі дене шынықтыру» - Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал № 5 2010 жыл;
3. «Мектептегі дене шынықтыру» - Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал № 3 2014 жыл;
4. Уанбаев Е.К. «Дене тәрбиесінің теориясы» Өскемен, 2003 жыл.

БАЛА БАҚШАДА БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Алдаева Лаура Алдабергеновна - Астана қаласы, № 43 «Қызғалдақ»
балабақшасының тәрбиешісі

Аңдатпа. Бұл мақалада әдет - ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық санасезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру жайлы баяндалады.

Түйін сөздер: Ұлттық құндылық, отбасы, балабақша, тәрбиеші.

Кіріспе. Қазіргі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін, мәдениетін, терең түсінетін шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Серғазы Қалиев этнопедагог, профессор: – Ұлттық тәрбиені балабақшадан бастауымыз керек. «Не ексең, соны орасың» демекші, балалары-мызды қандай жолға бастасақ, олардың сол бағытты алатыны белгілі. Ал біздің ата-бабаларымыздан қалған асыл мұрамыз – тәрбиеміз қазақтан басқа ешкімде жоқ үлгі.

Тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады дегенмен мұнан кейін балабақшаның да ролі зор. Ұлттық тәрбиеден салт –дәстүр ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал боларына сенеміз. Ұлттық тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің балабақша атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Балабақшаға ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Еліміздің ертеңі-бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры -ұстаздың қолында»– деген сөзі келер ұрпақ тәрбиесіне ата-анамен қоса, ұстаздың, тәрбиешілердің еңбегі орасан зор екенін айқындап көрсеткендей [1].

Ұлттық тәлім тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу тәрбиешінің, ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты, өйткені, бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы –отбасында, екіншіден, балабақшада болғандықтан, ата-ана мен балабақша болып бірігіп жұмыс атқару – бізге артылар басты міндет. Тәрбие – өсіп келе жатқан жас ұрпақты өмірге даярлаудың барлық жағын қамтитын, жеке тұлғаны ғасырлар бойы жиналған адамзат тарихындағы тәжірибені игертіп, біліммен жарактандыруға бағытталған қоғамның талаптілегіне тәуелді күрделі үдеріс. Бізге бұрыннан белгі болып келген тәрбиенің ұйымдастырушылары: отбасы, ата-ана, балабақша – тәрбиеші. Жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін тұлға тәрбиеші –тәрбие көзі [2].

Қазіргі заман-педагогы-ол практикалық психолог. Ол тәрбие мен оқытуды Объективті мағұлматтар негізінде құрауға тырысады. Әрбір баланың бойында тек өзіне ғана тән таным әрекетінің, эмоциялық өмірінің ,жігері мен мінезінің ерекшеліктері болғандықтан, әрбір бала өзіне жеке дара қатынасты талап етеді. Педагог төмендегі берілген әдістерді пайдалануына болады. Байқау. Әңгімелесу.

Сұрақ-жауап. Баланы ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы үйретуде төмендегі құндылықтардың болуы қажет. Сол арқылы өзіндік болмысы, санасы бар тұлғалық бейне қалыптасады. Сонымен бірге түрлі санамақ, мақал-мәтел, тыйым сөздер, жұмбақ, жаңылтпаштарды мнемотехника технологиясы арқылы жаттату өте тиімді тәсілдердің бірі.

Балалардың ой-өрісін дамытуда ұлттық нақышта «Қызықты төсеніш» дайындап түрлі ойын түрлерін ойнатуға болады, сырмақ құрастыру, ою өрнектерді бастырмалау, құрақ көрпе құрастыру, қамшы өру, өрілген жіптерден «Ирек су», «Бітпес», «Толқын» өрнектерін дайындап, үстінен саусақтарымен жүру арқылы қол, саусақ икемділіктерін дамытамыз. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Ұлттық тәрбиені халықтың ауыз әдебиетінде тәрбие дәстүрлерінде, шығармаларында, отбасы тәрбиесінде, ұлттық ойындарда, музыкалық шығармаларында және қолөнер туындыларында көрініс тауып ұрпаққа беріліп отырған.

Халық дүниеге келген жас нәрестенің жолына бар жақсылықты бағыштаған. Балаларға арнап көркем сөздер, өлеңдер, жұмбақ - жаңылтпаштар, әңгімелер шығарған ұлттық тәрбиеге сөздердің берері өте мол болған. Мысалы: *«аяғыңды көкке көтерме», «үйге қарай жүгірме», «қолыңды төбеңе қойма», «мал сүйегін отқа жақпа», «ақты төкпе», «қолыңмен жер таянба», «есікті керме», «пышақты жалама»*... т.б.

Халық тәрбиесіне сонымен қатар ұлттық салт - дәстүрлер кіреді. Оның бірнеше түрлері бар ...Қазіргі кезде мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеуде оқу іс-әрекетін ұйымдастыру жолын, мазмұнын, формасын өзгерте отырып, балаларды жақсы біліммен қамтамасыз ету, халықтық салт - дәстүрлер негізінде тәрбиелеу қолға алынуда.

Ұлттық тәрбиені іс-әрекет барысында қолдану балаларды оқуға ұйымдастыру да, психикалық процестері мен танымдық қасиеттерінің дамуына өте күшті әсер етеді. Ұлттық тәрбиені қолданып ұйымдастырылған іс-әрекет өткізу, білім беру ұтымды.

Қазіргі ұлттық тәрбиеде басты нысана баламен рухани үндестікпен үйлесімдікке ұмытылу, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болады. Сондықтан халқымыз «Балалы үй базар, баласыз үй мазар», «Босағасын алтыннан соққанда, презент сүймей адамның мейірі қанбас деп барлық асыл сөзді арнаған. Қазақ отбасы көбінесе көп балалы болып келген. Егер бала отбасынан ана тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасымен сусындаса өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымыздың арнасында әлемдік өркениеттік жетістіктерді игеріп, терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетіп өркениетті ел ретінде нық тұрамыз.

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, қазақтың ұлттық тәлімгерлік ой-пікірлері мен салт-дәстүрлері жайында тұңғыш зерттеу еңбектерін жазған Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты демократ ағартушылар мен орыс, батыс саяхатшысы, этнограф ғалымдарының (Э.С.Вульфсон, П.С.Паллас, А.Вамбери, А.Левшин, В.Радлов, А.Янушкевич, Н.Г.Потанин, Н.Л.Зеланд. т.б.) қол жазбалары десек, екінші кезең - XX ғасырдың алғашқы 20-30-жылдарында бұл істі ғылыми тұрғыда арнайы қарастырып сөз еткен Ә.Диваев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Әуезов т.б. болды. Яғни, бұл кезеңді ұлттық тәрбиені қалыптастыратын халықтық педагогиканы ғылым ретінде туып, қалыптасу кезеңі деп қараймыз. Үшінші кезең - 35-40 жылдық үзілістен кейін (1970-2000 ж.ж.) қазақ этнопедагогикасының қайта жанданған, даму дәуірі деп аламыз [3].

Ежелден Қазақстан жерінің байлығына қызыға қарап, көз тіккен және мұхитқа шығар қақпа деп есептеген орыс, батыс мемлекеттері бұдан әлденеше ғасыр бұрын саяхатшы, елшілер жіберіп, жер-суы мен шаруашылық кәсібін, қазба байлығын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын зерттеуді көздеген. Ұлттық тәрбиенің өрісі мен өресі -бүгін де, ертең де, халық үшін көкейтесті мәселе. Ұлттық мәдениет болмаса ұлт сақталмайды [4].

Ал балабақша ұлттың да, ұлттық мәдениеттің де, өмір сүруімен дамуының, алғашқы баспалдағы болып саналады. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек [5].

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Ұлттық рухта адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жоспарлы түрде іске асады.

Әдебиеттер тізімі

1. Жастар –ел ертеңгі немесе ел президентінің болашаққа қатысты қадамы туралы /<https://shygystanu.kz/rus/archives/2198>
- 2.Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. - Алматы: “Білім” 2004 ж.
- 3.Қалиев С. Молдабеков Ж, Иманбекова Б. «Этнопедагогика» - Астана. 2005 ж.
- 4.Сатбаева Г.С. Әлеуметтік экология және тұрақты даму. –Алматы.- 2009.
- 5.Ұлттық тәрбие мен мәдениетті мектепке дейінгі ұйымдарда қалыптастыру. Әуелбекова, А. 2015. Алматы: ҚазМУ.

БАЛА БАҚШАДА ЭТНОПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Акбалаева Алия Орынбаевна, Исағұл Замеш -
Астана қаласы № 43 «Қызғалдақ» балабақшасының тәрбиешілері

Аңдатпа. Мақалада халық педагогикасы ұлттық қазынасы, ұлттық тәрбиесі жайлы қарастырылған. Қанша уақыт өтсе де, маңызын жоймаған қазақ этнопедагогикасының тәлім – тәрбиесі туралы айтылған.

Түйін сөздер: Қазақ этнопедагогикасы, ұлттық тәлім тәрбие, халық педагогикасындағы адамгершілік, имандылық тәрбиесі, этнопедагогикалық білім.

Кіріспе. Мектеп жасына дейінгі балалардың қабілеттерін ұлттық құндылықтар арқылы дамыту қазіргі педагогиканың басым бағыттарының бірі болып табылады. Қанша уақыт өтсе де, маңызын жоймаған этнопедагогиканы, яғни халықтық педагогиканы тәлім - тәрбиенің түп қазығына айналдыру ата - ананың да, қоғамның да басты борышы. Қоғамның барлық тарихи даму кезеңдерінде халық педагогикасы жайлы ұғымды анықтау, әр түрлі ғылыми - педагогикалық көзқарастарды қалыптастыру проблемаларына көптеген ғалымдар, педагогтар көңіл аударды, құнды пікірлер айтты, өмірлік мұра қалдырды.

Халық педагогикасының жан - жақты зерттеген ғалымның бірі Г. Н. Волков. Ол ең алғаш рет «Этнопедагогика» терминін қолданды. Ал қазақ тілінде этнопедагогиканың мән-мағынасын ашқан ғалым Қ.Жарықбаев. Этнопедагогика жас ұрпақты тәрбиелеуде халық тәрбиесін негізге алады.

Халық педагогикасы - бұл ұлттық қазына. Ұлттық тәрбие беру мәселесі әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридің еңбектерінде көрініс табады. Ұлтымыздың ұлы тұлғалары түркі халықтарының тәрбиелік ерекшеліктеріне үлкен мән бере отырып, ұлттық тәрбие берудің әдіснамалық негізін жасады. Халқымыздың кемеңгер ағартушылары Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың, М.Дулатовтың, т.б. педагогикалық мұрасында тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы ұлттық тәрбиенің маңыздылығы мен мазмұны ашып көрсетілді [1,2].

Тәрбиенің қайнар көзі ретінде халықтық педагогиканың аумағы кеңейе түседі. Олар: ертегілер, жырлар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар, мазақтамалар, мақал - мәтелдік сөздер, ұлттық салттар мен дәстүрлері, халықтық ойындар мен ойыншықтар.

Ертегілер баланы қызықтырады, сөзді тыңдай білуге үйретеді, оның қиялын дамытып, жан - дүниесін, мінез - құлқын қалыптастырады, дарын нышандарын өрнектейді. Жаңылтпаштар баланың тілін ширатады.

Жаңылтпаштың дүниетанымдық түрлері мен тәрбиелік нұсқалары әрі баланың тілін ширатып, әрі ой - өрісін кеңейтеді.

Жұмбақтар мен жұмбақ айтыстар баланың ойын, қиялын шарықтатып, қисындық пайымдау қабілетін дамытады, оны тапқырлыққа баулиды.

Санамақтар баланың ойлау жүйесін жетілдіріп, оның сюжеті нұсқаларға тапқырлық танытуға құштар етеді, дүниетанымдық мәнде құрылған санамақтар балғын жастың тапқырлық қабілетін дамытуға септігін тигізеді. Мазақтамалық, әзіл уытымен баланың басындағы кемшіліктерді көрсетіп, сергектікке тәрбиелейді, дегенмен, ертеде құрылған мазақтамалардың анайы түрлері де болған, халықтың мәдениеті өскен сайын, ауыз әдебиетінің бұл түрі сыпайы сын, әдемі әзіл түрінде құрылып жүр.

Мақал - мәтелдер халықтың жиі қолданатын тәрбие құралы. Қазақ халқының мысалдап, мәтелдеп, мақалдап сөйлейтін ұлттық, ерекшелігіне сәйкес оның мақал - мәтелдері де мол. Ауыздан - ауызға тарайтын бұл жанрды халық күн сайын толықтырып отырады.

Халықтық ойындар мен ойыншықтар бала тәрбиесінде елеулі орын алады. «Ақсерек пен көксерек», «Алтыбақан» сияқты ойындармен бірге «Көкпар», «Аударыспақ» тәрізді спорттық сайыстар дене тәрбиесінің асыл арқауы. Ұлттық мерекелер мен ойындардың да тәрбиелік мәні зор. «Шілдеhana», «Тұсау кесер», «Атқа мінгізу», «Наурыз келді» тағы басқа мерекелер баланы шаттыққа бөлейді.

Халықтық педагогика тәлім - тәрбиелік ой - пікірін бастауы, халықтың рухани мұрасы. Сондықтан қазіргі таңда этнопедагогиканы оқу - тәрбие жұмысына мақсатты түрде енгізіп отыр.

Биылғы оқу жылында балабақшада этнопедагогика элементтерін қолдану тақырыбында эксперимент алаңы енгізілген болатын.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда этнопедагогика элементтерін қолдану арқылы ұйымдастыра отырып әр халықтың салт-дәстүрлері, әдет ғұрыптарымен таныстыру.

Міндеттері: Эксперимент әрекетін ұйымдастыруға этнопедагогика элементтерін балалардың жас және даму ерекшеліктеріне қарай іріктеп алу; Эксперимент әрекетінде этнопедагогика элементтерін кіріктіре отырып қолдану; Эксперимент арқылы балалардың қабылдау, есте сақтау, зейін, ойлау, қиял, т.б. танымдық қабілеттерін шыңдау, зерттеушілік әрекетке деген қызығушылықтарын ояту. Эксперимент ретінде қарастыратын болғандықтан, балабақша ішінде іс-шара жоспары құрылып екі ортаңғы топтармен жұмысы құрылды.

Балаларға ең алдымен этнопедагогика элементтерін қолдану кезінде ұлттық, дидактикалық ойындар арқылы меңгертуде жолға қойылды. Өз ұлттарының халық педагогикасын әрбір бала білетіні сөзсіз, тек оны жандандырып, ұлттық салт-дәстүрді, ұлттық өнерді дәріптейтін, ана тілі мен дінін қастерлейтін, отанын, елін, жерін сүйетін жан-жақты жетілген, саналы, намысқой азамат етіп тәрбиелеу мақсаты орын алады.

-ҮІӨ-терінде (ұйымдастырылған іс-әрекеті ары қарай) этнопедагогика элементтерін қолдану.

-ҮІӨ мен қатар өнеге тұту арқылы танымдық сайыстар мен үйірмелер өткізу.

- Патриоттық мәні бар іс- шараларды ұйымдастырып өткізу.
- Ұлттық психология қалыптастыру бағытта бейнебаяндар, әңгімелер, кездесулер өткізіп отыру жоспарланды.

Этнопедагогика пәні ғылым ретінде қалыптасқандықтан оның мынадай салалары бар:

Қазақ этнопедагогикасы:

- ұлттық тәлім тәрбие;
- этномәдени мұралар;
- этностық сана әлемі;
- этнопедагогикалық білім;
- ұлттық өнер;
- этнодидактика;
- этнопедагогика тарихы;
- халықтың педагогикалық білімі мен тәжірибесі;
- халық ауыз әдебиеті.

Жалпы этнопедагогика деген халық педагогикасы. Халық педагогикасы педагогиканың өзегі болып табылады. Педагогика баланың тәрбиесі жайлы ілім, ғылым.

Адам өмірінде отбасында, тұрмыста, балабақшада, мектепте, мектептен тыс уақыттарда, жоғары оқу орындарында үлкен өмірге шыққан кезде осы тәрбие жүзеге асырылып отырады. Адам баласы шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап, өсе келе анасының ақ сүтімен бойына дарыған ана тілін ұғынып, үйрене бастайды. Отбасындағы салт-дәстүрлер, ата-әжелерінің ертегілерін, аңыз-әңгімелерін, батырлар жырларын естіп өседі. Балабақшада, мектепте әр түрлі ертегілерге, сахналық көріністер қойылады, баланың тілге, ертегіге деген қызығушылығы арта бастағаны осыдан байқауға болады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда халық ауыз әдебиетінің үлгілерімен танысу арқылы сайыстар, үйірмелер, театр көріністері, ертегі қойылымдары өткізіледі. Балалар қызығушылық таныту арқылы дүниетанымы кеңейеді, ақыл-өрісі дамиды, өмірге деген сенімі артады, коммуникативтік, достық, жолдастық қарым-қатынас жүзеге асып отырады[3,4,5].

Этнопедагогика элементтерін тек ҰІӨ үстінде ғана пайдаланып қоймай, бос уақыттарда жүргізілетін білімділік – тәрбиелік жұмыстарға да енгізіп отырамыз. Патриоттық тәрбиені дамыту мақсатында балабақшада «Менің Қазақстаным» тақырыбында ертегіліктер өткізіледі.

Жыл сайын өткізілетін «Наурыз» мерекесі, «Тілдер күні», «Республика күні» сияқты мерекелерге барлық топ балалары белсене қатысады.

Өз ұлтын сүйетін, ұлтжанды, отансүйгіштік, ерік- жігері мықты, жаны таза жеке тұлғаны қалыптастыру. Халқының құндылықтарын көз қарашығындай сақтап, өмірге пайдалана отырып, оны мүмкіндігінше қажетіне жарата білетін азамат тәрбиелеу.

Қорыта айтқанда Әр педагогтің алдына қойған мақсаты білім сапасын арттыру, этнопедагогика элементерін қолдану арқылы тілін дамыту, байыту, ана тілінің жанашыры болып туған тіліміздің мәртебесінің өсуіне өз үлестерін қосатын азаматтар тәрбиелеу, қазіргі мәдениетті, жан-жақты білімді жастарымыздың ақыл – ой көрінісі әр сөзді өз орнына жұмсап, мағыналы сөйлей білуді үйрету заман талабы екенін ұмытпағанымыз жөн [6,7].

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ халық педагогикасы және мектепке дейінгі білім беру. Жұмабаева, А. С. 2013. Алматы: Қазақ университеті.
2. Мектепке дейінгі білім беру саласында этнопедагогикалық тәрбие. Асылбекова, Ж. 2017. Алматы: Ұлағат.
3. Балабақшада ұлттық тәрбие беру тәсілдері. Құрманәлиева, Ж. Б. 2016. Алматы: Өркениет.
4. Педагогика негіздері. Әбиев, Ж., Құдиярова, Б. 2008. Алматы: Рауан.
5. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың рухани және мәдени дамуы. Шарафутдинова, С. Н. 2014. Алматы: Білім.
6. Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық тәрбие мен мәдениетті дамыту мәселелері. Сейітов, Ж. Т. 2018. Астана: Фолиант.
7. Ұлттық тәрбие мен мәдениетті мектепке дейінгі ұйымдарда қалыптастыру. Әуелбекова, А. 2015. Алматы: ҚазМУ.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ АҚЫЛ-ОЙЫН ДАМУЫ

Амиралина Молдир Кайратовна - Шымкент қаласы білім басқармасы
«Мектепке дейінгі дамыту орталығы» №118 «Әсел» бөбекжай бақшасы дене
шынықтыру нұсқаушысы

Андатпа. Ойын жалпы баланы дамытатын құрал. Ұлттық ойындарды ойнату арқылы жеке тұлғаның дамуына септігін тигізеді. Жас ұрпақ өзінің асыл мұрасын танып білуі тиіс. Қазақ халқы баланы ұлттық ойындарды ойнату арқылы ептілікке, шапшандыққа, бірлікке тәрбиелеген. Балалар жалпы ұлттық ойындарды ойнау кезінде дәлдікке, ептілікке үйренеді. Ойын ойнау арқылы ойлау қабілеті артады, шыдамдылыққа да үйренеді. Қазақ халқының ұлттық ойындары қыз қуу, садақ ату, көкпар, тақия тастамақ, тоғызқұмалақ, асық ату, хан талапай сынды қаншама тәрбиелік мәні зор ойындардың бала тәрбиесіне берері мол екені айтылған. Осы ұлттық ойындарды дене шынықтыру сабағында тиімді қолдансақ балалардың дені сау, салауатты өмір салтын ұстанған тұлға болып қалыптасады.

Түйін сөздер: ұлттық ойындар, жеке тұлға, асыл мұраны тану, ептілікке, шыдамдылыққа, тәрбиелік мәні зор, дені сау тұлға.

Кіріспе. Қазақ халқының ұлттық ойындары - ұлт тәрбиесінің қайнар көзі. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық ойынның маңызы зор. Сондықтан ұлттық ойынды ойната отырып, еліміздің жас ұрпағын тәрбиелей аламыз. Қазақтың ұлттық ойындарының оқу және тәрбие үдерісінде балаларға сабақ беру кезінде пайдалану бүгінгі күнде өзекті мәселе болып табылады. Еліміздің егемендік алуы Қазақстандағы дене шынықтыру, ұлттық ойындар мәселесіне басқаша сын көзбен қарауды талап етеді.

Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану - олардың ой-өрісін жетілдірумен бірге өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп өзінің өмірден байқағандарын іске асырып қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен қазақтың ұлттық ойындары «Бәйге», «Көкпар», «Қыз қуу», «Асық ату», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады.

Ойын дегеніміз - адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл –ой тәрбиесі болмайды» деген. Демек шәкірттің ақыл-ойы, парасаты, ұлттық сананы сіңіру арқылы байи түседі. Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды әсіресе «Көкпар», «Асық», «Теңге алу» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдануға болады. Балалар ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Тәрбиеші әр баланың еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Балаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге, сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді.

Қазақтың ұлттық ойындарын дене тәрбиесі сабағында жоспарға енгізу арқылы өткізу жас буынды тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Әр іс әрекет сайын ұлттық ойынның үш-төрт түрін алып, солардың ойнау тәсілін үйрете отырып, жетілдіре, қайталау арқылы пысықтап, әрбір бала жадында сақтайды да, оны ойнай біледі. Ұлттық ойындар ережесін түсіндіру, қызықтыру арқылы меңгерте отырып, сабағымда қолданамын. Ұлттық ойындар балаларды тәрбиеге жетелейді. Ұлттық ойындардың ұлттық құндылыққа жетелеудегі тәрбиенің қайнар көзі болып

табылады. Мысалы: қазақтың ұлттық ойыны «Бәйге», «Қыз қуу», «Теңге алу», «Көкпар» ойындарына ағаш аттың макетін көмбеге киіз үйдің макетін жасап сабақтарда қолданудамын.



Ұлттық ойындарды балабақшада сабақта қолдануды ойлап табу әрине қиын. Әрбір баланың санасына ойынды сіңістіріп енгізу үшін біз қызықты да дұрыс әдістерді қолдануымыз керек. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып, толығып, жетілу арқылы, өзінің жан жақты тәрбиелік қасиетін шыңдай түседі. Ұлт ойындары өте күрделі дүние, ол адам баласының табиғи әрекеті. Іс әрекеттің барысында сол табиғилығын сақтай отырып, оның элементтерін ретті пайдалану сабақтың әр кезеңінде балалардың көңіл-күйіне психологиялық жағынан барлау жасай отырып, білгірлікке әрекет жасауды талап етеді.

Бала ойын арқылы ойлап, ойын арқылы қиялдайды. Көңіл аударарлық ойынның бір түрі – **асық ойыны**. Асық ойнаушылардың саны 4-8 балаға дейін жетеді. Бұл ойынның түпкі мақсаты – асық ұтып алу. Асық ойынының түрлері өте көп. Олар – алшы, омпы, хан, құмар, ханталапай, көтеріспек. Асық ойыны өте қарапайым болып көрінгенмен, мұнда адам денесін шыңдап, сомдайтын қасиеттер, баланың «бұзылып» кетпеуі үшін, оны өзара әрекетке жетелейтін қимылы қаншама. Ең бастысы, ол баланы жастайынан салауатты өмір салтына жетелейді. Адамның ойлау жүйелерінің жетілуінен бастап, бұлшық еттерінің жетілуіне, тыныс алу мүшелерінің реттелуіне, өз дене мүшелерін меңгеруге, соның нәтижесінде қырағылық пен мергендікке баулиды.

Асық ойыны арқылы баланың қол моторикасын дамыту. Асықты бар ынта жігерімен ойнаған балалар жан-жақты дамыған. Асықпен ойнаған баланың зейіні тұрақталады, логикалық ойлау қабілеті дамиды, бала еңкейеді, тұрады, үздіксіз қозғалыста болады. Жанындағы өзі қатарлы балалармен бірге ұйымшылдығы мен тіл байлығын дамытады. Асықты ойыннан бөлек балаларды жан-жақты дамыту мақсатында оқу іс-әрекетінде пайдаланылды. Балалардың саусақ буындарына өте пайдалы, ұсақ моторикасы дамиды. Саусақтармен жұмыс жасау арқылы саусақтары иілгіш болып жаттығады. Мұның бәрі баланың қиялы мен ойын ұшқырлығын, зейінін жан-жақты дамытады.

Асық ойынын дене тәрбиесі сабағында үйретіп жарыс түрінде өткізуге болады. Асық ойыны білмейтін бала қазір ауыл түгіл, қалада да жоқ. Каникул кезінде аула ішінде асық ойынын балалар көп ойнайды, ішінара қыздар да кездеседі. Ұлттық ойындар арқылы біз баланы көпшілдікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейміз, оларды жеке-дара тұлға ретінде қалыптастырамыз.



Асық ойыны – баланың ұсақ моторикасын дамытады, бұлшық ет қозғалысын жақсартады. Дәлдікті, мергендікті, зейінін арттыруға ықпал етеді. Көпшілдікке, сыйластыққа, әділдікке тәрбиелейді. Қазіргі технология дамыған заманда балалар смартфонға телміріп, ұлттық ойыннан жырақтап барады. Балаларды ұлттық ойынды ойнай отырып, смартфоннан жырақтатуға, ұлттық құндылығымызды сақтауға тәрбиелей аламыз.

«Теңге алу» ойыны. Бұл ойын әсіресе ұлттық ат спорттық ойынның бір түрі. Ойын шабандоздардың ат құлағында ойнай білетін үлкен шеберлікті, асқан жылдамдықты, ерекше ептілікті қажет етеді. Ойынның мәні-атпен шауып келе жатқан жігіт айтулы мәреге дейін белгілі межелерге көміліп қойылған күміс теңгені іліп алуға тиіс. Осы ойын элементтерін пайдалана отырып, сабақ кезінде балалар қатты жүгіріп келіп әр жерде жатқан, не болмаса арнайы қойылған шыттарды іліп ала жүгірулері керек. Осылай ойнату арқылы баланы шапшандыққа, ептілікке тәрбиелей аламыз.

«Бәйге» ойыны. Бұл ойын барысында жылдамдық, ептілік, шапшандық секілді дене сапалары дамиды, көпшілдікке тәрбиелейді. Көрнекілік құралдарға ата-аналардың көмегімен жасалған ағаш аттарды, киіз үй макетін, қол шыттарын пайдалану арқасында сабағым қызықты да, әсерлі өтті.



Ойынды эстафеталық жарыста командамен ойнауға пайдалануға болады. Бұл ойын да баланы ептілікке, жылдамдыққа баулиды. Ойлау қабілетін арттырады. Ағаш аттардың орнына резеңке шарларды да пайдалануға болады.

«Арқан тартыс» ойыны. Ұзындығы 8-10 метрдей жуан кендір арқан керек. Арқанның тең ортасынан орамал немесе шүберек байланып белгі жасалынады. Осы орталық белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдығы тәртіппен белгі жасалынады. Ойнаушылар (ойынға 10-15 адамнан) екі топқа бөлініп қатысады, екіге бөлінудің тәртібі: ойнаушылар бойларының биіктігіне қарай бір қатарға тізіліп тұрады. Ойын жүргізушінің берген командасы бойынша тізбекте тұрған ойнаушылар оң жақ шетінен қатар санды: бір, екі, үш... деп бастап, сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп, бұл топ тақ, жұп болып екіге бөлінеді. Қатысушылардың саны он адамнан кем болмауы керек.

«Аударыспақ» ойыны басқаша болып та ойнала береді. Бұл ойынды командамен де, жеке де ойнауға болады. Аударыспақты гимнастикалық орындықты пайдалану арқылы өткізуге болады.



«Тақия тастау» ойынын сабағымда қолдандым. Бұл ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп, бір баланың артына білдіртпей тастап кетеді. Сезіп қойған бала жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал жүргізуші бала қуған баланың орнына келіп отыра қалуға тырысады. Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді. Өте қызықты әрі жан-жақты ойын. Себебі, бұл ойын дене бітімін тәрбиелеуге көмектеседі, шапшаңдық, мұқияттылық және ең ұтымдысы баланың өнерін жан-жақты дамытуға көмек береді. Қазақтың ұлттық ойындарын көптеген спорттың түріне байланыстырып қолдануға болады.

Ұлттық ойындар дене тәрбиесі сабақтарын дамытудағы негізгі құралы болып табылады. Бұл ойындарда көптеген тәсілдер жүйесі, үйрету мен тәрбиелеу әдістері жинақталған. Олар ұрпақтан-ұрпаққа таралып, әдет-ғұрып, салт-сана білімдерінің жиынтығы ретінде халық өмірін жан-жақты түрлендіруде. Арнайы спорт жабдықтары мен құрал-саймандарды көп қажет етпейтін қазақтың ұлттық ойындарының дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол.

Қазақтың ұлттық ойындарының дамымаған түрлерін тауып, дене тәрбиесі сабағына көптеп қолдануға шақырамын. Бұл ойындар адамның ой-өрісінің, өмірге көзқарасының дамуына, сана-сезімнің өсуіне мол мүмкіндіктер туғызуымен қатар адамның дене дамуына және рухын көтеруіне көмектеседі. Бұл ойындардың

құндылығы – ойын кезінде адамгершілік мінез-құлық, өзара сыйласу, татулық, ұжымда бір-бірімен тіл табысу сияқты мінездер қалыптастырады.

Қорыта келе, балабақшада ұлттық ойынды ұтымды пайдалансақ дене шынықтыру іс әрекеттерінде балалардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру арқылы балалардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады.

Әрбір бала өзін қазақпын деп есептесе өзінің ұлтының дәстүрін, ойындарын жатқа біліп, соны пайдаланып өсуге тиіс. Сонда ғана біз оларды патриот ете аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. «Мұғалім қыз» - Республикалық оқу-әдістемелік газеті. №5 (10) мамыр 2011 ж.
2. «Мектептегі дене шынықтыру» - РҒӘЖ №5 2010 ж.
3. «Мектептегі дене шынықтыру» - Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал №3 2014 ж.

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БЕЙІМДЕЛГЕН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ

Аскарова Назгуль Оразкеевна - Ақмола облысы білім басқармасы Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі жанындағы Көкшетау қаласы «Арай» бөбекжайы МКҚК дене шынықтыру нұсқаушысы

Аңдатпа. Еліміздің әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту - ең жауапты іс. Кез келген мемлекеттің өркендеуі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейімен және денсаулығымен бағаланады. Соңғы жылдары психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалардың ойлау ерекшеліктерін дамыту-түзету жұмыстарын анықтау, арнайы мамандарды даярлау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл мақалада осы мәселерді шешу мақсатында денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың қимылдық белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын артыру мақсатында балабақшамызда жүргізіліп отырған көптеген жұмыстар туралы айтылады.

Түйін сөздер: адаптивті дене шынықтыру, аутизм, инклюзивті білім беру.

Кіріспе. Қазіргі уақытта дамуында проблемалары бар балалар саны артып отырғаны шындық. Ресми мәліметке сәйкес, елімізде аутизмге шалдыққан балалардың саны 5000 асады. Тұлғаға бағытталған білім беру логикасы ерекше білім алуға қажеттіліктері бар балаларды жеке дамыту траекториясын құруды көздейді. Инклюзивті білім беру-ерекше балаға білім беру саясатының бір түрі болып табылады.

Инклюзивті білім беру - бұл балалардың арасын бөлетін тосқауылдарды жоюға; барлық балаларды жалпы білім беру процесіне толық қосуға: жасына,

жынысына, ұлтына және дініне, дамуда кейін қалуына немесе экономикалық жағдайына қарамастан отбасының белсенді қатысуымен, түзету-педагогикалық және баланың жеке қажеттіліктеріне және баланы бейімдеуге емес, ортаны баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес атаулы әлеуметтік қолдау көрсетуге, яғни білім берудің парапар жолын құруға бағытталған мемлекет саясаты.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың дамыту моделі бекітілді. Моделдің басты міндеттерінің бірі инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негіз де жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау. Ерекше білім алуға қажеттіліктері бар балаларды осындай жолмен оқытуда білім беру ортасын балаға бейімдеуге көңіл бөлінеді. Яғни, ерекше бала оқитын балабақшада, мектепте баланы денсаулығы дұрыс құрбы-құрдастарынан бөліп-жармай, қолайлы жағдай жасайды.

Еліміздің әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс. Кез келген мемлекеттің өркендеуі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейімен және денсаулығымен бағаланады. Соңғы жылдары психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалардың ойлау ерекшеліктерін дамыту-түзету жұмыстарын анықтау, арнайы мамандарды даярлау өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Психикалық дамудың тежелуі – бұл баланың интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмеуі. Баланың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себептері түрлі болуы мүмкін. Бұл жағдайдың негізгі себебі бала миының әлсіз түрдегі органикалық зақымдануы немесе іштен туа біткен, туылу кезінде және өмірінің бастапқы кезеңдерінде болған жағдайлар, негізгі әлеуметтік жағдайы, нашар көруі, құлақ ауруы тағы да басқа себептерден болуы мүмкін. Қазіргі қоғам дамуында мұндай балалар саны көбейіп отыр. Олардың салмағы аз, бойы кіші, көп сөйлемейтін, әлжуаз, тез шаршап, бастаған ісін аяқсыз қалдырады. Мұндай балалардың ұсақ қол моторикасы нашар дамыған, тіл кемістігі бар, кеңістікті бағдарлай алмайды, тепе-теңдікті ұстай алмайды. Тегін оңалту орталықтары саусақпен санарлықтай болған соң, сырқаттар кезегін жылдап күтуге мәжбүр.

Осы мәселерді шешу мақсатында денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың қимылдық белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын артыру мақсатында балабақшамызда көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жоспарланған жұмыс балалардың мүмкіндігіне байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жеңілдетілген, бейімделген түрінде алынады. Ал бейімделген спорт баланың екі аяғы мен қолын қатар жұмыс жасауы арқылы баланың бұрын қалыптаспаған дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Ол: есте сақтау, зейін, нұсқауды түсіну, түсінік қалыптастыру, моторлы жоспарлау, үлкен спортқа бейімдеу. Педагог баланың барынша мүмкіндіктері мен қабілеттерін пайдалана

отырып, сөйлеуге, түсінуге, өзіне қызмет етуге, есте сақтауға, әлемді тануға көмектеседі. Сөйлеу мен түсіну, қабылдау, ойлау, есте сақтау, эмоцияны дамытуда мидың екі бөлігінің қатар жұмыс істегені маңызды.

Бейімделген спорт – белгілі бір спорт түріне бейімдеу мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізу. Баланы қоғамнан алшақтау емес, қоғамға кіргізу, әлеуметтендіру, топта жұмыс жасауды үйрету. Баланы барынша топқа қосуды бірінші орынға қоямыз. Себебі ол бала ертең мектепке барғанда жалғыз жүрмеуі керек, керісінше балалармен бірге ойнай алуы, қарым-қатынасқа түсе алуы керек. Бейімделген спорт сабағының негізгі міндеттерінің бірі-баланы белгілі бір спорт түріне қарай бейімдеу. ЗРР, ЗППР, РАС, СДВГ, аутизм секілді диагноздағы балалармен жұмыс жасаудағы жаңа бағыт, жаңа әдіс болып табылады. Еуропа елдерінде бұл әдіспен жұмыс жасау нәтижесін көрсетуде. Бейімделген спорт баланы психо-эмоционалды тұрғыдан тәрбиелеп, баланың моторлы дамуына әсер етеді. Ал моторлы даму дұрыс болғанда, сөйлеу мен таным пайда болады. Қозғалыс арқылы дамыту баланы физикалық тұрғыдан тәрбиелеп, спорт арқылы тыныштандырып, нұсқауды түсінуге, атына қарауға, өз әлемінен алып шығуға көмектеседі. Топтастыруға, ажыратуға, көру мен есту гнозистеріне арналған көптеген тапсырмалар орындайды. Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетіне қатысуы дене шынықтыру кіре берістен ұйымдастыру кезеңінен басталады. ҰІӨ маңызды кезеңі балалардың зейінін педагогқа қарату.

Балаларды бірінің артынан бірі қолдарын иықтарына қойып, саппен жүруге үйретіп, кейін балалар шеңбер бойы бірінің артынан бірі жүріп, жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатына да жерде жатқан денсаулық жолдарымен жүреді. Бірінші өткенде иықтарынан ұстап өтсе, кейін қолдарын түсіріп бірінің артынан бірі саптан шығып кетпей жүруге тырысады.

ҰІӨ кезеңіне сай балалар шеңбер бойы жүгірсе, кейбір балалар тәрбиеші, нұсқаушының көмегімен жүгіріп, тыныс алу жаттығуларын жасайды.

Етпетінен жатып маттың үстінде айналу, төрт тағандап еңбектеудің бірнеше тәсілдері арқылы жасалған жаттығулар, баланың арқа бұлшықеттерін дамытып, жалпы дене қалпын күшейтуге көмектеседі. Әрбір жаттығудан кейін балалармен байланысты орнату мақсатында, әр баламен «жылы алақан» әдісін қолдану өте тиімді. Аталған әдістің пайдасы біріншіден балалармен педагогтың арасында жылулық, мейірімділік орнатса, екіншіден баланы мадақтау «нәтижеге жетті» дегенді білдіреді.

Психикалық дамуы тежелген балалар ақыл-ойды қажет етпейтін механикалық жұмыстарды жақсы көреді. Жаттығуларды орындау кезінде, алдында тұрған бала жаттығуларды дұрыс орындап шықса, келесі бала сол жаттығуды дұрыс орындауға тырысады.

Сондықтан осындай балалардың арасынан міндетті түрде топ басшы таңдап алған дұрыс деп ойлаймын. Себебі қалған балалар сол баланың қимылына еліктеп, дәл солай қайталауға тырысады.

Қауіпсіздік ережелерін сақтай отыра, ҰІӨ көбінесе дәстүрден тыс құралдарды пайдаланып, жаттығулар мен ойындарды қызықты өткізу балалар үшін тиімді болып есептеледі.

Балаларға жалпы дене тұлғасының дұрыс қалыптасуына арналған гимнастикалық жаттығуларды, соның ішінде тепе-теңдікті сақтап жүруге арналған, қимыл-қозғалысының үйлесімділігін қалыптастыруға, күш, ептілік, жылдамдық сапаларын дамытуға, дұрыс тыныс алуға, икемділік, шапшаңдыққа арналған жаттығуларды қолдану маңызды. Бала тепе-теңдікті сақтай алмағанда, кеңістікте өз денесін бағдарлай алмай қалады. Ал кеңістікте өз денесін бағдарлай алмаған бала бас ауған жаққа жүгіріп кете беретін болады. Балада қалыптастыру керек ең қажет дағды. Кеңістікті бағдарлауды үйрету-денесін басқару арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар спортқа деген қызығушылықтарын дамытып, өз күшіне сенімділік сезімін оятып, ойын барысында өзін-өзі басқара білуге үйрету, алға қойған міндеттеріміздің бірі болып табылады. Бастысы баланың денесін сезініп, кеңістікте өзін басқара алуын қадағалауды үйрету керек. Әйтпеген жағдайда, бала әр жерге аунап, жата беруді әдетке айналдырады.

Әрбір жаттығудан кейін балалармен байланысты үзбей, міндетті түрде мадақтап отыру балалармен жұмыс жасаудың бір түрі болып есептеледі. Жаттығуларды үйрету, көрсету кезінде көптеген қиыншылықтар кездесіп отырады. Жаттығуларды орындатқанда, бір балаға нұсқаушының көмегінен басқа, бірнеше педагогтардың көмегі керек болып жатады. Мысалы: «Туннельден өт» ойынында балалар алғашқы уақытта қорқып өтпейді, кейін тәрбиеші, педагог-психолог мамандарының бірлескен жұмыстарынан кейін, мақсатымызға қол жеткіземіз. Жаттығудың пайдасы баланың бойындағы қорқыныш сезімін жеңіп, өз күшіне деген сенімділік сезімін ояту. Жаттығуларды бекіту мақсатында «Допты жеткіз», «Кедергілерден өт», «Шеңберден шықпа», «Дәл тигіз» т.б. қызықты ойындар ойналып, ҰІӨ-нің қорытынды кезеңінде тыныс алу жаттығулары, релаксация, аз қимылды ойындарды қолдану маңызды. Әрбір жасалған қадам, тіпті бір орында болсын, күндердің күнінде жемісін береді. Жетістікке жету үшін кіші қадамдардан басталады. Кешенді әдіс-тәсілдер әрдайым өз нәтижесін көрсетеді. Түзету жұмыстары күнде болып отырғаны маңызды. Баланың бір күн босқа өтпеу керек!

Мониторинг нәтижесі негізінде күннің екінші жартысында, балалармен меңгермеген жаттығуларды пысықтау мақсатында, баламен жеке қосымша жұмыс жүргізуге болады. Баламен жеке жүргізілген жұмыстар, топпен өткізетін ҰІӨ-де оң нәтиже береді. Жеке баланың мүмкіндігіне қарай жаттығулар жасатып, ойындар ойнаймыз. Ұсақ қол моторикасы нашар дамыған, тепе-теңдікті қажет ететін, тіл кемістігі бар, кеңістікті бағдарлай алмайтын балаларға арналған арнайы жаттығуларды қолданамын. Әр баламен жеке жұмыс жасау, оны топқа қосу, ерінбей әр жаттығуды баламен 1001 рет қайталау, түсінігі мен мінез-құлқындағы бұзылыстарын реттеу, балаға тыңдауды үйрету, көзге қарауды үйрету, көзге қарауды үйрету, қимыл-қозғалыспен үйлесімді түрде мимен жұмыс істеу маман үшін оңай шағыла салатын жаңғақ емес. Әр баланы қоғамға қосып жіберу үшін

қозғалыс пен реттілік маңызды. Бейімделген спорт арқылы болашақта үлкен спортқа бағыттаймыз.

Қорытынды. Осылайша баланы сөйлеуге, білім алуға, мектепке тәрбиелейміз. Балабақшада мамандардың оқыту түзету процесінде әдістемелік нұсқауларды сауатты және жоғары деңгейде ұйымдастырса, ПДТ баланың әлеуметтенуіне және мектепке дейінгі мекемеде сәтті бейімделуіне, денсаулығының дұрыс дамып жетілуіне үлкен әсер тигізеді деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған ісшаралар жоспары. – А., 2012.

2. Белая Н.А. Руководство по лечебному массажу. Медицина, М., 1993

3. Сабырбек Ж. Б. С 12 Массаж және оның әдіс-тәсілдері: оқу құралы. – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 122 б.

АСЫҒЫҢ АЛШЫСЫНАН ТҮССІН

Аскарова Жанат Халмуратовна № 61 «Нұрсат» бөбекжай-бақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының ұлттық ойыны Асық туралы, ережесі мен мақсаты, ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіру жолының бірі ұлттық ойын екені айтылады.

Түйін сөздер: ұлттық құндылықтар, ұлттық ойындар, қозғалыс

Асық ептілікке, мергендікке баулиды. Бұл - үлкен халықтық тәрбие
Б. Момышұлы

Кіріспе «Асық ату» - ертеден келе жатқан қазақтың ұлттық ойындарының бірі.

Ұлттық ойындар көбінесе әр халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, шаруашылық мүмкіншіліктеріне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқының өмірі мал шаруашылығына негізделгендіктен ұлттық ойындары да осыған икемделген. Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен, балалар ойынының көбі қой асығымен байланысты болып келеді. Асық ойындары ұлттық ойындардың ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады.



Асық ойынының мақсаты

Баланың ой-өрісін жетілдіру, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізу. Асық ойыны арқылы баланы жастайынан жүйке жүйесін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлыққа, мергендікке тәрбиелеу.

Асық ойыны - түгелдей қозғалыс. Баланың он екі мүшесі, бұлшық еттері толық қозғалысқа түседі. Асықтың атып ойнайтын түрі үнемі қимыл-қозғалысты қажет ететіндіктен, денені қыздырып, бойдағы қан айналымын жақсартады.

Асық ойынының пайда болуы мен оның тәрбиелік мәні

Қазақтың ұлттық ойындарының жалпы қалыптасу кезегі біздің заманымызға дейінгі VII-IX ғасырлар. Жаугершілік заманда бабаларымыз соғыс стратегиясын, соққы беретін тұсты асықты шашып жіберіп түсіндіріп, жоспарлаған. Есі кірген қазақ балаларының ең алғаш ойнайтыны да осы – асық ойыны.

Асық ойыны арқылы балалардың есепке жүйріктігі ерте жастан қалыптаса бастайды. Асық - кәдімгі санағыштың рөлін атқарады. Асықтарды қаз-қатар тізу кезінде олардың санын алу, кейін ұтысты есептеп, ұпай бөліскенде жапырлап асық санау кез келген баланың математикаға бейімін арттырады.

Асық төрт түлік малдың ішінде қой-ешкінің тілерсегінде, асықты жілік басында орналасатын шымыр сүйек. Аңдардың да тілерсек тұсында болады.

Асыққа байланысты халық даналығы

Қазақта асық қасиетті саналады. Баласы ұл болса, бесігінің басына бөрінін асығын іледі. Бәле-жаладан аулақ, шымыр-қайратты болсын дегені. Қыз болса, бесігіне еліктің асығын (жабайт) тағады. Сұлу, көрікті болып бойжетсін деп ырымдағаны. Келіні құрсақ салғанда, атасы мен әжесі ырымдап асық жинайды.

Онысы – ұл тілегені. Келінге көз тимесін, аман-есен босансын дегенге саяды.



«Қой асығы демегін, қолыңа түссе құлжа (сақа) ғой». Бұл нақыл қазақтың болашағынан үмітті балаға айтатын сөзі. Бала деп жасытпай, сеніммен қарасаң, тәжірибеңмен бөлісіп, тәлімінді берсең, ол да ертең елдің жүгін арқалар азаматың деген мағынадағы үмітті меңзейді.

Алшылы шік, тауғалы бүк - ауысп. ұлығы мен кішігі аралас, жақсысы мен жаманы түгел;

Асығы алшысынан түсу - 1. Асықтық бойындағы алшы жағы жоғары қарап түсуі/тұруы; асықтың бұл жағы жалпы ойнаушыға үстемдік береді, 2. ауысп. Ойындағысы, арманы орындалып, жолы болу, ісі өрге басу;

Аш болсаң да асық мүжіме, тоқ болсаң да тобық мүжі - әдетте, асықта ет болмайды. Ал тобықта оған қарағанда аздап болса да, ет болады. Мәтелдің мәні: «өнімсіз істі істеп, уақытты қор қылма» дегенге саяды,

Бүге-шігесіне дейін - түгін қалдырмай, тәптіштеп;

Бүк түссе де менікі, шік түссе де менікі - бір нәрсеге тауекел деп кірісіп кету;

Омпа ойын бұзар, жынды жиын бұзар - асық (сақа) омпа түссе, ол есепке алынбай, қайта иіріледі, соған байланысты айтылған.

Ханды қарабасты - «Хан», т.б. асық ойындарында көп асықтың ішіндегі ерекше боялған, хан сайланған асықтың асықтарды шаша иірген кезде басқа асықтардың астында көрінбей қалуы. Мұндай кезде ойыншылар бас салып, асықты талап алады; **Ханды тонау** - «Хан талапай» ойынында «хан» тәйке тускенде, ойыншылардың бәрі жабылып ханды жабыла тонау - көбірек асық алып қалуға тырысу;

Асық ату - әртүрлі асық ойындарында сақамен кенейлерге дәл тигізіп, ұрып алу.

- Бүйірден ату - төрден атудың бір түрі;

Асық ойынында қолданылатын іс-әрекеттер, әдіс-тәсілдер

- Жайпай ату - ойыншы бір аяғын шеңбер сызығы үстіне қойып, екінші аяғын өзінің қалауынша қадап, асық буйірінен емес, ең қысқа аралықтан атып шеңберден шығару
- Қадап ату - асық шеңбер сызығынан бір метрге жетпей жатса, оны сақамен тікелей атып шеңберден шығару;
- Қыңқайта ату - шеңбер сызығынан едәуір алыста жатқан асықты алыстан көздеп атпай, жақыннан жайпай ату
- Сүріп ату - асық атқанда сақаны жер бетімен сырғыта ату;
- Төрден ату - шеңбер ішінде, сызықтан 40 см ары жатқан асықты ату.
- Асық белгілеу - көнге тігілген асықтардың, ішінен біреуін белгілеп қойып, сақаны соған тигізуге тырысу,
- **Асық иіру** - алшы түсіру үшін асықты бас бармақ пен сұқ саусақ арқылы шиыру;
- **Асық қағу** - бір қолмен асықтарды аспаннан атып, әлгі қолмен қағып алу;
- **Асық қаршу** - асықтарды дорбаға салып сақтау, жию.
- **Асық тігу** - асық ойнаушылардың қолдарындағы асықтарын көнге келісілген мөлшерде қаз-қатар қойып шығуы;
- **Асық ойнау** - кенейлерді қаз-қатар тігіп, қолдарындағы сақаларымен көздеп ату арқылы мергендіктерін таныту.

Сақа

Асық ойыны негізінен ер балаларға тән. Асық ойнау үшін керекті құралдың ең негізгісі - сақа. Әдетте оны үлкен оңқай асықтан шіге жағынан қорғасын құйып ауырлатып, тәйке жақ табанын, шіге жақ бетін тегістеп, оң қолға ұстап асық атуға ыңғайланып жасайды.

- Қызыл сақа - қызыл түске боялған сақа;
- Оңқай сақа - тұмсығы оң жаққа қарап тұрған сақа;
- Сақа-бата - оңқай сақа; оң қолмен атуға оңтайлы сақа;
- Сары сақа - сары түске боялған сақа;
- Солақай сақа - тұмсығы сол жаққа қарап тұрған сақа;
- Сол солақай сақа - сол қолмен атуға оңтайлы сақа;
- Шикі сақа - шикі жіліктен алынған сақа.
- Оқ - «Ұпай», «Хан талапай», т.б. асық ойындарда ататын асықтың өзіндік атауы
- Жебе - «Ұпай», «Хан талапай», т.б. асық ойындарында ататын асықтың екінші аты, кейде оқ деп те аталады.

Асық түрлері: Кепей-ұсақ асық, құлжа- арқардың аталығының асығы,бунақ-қасқыр асығы, жабайы еліктің асығы, топай сиырдың асығы, шүкейт- жас малдың асығы, ойлақ қойдың асығы, ешкімек ешкінің асығы, бунасын түйе асығы, қидасап жылқы асығы, топай сиыр асығы, кигат киік асығы, қоңқар арқар асығы.

Асық ойын түрлері

Асық ойынының түрлері өте көп. Ол әр өлкеде әртүрлі атауларға ие және ойнау әдіс-тәсілдері де өзгеше. Сөйте тұра аталмыш ойын түрі осы барлық

ерекшеліктерін сақтай отыра дамыған. Осының барлығын салыстыра отырып аталмыш ойын түрін - «үй ішілік» және «далалық» деп екіге бөліп жіктеуге болады. «Үй ішілік» - ойын түрі қазіргі заманауи жағдайға икемделіп - «тақта ойыны» деп аталса, ал, «далалық» түрі - «алаң ойыны» делініп жүр.

Асық ойынының «тақталық» түрі

«Хан» немесе «Ханталапай», «Хан ату», «Құлжа ату», «Құмар», «Қақпақыл», «Қаржу» немесе «Қаржымақ», «Сасыр», «Төрт асық», «Бес тас», «Бес асық», «Иірмекіл» т.б. жатады.

«Асық» ойынының алаңдағы түрі

«Арқаласпақ», «Алты атар», «Омпа», «Кетсін бір», «Шыр», «Бәйге», «Алшы», «Бес табан», «Көтеріспек (Атбақыл)» т.б. жатады.

«Асық» ойыны

Асық ойнаушылардың саны 4-8 балаға дейін жетеді. Бұл ойынның түпкі мақсаты-асық ұтып алу. Көнге барлық ойыншы бір-бірден асық тігеді. Содан соң, бір бала ойыншылардың кезектерін анықтау үшін басқалардың сақасын жинап алып, иіреді. Яғни, кімнің кімнен кейін асық ататынын анықтайды. Иірген кезде алшы түскен сақанын иесі - бірінші, тәйке түскеннің иесі - екінші, бүк түскендікі - үшінші, шік түскендікі - төртінші атады. Атқан кезде, атылған асық пен сақа ор жақты алшы немесе тәйке, бүк, шік түссе асықты алып ары қарай ата береді. Яғни, атқан кезде - сақа алшы түсіп, асық кез-келген түрде жатса, егер сақа тәйке түсіп - асық та тәйке түссе, егер сақа да, асық та бүк, немесе шік түссе, мұндай жағдайда асықты алып, ары қарай ата береді. Қалған басқа жағдайда ешкім де асықты алмайды. Асықты атқан кезде де ойыннан шығып қалатын жағдай болады. Асықты атқан кезде, сақа атылады да, әлгі бала ойыннан шығып қалады. Тәйке түскен сақаны өзінен кейінгі кезекте тұрған бала атады. Бұл жерде мына бір жағдайды ескерте кеткен жөн. Көндегі асықты сақаның жатқан жерінде тұрып ату керек, ал тәйке түскен сақаны көнде тұрып ату керек, ал тәйкеге тигізе алмай қалса онда атқан ойыншы ойыннан шығып қалады, демек көнге тіккен бір асығынан ұтылады.

«Омпы»

Асықты мұртынан немесе жамбасынан тұрғызуды «Омпы» дейді. Омпы ойынына 2-10 балаға дейін қатыса берулеріне болады. Ара-қашықтығы 10-20 адым (қалайларың бойынша) жерге екі көмбе сызылады. Әр қатысушы көмбенің тең ортасына белгіленген сызық бойындағы көнге екі асықтан тігеді. Ортасына бір асық омпысынан тұрғызылады. Көмбедегі сызық бойына кезекке тұрып, қолдарындағы сақаларымен көнге тігілген асықтарды атып түсірулері керек. Атып алған асықтарың өздеріне қалады.

«Үш табан»

2 немесе 3-4 бала (спорт залында төрттен көп болмағаны жөн) 1 (2) асықтан тізіп ойнайтын ойын. Кімнен кейін кім екені анықталғасын, бірінші бала тізілген асықтардың бір жақ бетіне шығып, қашықтау (тізілген асықтан есептегенде 2,5 -3 метрден алыс болмауы керек) жерге сақасын иіреді. Сақасы алшы немесе тәйкі тұрса, тізілген асықтарды атады. Атқанда асыққа тигізіп қана қоймай, оны табанмен

санағанда (алым емес) 3 табан қашықтықтан асыра ұшыруы тиіс. Сонда ғана ол ұшырған асығын алады және ойынды жалғастырып, сақасы тоқтаған жерден тағы атады. Егер тигізе алмай қалса, сақасы тоқтаған жерінде тұрады.

«Үштік»

Хан жоғарыға лақтырылып, кілемнен үш асық алынады. Хан қайта қағылады. Кілемде қалған жалғыз асық ханды жоғары лақтырып, бөлек алынады, хан қайта қағылады. Ойынның шарты бойынша (мыс, «Хан» ойында) тұрғысы «биік» асық пен тұрғысы «төмен» асықты атып алу;

Қорытынды. Менің мақсатым ұлттық құндылығымыздың бірі де бірегейі - асық ойындарын насихаттау. Ұлттық асық тарихын ұмыт қалдырмай, жаңашыл леппен ойындар ойлап табу да әрбіріміздің қолымыздан келері хақ. Асық - таусылмас мұрамен қатар, таусылмас идея деп айтар едім. Б. Момышұлы «Асық ептілікке, мергендікке баулиды. Бұл - үлкен халықтық тәрбие» - деп жоғарғы бағалаған.

Әдебиеттер тізімі

1. «Ұлттық құндылықтар негізінде білім берудің педагогикалық аспектілері» (облыстық ғылыми-практикалық конференция) 25 желтоқсан Атырау, 2013 ж.
2. «Ұлттық құндылықтар – жеке тұлғаға бағытталған сабақтың ажырамас бөлігі» (облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция) Атырау қаласы маусым 2014 жыл.
3. Қазақ халқының салт дәстүрлері» авторы: С. Калиев, М. Оразаев Алматы, 1994.
5. Г.Т. Ергожина «Ұлттық ойындардың білімділік, тәрбиелік рөлі мен мәні» Қазақстан – Заман 2012, №13.
6. «Ұлттық құндылықтар негізінде білім берудің педагогикалық аспектілері» (облыстық ғылыми-практикалық конференция) 25 желтоқсан Атырау, 2013 ж.
7. «Ұлттық құндылықтар – жеке тұлғаға бағытталған сабақтың ажырамас бөлігі» (облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция) Атырау қаласы маусым 2014 жыл.

ШАХМАТ - ЖҮЙРІК ОЙДЫҢ ЖЕТЕКШІСІ

Бекжанов Талгат Серикович - Петропавл қаласы, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Петропавл қаласының білім бөлімі» КММ «Алтын-бесік» бөбекжай- бақшасы» МКҚК тәрбиешісі

«Өмір – үлкен ойын, адамның ақылы мен жүрегі сол ойынның мәнін түсінеді»

Абай Құнанбайұлы

Аңдатпа. Шахмат – адамзаттың ең көне әрі интеллектуалдық ойындарының бірі, ғасырлар бойы танымал болып келеді. Бұл ойын ақыл-ойды шыңдап, стратегия

мен тактика тұрғысынан ойлауды қажет етеді. Шахмат арқылы адамдар өзара бәсекелестікке түсіп, достық қарым-қатынастарын дамыта алады.

Түйін сөздер: ұлттық мәдениет, бәсекелестік, эмоционалдық тұрақтылық, логикалық ойлау, ұлт өкілдері, ой – өріс.

Кіріспе. Шахмат ойыны балабақшада ұлттық құндылықтарды дамытуда маңызды рөл атқара алады. Балабақша — баланың алғашқы әлеуметтік және танымдық дамуы басталатын кезең, сондықтан шахмат сияқты ойындарды енгізу арқылы ұлттық құндылықтарды тәрбиелеуге ықпал етуге болады. Шахмат ойыны балаларға тек логикалық ойлауды дамытуға ғана емес, сонымен қатар олардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылықтарын арттыруға да көмектеседі. Шахмат ойынының шығу тегі туралы бірнеше нұсқа бар. Оның алғашқы нұсқасы Үндістанда б.з.д. 6 ғасырларда пайда болды деп есептеледі. Үндістанда бұл ойынды «Чатуранга» деп атаған. Ол төрт адамның қатысуымен өтетін әскери стратегия ойыны болды. Кейін шахмат Парсы империясына таралып, «Шатранж» деп өзгертілді. Шахмат ойындарының бүгінгі түрі Еуропада пайда болып, 15-16 ғасырларда кеңінен тарала бастады. Сол кезеңде қазіргі фигуралардың қозғалыс ережелері қалыптасты, ал ойынды халықаралық деңгейде ұйымдастыру идеясы 19 ғасырда дамыды. Шахмат – бұл тек ақыл-ойды қажет ететін ойын емес, сонымен қатар оның психологиялық ықпалы да өте маңызды. Ойын кезінде ойыншылардың шешім қабылдау қабілеті мен эмоциялық тұрақтылығы сыналады.

1. Шешім қабылдау қабілеті

Шахматшы әрбір жүріс кезінде көптеген факторларды ескеруі керек. Олардың ішінде қарсылас әрекеттерін болжау, қолдағы ресурстарды тиімді пайдалану және өз жоспарын орындау бар. Бұл дағдылар өмірде де пайдалы – жұмыс орнында, отбасылық қарым-қатынастарда және басқа да әлеуметтік жағдайларда шешім қабылдау қабілетін арттыра

2. Назар аудару және шыдамдылық

Шахматта ойыншы ұзақ уақыт бойы бір стратегияны ұстануы керек, бірақ қарсыластың әрекеттеріне өзгерістер енгізіп отыруы тиіс. Бұл процесс ойыншының көңіл-күйін бақылауға, эмоцияларымен басқаруға үйретеді.

3. Стратегия мен тактика

Шахматта стратегия мен тактика арасындағы айырмашылықты түсіну өте маңызды. Стратегия – ұзақ мерзімді жоспарды құру, ал тактика – қысқа мерзімде қарсыласты жеңуге арналған нақты қадамдар. Ойыншыларға екі бағытта да ойлау дағдыларын дамыту қажет.

Шахмат – бұл әлемде кең таралған интеллектуалды спорт түрі, көптеген елдерде шахмат мектептер мен клубтар арқылы насихатталады. Оның таралуы адамның білім деңгейіне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан барлық жас аралықтарында үлкен қызығушылық туғызады. Шахмат арқылы адамдар өзара бәсекелестікке түсіп, достық қарым-қатынастарын дамыта алады.

1. Шахмат және білім. Әр елде шахмат балалардың логикалық ойлауын дамытатын пән ретінде оқытылады. Бұл ойынды мектеп бағдарламасына енгізген мемлекеттер де көп. Шахматтың математикалық, тілдік және жалпы интеллектуалдық дамуға әсері ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

2. Шахмат және мәдениет. Шахмат ойындары әртүрлі мәдениеттер мен тілдер арасындағы байланысты нығайтады. Әлемдік чемпионаттар мен халықаралық турнирлерде әртүрлі елдер мен ұлт өкілдері өзара бақ сынайды, бұл мәдениетаралық диалогты дамытады.

3. Қарым-қатынас және психология. Шахмат ойыны адамды тек қана стратегиялық тұрғыдан ойлауға үйретіп қоймайды, сонымен бірге қарсыласымен өзара қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Көп жағдайда шахматтық партиялар тек ақыл-ой ғана емес, эмоционалдық тұрақтылық пен бәсекелестік сезімін де тексереді. Бұл ойында ойыншының өзін-өзі ұстауы, сабырлылығы мен қарсыласын сыйлауы маңызды.

Қазіргі кезде шахматтың дамуы жаңа технологиялардың арқасында біршама өзгерді. Компьютерлік бағдарламалар мен жасанды интеллект (AI) шахмат ойынының дамуына зор ықпал етті. Әлемде ең танымал шахмат бағдарламасы Stockfish пен AlphaZero сияқты жасанды интеллект бағдарламалары шахматтың жаңа қырларын ашып, ойынның болашақта қалай дамидынын көрсетіп отыр.

1. Интернет-шахмат. Қазіргі уақытта шахмат ойнаудың ең танымал формасы – интернет арқылы ойнау. Әлем бойынша миллиондаған адам Chess.com, Lichess.org сияқты платформаларда онлайн түрде өзара бәсекелеседі. Интернет арқылы шахмат турнирлері де өткізіліп, әлем чемпиондары анықталады.

2. Шахмат және жасанды интеллект. Шахматта жасанды интеллектпен өткізілген партиялар көпшілікке таныс. Мысалы, IBM Deep Blue бағдарламасы 1997 жылы әлем чемпионы Гарри Каспаровты жеңіп, тарихта қалған оқиға болды. Қазіргі AI жүйелері шахмат ойыншыларына түрлі ұсыныстар жасап, олардың ой-өрісін кеңейтеді.

3. Шахмат және YouTube. Соңғы жылдары шахмат әлемі YouTube және басқа да әлеуметтік медиа платформалар арқылы көпшіліктің қызығушылығын арттырды. Белгілі шахматшылар, мысалы, Magnus Carlsen, Hikaru Nakamura, және Bobby Fischer сияқты тұлғалар әлем бойынша үлкен танымалдылыққа ие. Бұл шахматты жастар арасында танымал етуге көп көмектесті.

Петропавл қаласының жаңашылдыққа бет түзеген мектепке дейінгі мекемелердің бірі «Алтын бесік» бөбекжай - бақшасы» МКҚК балабақшасының ұжымы болып табылады. Мұнда мектепке дейінгі балалардың оқыту-тәрбиелеу іс-әрекетіне, денсаулығын нығайтуға, замануи заманның талабына сай жан-жақты дамуына барлық жағдайлар жасалған.

Баланың тұлғалық, интеллектуалдық және әлеуметтік дамуын жоғарылату, коммуникативтік, инициативтілік, толеранттылық қабілеттерін дамыту мақсатында балабақшаның білікті педагогтарынан тұратын шығармашыл тобы

«Жас шахматшы» атты авторлық бағдарлама жасап, оқыту және тәрбиелеу үрдісіне шахмат ойынын енгізді.

Бұл бағдарлама мектепке дейінгі білім беру мекемесінде жүзеге асырылады және балалар тұлғасының ақыл-ой, физикалық және психикалық дамуының тұтас процесін қамтамасыз етуге бағытталған.

Осы орайда «Алтын бесік» бөбекжай - бақшасы» МКҚК білім ордасында мен дене тәрбиесі нұсқаушысы Бекжанов Талғат Серикович тәрбиелінушілердің шахмат ойынына қызығушылықтарын арттыру мақсатында, әртүрлі сайыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленудеміз.

Қорыта айтқанда, Шахмат ойыны – бұл тек ақыл-ойды дамытатын ойын ғана емес, ол адамның рухани және психологиялық тұрғыдан өсуіне ықпал етеді. Бұл ойын, ең алдымен, стратегиялық ойлау мен есеп-қисапқа негізделген шешімдер қабылдауды талап етеді. Шахматтың әлемі жан-жақты, ол түрлі мәдениеттер мен халықтар арасындағы байланысты нығайтуға да септігін тигізеді. Ал қазіргі заманғы шахмат технологиялары мен интернеттің әсерінен бұл ойын көптеген жаңа қырлары мен мүмкіндіктерге ие болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. Сухин И. Г. «Тек кішкентайларға арналған шахмат» ата-аналар мен балалардың бірігіп оқуына арналған ертегі кітаптар. – Москва, 2013ж.
2. Мектепалды жастағы балаларға шахмат ойынын үйрету. Әдістемелік нұсқаулық. Астана 2013ж.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Бектемиров Канатбек Бекоскенович - Түркістан қаласы, М.Жұмабаев атындағы №15 мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Аңдатпа. Мақалада балалардың сымбатты, көрікті, шымыр, денсаулығы мықты болуы үшін мектептегі дене шынықтыру пәнінің бала өмірінде маңызды рөл атқаратыны жөнінде айтылады. Өйткені дені сау, қимылы ширақ, өзін жеңіл де сергек сезінетін бала ғана қатарының алды, оқушының озаты бола алады. Спортпен айналыспайтын, бойкүйездік пен енжарлыққа бой алдырған баланың денсаулығындағы ақаулық оның мінезіне, жүріс-тұрысына кері әсерін тигізеді. Яғни, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері мектептегі әрбір оқушының саулығына көңіл бөліп, бөлінген уақытты тиімді пайдаланып, олардың әрқайсысымен жеке жұмыс істеп, салауатты өмір салтын қалыптастыра білу керектігі негізге алынған.

Түйін сөздер: дене тәрбиесі сабағы, дене жаттығулары, спорт, салауаттылық

Кіріспе. Кез-келген ұлт балаларының сымбатты, көрікті, шымыр, денсаулығы мықты болғанын қалайды. Міне, осы ретте мектептегі дене шынықтыру пәні бала өмірінде маңызды рөл атқарады. Өйткені дені сау, қимылы ширақ, өзін жеңіл де сергек сезінетін бала ғана қатарының алды, оқушының озаты бола алады. Спортпен айналыспайтын, бойкүйездік пен енжарлыққа бой алдырған баланың денсаулығындағы ақаулық оның мінезіне, жүріс-тұрысына кері әсерін тигізеді. Сондықтан біздер, яғни дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері мектептегі әрбір оқушының саулығына көңіл бөліп, бөлінген уақытты тиімді пайдаланып, олардың әрқайсысымен жеке жұмыс істеп, салауатты өмір салтын қалыптастыра білуіміз керек.

«Дене тәрбиесі» сабағы туралы жалпы ережеге бағына отырып, мектеп сабағы әр түрлі сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, оқу бағдарламасының мазмұнына, оқу күнінің режиміне және сабақ кестесіндегі өзге де жалпы білім беретін пәндердің қатарында өзіндік ерекшеліктерге ие болады. Мұның барлығы сабақ әдістерінде кейбір талаптарды сақтауды қажет етеді.

Біріншіден, әрбір сабақ тақырыптық жоспарға сәйкес алдын ала жоспарланған сауықтыру, іскерлік және тәрбиелік міндеттердің жүйесін шешу керек. Сабақ міндеттерін анықтаған кезде нақты тақырыпты үйренуге бөлінген уақыт көлемін, оқу сатысын, оқушылардың білімділігін, дене дайындығының және олардың тәрбиелілік деңгейін, материалдық-техникалық жабдықталуын есепке алу керек. Міндеттерді айқындау нақты, қысқа және жоспарланған соңғы нәтижені анық көрсететіндей болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушылардың өзара іс-қимылының мақсат бағыттылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, сол сабақтың нәтижесінде оқушылар жинақтаған дене қабілеттерінің, дағдыларының және білімінің өсуі туралы бағалауға да мүмкіндік жасайды. Міндеттерді ұсынғанда жаттығушылардың танымдық мүмкіндігі және олардың, көп реттерде көңіл күйі мен қажеттілігі есепке алынады. Мысалы, төменгі сыныптарда міндеттер әдетте нақты түрде (тура жолмен жылдам жүруді үйрену), орта сыныптарда арнаулы атауларды ендірумен (қысқа қашықтыққа жүгіруде адым техникасымен таныстыру), жоғары сыныптарда танымдық белсенділікті артыру түрінде (оқушылар қызметін белсенді ету) баяндалады. Бір сабақта жаңа материалды үйрену немесе бұрын игерілгенді жетілдірумен байланысты 2-3 міндетті шешуі ғана тиімді.

Екіншіден, оқу материалының құрамы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес келуі керек және көлемі тиімді болуы қажет (сабақтың ұзақтығы, оқушылар саны, т.б.). Бағдарламадан тыс материал үйретудің жекелеген мақсатында ғана міндетті емес, қосымша материал түрінде ұсынуы мүмкін.

Үшіншіден, әрбір сабақ ұйымдастырылу тұтастылығымен және логикалық аяқталумен, педагогикалық міндеттердің бағыттылығымен, оқу материалының мазмұны, бұрынғы және алдыңғы сабақтардың көлеміне және жеделділігіне

байланысты болуы керек. Оны ішінде үйренетін тақырып деңгейіне ғана емес, оқу бағдарламасының таралуына да тәуелді.

Төртіншіден, үйрету мен тәрбиелеуде қолданылатын тәсілдер сабақтың міндеттерін есептей отырып ұсынылады. Мысалы, теориялық материал іс жүзінде жаңа болса немесе төменгі сынып оқушыларына баяндалатын болса, міндеттері – білімді түсінік деңгейінде қалыптастыру және берік есте сақтау болса, онда фактілерді баяндау, түсініктерді анықтау немесе хабарларды жеткізу әдісі қолданылады. Егер міндет – шығармашылық ойлауды және жеке дара қабілеттерді дамытуды ұсынса, онда айтылғандармен байланыстырыла түсіндіру, оқушыларды қатыстыру әдістері пайдаланылады.

Бесіншіден, сабақ кезінде оның мазмұнының барлық элементтері өзара тиімді байланысып, оқушыларға жан-жақты әсер етуі қажет. Мысалы, дене жаттығуларының мазмұны және қайталануы білімдік тиімділігін ғана емес, дене және адамгершілік қасиет-қабілеттерін, сезімталдықты дамыту, танымдық қызығушылықты кеңейту, оны тереңдету керек. Оқу қызметін ұйымдастыру түрлерінің өзара іс-қимылы жекелік элементтерінің ұжымдық жұмысқа қосылуымен қамтылады.

Алтыншыдан, сабақтың барлық кезеңінде кезекті жұмыстарға оқушылардың қозғалыс дайындығын қамтамасыз ету және бос болмауын қадағалау қажет, ол үшін жаттығулар арасында үзілістерде оқушылар жолдастарының бұрын бақыланбаған іс-қимылын талдау негізінде алдағы іс-әрекетті ойластыруға дайындалады. Өзара көмек көрсетуге, белсенді демалысты қамтамасыз ететін тапсырманы орындауға қатыстырылады. Оқушылар қызметін бұлай ұйымдастыру педагогикалық мүмкіндіктерді кеңейтіп, сабаққа уақытты тиімді пайдалануға және тәртіптің сақталуына әсер етеді.

Жетіншіден, әрбір сабақты ынталандыру мен реттеуді және ұйымдастыруды қамтитын оқушылар қызметін басқару қамтамасыз етілуі қажет. Ол талдау, оқу тапсырмасының орындалуын бағалау және жаттығушылардың өзіндік сезінуін есептей отырып денеге түсетін күшке организмнің реакциясы негізінде жүзеге асырылады. Оқушылар қызметін басқару оқу хабарларын белсенді қабылдауды ұйымдастырып, оқу материалының мазмұның түсіну үшін танымдық белсенділік пен зейінді бірқалыпты ұстауды қарастырады. Мұны жүзеге асырудың дидактикалық жағдайлары мынадай: сөзбен баяндаудың сапасы мен көрнекі құралдарды ұсыну; үйренушілердің зейіні төмендеген кезеңде бақылау сұрақтарын пайдалану; түсіндіргеннен кейін, іле, жаппай сұрау; алынған білімді, қимылды іс жүзінде, үлгі бойынша стандартты емес жағдайда қолдану; бұрынғы тапсырма нәтижесінің тиімділігіне сәйкес денеге түсетін күш пен ойлау жүйесін реттеу. Сабақта оқушылар қызметін басқару ісінде мұғалімнің әсерлі жағдай туғызу біліктілігіне едәуір маңызды болмақ. Бұған оқушылардың жаттығуға қызығушылығы мен ықыласын, жаттығу белсенділігін көрсету деңгейін, көңіл-күйін, ырғағын, қарым-қатынас стилін, сөз мәнерін өзгерте білуін, ымдау белгілерінің айқындық дәрежесін, т.т. көптеген нәрселерді жатқызуға болады.

Біз әрдайым мектептегі жас жеткіншектердің дұрыс білім алып, салауатты өмір салтын қалыптастырып кетулері жолында бар күш-жігерімізді аямаймыз. Өйткені бұл біздің халық алдындағы азаматтық борышымыз. Қашан да салауатты өмір салты туралы сөз болса, негізінен спорт пен дене шынықтыру бірінші болып ауызға ілінеді. Бұл заңды құбылыс та. Себебі, дене шынықтыру немесе арнайы спорт түрімен ұдайы шұғылданушының сыртқы пішімінің өзі салауаттылық эталоны ретінде қабылданып жүр емес пе? Салауаттылық негіздерінің мектеп жасында қалыптасқандығын ескерсек және орта білім беру мекемесінде салауатты өмір салтын насихаттап, балалардың жан-жақты өсіп жетілуіне жағдай туғызып, қамқорлық жасау отбасы мен мектеп педагогикалық ұжымына міндеттелгенмен, басты орын дене тәрбиесі мұғаліміне берілетіні даусыз. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық серпіліс жағдайындағы құзырлығы жоғары, денсаулығы мықты өскелең ұрпақ тәрбиелеп шығару білім мекемелерінде жаңа тұрпаттағы ұстазды, соның ішінде дене тәрбиесі пәні мұғалімін қажет етеді.

Қорыта келе, қазіргі білім кеңістігіндегі ұстаз дене тәрбиесінің базалық мазмұнын сапа тұрғысынан жаңартуға көңіл бөліп, сабақ берудің оқытушылық, себеп-салдарлық және әлеуметтік негіздерін нығайту, нәтижеге бағытталған оқу үрдісін қалыптастыруды көздейтін шығармашыл педагог болуы керек.

Қалай болғанда да балаларға тәрбие беруде денсаулықтың аса қажет екенін түсіндіріп отыру ғана болашақтың дені сау азаматын тәрбиелеуге жол ашады. Біз мұны өз тәжірибемізден байқап жүрміз және осы салада жұмыс жасап келеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. М.И. Адамбеков, М.Ш.Тұяқбаева, Е.Қ.Уанбаев. Жалпы білім беретін мектептерде дене тәрбиесі сабағын жүргізу әдістемесі (Әдістемелік ұсыныстар, 2012 ж.)
2. Әбділлаев Ә.К., Мухамеджанов Б.Қ. Дене мәдениеті. Түркістан. 2008 ж.
3. Е.Уақбаев. Қазақстанда дене тәрбиесі жүйесінің дамуы. – Алматы: Санат, 2000ж.

ҰЛТ ДЕНСАУЛЫҒЫ – ҰЛТТЫҚ ДАМУДЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Билибаева Фарида Аманбаевна, Бисембаева Айгүл Сейітмұратқызы
ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі
орталығының мамандары

Аңдатпа. Ұлт денсаулығы – мемлекеттің ең маңызды құндылығы, ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі болып табылады. Ұлт денсаулығының негізі балалық шақта қаланады. Осы себепті бұл мақалада баланы ерте шақтан бастап дене шынықтыру мен спорттық даярлыққа және оған ең қолайлы мүмкіндіктер туғызуға ерекше ден қойылуы керек екендігіне баса назар аударамыз.

Түйін сөздер: ұлт денсаулығы, психикалық денсаулық, физикалық денсаулық.

Кіріспе. Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Сондықтан, ұлттық байлықты тең бөлу және баршаға бірдей мүмкіндік беру – реформаның басты мақсаты. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды. Қуатты ұлттың дінгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы деп мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында ұлт денсаулығына ерекше тоқталып өткен болатын.

Ұлт денсаулығы – мемлекеттің ең маңызды құндылығы, ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі болып табылады. Адам капиталының сапасы халықтың денсаулығына тікелей байланысты, себебі сау ұрпақ – елдің болашағы. Ұлт денсаулығының негізі балалық шақта қаланады. Сондықтан мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуға ерекше көңіл бөлу керек. Осы мақалада мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды топтағы балалардың денсаулық тәрбиесі мен дамуына қатысты маңызды мәселелер талқыланады.

Ұлт денсаулығының маңыздылығы денсаулық – бұл тек аурудың болмауы ғана емес, сонымен қатар адамның физикалық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан жақсы күйде болуы. Ұлттың денсаулығы – бұл мемлекет тұрақтылығының, оның экономикасының және халықтың өмір сүру деңгейінің көрсеткіші. Денсаулығы мықты халық: еңбек өнімділігін арттырады; елдің экономикалық өсімін қамтамасыз етеді; әлеуметтік мәселелердің азаюына ықпал етеді. Сондықтан кез келген мемлекет ұлт денсаулығына басымдық беріп, денсаулық сақтау жүйесін, білім беру бағдарламаларын және салауатты өмір салтын насихаттау шараларын жетілдіруі тиіс.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулығы, мектепке дейінгі кезең – бұл баланың дене мүшелері мен жүйелерінің қарқынды дамидың шағы. Дәл осы

кезде дұрыс өмір салты мен денсаулық сақтау дағдылары қалыптасады. Мектепке дейінгі ұйымдар балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда маңызды рөл атқарады.

1. Балалардың физикалық денсаулығы.

Балалардың физикалық денсаулығын сақтау үшін мынадай шаралар қабылдануы керек: Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-ірекеттеріне балалар күнделікті жаттығулар, спорттық ойындар мен серуенге қатысуы тиіс. Бұл дене бұлшықеттерінің дамуына, иммундық жүйенің нығаюына ықпал етеді.

- Гигиеналық талаптарды сақтау: жеке бас тазалығы, дұрыс киіну және қоршаған ортаның тазалығы – баланың физикалық саулығының кепілі.

- Салауатты тамақтану: балаларға дәрумендерге бай, табиғи және теңдестірілген тағамдар беру қажет. Бұл олардың ағзасының өсуіне және дұрыс дамуына әсер етеді.

2. Психологиялық денсаулықты қолдау

Баланың эмоционалдық күйі оның жалпы денсаулығына әсер етеді. Сондықтан тәрбиешілер мен ата-аналар балалардың психологиялық жай-күйін бақылауда ұстауы керек: балалардың өзін еркін сезінуі үшін жылы әрі қолдау көрсететін орта құру; қорқыныш пен уайым сезімін жою, балалардың сенімділігін арттыру; ойындар мен шығармашылық арқылы баланың эмоцияларын дамыту.

3. Әлеуметтік дағдыларды дамыту

Балалардың мектепке дейінгі кезеңде құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас орнатып, әлеуметтік ортаға бейімделуі маңызды. Бұл оларды болашақта жаңа ортаға тез үйренуге және ұжымда жұмыс істеуге дайындайды.

4. Табиғатпен тығыз байланыс

Балаларды табиғат аясында серуендету, өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру олардың денсаулығы мен танымдық қабілеттеріне оң әсер етеді. Бұл баланың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін оятып, психологиялық жай-күйін жақсартады.

Сонымен қатар денсаулық сақтау шараларының тиімділігі мектепке дейінгі және мектепалды топтарда денсаулықты сақтау мен нығайтуға арналған жүйелі шаралар жүзеге асырылған жағдайда жүзеге келеді; балалардың физикалық дамуы жақсартады; жиі аурушандықтың алдын алуға болады; психологиялық тұрақтылық пен өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейі қалыптасады. Бұл болашақта сау және белсенді азаматтардың қалыптасуына негіз болады.

Жалпы денсаулықты сақтау үшін пайдалы, адам өміріне зиянын тигізбейтін тағамдарды тұтыну, спортпен шұғылдану қажет, жақсы ұйықтап, таза ауамен демалған да өте пайдалы. Адам денесінің көп бөлігі судан тұрады. Сондықтан күніне кем дегенде бір-екі литр су ішу керек. Адамдар ауырып қалса, дәрігерге бармай, өз беттерімен емделеді. Бұл дұрыс емес. Себебі біз ауырып тұрған жерімізді емдеп, басқа ағзаға зиян келтіруіміз мүмкін. Сол себептен ауырып қалған жағдайда дәрігерге барып, дұрыстап тексеріліп, жазып берген дәрісін ішкен жөн.

Адамның басты байлығы – Денсаулық. Денсаулығымыз – байлықтан да қымбат. Біз үшін Денсаулықтан артық бағалы зат жоқ. Денсаулығымыз жақсы болу үшін салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы зор. Тәуелсіз мемлекетіміздің тірегі болар жас ұрпақтың дені сау болса ғана биік шыңдарға қолы жетері, халқына қызмет етері даусыз. Осы орайда жоспарланған бойынша «Салауатты өмір салты – дене тәрбие орталығының өмір қалпы» деген ұранмен спорттық іс-шаралар, мерекелер, семинар конференциялар қалааралық, республикалық өткізіліп тұрады. «Дені сау ұлт – жалпы ұлттық міндет. Салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау жұмысын жандандыру керек. Сонымен қоса, баланы ерте шақтан бастап денешынықтыру мен спорттық даярлыққа және оған ең қолайлы мүмкіндіктер туғызуға ерекше ден қойылуы керек екендігіне баса назар аударуымыз үлкен міндетіміз. Міне, осы жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында, дені сау, дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын тәні сау ұрпақ тәрбиелеу мақсатында дене тәрбиесі орталығы осындай іс-шараларды үнемі өткізіп біздің еліміз үшін дені сау, дарынды, білімді, жігерлі ұрпақтардың тәрбиелеуіміз қажет.

Қорыта келе, ұлт денсаулығы – мемлекет болашағының негізгі көрсеткіші. Балалардың денсаулығына қамқорлық жасау – мемлекеттің ең басты міндеті. Әсіресе, мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту елдің ұзақ мерзімді дамуына тікелей әсер етеді. Балалардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік денсаулығына кешенді түрде көңіл бөлу арқылы біз дені сау, табысты ұлт құра аламыз. Дені сау ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі!

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. [/https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy](https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy).
2. «Салауатты өмір салты» кешенді бағдарламасы туралы /adilet.zan.kz /kaz/docs.
3. А.Т.Ақажанова, Б.П.Мырзатаева «6-7 жастағы балалардың ұлттық психологиясын қалыптастыру» оқу әдістемелік құрал-2008жыл
4. Аймауытұлы Ж. Психология. - Алматы: Рауан, 1995 ж.
5. Қалиұлы С.Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы: оқу құралы. - Алматы: Білім, 2003 ж.

САУЫҚТЫРУ - ШЫНЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫНЫҢ БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТИГІЗЕР ПАЙДАСЫ

Букирова Жумагуль Молдабековна - Алматы облысы, Қонаев қаласы «Ақдидар» бөбекжай-балабақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы

Аңдатпа. Бұл мақалада балалардың денсаулығын нығайту, физикалық және психоэмоционалды жағдайын жақсарту, әлеуметтік дағдыларын дамыту мақсатында өткізілетін зерттеулер қарастырылған.

Түйін сөздер: денсаулық, әлеуметтік дағдылар, сауықтыру.

Кіріспе. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесін сапалы дәрежеге келтіру қазіргі Қазақстанның білім беру саласындағы өзекті мәселенің бірі болып табылады. Осы маңызды жұмысты іске асыру барысында тарихи ел арасында қалыптасқан ойын түрлері баланың денесін шынықтыру барысында ұтымды пайдалануды зерттеу маңызды сала болып табылады, себебі халық арасында таралған ойындар баланың сүйіп ойнайтын және оның күш-жігерін жетілдіретін әсерімен ерекшеленеді. Соңғы жылдарда зерттелген көптеген ғылыми еңбектердің негізгі тұжырымдамасы бойынша осы мектеп жасына дейінгі балалардың дене шынықтырудың нақты бір мақсаты бағытпен дамытқанда ғана денсаулығы нығайып, жұмыс жасау қабілеті дамып жеке тұлға болып қалыптасуына тікелей әсері бар екендігі дәлелденуде.

Зерттеудің мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жағынан тәрбиелеудің басты мақсаты – балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық, ептілік пен жылдамдық қасиеттерін қалыптастыру.

Зерттеудің міндеттері:

1. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту
2. Балалардың жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу лақтыру негізгі қимыл әрекеттерін дамыту.
3. Балалардың салауатты өмір салтын ұстауға тәрбиелеу.

Зерттеудің өзектілігі

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған дене шынықтыру іс –әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктеріне қарай іс-әрекетіне дайындау кіріспе бөліміне оның мақсаты балаларды ұйымдастыру олардың назарын жинақтау, эмоциялық қалыпқа келтіру, баланы күрделі жаттығулар жасауға әзірлеу болып табылады. Жаттығу барысында балалардың дене бітіміне, денесін, басын ұстауы мен қол, аяқтарының қимылдарын нық басуға аяқ алысына, жүгіру жеңілдігіне мән берілуі керек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі дене қимылдарына жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, еңбектеу, өрмелеу, асып түсу, шығу, тепе-теңдікті сақтау түрлерін дұрыс қалыптастыру. Дене шынықтырудың қимыл қозғалыс ойындары арқылы жүзеге асыру балалардың дене мүшелері мен көңіл күйлеріне қатты әсерін

тигізеді. Қимыл-әрекетке толық жағдай жасаудың, барлық бала ойыннан қуаныш табуға мүмкіндік жасаудың маңызы зор.

Балабақшада балалардың қалыпты өсіп жетілуіне барлық жағдай жасалған, ойын бөлмесі, спорт бөлмесі талапқа сай жабдықталған. Балабақшада сонымен қатар ертеңгілік жаттығулар барлық топтарда жүргізіледі.

Ертеңгілік жаттығудың маңызы сан алуан, ол организмнің тіршілік әрекетін арттырады, ұйқыдан кейін нерв жүйесін сергітеді, ұйқыдан ширақтыққа ауысу уақытын қысқартады. Ертеңгілік жаттығу балалардың зеректігін, мақсатқа жетуге ұмтылысын қалыптастырады, ақыл-ой қызметін арттыруға көмектеседі, эмоция мен қуанышты сезім туғызады және тұлғаны дұрыс қалыптастыруға әсер ете отырып, тыныс алуды тереңдетеді, қан айналысын күшейтеді, зат алмасуға көмектеседі.

Балалардың дене тәрбиесі бағдарламасының сауықтыру және тәрбиелі білім беру міндеттері әр түрлі формада жүзеге асырылады.

Балабақшадағы дене тәрбиесінің ұйымдастыру түрлері:

Таңертеңгілік жаттығулар, спорттық жаттығулар, қимыл-қозғалыс ойындары, серуен, спорттық мерекелер, ойын сауықтар.

Қимыл-қозғалыс ойындары балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасайды, организмді сауықтыруға көмектеседі, балалардың өмірін жаңа мазмұнмен байытады, олардың сезімін, мінез-құлқын, қоршаған ортада бағдар ұстауын, дербестігі мен шығармашылық инициативасын қалыптастыру. 3-5 жас балалар үшін іс-әрекетінің ұзақтығы 15-25 минут және үш бөлімнен тұрады.

Кіріспе бөлім. Шеңбер бойымен жүру, жүгіру, секіру, әр түрлі қызықты жаттығулар 4-5 минут.

Негізгі бөлім. Жалпы дамыту жаттығулары 3-5 минут, негізгі қимыл қозғалыс түрлері 5-7 минут.

Қорытынды бөлім. Қимылы аз ойындар 3-5 минут, нүктелі массаж және тыныс алу жаттығулары 2-3 минут.

Бала денесінің өсуіне орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындау үшін мына жабдықтар пайдаланылады. Олар: құрсау, таяқша, орташа доп, бұрымша, жалауша, орамал, текше, үлкен үрлемелі доп, құм салынған қапшық. Осы жабдықтарды пайдаланғанда жаттығудың маңыздылығы артады. Қимыл - қозғалыс жаттығуын орындағаннан балалардың аяқ, қол бұлшық еттері шынығады. Тұлғасын дұрыс қалыптастырады. Күн тәртібіндегі күнделікті серуен де бала денсаулығына көп әсерін тигізеді. Ойынның балаларға тигізетін әсері мол.

Табанды шынықтыру массажы.

Табанға массаж – өте тиімді пайдалы денені шынықтырудың түрі. Бұл табан бөлігіндегі активті нүктелерге қалыптасу үшін керек. Табанға арналған төсеніш үстерімен үйрекше жүру.

Сауықтырудың ең қажетті жағдайы таза ауадағы қозғалыс ойындары болып табылады. Сауықтыру жұмыстарында тұзды төсенішпен жалаң аяқ жүру, суық сумен су құю, сулы қолғаппен сүртіну, нүктелі төсеніштермен жүру сияқты

шынықтырудың дәстүрлі тәсілдерін қолдануға болады. Сонымен қатар балабақшада жоспар бойынша сауықтыру іс- шаралары өткізіледі.

Жалпы жетілдіру жаттығулары:

1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады.
2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.
3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу.
4. Балалар төсекте отырып, бір-біріне сәлемдесу.

Ұйқымызды ашайық,

Қолымызды созайық.

Нұсқаушы жаттығу туралы айтып, оның орындалуын көрсетеді. Осындай әдіс-тәсіл балаларды жаттығуды қалай орындау керек екенін, ал нұсқаушы жаттығу кезіндегі қателіктерін тез түзеуге мүмкіншілік береді. Әр балаға спорттық құралдар таратылып, жаттығу содан кейін басталады. Жалпы дамыту жаттығулары тыныс алу мүшелерінің дамуына өте пайдалы. Негізгі тыныс алу жолдарын дамытатын жаттығулар қабырға аралығындағы ет, іштің бұлшық еті бұлар терең тыныс алуына көмектеседі. Арнаулы тыныс алу жаттығуларын нүктелі массажбен бірге орындаған пайдалы. Дем алу жаттығуы және нүктелі массаждың мақсаты тек суық тию ауыруынан сақтану емес, баланың көңіл- күйін көтеріп, өз денсаулығына жауаптылығын, өзіне-өзі көмектесіп денсаулығын түзеуіне пайдасы зор. Нүктелі массаж және тыныс алу жаттығулары пайдалы ойлау қабілетімен дене күшін дамытады. Арнаулы дем алу жаттығулары, оң және сол танау арқылы жасалған жаттығулар, мидың қабілеттілігін арттырады. Тыныс алу бұлшық етін шынықтырып, жұмыс қабілетін арттырып, әр түрлі ауырулардан сақтайды.

Дұрыс тыныс алу үшін, тыныс алу бұлшық еттері жақсы жетілген болу керек. Мектеп жасына дейінгі балалардың тыныс алу жолдары нәзік, сондықтан оларды тыныс алу жаттығуларымен шыңдау керек. Жалпы дамыту жаттығулары тыныс алу мүшелерінің дамуына өте пайдалы. Негізгі тыныс алу жолдарын дамытатын жаттығулар қабырға аралығындағы ет, іштің бұлшық еті бұлар терең тыныс алуына көмектеседі. Арнаулы тыныс алу жаттығуларын нүктелі массажбен бірге орындаған пайдалы.

1. Алақандарын бір-біріне үйкеп жылытады.
2. Сұқ саусақпен мұрынның астындағы нүктені басады.
3. Сол жақ мұрын тесігі арқылы ауаны ішке тартып (оң жақ мұрын тесігін саусақпен жауып тұрады), оң жақ мұрын тесігі арқылы демді шығарады (бұл кезде сол жақ мұрын тесігін жауып тұрады).
4. Мұрын қуысы арқылы ауаны ішке тарту және ауыз қуысы арқылы ауаны баяу шығару.

Жалпы денеге арналған жаттығу-балалардың денсаулығын нығайтып, дене, қолдың саусақтарын ашып-жұму бітімін жақсы қалыптастырады.

«Ойын – өсіп келе жатқан бала организмнің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып денесі шыңдалады, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың

ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады. Баланың басты қызметі-ойын, сонымен ол өзін және қоршаған ортаны таниды.

Қорыта келе, ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады. Балалардың алғашқы қоғамдық ойындары құм кеңістігінде туындайды. Құммен ойын әдістемесін балаларға үш жасынан қолдануға болады. Құммен ойын-жаттығуларда баланың қолы белсенділік таныта отырып, қоршаған ортамен танысу жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы балаларға сауықтыру-шынықтыру шараларын ұйымдастыру нәтижесінде балада дененің дұрыс қалыптасуы, аурудың алдын алу, қозғалыс ойынын қызыға ойнауы, шапшаңдық, күштілік, жылдамдық қасиеттерінің қалыптасуы, жалпақ табандылықтан айығуы, ауа райының кез-келген жағдайында ұзақ серуендеуге бейімделуі байқалады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Мектепке дейінгі тәрбиеде 5-6 жасар балаларды дене шынықтыру тәрбиесіне баулу» Тұрыскелдина М.Т.;
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
3. «Денсаулық- балалық шақтан» Р.Әділбекова;
4. «Бала мен балабақша» журналы №8, 2015ж;
5. «Мектепке дейінгі ұйым» журналы №7, 2015ж;
6. «Шымыр болса денеміз, Сау болады деніміз» әдістемелік құрал Еденбаева Зәуре Дөненбекқызы.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жаңа құрылыс ауылы «Айгөлек»
бөбекжайының дене тәрбиесінің нұсқаушысы

Бейсембаева Ғалия Арсланқызы

«Баланы тәрбиелеу - демек оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу»

А.С.Макаренко

Аңдатпа. Мақалада инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың физиологиялық дағдыларын дамыту мәселелері қарастырылады. Зерттеу заманауи әдістерді енгізудің тиімділігі мен олардың оқыту үрдісіндегі рөлін талдауға бағытталған. Нәтижелер физикалық дағдыларды қолдауға арналған әдістемелік ұсыныстарды қамтиды.

Түйін сөздер: Инновация, технология, физикалық даму

Кіріспе. Бүгінгі таңда баланың физикалық, психологиялық және рухани дамуын қамтамасыз ету үшін инновациялық технологияларды білім беру процесіне енгізу қажеттілігі арта түсуде. Балабақша – баланың алғашқы тәрбие мен білім алатын орны болғандықтан, мұнда қолданылатын әдістер мен құралдардың сапасы баланың даму деңгейіне айтарлықтай ықпал етеді. Бұл орайда инновациялық технологиялар мен ұлттық құндылықтарды үйлестіре отырып тәрбиелеу – жаңа заман талабына сай келетін тиімді әдіс.

Инновациялық технологиялар баланың физикалық дағдыларын дамытуда ерекше рөл атқарады. Физиокалық дағдылар – бұл қимыл-қозғалыс үйлесімділігі, моторикалық икемділік, күш-қуат пен төзімділікті қалыптастыруды қамтитын қабілеттер. Балабақшада заманауи технологияларды қолдану арқылы балалардың осы дағдыларын жетілдіруде жаңа мүмкіндіктер ашылады. Мектепке дейінгі ұйымның басты міндеті – ол баланың денсаулығын нығайту, сапалы тәрбие мен білім беру, жан жақты дамыту болып табылады. [1].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады, біліктер мен дағдылардың қалыптасу деңгейін қадағалау үшін оқу жылына арналған баланың жеке даму картасын әзірлейді. Мектептегі мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күннің бірінші немесе екінші жартысында білім беру ұйымының оқу-тәрбиелеу процесінің кестесіне сәйкес кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланады.

Мақсаты денсаулық сақтау технологиясын қолданып, балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимылқозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту болып табылады.

Міндеттері: балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту, спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту, дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту, дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту, балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау. [2]. Мен өз тәжірибемде В.Воскобовичтің дамыту ойындар технологиясын дене шынықтыру іс-әрекеті мен сауықтыруларда қолданудамын. Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекет барысында В.Воскобовичтің дамытушы ойындарын қолдану – ойынның көпсалалығын білдіреді. Мысалы : «Түрлі түсті шаршыларды», «Ғажайып пішіндер», «Ойын дидар» құралдары мен «Күлгін орман» дамытушы орта элементтерін денешынықтыру ұйымдастырылған іс -әрекетінде тиімді қолданудамын. Дамытушы ойындарының әр құраларында жүйелілік

байқалады. Өйткені бір ойынды бір неше рет ойнап қана қоймай, әр ойнаған сайын басқа бір қыры ашылалды. Бала ересектердің көмегісіз ойнап, өзіне ғана белгілі бір қиял әлемінде жүре алады.

Интерактивті құрылғылар, мультимедиялық бағдарламалар, дене шынықтыруға арналған арнайы тренажерлар балалардың қызығушылығын арттырып, физикалық белсенділігін күшейтеді. Мысалы, интерактивті тақта арқылы балаларға әртүрлі спорт түрлерін меңгеруге арналған жаттығулар ұсынуға болады. Мұндай технологиялар балаларды ойын арқылы оқытуға мүмкіндік беріп, олардың мотивациясын арттырады. В.Воскобовичтің дамыту ойындар технологиясы негізінде «Капитан Қаздың тапсырмалары» тақырыбында өткізілген іс-әрекетінде флип чарт пен жасанды интеллект арқылы жасалынған кейіпкерлер бүлдіршіндерді қызықтыра түсті. Балалар Капитан Қаздың тапсырмаларын басқа кейіпкерлермен бірге орындап, түрлі кедергілерден өтіп, мәреге жетті. [3].



Физикалық дағдыларды дамыту үшін ұлттық құндылықтарға негізделген әдіс-тәсілдерді енгізу ерекше маңызды. Қазақ халқының бай мәдени мұрасы бала тәрбиесінде зор рөл атқарады. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу баланың тек дене қимылдарын ғана емес, рухани және эмоциялық дамуын да қамтамасыз етеді. Ұлттық ойындар – бұл балалардың қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамытуда тамаша құрал. Мысалы, мен «Бестемше» ойынын ойнатқанда баланың логикалық зияткерлік ойлауының жетілдіруімен қатар, ұсақ моторикасын жақсартуға көмектесетініне септігін тигізгенін байқадым. Мектеп жасына дейінгі балада ойынды үйрену барысында оның бойында стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті қалыптасады. Сонымен қатар «Аландағы бестемше» ойыны барысында балалар әр ойыншының пікірімен санасады. Команда капитанын сайлайды. Бұл ойында тактика, алдын ала ойлау дағдылары мен командалық рух, бәсекеге қабылеттілік дағдылары дамытылатынына көзімді жеткіздім. Ал «Ақ сүйек», «Арқан тарту» секілді ойындар балалардың денсаулығын нығайтып, ұжымдық жұмысқа деген дағдыларын дамытады. Балалардың денсаулығы мен жан саулығын нығайтуда ұйымдастырылған іс әрекеттерінде, серуен кезінде, сергіту сәттерінде ұлттық ойындарды балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып қолданумен бірге,

«Қазақша күрес», асық ойындарынан үйірме арқылы жүзеге асырып отырудамын. Мектеп жасындағы балалардың дене шынықтыруы мен сауықтыруларында қазақтың ұлттық ойындарын пайдалану арқылы балалардың тілдерін дамытып, ұлттық бағытта тәрбиелеуді көздейді. [4].



Ұлттық би элементтерін дене шынықтыру іс – әрекеті барысында қолдану - физикалық және эстетикалық дамуға ықпал етеді. Қазақ халқының билері балаларды қимыл-қозғалыс үйлесімділігіне, ырғақ сезіміне, дене пластикасына үйретеді. Балабақшада бұл билерді балаларға ақпараттық коммуникативтік технологиялар арқылы үйретуге болады. Мысалы, ұлттық би қимылдарын жасау тәсілдерін вертуалды кейіпкерлер мен жаттықтырушылар арқылы пайдалану балалардың қызығушылығын арттырып, олардың жаттығуларды жеңіл әрі тез меңгеруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, балаларда ырғақты қимыл дағдылары дамыта түседі.

Ұлттық құндылықтар негізінде білім беру, мектеп жасына дейінгі балаларда қазақтың ою-өрнек жасау, тігін тігу, киіз басу сияқты дәстүрлі қолөнері балалардың шығармашылық қабілеттерін жетілдірумен қатар, олардың шыдамдылық, дәлдік және ептілік дағдыларын қалыптастырады. Осындай іс-шаралар ұлттық мұраны ұлықтаумен қатар, баланың тұлғалық қасиеттерін дамытуға септігін тигізеді. Сондықтан сурет салу, жапсыру дағдыларын дамыту мақсатында дене шынықтыру іс-әрекетін интеграциялау өте маңызды. [5].

Инновациялық технологиялар мен ұлттық құндылықтарды үйлесімді түрде енгізу – балабақшаның білім беру және тәрбие беру үдерісін тиімді ұйымдастырудың бірден-бір жолы. Мысалы, интерактивті платформалар арқылы ұлттық ойындар ұйымдастыру немесе ұлттық мәдениетке негізделген бейне сабақтарды өткізу балалардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, олардың мәдениетке деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, балабақшаларда робототехника, STEM бағыттары мен мультимедиялық сабақтарды ұлттық құндылықтармен байланыстыру арқылы инновациялық тәрбие беру әдістерін жаңа деңгейге көтеруге болады. [6].

Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі ұйымда инновациялық технологиялар мен ұлттық құндылықтардың үйлесімді қолдануы балалардың физикалық, психологиялық және рухани дамуына зор ықпал етеді. Мұндай тәсіл баланың денсаулығын нығайтып, қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіреді, сонымен бірге оны ұлттық мәдениет пен дәстүрге жақындатып, рухани байлыққа баулиды. Осылайша, балабақшадағы білім беру мен тәрбие беру үдерісі заман талабына сай жаңа биіктерге көтеріледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Ханжиева А.Я. ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ФИЗИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА // Современные проблемы науки и образования. – 2007. – № 12-1. ; URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=4033> (дата обращения: 09.01.2025).
2. «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы, 2010
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы.
5. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Астана қ. 2022 ж.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Демеуов Ахан Калыбаевич - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Алтаева Гульноза Нурсеитовна -п.ғ.м., аға оқытушы,
Төлеген Ерман- СТ-24-4к2 тобының студенті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Андатпа. Жастардың дені сау болу үшін ұстаздар жақсы дәстүрлер мен әдеттерді қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын сақтаудың қажеттілігі және оны іске асырудың жолдарын үйретуі қажет. Балалық шақтан бастап дене

шынықтыру мен спорттық даярлыққа және оған ең қолайлы мүмкіндіктер туғызуға ерекше ден қоюымыз керек. Салауаттылық дегеніміз - адам тіршілігіндегі күнделікті қимыл-әрекет, тамақтану, ойлау, әдет, тұрмыстық қарым-қатынас, қимыл-әрекеттер жүйелерінің жиынтығы.

Сауықтыру шаралары ағзадағы физиологиялық өзгерістерді жақсарту мен денені шынықтыруға бағытталған-бұған таңертеңгілік бой жазу жаттығулары, сабақ үстінде өткізілетін сергіту жаттығулары, үзіліс кезінде жасалатын жаттығулар топтамасы мен ойындар, сабақтан тыс уақытта өткізілетін спорт түрлері бойынша секция жұмыстары, дұрыс сымбатты болуға арналған жаттығуларды дұрыс қалыптастыруға, сондай-ақ дене шынықтыру мерекелерін ұйымдастырудың түрлеріне де көпмән берілген.

Мектеп оқушыларының дене шынықтыру жүйесінің мақсаттары әр уақытта ауысып тұрады. Бірақ оқушы жастардың дене шынықтыру мақсаты әрқашан жоғары нәтижеге жету емес, ең негізгісі олардың денсаулын нығайту болып табылады. Қазіргі дене шынықтырудың теориясының негізін салушылар: дене жаттығулары тазалық сақтау (гигиеналық) шараларды және табиғаттың нақты күштерінің өсіп келе жатқан ағзаға тигізетін әсерінің ұйымдастырылған процесі, денсаулықты жағымсыз зиянды әрекеттерден қорғау және нығайту, жеке бастың үйлесімді дамуы, қоғам талаптарына сай білімнің дұрыс және дағдының дұрыс қалыптасу мақсатында жүзеге асыруды негізгі бағыт деп есептейді және есептеуіміз керек.

Түйін сөздер: дене шынықтыру, дене тәрбиесі, ерекшеліктер, қимыл-әрекеттер, заманауи, қолдану, ұйымдастыру, қимыл-әрекеттер.

Кіріспе. Тәуелсіз еліміздің дамыған мемлекеттер қатарына қосылу үшін ең басты бағытымыз – халықтың білім деңгейін, оқыту мен тәрбие сапасы бүгінгіден әлдеқайда биікке көтеру қажет екені сөзсіз. Өйткені білім – әрбір өркениетті елдің ең алдымен назар аударатын өзекті саласы.

Егемен елдің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақ десек, олардың білімі де, білікті, жан-жақты жетілген жоғары мәдениетті, парасат пайымы мол, саналы азамат болып жетілуі тәлім-тәрбие беретін ұстазға, ата-анаға, өскен ортасына байланысты. Сондықтан білім саласы қазіргі заманның ұрпағын тәрбиелеуші орта ретінде оқушылардың бойына арнайы адамгершілікті және мәдениеттілігін, құзреттіліктерін қалыптастыру мен жандандыру күн тіртібіндегі басты мәселе.

Дене шынықтыру қоғамда ежелден дамып, бүгінгі күнде әр бір адамның өмірінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Ол адамның қалыпты дамуына және денсаулығын түзеу мен оны бірқалыпты сақтауына әсер ететін негіздердің бірі. Дене шынықтыру сонымен қатар адам мен жалпы қоғам мәдениетінің бөлігі болып табылады, адамның физикалық және интеллектуалдық қабілеттерінің үйлесімді дамуына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда спорт қоғам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі қоғамның барлық сатыларына еніп, ол қоғам өмірінің негізгі салаларына үлкен әсер етіп отыр. Дене шынықтыру ұлттық

деңгейдегі қатынастарға, адамның қоғамдағы жағдайына әсер етеді, осылайша сән, этикалық құндылықтар, адамдардың өмір салтын қалыптастырады. Жаман әдеттердің алдын алумен қатар, дене шынықтыру адамзаттың керемет қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Дене шынықтыру және спорт саласы қоғамда көптеген функцияларды орындайды және халықтың барлық жас топтарын қамтиды. Осы саланың көп функционалды сипаты бар. Оларға: дене шынықтыру мен спорт адамның физикалық, эстетикалық және адамгершілік қасиеттерін дамыту, әлеуметтік пайдалы іс-әрекеттерді ұйымдастыру, халықтың бос уақытын өткізу, аурулардың алдын алу, жас ұрпақты тәрбиелеу, физикалық және психоэмоционалды демалу және қалпына келтіру, көру, қарым-қатынас және т. б. жатқызуға болады. Спорттық-бағдарланған дене тәрбиесін ұйымдастыру өскелең ұрпақтың жаппай дене шынықтыру жағдайында дене тәрбиесі мен спорттық тәрбие құндылықтарын игерудің үлкен перспективаларын ашады. Студенттердің дене шынықтыруын ұйымдастыру жаттығу тұжырымдамасына негізделген. Күш, төзімділік, ептілік, өнімділіктің жоғары деңгейі студенттердің денесін қажетті көлем мен жеткілікті қарқындылықтың физикалық белсенділігіне бейімдеудің мақсатты ұйымдастырылған процесінің әсерін қолдана отырып, жаттығу арқылы алынуы мүмкін. Зерттеушілердің пікірінше, студенттердің оқу жаттығуларының ұйымдастырушылық-әдістемелік тұжырымдамасының негізгі принциптері дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастырудың жаңа формаларының теориялық-әдістемелік негізі болуы керек [1,2].

Бүгінгі таңда дене тәрбиесінің қазіргі тұжырымдамасына тән белгілі бір тұлғаның жеке басының дене шынықтыруын сәтті қалыптастыру шарттарын анықтайтын білім беру бағытын арттыруға баса назар аудару. Әр түрлі педагогикалық тәжірибелерді басшылыққа ала отырып, дене шынықтыруды оқытудың кешенді тәсілдерін айқындауға болады, өйткені ол физикалық қана емес, сонымен бірге зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық дамудың маңызды және тиімді құралы болып саналады. Дене тәрбиесі мәселелерін шеше отырып, кез-келген оқытушы өз іс-әрекеттерін жеке тұлғаның физикалық және рухани жетілуіне құндылық бағдарларын тәрбиелеуге, жүйелі дене жаттығуларына қажеттіліктермен мотивтерді қалыптастыруға, моральдық және ерікті қасиеттерді тәрбиелеуге, гуманистік қатынастарды қалыптастыруға, қарым-қатынас тәжірибесін алу сияқты маңызды компоненттерге бағытталуы тиіс. Дене шынықтыру пәнін оқыту процесінде студенттерге физикалық және ақыл-ой қабілеттерін, денсаулық жағдайын жетілдіру мен қатар, шығармашылық дағдыларын қажетті қолданудың тәсілдерін үйрету қажет. Әрине, қойылған мақсаттар мен міндеттерді барынша орындауға тек дәстүрлі технологиялар ғана көмектесе алмайды. Сондықтан да, дене шынықтыру пәнін оқыту процесінде заманауи білім беру технологияларын қолдану қажеттілігі өздігінен туындайды. Заманауи педагогикалық технологиялардың кең спектрін қолдану, сабақ уақытында да және сабақтан тыс уақытта да тиімді пайдалануға және студенттердің жоғары оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі сабақтың маңызды талабы-денсаулық жағдайын, физикалық дамуын, моторикасын, психикалық қасиеттердің даму ерекшеліктерін ескере отырып, студенттерде сараланған және жеке көзқарасты қамтамасыз ету. Дене шынықтыру саласында төмен және жоғары нәтижелері бар білім алушылар үшін сараланған және жеке тәсілдер маңызды. Моториканы дамытудың төмен деңгейі көбінесе студенттің дене шынықтырудағы сәтсіздігінің басты себептерінің бірі болып табылады. Ал жоғары деңгейдегі студент орташа оқушыға арналған сабақта қызықтырмайды. Сонымен қатар, дене шынықтыру студенттері негізгі, дайындық және арнайы топтарға бөлінеді. Сондықтан бағдарламалық материалды игерудің міндеттерімен мазмұны мен қарқынын саралау және жетістіктерді бағалау қажет.

Қазіргі уақытта оқу процесін жаңғыртуға және қарқындалуға мүмкіндік беретін интерактивті технологияларды қолдануға деген қызығушылық артып келеді. Интерактивті технологиялар ішінде: коммуникативтік оқыту, ойын технологиялары, «ми шабуылы» проблемалық оқыту және т. б. технологиялар басым орынға ие. Осылардың ішінде проблемалық оқыту технологияларына тоқталып кетсек. Бұл технологияда сабақтың негізгі элементі проблемалық жағдайдың негізін іздеу және соны қалыпқа келтіру болып табылады. Мұндай сабақтарды өткізу кезінде студенттердің тек физикалық дамуын ғана емес сонымен қатар, шығармашылық ойлауды, өзіндік тәуелсіздік пен рефлексивті позицияны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, оқытудың жобалық әдістеріде қолданылады. Осы әдістеме бойынша жұмыс студенттердің жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі анықтауға саналы түрде жақындауға мүмкіндік береді. Жобалық тәсілде әр түрлі жаттығулардан студенттердің ақыл-ой белсенділігіне баса назар аударылады. Жоба бойынша жұмыс барысында көкжиектің кеңеюі, дене шынықтыру мен спорттың әртүрлі тәсілдерімен, мамандардың кеңестерімен танысу жүреді.

Дене шынықтыру сабақтарында студенттердің танымдық белсенділік қабілеттерін дамыту үшін «бейне» әдісі қолданылады. Ол арқылы:

1. Студенттерге зерттелетін спорт элементтері туралы неғұрлым сенімді және толық ақпарат беру мүмкіндігі артады;
2. Оқу процесінде көрнекіліктің рөлін арттыруға септігін тигізеді;
3. Студенттердің қызығушылықтары мен сұраныстарын қанағаттандырады;
4. Кері байланыс тиімділігін арттырады.

Мультимедиялық презентацияларды пайдалану компьютерлік технологияларды қолдана отырып, әртүрлі дене шынықтыру жобаларын құруға, пікірталастар кезінде дене шынықтыру мен сыртқы ақпараттық ағындардың тиімді байланысын орналастыруға, сонымен қатар, студенттермен өзара әрекет-тесуді қамтамасыз етті.

Оқыту жүйесіндегі зерттеушілік, жобалық тәсіл тұлғаның өздерінің жеке немесе топтық мультимедиялық жобаларын жасау үрдісін қалыптастыруына және шығармашылыққа көшуді қамтамасыз етті [2].

Заманауи бағдарламалық және техникалық құралдар студенттерге презентациялардың мазмұнын өзгертуге және үлкен ақпарат ағындарын сақтауға

мүмкіндік берді. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар оқытушылардың шығармашылық жұмысын жеңілдетеді, олардың жетілуіне, жинақталуына және дамуына көмектеседі [3]. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқу процесін өзгертуге мүмкіндік береді және оқу нәтижелеріне қол жеткізуде үлкен тиімділікке кепілдік береді. Компьютерлік технологияларды қолдану студенттерді оқытудың педагогикалық әдістерін айтарлықтай байытады. Көрнекілікті арттыратын демонстрациялық материалдар және ауызша әдістердің тиімділігі сандық білім беру ресурстарында көп кездеседі: плакаттар немесе слайдтар плакаттар-иллюстрациялар, плакаттар-схемалар, интерактивті плакаттар, кешенді интерактивті кестелер. Мұндай материалдарды сабақтың құрылымына қосу студенттердің қызығушылығын арттырып қана қоймайды, өйткені ресурстардың барлық материалдары жоғары деңгейде жасалады, сонымен қатар оқытушының осы сабаққа дайындалуға уақытын үнемдейді. Егер оқытушы оны қызықтыратын дайын материалдарды таппаса, ол оларды өз бетінше жасай алады. Суреттер, сызбалар сияқты өзіңіздің иллюстрациялық материалдарыңызды жасау үшін (мысалы, жаттығулардың орындалуын түсіндіргенде) графикалық редакторларды, мәтіндік процессорды қолдануға болады.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласындағы құзыреттілік білім берудің басым мақсаттарының бірі болып табылады. Оны қалыптастыру мүмкіндігі оқытушы мен студенттің ақпараттық компьютерлік ортадағы белсенді қызметімен тікелей байланысты. Оқу процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану қазіргі заманғы білім берудің өзекті мәселесі болып табылады.

Білім беру процесіне АКТ енгізу сабақтың тиімділігін арттыруға, материалды ұсынудың тартымдылығын арттыруға, тапсырмалар түрлерін саралауға, сондай-ақ кері байланыс нысандарын әртарап тандыруға арналған. Оқу процесінде АКТ-ны қолдану-оқу мотивациясын арттырудың бір тәсілі. Ол тек білім алушының ғана емес, сонымен қатар оқытушының да шығармашылық тұлғасын дамытуға ықпал етеді, адамның негізгі қажеттіліктерін – қарым-қатынасты, білім беруді, өзін-өзі жүзеге асыруды жүзеге асыруға көмектеседі. Ақпараттық-компьютерлік технологияларды қолдану оқытушыға дене шынықтыру сабағын оқытуда жаңа мүмкіндіктер ашады. АКТ-ны қолдана отырып дене шынықтыруды үйрену балаларға ойлау және сабақтың элементтерін құруға қатысуға мүмкіндік береді, бұл студенттердің пәнге деген қызығушылығын дамытуға ықпал етеді. Бүгінгі таңда кез-келген пән бойынша әр оқытушы АКТ-ны қолдана отырып сабақ дайындап, өткізе алуы керек, өйткені оқытушы осы әдіс арқылы сабақты жарқын және қызықты етуге мүмкіндік алды [4].

Денсаулық сақтау технологиялары. Бұл технологияларды қолдану сабақ барысында әр түрлі тапсырмаларды біркелкі бөлуге мүмкіндік береді, бұл оқытуда оң нәтиже береді.

«Портфолио» инновациялық бағалау жүйесі. Әлеуметтік өзін-өзі анықтауды педагогикалық қолдау құралы ретінде студенттің жетістіктерін жеке есепке алуды

калыптастыру, тұлғаның жеке даму траекториясын анықтау қажеттілігі пайдалану және енгізу, мұндай нысандары мен әдістерін танымдылық қызметін қамтамасыз ететіндей жоғарғы нәтижелік және оқыту сапасын, даралықты иеленеді.

Жаңа ақпараттық технологиялар сабаққа пайдалы қосымша болып табылады.

Осылайша, қазіргі заманғы дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру және өткізу кезінде АКТ-ны қолдану қажет деп санаймын, бұл физикалық ғана емес, сонымен бірге ақыл-ой жұмысын сәтті үйлестіруге, оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, жалпы көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім беру процесінің тиімділігін едәуір арттыра алады, білім беру мекемесінің алдында тұрған жан-жақты дамыған, шығармашылық еркін тұлғаны тәрбиелеу міндеттерін шеше алады.

Қорытынды. Қорыта келгенде, заманауи білім беру технологияларын игеру оқытушы мен студенттің жеке басының резервтерін жандандыруға көмектеседі және жаңа технологиялар шығармашылық белсенділікті дамытады, студенттердің оқу іс-әрекетіндегі тәуелсіздігі оқытушы мен студенттің өзара әрекеттесу сипатын өзгертеді, өйткені олар оқу процесінің толық қатысушылары болып табылады. Осылайша, оқытудың заманауи білім беру технологиялары сабақ барысында ынталандырушы қолайлы орта құруға көмектеседі. Заманауи білім беру жүйесі оқытушыға көптеген инновациялық әдістемелердің ішінен өз тәсілін таңдауға, өз жұмыс тәжірибесіне жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Дене шынықтыру пәнін оқыту барысында кез-келген оқытушы өз ұстанымын жаңаша түсініп, ең алдымен өзін өзгертіп, өзгерістердің не үшін қажет екенін түсініп алуы керек.

Әдебиеттер тізімі

1. А.К.Демеуов. заманауи дене шынықтыру.- Алматы, 2014.-116 б.
2. Мектепте дене шынықтыру, Республикалық оқу-әдістемелік журналы № 2-3.- 2011, № 6.- 2022.
3. Г.Н.Алтаева. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі.- Түркістан.-2014.-223б.
4. Л.П.Матвеев. Дене теориясы мен тәсілі- ДШЖС журналы.- Москва,1991.-21-24 б.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР-ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНАМЫЗ «БЕС ТАС», «ТАС ҚАЛА», «БЕС АСЫҚ»

Джаксылыкова Айгуль Кенескановна № 95 «Алматы» балабақшасының
әдіскері

Андатпа. Қазіргі уақыт талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, ғылыми тілмен айтқанда, инновациялық технологияларды қолдану басты назарда болып отыр. Ғасырлар тоғысында Қазақстанның білім беру жүйесінде көптеген ілгері

реформалар жүргізілуде. Олардың мақсаты – ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім беру жүйесімен, әлемдік стандартқа сай негіздей отырып сабақтастыру.

Түйін сөздер: шығармашылық, технология, рухани-адамгершілік.

Кіріспе. Педагог өз қызметін шығармашылық бағытта ұйымдастыра білуі үшін, ең алдымен, өз қызметінің мәнін түсіне алуы - басты шарт. Педагог қызметінің негізгі мәні - балаларға ойын арқылы оқыту, тәрбиелеу, дамыту ғана емес, сол үрдістерді басқаруды шығармашылықпен ұйымдастыра білу. Өйткені, педагог еңбегінің бүгінгі нәтижесі қандай болса, елдің, қоғамның ертеңі, болашағы сондай болмақ.

Білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін жаңарту мақсатында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығының негізінде қарастырылған негізгі: «БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» бағдарламасын енгізу. Сондықтан, балабақшаларда әрбір дағдыны ұтымды меңгертуде оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы баланың әрекеті-технологияны қабылдауы, оған деген ынтасы, құштарлығына педагог тарпынан көңіл бөлінуі тиіс.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мақсатын негізге ала отыра балаларда

- Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу.
- Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту.
- Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау.



«Отан – отбасыдан басталады» деп тәрбиенің көбін ата-анаға табыстап қоямыз. Алайда тәрбиенің балабақша тәрбиешілеріне де байланысты. Яғни ұлттық тәрбие беруде балабақшаның рөлі аса зор. Бала көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан тәлім алса ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. Балабақшадағы сәбилерге жоғары деңгейдегі ұлттық сана сезімді, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды, отан сүйгіштік, ұлттық намыс сезімдерін қалыптастырады.

Балабақшадағы ұлттық тәрбие берудің мақсаты: Ұлтжандыққа отан сүйгіштікке, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету. Осы ұлттық тәрбиені балалардың бойына сіңіру мақсатында – өзіміздің №95 «Алматы» балабақшасында жалпы білім беретін педагогтері мен ата-аналарының атқарып жатқан жұмысы мен тәрбиеге қосып жатқан үлесі өте көп. Атап айтсақ «Наурыз» мерекесі бізде ата-аналардың қатысумен өтізіледі.



Балалардың ұлттық санасының қалыптасуында ата-аналармен бірлесіп жүргізілетін іс-шаралардың алатын орны ерекше, балабақшамызда жүргізіліп отыратын тәрбиелік мәні зор

Қазақ халқы салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа һәм ұлттық құндылықтарға бай халық. Бүгінде сол сан ғасырлар бойы қалыптасқан ата-дәстүр жалғасын тауып келеді. Ендігі біздің міндет – сол бабалар ізімен жалғасқан ұлттық болмыс пен ұлттық бояуға дақ түсірмей болашаққа аманат ету. [1]

Рухани құндылықтарды кейінгі буын өкілдерінің бойына терең сіңіру арқылы ел игілігі үшін адал да абыройлы қызмет көрсетуге бағыттау әрбір жанұяның ғана емес жалпы қоғамның ең өзекті мәселесі.

Кейінгі кезде ұлт ойындарына көңіл бөлмеу, көбі ұмыт болып, мүлде жоғалып барады. Сондықтан ұлттық құндылықтарды балабақшада ұлттық ойындар арқылы өз білімін жетілдіруде балардың бойына сіңіру мақсатында педагогтар арасында «мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқытуда Тоғызқұмалақ Зияткерлік Қауымдастығы РҚБ-і Вице-президенті, Ф.Ғ.Қ лекторы М.Шотаевтың жүргізуімен «Бестемше» ұлттық ойын үйретудің әдістемелік ерекшеліктері» атты шеберлік семинарына педагогтар қатысып, теориялық және тәжірибелік білігілік жинақтады.



Осы алған теориялық және тәжірибелік біліктілігімізді әрі қарай дамыту мақсатында педагогтар арасында «Бестемше», «Тас қала», «Бес тас» ойындары бойынша сайыс өткізілді



Қазіргі күні қиял-ғажайып ертегі кітаптардың орнын компьютер мен интернет желілері алмастырған. Бүгінгі баланың балалық шағы жаңашылдықтың

жаршысына көшті. Сондықтан жас ұрпаққа ұлттық ойындарымызды насихаттауымыз керек деген оймен балараға «Асық ату», «Арқан тарту», «Күш сынасу», «Қыз куу», «Теңге алу» т.б ойындарды дәрістеуіміз



Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі –халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс. Ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да мектепке дейінгі тәрбиеленушілерінің рухани өрісі кең өсіп- жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалып- тастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі. Ұлттық ойындар – ата-бабамыздың бізге жеткен, өткені мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны күнделікті оқу- тәрбие үрдісінде пайдаланудың заманға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы зор екендігі сөзсіз. [2]

Ұлттық ойындар балалардың қозғалу белсенділігінің дамуы, олардың денсаулығының күшеюі үшін қолайлы жағдай жасайды, ойын – баланың өмірінің нәрі деп білеміз.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады.

Қай кезден-ақ бала тәрбиесіне ерекше мән берген атам қазақ сәбидің зерек те зерделі, алғыр да тапқыр, ширақ та шымыр болып өсуі үшін түрлі әдіс-тәсілдерді ойлап тапқан. Дүниеге жаңа келген сәбиді бесік жырымен әлдилеп, ана тілінің нәрін, ата- бабасының әуезді әнін санасына сіңіруге тырысқан. Өсе келе ертегімен елітіп, мақал- мәтелдің мәнін түсіндіріп, жыр-дастанмен сусындатқан. Осындай ұлттық құндылықтар арқылы ұрпақтың туған еліне, жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық тәрбие бере білген.

Бабаларымыз бала тәрбиесінде ойындардың да үлкен рөл атқаратынын аңғарды. Сондықтан баланың зеректігін арттырып, зейінін ашатын, шынықтыратын, ширықтыратын сан түрлі ұлттық ойындарды тудырды. Қазақтың қайсыбір ойынын алып қарасаңыз да, тапқырлық пен табандылықты, біліктілікті талап етеді. Ал кейбір ойындар тек дене қимылын ғана емес, жылдамдықты, батылдықты, табандылықты, дәлдікті, икемділікті талап етеді. Бұл баланың тән саулығына оң әсерін тигізетінін бабаларымыз көрегендікпен болжай білген. Мәселен, ежелден келе жатқан асық ойыны – балалар арасында ойналатын алғашқы

ойындардың бірі. Балалардың құралайды көзге ататын мерген болуына басты себепші де – осы ойын. Малдың асықтарымен ойналатын ойын ептілікті, ширақтықты, нысананы дәл көздеуді талап етеді, баланың күш-жігерін арттырып, мергендігін, шапшаңдығын, ептілігін және қырағылығын жетілдіреді.

Ұлттық ойындар тек баланың сымбатын қалыптастырып, денсаулығын нығайтып қана қоймай, оған ұлттық тәрбие беруде де үлкен рөл атқарады. Ойын арқылы бала жан-жағын, қоршаған ортаны өз бетінше зерделеуге тырысады. Сол себепті ойын халықтық педагогиканың ең көне әрі тиімді де пайдалы құралдарының біріне жатады. Халық ойындарын меңгеріп, соны ойнап өскен әр бала өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, айналасындағы адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Өзі көрген жағдайлардың нәтижесінде отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бестас», «Бес асық», «Тас қала», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Тоғызқұмалақ», т.б. балалардың еңбекке деген қарым- қатынасы мен қабілеттерін арттырады, қай нәрсede де, қандай жағдайда да жетістікке жетуге ұмтылдырады.



Халық ойындарында халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, икемділік, дәлдік сынды, т.б. құндылықтарға мән берілуі себепті оларды ойнаған бала, біріншіден, ата-баба тарихынан хабардар болады, екіншіден, батылдыққа бейім болады, үшіншіден, қиындыққа төзе білгіш, шыдамдылығы шыңдалады, төртіншіден, ойындағы өлеңдер арқылы бала бабаларының бай ауыз әдебиетінің бір ұшығынан болса да хабардар болады. Сонымен бірге халық ойындары әділдік пен адамгершіліктің жоғарғы принциптеріне негізделген, онда тәрбиелік мәнге ие ұлттық көптеген этнопедагогикалық элементтері де жетерлік. Мысалы, бір ойын шеберлік пен ептілікке, бір ойын талғампаздыққа, ал енді бірі қиын-қыстау кезеңде тез шешім қабылдап, оңтайлы жол таба білуге баулиды. Оның үстіне ұлттық ойындардан спорт пен патриоттық тәрбие айқын аңғарылады. Мұның өзі қазақтың ұлттық ойындарының тәрбие берудің таптырмас құралы екендігін тағы бір мәрте дәлелдейді. Бүгінде балабақша, мектеп қабырғасында балаларға ұлттық ойындар ойнатып, ұлттық құндылықтармен сусындатуымызға еш кедергі жоқ.



Себебі ойынды сабақта қолдану балалардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын, бай қазынасын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Бірақ осы бір халқымыздың ен байлығын балабақша мен мектеп қабырғасындағы тәрбие жұмыстарына пайдалану үшін арнайы әдебиеттер мен әдістемелік құралдар жеткіліксіз.

Қазақ халқының тарихи көне жырлары мен лиро-эпостарының қай-қайсысында болмасын ұлттық ойындардың түрлерін кездестіреміз. Жырдың негізгі кейіпкері болып отырған ел қорғаушы батыр, жауынгер, мерген, әділетті төренің де бала кезі ойын үстінде көрінеді. Ойын арқылы бойындағы табиғи дарынын шыңдап, қалыптастырады. Бұл ұлттық ойынның бала тәрбиесіндегі таптырмас құрал екенін дәлелдейтін тағы бір дәйек. Тіпті қазақтың көптеген ұлттық ойындары, мысалы «Бестас», «Бес асық», «Тас қала», «Бестемше», «Тоғызқұмалақ», халықаралық деңгейдегі додаларға сұранып-ақ тұр. Шетелдіктерге жеткізіліп, ұлттық ойындар бойынша сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға да ие болып жатыр. Өзіміздің ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық ойындарымызды жас ұрпаққа насихаттауымыз керек деп ойлаймын. Себебі халық ойындары – халықтық тәрбиенің басты құралы.

Ал өскелең ұрпаққа ұлттық тәрбие беру бүгінгі ата-ананың басты міндеті. Ұлттық ойынды іс-әрекетте қолдану балалардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық ойындардың маңызы зор және де осы жинақтың бала денсаулығына, ойлау қабілеттерін дамытып, ұлттық сана- сезімін, патриоттық сезімдерін оятады деп ойлаймын.

Ұлттық ойындарды тек серуенде, денешынықтыруда немесе ертеңгіліктерді ғана пайдаланбай, оларды ұйымдастырылған іс-әрекеттерде де пайдалануға болады. Мынадай ұлттық ойындарды ұйымдастырылған іс-әрекетте қолдануға болады. «Бес асық» (асық), «Тас қала», «Орнын тап», «Теңге ілу» т.б. ойындары. Бұл ойындарды математика іс-әрекетінде асықтарды 1- 10 санауға, асықтарды алу ретімен, берілген тапсырмаларды орындауға болады.

Сауат ашу мен жазу, Сөйлеуді дамытуды - «Соқыр теке», «Сақина жасыру», «Орамал тастамақ», «Ұшты-ұшты», «Сымсыз телефон», «Қуыр-қуыр қуырмаш», «Киіз үй» т.б. ойындары. Бұл ойындар сауат ашу, тіл дамыту, қоршаған ортамен таныстыруды қолдануға болады. [2]

Қорыта келе, біз ұлттық ойындар арқылы салауатты өмір сүруге тәрбиелеудің бірқатар мүмкіндіктерін ашады::

1. Ұлттық ойын бала денесінің дұрыс қалыптасуына мүмкіндік туғызады
2. Ұлттық ойын баланы тек денесін ширатып, денсаулықтарын жақсартып қоймайды, сонымен қатар ұйымдастырылған іс-әрекеттен алған білімдерін толықтырады.
3. Ойын арқылы баланың ойлау қабілеті дамиды.
4. Ойын шыдамдылыққа, төзімділікке үйретеді балалардың денсаулығын нығайту, денені шынықтыру; мәдениетін қалыптастыру, тәрбиелеу; өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру. Жалпы адамзаттық құндылықтар – халықтың түрлі діннің, әрқилы дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастырытын құбылыс. Тұлға құндылығы – жалпы адамзаттың рухани негізі». Руханилық ғасырлар бойғы адамзат тарихымен бірге келе жатқан халық мұрасы. Әрбір ұлттың дербес, өзіндік мүддесі үшін адамзаттық мәдени құндылықтардың өзіндік орны бар. Ұлттық құндылықтар ұрпақ болмысының, қалыптасуының негізі, ұлт мәдениетінің іргетасы. Мәдени құндылық әр елдің өзіндік салт дәстүрі мен тұрмыстық өмірін сақтап отыруы.

Балалар ұлттық ойынның мағынасын түсініп, қызығушылықпен белсенді түрде қатынаса отырып, алға мақсат қоя білді.

Сонымен қатар ұлттық ойындар мен халықтық педагогика үлгілері өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз екендігін түсінді. Қорыта келгенде, «Әр бала зерттелмеген құпия, әр бала – болашақ данышпан» дегендей, болашақта бүлдіршіндеріміздің данышпан болуы үшін бойына ұлттық сананы, дәстүрді ойын арқылы сіңіртеп, тәрбиелеуіміз керек деген мақсатты әр жанашыр Қазақстан азаматы алдыңғы қатарда ұстайды деген үміттеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. «Ұлттық құндылықтар негізінде білім берудің педагогикалық аспектілері» (облыстық ғылыми-практикалық конференция) 25 желтоқсан Атырау, 2013 ж.
2. «Ұлттық құндылықтар – жеке тұлғаға бағытталған сабақтың ажырамас бөлігі» (облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция) Атырау қаласы маусым 2014 жыл.
3. Қазақ халқының салт дәстүрлері» авторы: С. Калиев, М. Оразаев Алматы, 1994.
4. <https://rusubnautica.ru/kk/zadanie-dlya-doshkolnikov-naidi-paru-didakticheskaya-igra-naidi-paru-smyslovye/>
5. Г.Т. Ергожина «Ұлттық ойындардың білімділік, тәрбиелік рөлі мен мәні» Қазақстан – Заман 2012, №13.
6. «Ұлттық құндылықтар негізінде білім берудің педагогикалық аспектілері» (облыстық ғылыми-практикалық конференция) 25 желтоқсан Атырау, 2013 ж.
7. «Ұлттық құндылықтар – жеке тұлғаға бағытталған сабақтың ажырамас бөлігі» (облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция) Атырау қаласы маусым 2014 жыл.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

Ерғазы Бақтияр Махмұджанұлы

Дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы, педагог-модератор
Қазалы аграрлық–техникалық колледжі

Аңдатпа. Мақалада ҚР Президентінің әрбір жылғы халқына арналған жолдауларында “Жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүру қабілеті, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық мәдениетті бойында қалыптастырған, шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру” деп атап өткендей “Дене тәрбиесі” пәнінде жаңа технология элементтерін қолдана отырып, оқушылардың бойында колледжден тыс денсаулықты жақсарту, тұла бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктерді жан-жақты жетілдіру, өмірге белсенді ұстаным және ізгілікті қатынастарды дамыту жайлы жазылған.

Түйін сөздер: жалпыадамзаттық құндылықтар, бәсекеге қабілетті білім, оқу-тәрбие үдерісі, жеке тұлғаның психофизиологиясы

Кіріспе. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым Жомарт Кемелұлы әрбір жылғы халқына арнаған жолдауында: «жедел дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті; ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық мәдениетті бойында қалыптастырған, шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру» деп атап өткен болатын.

Бүгінде білім - қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол оқытушылар мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек колледждерде дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, колледжден де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті

қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде колледж білім алушылары қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артауда.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі.

Елімізде бәсекеге қабілетті білім – білім беру саласының ең басты міндеті болып отыр. Дамудың алдыңғы қатарындағы елдердің білім дәрежесімен теңесу – еліміздің білім саясатының негізгі көздегені. Дамыған елу елдің қатарына енудің алғышарттарының бірі де осы сапалы да бәсекеге қабілетті білім. Сондықтан да еліміздегі мектептердегі білім берудің басты ұстанымдары мен міндеттері, әрекеттері, жолдары осы мақсатқа орай ұйымдастырылады.

Мақсатқа жетудің түрлі жолдары бар. Солардың бірі де бірегейі оқытудың жаңа технологияларын пайдалану. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 18-бабының 8-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін білім беру ұйымдарында эксперимент тәртібімен іске асырылатын білім беру бағдарламалары әзірлену мүмкіндігі», - атап көрсетілген [1]. Осыған орай қазір еліміздегі көптеген колледждерде білім берудің жаңа жүйесі енгізіліп, әлемдік білім беру кеңістігіне

бет алуда. Білімі мен ғылымы өз дәрежесінде дамыған елдер көш бастап, қашан да елдік дамудың кез келген саласында озық тұрары сөзсіз. Бізде осы көштен қалмаудың қамын жасап бағудамыз.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр. Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене- қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін- өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды. Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі колледж мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс. Оқушыларға дене шынықтыру сабақтарында жаңа технологияны пайдалану оқыту мен тәрбиелеудің жалпы заңдылықтарына бағынған. Сондықтан оны іске асыру барысында дене тәрбиесінің жас және жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, осы заңдылықтарды көрсететін жалпы педагогикалық ұстанымдарды басшылыққа алу қажет. Ол ұстанымдарға жататындар: жан- жақтылық, саналылық пен белсенділік, бірте-бірте жасалатын әрекет, қайталамалық, көрнекілік, жеке даралық. Оқу үдерісінің үздіксіздігі негізгі үш қағидаларда көрініс тапқан:

а) оқу-тәрбие үдерісі көп жылғы және жыл бойындағы сипатқа ие болуы тиіс;

- ә) сабақ барысында әрбір келесі сабақтың әсері алдыңғы сабақтың ізінше қатпарлы әсер қалдыруы тиіс, себебі жас оқушының ағзасында алдыңғы сабақтардың әсерінен пайда болған жағымды өзгерістер беки түсуі және жетіле түсуі қажет;
- б) демалыс жұмыс қабілетін қалпына келтірудің арта түсуі үшін жеткілікті болуы тиіс.

Дене жүктемелерін бірте-бірте және жоғары деңгейге арттыру ұстанымы олардың көлемі мен қарқындылығының, оқушыны дайындауға қойылатын талаптардың бірте-бірте күрделенуінің үздіксіз арта түсуімен байланысты болып келеді. Сабақтарды бір-бірте күрделендіру оқушыны дайындаудың мүмкіндіктері мен деңгейлеріне сәйкес келіп, олардың спорттық жетістіктерінің үздіксіз арта түсуін қамтамасыз етуі тиіс. Дене жүктемелерінің толқынды түрде өзгеру ұстанымы олардың динамикасының толқынды сипатын көрсетеді, себебі ол салыстырмалы алғанда оқу – тәрбие үдерісінің кішігірім үзіндісіне, немесе сабақтардың кезеңдері мен тұтас бір дәуіріне де тән болуы мүмкін.

Спорттық техника мен оны жаңа тұрғыда жетілдіруге үйрету әдістерінің кез-келген түрінің жағымды жақтары бар, бірақ ол жеке қалпында шапшаң әрі тиімді үйретуді толық қамтамасыз ете алмайды, сондықтан спорттық техниканы меңгеру барысында барлық әдістер бірін-бірі толықтыратын түрде қолданылады. Олар жиірек бір уақытта пайдаланылады.

Қимыл-қозғалыстарды белгілі реттілікте игеру. Атап айтқанда: дайындалып жүрген оқушылардың оқуға деген жағымды ынтасын қалыптастыру; қозғалыс қимылының мәні туралы білімді қалыптастыру; әрбір спорт түрлері бойынша үйренетін қозғалыстар туралы толық түсінікті қалыптастыру; үйренетін қозғалыс қимылын тұтастай игеру. Сөйтіп, қимылға үйрету дегеніміз - бұл білім алу, қозғалыс икемділігін қалыптастыру және тиісті дене жағынан қалыптасудың қасиеттерін тәрбиелеу.

Талдау, колледждерде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға білім беру мен спорттық мекемелерге тән құрылымдар - мақсат, жалпы және арнайы міндеттер, әдістер мен қағидалар, оқу кеңістігінде жүзеге асатын, нақты бағыттылығы бар, оқу материалының теориялық және тәжірибелік мазмұны кіретінін көрсетті. Оқушы-спортшының осы білім беру кеңістігіндегі таңдаған жолының басы, мектептегі оқу мерзіміндегі бастапқы кезеңнің де нақты құрылымы немесе мазмұны болады.

Қорыта келе, Дене тәрбиесі сабағында оқытудың дәстүрлі емес құралдарын қолдану барысында оқушылардың дене тәрбиесін дамыту технологияларын жетілдіруге; дене тәрбиесі сабақтарында оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеуге, дене тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның психофизиологиясын өзгеруге: өзін-өзі реттеуін қалыптастыру; дене тәрбиесі сабақтарын пәнаралық байланыс арқылы жетілдіру; дене қабілетін рухани құндылықтар арқылы дамыту; релаксация арқылы жеке тұлғаның психофизиологиялық қабілеттерін дамыту; психикалық қуат мүмкіндіктері мен дене тәрбиесін сабақтастырып дамытуға т.б. қол жеткізуге болады

Әдебиеттер тізімі

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.
2. Республикалық ғылыми-әдістемелік, спорттық-патриоттық журналы, 2016 ж.
3. К.Бержанов, С.Мусин. Педагогика тарихы. - Алматы: Мектеп, 1972.
4. К.Сейталиев. Тәрбие теориясы. - Алматы, 1986.
5. Мектепте дене шынықтыру. Республикалық оқу-әдістемелік журнал. №1-3 2018 ж. №6 2012 ж.
6. Ұстаз. Ғылыми-әдістемелік журнал. №1 2019ж

БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ БАҒЫТЫ

Ермағамбет Самал Қуандыққызы Астана қаласы Алматы ауданы
№ 21 «Гүлдер» балабақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы

Аңдатпа. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбие мен оқыту бағыттарын қоғам сұраныстарына сәйкес құру көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған орай, мақалада қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы қолданылып отырған оқу-тәрбие үдерісіндегі инновациялық технологиялар туралы ақпаратты ұсындым.

Түйін сөздер: инновациялық технологиялар, үдеріс, жаңашылдық.

Зерттеудің өзектілігі. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбие мен оқыту бағыттарын қоғам сұраныстарына сәйкес құру көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Осыған орай, мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің кәсіби білімдерін жетілдіру, оқу - тәрбие үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануға бағыт - бағдар беру, озық іс - тәжірибелер мен идеяларды насихаттау негізінде жүргізіледі.

Инновациялық іс - әрекеттің мазмұны мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу - тәрбие үдерісінде қолданылатын бағдарламаларды басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі педагогика мен психология, әлеуметтану, медицина саласындағы ғылыми- зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде анықталады. Инновациялық технологияларды меңгеру педагогтың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, шығармашылық, зерттеушілік т.б. қасиеттерінің қалыптасуына оң әсерін тигізеді, әр педагог өзін- өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің жұмыстарымыздың білім беру

саласындағы басымдықтарында бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек», - деген болатын [1.89-б.].

Білім беру үрдісін технологияландыру - педагогтардың балалар әрекеттерін ұйымдастыру мен мектепке дейінгі білім берудің сапасына оң әсер етеді. Қазіргі заманғы педагогтардың инновациялық технологияларды білуі уақыт талабы. Алайда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде технологияларды пайдалануда бірқатар қиындықтар байқалады, олар:

- Педагогтардың технологиялардың құрамдас құрауыштарын жеткіліксіз білуі;
- Тәжірибе барысында тұтас технологияны емес, оның элементтерін пайдалануы;
- Педагогикалық жүйені тұтас көру дағдысының жоқтығы;
- Жұмыс тәжірибесіне сапа енгізуді бастамалайтын технология идеяларын қате түсіну;

Ең бастысы: алдыңғы қатарлы әр технологияда қарастырылған, баланы қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның рухани жан- дүниесінің баюына және әр баланы жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік дамуына жағдай жасау мәселесі ескерілмейді.

Осындай мәселелер тек әдістер, формалар мен құралдар түрінде ғана қолданылатын педагогикалық, білім беру жағдаяттарын тудырады.

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Осы орайда заман талабына лайық тәрбие мен білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Жас ұрпаққа білім беруді жетілдіру мәселесі толассыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілетін тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан- жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор. Бүгінгі күнгі балабақша – болашақтың балабақшасы, мәдени саналы, халықтың мәдениетке жүйеленген жеке бағыттылық, баланың жеке басының дамуына педагогикалық жағдай жасайтын және өзін- өзі тануына көмек көрсететін, физикалық және рухани жағынан экологиялық таза, ізгілендірілген, өмірге, дүниеге тік қарай алатын, қоршаған ортамен жүйелі байланысқан, әлеуметтік өмірге бейімделген, бәсекеге қабілетті жаңа ұрпақ өсіріп, дамытатын, жетілдіретін балабақша болуға тиісті. Сондықтан да, мектепке дейінгі мекеменің жаңашылдығы тек балабақшадағы оқу- тәрбие жұмысын ғана қамтып қоймай, сол балабақшаның қызметкерлері мен тәрбиешілерінің де түгелімен өзін- өзі жаңа бағытқа қарай кәсіби шеберлігін күнделікті ұштауын талап етеді, сондай-ақ кәсіптік салалары мен педагогикалық қызметіне ерекше өзгерістер енгізуіне тура келеді. Балабақша қызметкері шығармашылықпен жұмыс істей алатын, педагогикалық қызметтің барлық келеңді-келеңсіз жақтарын зерттеп, меңгеруге ынталы, кез-келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениеттілігі, іскерлігі, шеберлігі

арқасында шеше алатын, педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылған тәрбиеші болуға тиісті. Ізденушілік қызметтің алғышарттарын қалыптастыруға, проблеманы шешудің мүмкіндік әдістерін ересектің көмегімен, ал адам кейін өздігінен анықтау шеберлігін дамытуға тырысамыз. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсендігін ынталандыру мақсатында жобалық қызмет жүргізіледі.

Жобалау әдісі.

Жобалар әдісін алғаш бастаушы америкалық педагог В.Кильпатрик болып есептеледі. С.И.Ожеговтың түсіндірме сөздігінде «жоба» - бұл пиғыл, әзірленген жоспар: қандай бір құжаттың алдын ала жасаған мәтіні. Жобалау әдісінің негізгі мақсаты: баланың еркін шығармашылық жеке тұлғасын дамыту, ол балалардың міндеттері және зерттеушілік қызметімен анықталады. Балалардың психологиялық сауаттылығы мен денсаулығын қамтамасыз ету, танымдық қабілеттерін дамыту, шығармашылық ойлауын дамыту, қатынас-байланыс дағдыларын дамыту жоба міндеті болып табылады. Осы ойларды тұжырымдай отырып мен де жобамен жұмыс жасауды ұйғардым. Қазіргі заман ағысымен балалар көбінесе теледидар алдында, компьютерде отырады, керек десең далаға шығып ойнауға да ынтасы жоқ. Топтағы балалардың бойынан еңбек етуге, табиғат бұрышында, өзі-өзіне қызмет етуде, серуенде, тұрмыстық шаруашылық еңбек әрекеттері толық қалыптаспағанын байқап «Балабақшадағы бала еңбегі» атты жобаны қолға алып, осы мәселені өзекті етіп қойдым.

Бала еңбегін тек балабақшада ғана емес, сонымен қатар отбасында да одан әрі дамытып жүргізу мақсатында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарын қалыптастырдым. Күннің II жартысында еңбектің бір түрін жоспарлап, соған сәйкес жұмыс жүргіземін. Қызығушылық танытқан ата-аналарды қоса қатыстырып жұмыс барысын түсіндіріп отырамын.

Балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбек етуге үйрету. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру ойын бұрышындағы кезекшілікті атқаруға үйрету. Үлкендердің көмегімен гүлдерді суару, ағаштарға су құю, оқу құралдарын тарату, ас ішу кезінде тарелка, қасықтарды қойып шығу сияқты жұмыстарды үйрету. Үлкендердің еңбегінің және еңбектің қажеттілігі жөнінде түсінік беру. Балаларды алдына мақсат қоя білуге, оған жетуге үйрету жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру. Арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелерді кейіпкерлер арқылы «Еңбек түбі - зейнет» екенін түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Көйлекті маған кім берді?», «Қайдан келдің, бауырсақ?» деген әңгімелер арқылы барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру.

Алдыма мынандай **мақсат** қойдым: өзіне-өзі қызмет ету еңбегі баланың балабақшаға келген күннен бастау алып, балалардың өзін күтуі, ересекке тәуелсіз болып, өзінің ісіне сенімін қалыптастырып, ұқыпты әдемі, өзі киіне алу біліктілігі, сыртқы келбетіне қарай алуы. Балалардың табиғаттағы еңбегі, өсімдіктер мен жануарларға күтім, бақшада көкөніс өсіру, үлескені жасылдандыру, аквариумды тазалауға араластыру. Қол және көркем еңбегіне табиғи материалдар, қағаз, қатырма қағаз, мата, ағаштан бұйым жасау. Бұл еңбек түрінде балалардың қиялы, шығармашылық қабілеттері дамып, қолдың ұсақ бұлшық еті дамып, ұстамдылыққа, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге үйренеді. Балаларды еңбекке баулуды тек балабақшада ғана емес, отбасында да жалғастыру. Мектеп жасына дейінгі кезеңде еңбекті дұрыс ұйымдастыру баланы жүйелі түрде еңбекке баулудың, еңбек дағдыларына үйренудің алғашқы қадамы.

Осы мақсатқа қол жеткізуде баланың жас ерекшелігін, психологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып балалармен жүргізілетін жылдық жоспар құрастырдым. Бұл жоба төрт кезеңнен тұрады.

1 кезең: - ұйымдастырушы

- әдебиет жинау
- жобаға сәйкес әдебиеттермен танысу
- жұмыс түрлерімен танысу

2 кезең: - жобаның жылдық жоспары

- бала еңбегін оқу іс-әрекеттерімен кірістіру
- бала еңбегін түрлеріне байланысты бөлу
- жұмыс түрлерімен танысу

3 кезең: - жобаны жүзеге асыру

- бала еңбегін оқу іс-әрекетіне пайдалану
- күннің II жартысында еңбекке үйрету
- әртүрлі ойындарға еңбекті қолдану

4 кезең: - бала еңбегін ашық сабақта қолдану

- еңбектің бір түрін көрсету
- жоба бойынша слайд көрсету
- жоба бойынша жазбаса есеп беру.

Алдыға қойған **міндетім**: балаларды еңбек түрлерімен және кәсіптермен таныстыру. Ұжымдық еңбекті татулықпен ұйымдастырып атқаруға үйрету. Еңбектің әр түріне баланың қызығушылығын ояту, ұжымда еңбек етуде белсенділік, ынта ықыласын көрсетуді қолдау. Өз қолымен жасаған еңбегіне қуаныш, мақтаныш сезімін тудыру. Еңбекке қызығушылығын тәрбиелеп жағымды көзқарас тудыру. Өз-өзіне қызмет етуі балабақшада және отбасында еңбекке араласу, яғни үлкендерге көмектесу. Еңбек етуге жат қылықтар: Еріншектік, жалқаулық, шалағайлық, ұқыпсыздыққа жиренуге баулу, яғни жол бермеуге тәрбиелеу. Бақыт адамға еңбек арқылы келетінін ұғындыру.

Гүл өсірсең терлеп,

Бұның аты – еңбек.

Кесте тіксең зерлеп,
Бұның аты - еңбек.
Қиындықтың бәрін

Еңбек қана жеңбек, деген өлең жолдарын айта отырып болашақ біздің ізбасарларымыз жас жеткіншектерге «Еңбек түбі – береке», «Еңбек ер атандырады», «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті» екенін айтқым келеді.

К.Д.Ушинский талаптарының ең бастыларының бірі - еңбексүйгіштікке, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Кімде-кім пайдалы еңбекпен айналысса, сол адам қоғамның лайықты азаматы бола алады деп білді. Ушинский баланың санасына сәби кезінен-ақ, еңбек етудің қажеттілігі мен маңыздылығын ұялатуды, пайдалы іс істеуге тырысушылыққа және қандай істе болса да шын ниетпен және ұқыпты орындауға тәрбиелеуді ұсынды[2.23-б].

Еңбектің бейнеті мен зейнетін басынан өткізген халқымыз баланы еңбекке тәрбиелеуді отбасынан бастаған. Ер бала мен қыз бала тәрбиесін бөлісіп алған. Еңбекті дәріптеп жастарға еңбек адамын үлгі-өнеге ретінде ұсыну "Аяз би" ертегісіндегі Аяз би "Кер құла атты Кендебайдағы" Кендебай, т.б. бейнелері арқылы беріліп отырған.

Қазақ халқы жастарды еңбекке баулығанда күнделікті кәсібіне, тұрмыс тіршілігіне байланысты төрт түлік малды бағып-қағуды, аң аулап кәсіп етуді ойластырған.

Халқымыз еңбек пен өнерді егіз санаған. Жүн иіріп, өрнек тоқу, киіз басып, үй жабу, ою ойып, сырмақ, түс киіз өрнектеу, тері илеп, бас киім тігу қыздар, әйелдер үшін ерекше өнер санаған. Халық педагогикасынан орын алған еңбек және еңбекке тәрбиелеу қазіргі педагогика теориясы принциптерімен ұштасып жатыр. Еркін еңбек барысында өзінің және бүкіл қоғам мүшелерінің қажеттілігін қанағаттандыру үшін адам материалдық және рухани құндылық жасайды. Шығармашылық еңбек барысында адам өз күшінің шамасын және қабілетін анықтайды. Қоғамның басты талаптарының бірі - әр азаматтың өмірде өз орнында толық күш-жігерін жұмсап, қоғамдағы байлықты еселей түсуге еңбек үлесін қосуы, еңбекке адал, саналы қатынасу болып табылады. Міне, осыны ескере отырып мен өз жобамда ата-аналарды да қамтым. ата-ананың еңбегін көріп өскен бала еңбектің қадірін түсінеді. Ата-аналар балаға еңбек етудің жолын тек отбасындағы іс-әрекеттері арқылы ғана көрсетіп қоймай, балабақшаға да келіп, қоғамдық жұмыстарға белсене ат салысып, үлгі болуда.

Балабақшамыздағы сыртқы безендіруі таза табиғи және құнсыз заттардан жасалынып төңірегімізді көркейтіп тұр. Тәрбиеленушілердің табиғатты танып білуге және оның тылсым тынысының өздік ерекшеліктерін түсінуге арнайы еңбек құралдары қамтылған тобымыз бар. Балалар тірі және өлі табиғат арасында, тірі организм мен олардың өмір сүру ортасындағы байланыстарды орнатуға үйреніп табиғатпен етене байланыста болады. Жаз мезгілінде балалар еңбекпен танысудың түрлі тәжірибелік жолдарынан өтеді. Ол жолда балалар құмырсқа илеуімен, шағын тоғанмен, аралардың еңбегімен, жәндіктер әлемімен танысады.

Балалар бақша ішінде тәрбиешілермен еңбек жасайды, көкөністердің өсіп-жетілуін бақылайды және әлемнің қызықты жерлерімен танысуға мүмкіндік беріледі. Ол үшін «мысыр елінің пирамидасы» жайғасқан, «кактустар әлемі», «орыс халық ертегілері» және «қазақтың жайлауы» сияқты бұрыштарды ата-аналардың қолдауымен ұйымдастырудамыз. Тәрбиелеу мен білім беру ісіне отбасын тарту, ата-аналарды педагогикалық үрдістерге, жоспарлау мен ұйымдастыруға қатыстыру, ата-аналардың балабақшамен тығыз байланыста болуы. Балабақшамыздың әдемілігін айқындап тұрған түрлі қол еңбегінің маңызын балаларға жеткізіп отырамын.

Қорыта келе біздің заманымыз жаңа технология мен компьютер заманы. Соңғы жылдары біздің өмірімізге түбегейлі өзгеріс енгізді. Сонымен бірге педагогтің де рөлі өзгерді. Ол енді жоғарғы деңгейдегі жаңашыл ұстаз болуы тиіс. Оған қойылатын талап та жоғарғы деңгейде болады. Жаңа технологияның дамуының арқасында балалардың дамуына да үлкен үлес қосылды. Мемлекеттік білім стандарты деңгейіне оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны енгізуді өз міндетімізге алып отырмыз. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу бағытында бақша ішіндегі іс-шараларды бейне суреттер арқылы тамашалауға мүмкіндік жасалады. Тәрбиеленушілердің білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу да жас ұйымның алдына қойған мақсаттарының бірі. Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері сай өзгеріп отырады. Бірақ, ең басты технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек екенін ұстаз ешқашан ұмытпауы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Р.Қоянбаев. Тәрбие теориясы. - Алматы, 1991.
2. В.А.Сухомлинский. Балаға жүрек жылуы. - Алматы, 1976.
3. К. Сейталиев. Тәрбие теориясы. - Алматы, 1983
4. Балабақша меңгерушісі және әдіскері №1, 2013 ж.
5. Мектепке дейінгі ұйым басшысының анықтамалығы №2, 2014 ж.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Ермеков Куаныш Ерланович
Дене шынықтыру нұсқаушысы

Аңдатпа: Мақалада жалпы дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындарды оқытудағы әдістемесінің негізгі мәселері қарастырылған. Ұлттық ойындардың маңыздылығы, олардың жасөспірімдердің денсаулығына тигізетін жағымды әсерлері және дене дайындық сапасын арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдер көрсетілген. Сонымен қатар, олардың нақты сипаттамасы, соның ішінде оқу мазмұнындағы түрлі жіктемелері айтылған.

Түйін сөздер: *дене шынықтыру, ұлттық ойын, қимыл-қозғалыс, дене дайындық сапасы.*

Кіріспе. «Жаңғыру атауы бұрынғыдай тарихи тәжірибемен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, заманына сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғы шарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық -рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» - деп, жас ұрпақ бойындағы ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыруда ұлттық дәстүрімізді жаңғыртудың маңызына айрықша көңіл бөліп келеміз[1].

Міне, осы бүгінге дейін ел арасында руханияттың қайта жаңғырып, сананы жаңа деңгейде көретін ұлттық бағдарламалардың мәні мен маңызы да жете түсіндіріліп, көнеден керуен тартқан ұлттық мұралар мен тасада қалған ұлттық ойындарымыздың жұмбағы ашылып, бүгінгі ұрпаққа жетіп жатыр. Қазақ халқы - ұлт ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдықты, шапшаңдықты тағы басқа қуаты молдылығын, білек күшін дененің сомданып шынығуын қажет етеді. Балаларға өз ұлтымыздың тұрмыс-салтын, дәстүрлерін, әдет – ғұрыптарын, әдебиетін, мәдениетін үйрету, ұлттық ойындарымызды тәрбие құралына айналдыру үлкендердің ұрпақ алдындағы абыройлы міндеті емес пе? Сонда ғана, олар өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіре алады! Сонда ғана, балалар кешегі мен бүгіннің ара-жігін ажыратып, дұрыс бағытты таңдай алады! Ал, ұрпағына ұлттық тәрбие беретін отбасында жаны жақсылыққа құмар, көркем мінезді, ұлтжанды бала өсіп шығатыны анық! Ұлт ретінде әлемге танылу үшін әрқашан ұлттық құндылықтарымызды сақтай білу қажет. Осы ретте, техника дәуірі тасасында қалып қойған ұлттық ойындарымызды қайта жаңғыртып, насихаттай білсек, нұр үстіне нұр болар еді!

Ұлттық ойындарды өмірде қолдану - балалардың ой-өрісін жетілдірумен қатар, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Ұлттық ойындарды ойнату арқылы балаларды жан-жақты тәрбиелейміз. Сондықтан, балаларға ұлттық ойындарды ойнатудың маңызы зор.

Мектепте оқушылардың денесін шынықтыруды ұлттық ойындар арқылы іске асыру күрделі педагогикалық маңызды мәселе болып табылады. Негізгі бағыттары балаға қажетті барлық қозғалыс дағдыларын - жүгіру, секіру, өрмелеу, еңбектеу, лақтыру, тепе – теңдікті сақтауды ұлттық ойын элементтерін енгізе отырып үйрету. Қимыл-қозғалыс түрлерінің ішінде жүгіру оқушылардың табиғи жақсы көретін қозғалыс түрлерінің бірі болып келеді. Мектеп жасындағы оқушылар үшін жылдамдыққа жүгіру, алысқа жүгіріп, төзімділікке шыдамды болу мейілінше бағалы болып саналады. Жүгіру баланың барлық ағзасына жалпы физиологиялық өсуіне әсер етіп, жүрек пен өкпенің дамуына өте пайдалы жаттығу. Арнайы құрастырылған әдістемеді сабақтың ұйымдастыру бөлімі оқушылардың көңіл күй ортасын қалыптастыру. Көңіл күйлерін көтере отырып, тапсырылған жүктемені орындатуға қол жеткізу. Сондықтан дене шынықтыру сабағында оқушының қарқынды іс - әрекет етіп жұмыс жасауларын талап ететін ойындарды таңдаған дұрыс. Сабақтың кіріспе бөлімінде ұлттық, ойын ережелерімен терең танысуға, ақпарат жинауға ақпараттық коммуникациялық технологияның көмегі мол. Бұл оқушылардың ойынға деген қызығушылықтарын оятып, ынталандыра түсіріп, топтық және жұптық жұмыс жасай алуларына септігін тигізіп, ұжымдық бірлікті нығайтады. Оқушы қарқынды қимылдайтын қозғалыс ойындары беріліп, сабақтың оқу мақсатына қойылған міндеттер мен жаттығулар іске асырылады. Ал сабақтың соңғы қорытынды бөлімінде оқушылармен кері байланыс алынып, рефлексия арқылы өздерін бағалау, өзін-өзі бағалау әдістері қолданылады. Бұл оқушылардың білімдерін арттырып, алға қарай ұмтылуына жол береді. Қалыпты тыныс алу элементтері бар жаттығулар қолданылады [2].

Сабақ барысында ойнатылатын ұлттық ойындардың кейбіреуі оқушылар үшін күрделі және арнайы жаттығуды қажет етеді. Мәселен, өрмелеу, лақтыру ойындары. Ал келесі ойын қарапайым болып келгені дұрыс. Мысалы, бір сабақта өрмелейтін ойын түрі болса, баспаға өрмелеп шығумен қатар оқушылардың жерде отырып допты бір – біріне домалатып, допты алысқа домалатып лақтырып ойнауын біріктіріп отырған ыңғайлы. Ойындарды бастамас бұрын оқушыларға әрбірінің ойын барысындағы жауапкершілік міндеттерін түсіндіріп, қауіпсіздік ережесімен ойнау ережелерін айта отырып ойынды бастаған дұрыс.

Дене шынықтыру пәні мұғалімі ойналатын ойынның шартын өте қысқа түсіндіреді, содан кейін тапсырманы топ көре алатындай жерде тұрып толық көрсетуі тиіс. Ойын барысында мұғалім оқушылардың орындаған іс - әрекеттерін бағалап отыруы қажет. Орта сыныптарда оқитын оқушыларға арналған дене шынықтыру сабағында бағдарламаға сәйкес өткізілген ұлттық ойындар тиімділігін арттырды. Тәжірибеде көрсеткендей, оқушыларға қозғалыс дағдыларын үйрету және жаттығуларды сапалы орындауға көмегі бар екендігі, сонымен қатар сабақ кезінде ұлттық ойындар арқылы ұлттық дәстүрлерді үйретуге тиімділігі мен ерекшеленеді. Оқушыларға арналған сабақтардың құрылымын және ұйымдастыру әдістемесін өзгерту, баланың денсаулығына тиімді жаттығуларды қолдану арқылы денесін шынықтыруда ұлттық ойындарды қолдану тиімді болуы қажет [3].

Ұлттық ойындарды қозғалыс салаларының түрлеріне топтауға болады. Мысалы: жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу, тепе – теңдікті сақтау, жалпы дамытуға қажетті қимыл – қозғалыс жаттығулары деп бөліп оларды үйрету, дамыту жолдарын ұлттық ойындармен жүйеледі. Ұлттық ойындар ойнату арқылы дене шынықтыру сабағында баланың заманауи тұлға болуына, ойлау қабілетін дамытуға, дене сапасын арттыруға кедергі жасаған көптеген қарама-қайшылықтарды жоюға мүмкіндік туғызады. Мектеп жасындағы оқушылардың қозғалыс қабілеттері олардың морфофункционалдық негіздерімен тығыз байланысты. Осы кезде оқушылардың дене дамулары үздіксіз, бірақ бәріне бірдей емес. Олардың өсуіне негізгі жүгіру, секіру сияқты дене жаттығулары белсенді әсер етеді.

Ұлттық ойындардың қай-қайсысы болса да жылдамдықты, ептілікті және төзімділікті мейілінше жетілдіруге мүмкіндік береді. Халқымыз бұрынан - ақ бала тәрбиесіне, оның дене бітімінің дұрыс жетілуіне дәстүрлі жаттығулар қолдануға көп көңіл бөлген. А. Құралұлының «Дене тәрбиесінің тозбайтын дәстүрі» еңбегінде көрсеткендей ойын жаттығуларының баланың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы атқарар орыны ерекше [4].

Жүгіруге байланысты халық ойындары өте көп және жан-жақты. Сол ойындардың бірі «Кім жылдам?» деп аталады. Бұл ойынды спорт залда, далада, дайындық бөлмесінде ойнатуға болады. Бағдарламада секіру түрлерін де дұрыс меңгеру үшін оларға «Қап киіп жарысу», «Жүрелей секіру», «Қарғымақ», ойындарын ұсынған тиімді болып келеді. Бұл ойындарды оқушылар үйренгенен кейін жарыс түрінде өткізіп, оқушылардың секіру қабілеттерін одан әрі жетілдіреді. Ойын мақсаты — сызықтың екінші басына бірінші жету. Олар барлық қатысушылар р кезектесіп қатынасады. «Қап киіп жарысу» ойыны баланы жылдамдыққа, шыдамдылыққа, тез шешім қабылдай білуге, сергектікке баулиды. Осы иақсатта біздің ұсынып отырған ұлттық ойындар баланың аяқ, қол, бел омыртқасын бекітуіне қолайлы жаттығулар негізінде құрылған [5].

Лақтыру және қағып алу ұсынатын ұлттық ойындардағы ойын құралы ретінде көбіне асықты, допты пайдаланамыз. Доппен немесе белгілі бір ойын құралымен ойналатын ойын сәтінде лақтыру, домалату, қағып алу т.б. қимылдарды оқушыларды жұппен немесе топтап өткізген тиімді. Ұлттық ойындардың көпшілігінде мысалы: «Алтын сақа», «Тұмақ ұру», «Бестас», «Ақшымшық» ойындарына топтағы барлық бала қатыстырылып ойналады..

Ептілікпен дәлдікті қажет етін ойындар түріне жататын «Асық» ойыны оқушылардың арасына кең тараған. Ертеден келе жатқан бұл ойын ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келеді. Қазіргі кезде бұл ойынның бірнеше түрі бар. Олар: «Хан», «Киім алғыш», ««Қарагие» ойыны», «Бестабан» тағы басқалары. Ойын бастамас бұрын допты жоғары лақтырып, қашықтыққа құлаштап лақтырып, қағып алып, допты төмен жермен домалатып, допты секіріп қағып алуды үйрету қажет. Бұл жаттығулар сәтінде оқушы допты тым жоғары лақтырмай қағып алып жерге допты қолдың күшін пайдаланып ұрып, доптың жерден жоғары қайта ыршыған

кезінде ұстаудың түрлері алдымен үйретіледі. Біртіндеп оқушылар бұл әрекеттерді қайталау кезінде еркін қатесіз орындауға машықтана бастайды.

Тепе – теңдікті сақтаған ойындарды ойнату әдістері. Тепе–теңдік қабілеттің дамытуға арналған ойындар кезінде оқушылар бірінен кейін бірі белгілі ара қашықтықты сақтап, бір–біріне кедергі жасамай ойнауларын қадағалауымыз қажет. Бұл топтағы оқушыларға тепе–теңдікті сақтауға арналған ойындармен қатар аяқ, қол, дене бұлшық еттерін нығайту мақсатында жалпы дамыту жаттығулары ұсынылады. Ұлттық ойынның ішінде «Аударыспақ» «Жеке сайыс» «Тепе-теңдік» «Қораздар теке-тіресі» «Жаяу тартыс» ойындары ұсынылды. Тепе–теңдікті сақтауды қалыпты әдетке айналдыру үшін осы ойындарды ұсынған тиімді [6].

Қозғалмалы ұлттық ойындар «Ақсүйек» , «Арқан тартыс» , «Тұмақ ұру», «Сақина салу» және «Жаяу тартыс» ойындарын саралап, мазмұнын өзгертіп ойнатуға болады. Сабаққа дайындалу кезінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі барлық баланы ойынға белсенді қамту үшін олардың ойын сәтіндегі жауапкершілігін, ойын тәртібін, кімнің қандай міндет атқаратынын түсіндіреді [7].

Орта сыныптарда оқитын оқушылардың ойлау қабілетін дамыту мақсатында ұлттық тоғызқұмақ ойынын ойнатқан дұрыс. Бұл ойын терең ойды талап ететін, ойнасаң қызығына ешбір тоймайтын, халық даналығы қалдырған ойындардың бірі – тоғызқұмалақ ойыны. Халықпен бірге жасап келе жатқан даналардың ойыны аталған тоғызқұмалақ – бүгінде өзінің даму сатысында екенін айта кеткені жөн. Орта сынып оқушыларына ойлауды талап ететін ойындарды ойнату олардың ұлттық ойындарға деген қызығушылығын арттыру мен қатар сабақ үлгерімдерін жақсартады.

Қорытынды. Сонымен қорыта келгенде, ұлттық ойындарды ұйымдастыру кезінде оқушылардың ойын кезінде мұғалім ойын ережелерін, ондағы жасалатын қимыл–қозғалыс жаттығуларын қарапайымнан күрделіге қарай «Шиыршық» әдісі арқылы қолдана отырып үйреткенде, оқушылардың ойын ойнауларына жақсы жағдай жасалады. Дене шынықтыру сабағын ұлттық ойындарды енгізу арқылы өткізуді қалыпты жүйеге айналдырғанда баланың өмірге қажетті қозғалыс дағдыларының қалыптасуына, баланың ұлттық дәстүрлерді ойын арқылы танып білуіне жол ашатындығы белгілі. Бала денсаулығына пайдалы әдет пен дағды қалыптасып белсенді өмір салтына, спортқа, дене шынықтыруға деген көзқарас пен қызығушылық тәрбиеленеді. Дене шынықтыруды бала өмірінің қажеттілігіне айналдыру арқылы болашақта салауатты өмір салтын құрудың негізін қалау болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан жолы –2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // - Астана,17 қаңтар 2014.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Төртінші өнеркәсіптік Революция жағдайындағы дамудың жаңа

- мүмкіндіктері. Жетінші жолдау: Адами капитал – жаңғыру негізі. Білім берудің жаңа сапасы. 2018 ж қаңтар айы
- 3.2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан қ. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 422 б.
4. Сағындықов. Е. Ұлттық ойындарды оқу тәрбие ісінде пайдалану. Монография. – Алматы: Рауан, 2016.-Б.160
5. Бүркітбаев Ә.. Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні. Оқу құралы.-Алматы: Қазақстан, Б.2015. -132
6. Куанышов Т.Ш. Дене тәрбиесінің теориялық және әдістемелік негіздері. Алматы,2015. Б.260 .
7. Қадыралин Ғ.Қ Ойна да күл жеткіншек //Қызылжар.2019

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН- ТАРИХИ МҰРА

Ережепов Дархан Бердалыұлы - 19 «Қызғалдақ» бөбекжай -бақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы

Аңдатпа Мақалада қазақ халқының ұлттық ойындары, мақсаты мен түрлері, ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңірудегі орны туралы айтылады.

Түйін сөз: ойын, тарихи мұра, дәстүр, күрес.

Ойындар- халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі.

М. Жұмабаев

Кіріспе. Қазақ ұлттық ойындары елдің өмірімен тығыз байланысты. Сондықтан оның тәрбиелік маңызы аса жоғары, әрі құнды Қазақ халқы мәдениетінің аса маңызды элементтерінің бірі көптеген адамдардың өмірі мен тарихи тәжірибелерімен тиянақталған тарихи мұрасы ұлттық ойындар болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары ертеден келе жатқан дәстүрлердің бірі. Бала тәрбиесінде ұлттық ойындардың алатын орны ерекше. Ол – жас ұрпақты имандылыққа, тапқырлыққа, адамгершілік қағидаларына баулуда баға жетпес құрал. Себебі бала айналасындағы жағдайлардың бәрін ойын арқылы қабылдайды. Сол арқылы тәрбиеленіп, өнеге үйренеді. Дәстүрлік таным-түсініктен туындайтын қазақ халқының ұлттық ойындары - баланы іс-әрекетке, адамгершілік әдептерді игеруге, ақыл-ойын жетілдіруге,отан сүйгіштікке баулуда, салауатты өмір сүруге тәрбиелеуде тендесі жоқ құрал.

Ойын арқылы балалардың адамгершілік, адалдық, әділдік сезімталдық қасиеттерін қалыптасып, тіл байлықтары артып, сөздік қорлары дамиды. Ұлттық ойындардың балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қоюға, спорттық

шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыруға, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып, салт-дәстүрлерді сақтай білуге ынталандыруда маңызы зор.

Қазақ халқы ежелден салауатты өмір салтын ұстанып, денсаулыққа аса мән берген. Оны ұлттық ойындардан да аңғаруға болады. Өткенге көз салсақ қазақ балалары жастайынан аттың құлағында ойнауға бейімделген. Ұлттық ойындардан тәжірибе мен тәсілдің еркіндігі, тапқырлық пен болжамның қиылысатын шебі, мұрат пен меженің тоғысқан шеңбері анық көрінеді.

Ертеректе ұлттық ойындарда ежелгі заманнан келе жатқан тастан, ағаштан, аң сүйектерінен, кейін металдан жасалынған құралдар қолданылатын болған. Ойын арқылы адам өзінің іскерлігі мен күшін көрсетеді. Қазақтың ұлттық ойындарының екі жүзден астам түрі бар. Этнограф ғалымдардың пайымдауынша ата-бабадан бізге жеткен ойындар тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамдағы ұлттық ойындардың негізгі шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады. Бұлардың көбісі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізделген.

Қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқан, ұзақ тарихы бар ойын – күрес. Адамның жеке күш-қайраты сынға салынады. Бұл тұста қазақ халқы жастарды «Күш – атасын танымас» деп қайрайды. Бұл күштілерді дарақылыққа итермелеу емес. Сайыс майданына түскен жігіттер кіммен болса да тайсалмай күресуге тиіс. Қарсыласқысы келгеннен аянбау керек. Күрес қазақ арасында күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан ұлттық ойынның бірі.

Бүгінде өз қадір-қасиетін жоймай келе жатқан ойынның бірі – көкпар. Көкпарда «Дода және жеке тартыс» аталатын екі түрлі әдіс қазақ арасында көп қолданылады. Екеуінде де ат пен жігіт сынға түседі. Қазір көп жерде дода тартыс қана ойналып жүр. Жеке тартыстың шарты бойынша қарсылыстар өз тобынан екі-екіден тартыскерлер шығарады. Сайланған төрт жігіт өздерінің қайрат-күшін елге танытады. Тартылатын серкені бір бала өңгеріп алып, алдын ала сарапшылар белгілеген бір жарым шақырымдай жерге апарып тастайды. Тартысқа шыққан жігіттер серкеге барғаннан кейін таласа-тармаса тұрып, жерден іліп алу амалын жасайды. Қайсысы бұрын іліп алса, тақымына басып, қарсыласына ырық бермеуге тырысады. Ол да жармасып, бос сирақты тақымға басып, тартыса бастайды. Серіктері жолдастарын жебейді. Қайсысы көкпарды жұлып алса, серігіне береді. Ол топқа қарай ала қашады. Қарсыласы қуалайды. Жетіп ұстаса, қайта тартысады. Сөйте-сөйте көрерменге жақындайды. Осы арада көкпарды жұлып алған жігіт тез қимылдап, қарсылас топқа апарып тастайды. Жиналғандар жүйрік атпен мықты жігіттің қайратына сүйсінеді. Біраздан кейін серкенің терісі жыртылып, сүйегі сөгіле бастайды да, ел жапа-тармағай тартысқа кіріседі. Бұл «дода» деп аталады. Мұнда да мықты жігіттер мен жақсы ат көзге түседі.

Салт аттылардың бірін-бірі ер үстінен аударып алу сайысы – аударыспақ деп аталады. Бұл ойынға қайрат-күші мол, батыл да төзімді, шапшаң қимылдап, ат

құлағында ойнай білетін жігіттер қатысады. Ежелгі заманнан келе жатқан бұл ойын жаугершілік кезінде найза ұстап, қылыш шабатын жауынгерге қажетті қасиеттерді қалыптастырған.

Қыз қуу ойыны бір тегіс, жұмсақ топырақты жазық жерде өткізілген. Мәренің қашықтығы 300 метрдей, ені 30-40 метрдей жер болуы шарт. Ойын өтетін алаңнан қарама-қарсы жағында, бұрылыста жалауша қадалған бақылау пункті болады. Қызбен жігіттен екі-екіден жұптар жасақталады. Сөре желісінде қыз жігіттен 15 метрдей алда тұрады. Төрешінің белгісі бойынша ойыншылар бір мезетте сөреден шаба жөнеледі. Ойынның шарты бойынша қыз бұрылысқа бірінші болып жетуі керек. Егер жігіт бұрылысқа дейін қызды қуып жетсе, жеңімпаз ретінде қызды құшақтап, сүйеге міндетті. Ал жігіт оған үлгермей қалса, бұрылыстан қайта шапқанда қыз көрермендердің гулеп қостауы үстінде шабандоз жігітті қамшының астына алады. Екеуі де осы жарыс үстінде өздерінің тапқырлығын, сынаптай сырғыған ептілікті, шабандоздық шеберлікті таныта білулері керек.

Теңге ілу – бозбалалар мен жігіттердің атпен ойнайтын ойыны. Көбіне қыз ұзатылатын және сүндет тойларының думанында ойналған. Жігіттің атқа мықтылығы, ат үстіндегі әрекеті, денесін игеріп, билеп алған ептілігі сынға салынады. Теңгені іліп ала алмай, аттан ауып қалып жататындар да көп болады. Кейде бір ауылға келін ұзағырақ жылдардан кейін түсіп, беті ашылғаннан кейінгі сайранда ырым үшін де ойналады. Сонда жас келін өзінің шолпысын не алқа күмістерін орамалға түйіп, бір қарыстай терең қазылған, қолдың басы ғана сиятын шұңқырға салып қояды. Сәйгүлік мінген жігіттер жүз, жүз елу метрдей жерден екпіндете шауып келіп, сол ағынымен шұңқырдағы орамалды іліп әкетуге тиіс. Шұңқыр тұсында іркіліп, тоқтауға не аттың шабысын бәсеңдетуге болмайды. Кімде-кім орамалды іліп әкетсе, оны өзіне тартылған жас келіннің тарту сыйы деп біледі. Оны өзі алып қалмайды, қалаған адамына сыйлайды.

Ақ сүйек – ай сүттей жарық түндері, жазды күні қыздар мен жігіттер, балалар араласып ойнай береді. Кешке мал келіп, қораланып болғаннан кейін күзет түрінде ауыл шетінде ойын басталады. Ойынға ерте кезде ірі қараның қу жілігі пайдаланылған. Күн көзінде ұзақ жатқан жіліктің қурап, ақсөңке болып қалатыны белгілі. Ойынның «Ақсүйек» атануындағы мән осында. Оны оңай тауып алуға болады. Ойынға келгендер екі топқа бөлінеді. Бастаушы ақсүйекті әуелетіп, алысқа лақтырады. Басқалар ай сәулесіне шағылыса жарқыраған ақ сүйектен көз айырмай қарап, қай шамаға түсетінін бақылайды. Ақ сүйек жерге түскен соң, бастаушы: «Ал, іздендер» деп бұйырады. Бәрі іздейді. Ақ сүйекті тапқаны: «Мен таптым!» деп айқайлайды да, жоғары көтеріп көрсеткеннен кейін сөреге қарай жүгіре жөнеледі. Қарсыластары оны қуып жетіп ұстап алуға тиіс. Ұсталып қалса, ол ақсүйекті өзін ұстаған ойыншыға береді. Ол әрі қарай жүгіреді. Сөйтіп ақ сүйекті қай топтың ойыншысы сөреге жеткізсе, қарсы топтағылар жеңілген есебінде ән салып береді. Ойын осылайша жалғасады.

Бала кезде сақина салу ойынын ойнағандарыңыз бар шығар. Онда жеребе арқылы бір қыз, бір жігіт ортаға шығады. Басқалары екі қолдарын уыстаған күйі

тізелерінің үстіне қойып отырады. Қыз қолындағы сақинаны әр ойыншының уысына салғандай ыңғаймен ойынға қатысушыларды түгел аралап өтеді. Содан кейін жігітке: «Сақинаны тап!» деп бұйырады. Жігіт өзі ұйғарған ойыншыдан: «Сақинаны бер!» деп сұрайды. Тапса, сақинаны ұстап отырған ойыншы айып тартады. Таппаса, іздеушінің өзі айып тартады. Ал айыптың өтеуі көпшіліктің қалауы бойынша орындалады. Оның түрі де ән салу, жұмбақ шешу, жаңылтпаш айту, салмақ көтеру секілді қызықты болғаны жөн. Осыдан кейін ортаға келесі жұп қыз бен жігіт шығарылады. Бұл ойында қыздар жағы тек сақина салушы ғана болады. Іздеуші – жігіт.

Ойын – ой-өрісті дамытады. Түрлі ойын барысында ой өтімділігі мен сөз өткірлігі сыналып, шеберлер өз мәртебесін мойындатып жатады. Ойын серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Ойын барысында қарсыластың олқы және оң жақтарын дұрыс анықтауға ерекше мән беріледі. Әр ойынның астарында тәрбие жатыр. Ұлттың тұғыры мықты болуында ұлттық ойындардың ұмытылмай ойналып тұруы да өз үлесін қоспақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Құрманбаева С. К. Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі (Қазақстан мектебі. Алматы, 2004.)
2. Атабаев А. С. Ұлттық ойындар-халық мұрасы (Ұлт тағылымы., Алматы, 2006.)
3. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары (Оқулық, Алматы, 1991)

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕ ДӘСТҮРДЕН ТЫС ЖАБДЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Есимова Мирамгүл Серикқалиқызы, Астана қаласы, №71 «Мөлдір» балабақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы, педагог-модератор

Андатпа Мақалада балабақшалардағы дене тәрбиесінде дәстүрден тыс жабдықтарды қолдану әдістері мен олардың балалардың физикалық дамуына тигізетін әсері қарастырылған. Зерттеу барысында дәстүрлі спорттық құрал-жабдықтарға балама ретінде табиғи материалдардан, тұрмыстық заттардан және шығармашылық қиял арқылы жасалған құралдарды пайдалану тәжірибесі талданған. Мұндай жабдықтар балалардың қызығушылығын арттырып, қимыл белсенділігін дамытуға, денсаулықтарын нығайтуға және ұжымдық жұмысқа бейімдеуге ықпал ететіні көрсетілген. Мақала балабақша тәрбиешілері мен педагогтарға арналған практикалық ұсыныстар береді.

Түйін сөздер: дағды, икемділік, мектеп медицинасы, қимыл-қозғалыс

Кіріспе. Дені сау, тәрбиелі, білімді ұрпақ – еліміздің жарқын болашағының кепілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында, мәселен, 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. біртұтас ұлт. берекелі қоғам» атты Жолдауында «қазақта «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөз бар. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек» екенін атап өтті.

2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында «Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз», - деп өскелең ұрпақтың келешегі үшін барлық жағдайды жасау қажеттігіне ерекше тоқталды.

Дені сау, ұйқысы қанық, тамағы тоқ баланың ақыл-ойы айқын, сана-сезімі сергек, өзіне сенімді, жан-жағына шаттана қарайтындай көңіл күйі көтеріңкі болады. Баланың денсаулығы мықты болуы, яғни қимыл-қозғалысы, дене бітімінің дұрыс өсіп-жетілуі негізінен мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан бала организмнің функцияларын жетілдіру, ой мен дене қабілетін арттыру – ең басты міндет. Организмінің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырап жатады. Баланы шынықтыру, оның қимыл-қозғалысын дамыту, дағдылары мен денесінің икемді болуын, шапшаңдық, ептілік, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерді қалыптастыруға тұрмыста және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде қажетті жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын дамытуға баса назар аударған жөн. Кез келген қозғалыс пен дене жаттығулары баланың жан-жақты жетілуіне септігін тигізеді.

Алайда, балабақшалар үшін тәрбиелеу мен білім беру процесін жақсарту бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан, өкінішке орай, еліміздегі мектепке дейінгі мекемелердің қазақ топтарына арналған қазақ тіліндегі дидактикалық материалдар, нұсқаулықтар мен көрнекі құралдар жеткіліксіз болуы көңілге кірбің ұялатады.

2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 1-бабында көзделгендей, медицинаның мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды қамтитын, денсаулықты сақтау мен нығайтуға және аурулардың профилактикасына бағытталған саласы болып табылатын мектепке дейінгі және мектеп медицинасымен бірлесе отырып, тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту мақсатында әртүрлі іс-шаралар ұйымдастыру – балабақшадағы «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекетінің басты міндеттерінің бірі.

Дана халқымыздың «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде!» деген нақыл сөзі бар. Демек, кез келген дерттің алдын алу үшін баланы неғұрлым жас кезінен дене шынықтыруға бейімдеген абзал. Ересектерде кездесетін кейбір

аурулардың (мысалы, «жалпақтабан» ауруы) алдын алуда мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған профилактикалық жаттығулардың пайдасы орасан зор.

Дене-қозғалыс дағдылары – негізгі адам өміріне қажетті жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, тепе-теңдікті сақтау сияқты қозғалыс түрлерінің қалыптасу, жетілу деңгейі.

Дене жаттығулары – жас шамасына қарай күрделене түскен жаттығулар өз құрамына күнделікті тұрмыстан, адам еңбектерінен, әскери қимыл-қозғалыстардан, сонымен қатар спортта кездесетін қозғалыс түрлерінен алынатын жаттығулардың түрлері.

Педагог-ғалым Д.Г.Хухлаеваның пікірінше, дене шынықтыру жаттығуларын ойынмен ұштастырған сәтте баланың тұрақты іс-әрекетке бейімділігінің қалыптасуы айқын сезіледі, сондықтан дене шынықтыру күнделікті қажеттілік болумен қатар, денсаулықтың, шыдамдылық пен жедел әрекет етудің символы болып табылады.

Біздің басты мақсатымыз, баланың өмірі мен денсаулығын қорғау, балаларға түрлі жаттығулар жасату арқылы, дене мүсінін қалыпты, сау өсіру.

Мен әрқашан өз жұмысымда баланың дене бітімінің дамуына, оның денсаулығын нығайтуға, балалардың дене шынықтыру сабақтарына қызығушылығын арттыруға көп көңіл бөлуге тырысамын.

Дене шынықтыру жаттығуларына деген қызығушылықты қолдамай, мақсатқа жету мүмкін емес. егер мұны жасамаса, онда олар айналыспайды, сондықтан мен балалардың дене шынықтыру жаттығуларына деген қызығушылығын арттыруға өз алдыма мақсат қойдым. Бірақ бұл мақсатты қалай жүзеге асыру керек?

Соңғы жылдары дене бітімі әлсіреген балалардың саны айтарлықтай көбейгені байқалды. Экология проблемалары, ата-аналардың жұмыстан қолы босамауы, отбасының қозғалыс белсенділігінің төмен деңгейі - осының бәрі баланың денсаулығын нығайтпайды, керісінше әлсірете береді. Көптеген ата-аналар балалардың денсаулығын нығайту, олардың денесі мен психикасының дамуына жәрдемдесу қазіргі уақытта ерекше маңызды болып табылатынын мүлдем ұмытып, өз балаларының интеллектуалдық дамуына шамадан тыс көңіл бөледі. Осыған байланысты балалардың денесінің дамуында балабақшаның рөлі артады. Менің алдымда балалардың дене шынықтыру жаттығуларына деген қызығушылығын қалай арттыруға болады деген педагогикалық өзекті проблема тұрды.

Өйткені, кейде тек педагогтың кәсіби шеберлігі, эмоционалдығы мектепке дейінгі балалардың дене шынықтыру сабақтарына қызығушылығын ояту үшін жеткіліксіз.

С.Я. Файнштейн модельдеу де, суреттер де қозғалыс тапсырмаларын орындау кезінде жабдықтар мен құралдар сияқты оң нәтиже бермейді деп тұжырымдаған.

Бұл мені балалардың денсаулығын нығайту үшін балалардың денесін дамыту бойынша сабақтарға қызығушылығын арттыру мақсатында сабақтарда пайдалану үшін дәстүрден тыс жаңа жабдықтарды іздеуге және енгізуге алып келді.

Мен өзімнің тәжірибеме тиісті ғылыми және әдістемелік әдебиетті оқып-зерделеу арқылы келдім. Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін денесін дамыту бойынша пәндік дамыту ортасын жарақтандыру жоспарын құрдым.

Мен әзірлеген және дайындалған дәстүрден тыс жабдықтар күрделі емес, қымбат емес, әмбебап, шағын көлемді және әр сабаққа жаңалық элементін енгізеді. Бұл құралдар көп функциялы, бұл оларды әртүрлі қызмет түрлерінде қолдануға мүмкіндік береді. Кішкентай балаларды ерекше пішіндер, осындай жабдықтардың түрлі-түсті бояуы қызықтырады, бұл сабақ кезінде жоғары эмоциялы тонусқа және балалардың оларға деген қызығушылығын арттырады, қозғалысқа деген қажеттілікті қалыптастырады. Ал кішкене балалардың таң қалуы – бұл әдеттен тыс нәрсені көріп үйрену, оны қазіргі кезде белгілі, үйреншікті заттардан ажырата білу деген сөз.

Мен әзірлеген және дербес жасаған дәстүрден тыс жабдыққа оның мынадай түрлері мен нұсқалары жатады.

1. Жалпы дамыту жаттығуларын орындауға арналған:

- «күм салынған дорбашалар»

- «сұлтаншалар»



- «әдемі жалаушалар»

-«орамалдар»-



т.б арқылы қозғалысты үйлестіруді, дамытуға көмектеседі.

сезімдерін, зейінді, қиялды, байқауды

2. Негізгі қимыл түрлерін орындау кезінде пайдалануға арналған:

«Көңілді газеттер»

«Ғажайып дөңгелектер»



балалардың саусақ моторикасын, көздеу мөлшерін дамытады, нысанаға дәл тигізуге жаттықтырады.

- тепе-теңдікті сақтау жаттығулары үшін, балалардың дене бітімін түзетуге көмектеседі.



«Түрлі-түсті таспалар»

орнынан ұзындыққа секіруге арналған және балаларды «ирелеңдеп» жүру және еңбектеу қимылдарын орындауға қызығушылықтарын арттырады
«Ұшатын тәрелкелер» - алысқа лақтыруға үйретеді.

«Сиқырлы бұлақ»

«Әртүрлі қалпақшалар» - табанға арналған жаттығуларды орындау үшін.



«*Ойын парашюті*» - балаларға арналған көңілді ойындардың көпшілігі дененің төменгі бұлшықеттерін дамытса, парашютпен ойнау негізінен иық, білек және қол бұлшықеттерін күшейтеді. Сондай-ақ, осы жабдықпен ойындар мен жаттығулар баланың моторикасын және оның физикалық қасиеттерін дамытуға көмектеседі: төзімділік, ептілік, жылдамдық, икемділік, жалпы және нәзік моторика; коммуникативті қарым-қатынас дағдылары жетілдіріледі.

- «*Полиэтилен пакеті*»- арқылы лақтыру, қағып алу, тыныс алу жаттығуларын орындауға, кеңістіктегі бағдарлауға, тепе-теңдік функцияларын қалыптастыруға, жедел әрекет етуде ептілік пен жылдамдығын жетілдіруге болады.



- «*Сиқырлы парақтар*» - қағаз парақтарын, ескі газеттерді пайдалану, умаждау арқылы балалардың ұсақ моторикасын дамытса, лақтыру, қағып алу қимылдарын орындау кезінде көздеу мөлшерін, нысанаға дәл тигізуге жаттықтырады. Балалардың әртүрлі заттарды қағаздан құрастыру мүмкіндігі туралы ұғымын қалыптастырады.

Пластикалық ыдыстардың қақпақтарын «ұшатын тәрелкелерге» айналдыру, бөтелке қақпақтарын да пайдалану балалардың қызығушылығын арттыруға, оларды «Түстеріне қарай жина» ойыны арқылы аяқ башпайларының дамуына, түстерді ажыратуға көмектеседі.

Балалар заттар әлемі және олардың көп функциялылығы туралы білімдерін байыта отырып, түрлі-түсті қарындашпен сурет салып қана қоймай, сол қарындаштардың қол саусақтары мен аяқтың башпайларына арналған массажерге оңай айналатынын білді.

«Түрлі-түсті автомобильдер» деген қозғалыс ойынында балалар геометриялық фигуралары желімделген рульді пайдалану арқылы геометриялық фигуралардың атауларын және түстердің атауын үйренді. Балалардың бұл құралды пайдалануын талдай отырып, мен балалардың оны ойындарда жақсы пайдаланатынын, бұл көп жағдайда балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігінің артуына ықпал етеді деген тұжырым жасадым.

«Жалпақ табан» ауруының алдын алу үшін тәрбиешілер мен ата-аналардың көмегімен түрлі жолдар мен кілемшелерді дайындадым.

Дәстүрден тыс құралдарды қолдану сабақтарға, қозғалмалы ойындарға алуан түрлі өзгерістерді енгізеді, тәрбиешілерге түрлі жаттығуларды кеңінен қолдануға, тапсырмаларды өзгертуге мүмкіндік береді.

Дәстүрден тыс жабдықтарды пайдалана отырып, денені дамыту бойынша сабақтар өткізу сабақтарға қызығушылық сабақтың әдістемесін сапалы жақсарту, олардың мотор тығыздығын арттыру арқылы да, дәстүрден тыс жабдықты қолдану, оны тиімді пайдалану арқылы да мүмкін болатындығын көрсетті, бұл моториканы тез және сапалы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дене шынықтыру сабағында дәстүрден тыс жабдықтарды пайдаланудың нәтижесі мынадай болды:

1. Балалардың қозғалыс белсенділігі артты
2. Балалардың сабаққа деген қызығушылығы артты.

Ойымызды қорытындылай келе, дәстүрден тыс жабдықтарды пайдалану арқылы, балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, физикалық қасиеттері дами түсті. Олардың денсаулығын нығайтуға ықпал етіп, ширақтық, зейінділік, ептілік, икемділік, шапшаңдық сияқты сапаларды қалыптастыруға жағдай жасалды. Дайындалған құрал жабдықтар таным білім беру саласы бойынша алған қарапайым түсініктерін бекітуге ықпал етті. Денешынықтыру іс-әрекетінің сапасы, эмоциялық тонус, өзіндік іс-әрекеттегі тапқырлық, белсенділігі және ең бастысы балалардың – дене шынықтырумен айналысуға деген қызығушылығы мен ынта – ықыласы артты.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 01.09.2022 ж. «Әділетті мемлекет. біртұтас ұлт. берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы;
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 01.09.2023 ж. «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы;
3. Юркова Е.А. Физическая культура. Методическое руководство для педагогов средней группы (4-5 лет) по Типовой учебной программе дошкольного воспитания и обучения /Е.А. Юркова. – Алматы:кітап баспасы, 2018. – с. 258
4. Д.Г. Хухлаева Теория и методика физического воспитания детей дошкольного возраста. М: Проосвещение, 1971. -20 б.

«АЛАҢДАҒЫ БЕСТЕМШЕ» ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Жолбарысова Молдир Айткалиевна педагогика ғылымдарының магистрі
Астана қаласы, №5 «Ақбота» балабақшасының меңгерушісі

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қайта жаңғырып ойнатылып жүрген «Алаңдағы бестемше» ұлттық ойыны туралы айтылады.

Түйін сөздер: ұлттық ойындар, «Бестемше» ұлттық ойыны, «Алаңдағы бестемше» ойыны, ойынының тәрбиелік маңызы.

Кіріспе. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің міндетті бірі баланың дене, зияткерлік және эмоционалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, оның әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету, тиісті мінез-құлықтарын қалыптастыру болып табылады. Осы орайда мемлекеттік стандарттар мен бағдарламаларда бала ерте жастан бастап ел жандылыққа тәрбиелеу шеңберінде адами құндылықтарға негізделген ұлттық дүниетанымдық сипаттағы іс-шаралар ұйымдастыру мақсатты түрде қамтылады. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, күн тәртібін құруда олардың үнемі қозғалыста болуы, қимыл-қозғалысын меңгеруі, үйлесімді қарым-қатынасқа түсуі жоспарланады.

М. Жұмабаевтың пікірінше, ойын – ұлттық мәдениеттің қайнар көзі, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі. Баланың қиялы ойын барысында байқалады. Айналасындағы тұрмыстан нені көрсе, соны істеуге тырысады. Бала үшін ойын шын мәніндегі бір жұмыс. Ойында бала жанындағы заттарды пайдалану, ойынның мәнін, бала өмірінде алатын орнын аша түседі. Сонымен, балаларға арналған ойындарда, әсіресе, ұлттық ойындарда баланың жас ерекшелігі, оның физиологиялық дамуына үйлесімді қимыл-қозғалысқа жаттықтыру, сөздік қорын молайту жағынан өте бай және педагогикалық заңдылықтар үйлесімді

қиыстырылған. Қазақ ұлттық ойындарының өзіндік ерекшелігі балалардың ой-өрісін, ойлау жылдамдығын дамыту, баланың қиялын байыту және шығармашылық өзін-өзі көрсету мүмкіндіктерінің болуы болып табылады [5].

Қазіргі таңда елордалық мектепке дейінгі ұйымдарында «Бестемше» инновациялық жобасы 2022 жылдан бастап 38 елордалық мектепке дейінгі ұйымдар арасында жүргізіліп келеді. Сонымен қатар, Астана қаласының білім басқармасы тұрақты түрде балабақшалар арасында қалалық жарыстар, олимпиадалардың қалалық кезеңін ұйымдастырып отырады. Қазіргі таңда ұлттық ойынымызға деген қызығушылық кеңінен артуда. Атап кетсек, «Бестемше» ұлттық ойыны мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық, логикалық және зияткерлік дағдыларының дамуына үлкен үлес қосуда. Ұлттық ойынымызды шетелдік әріптестеріміз Түркия мемлекетінің Анталия қаласындағы әріптестерімізге «Зияткерлік ойындардың жасөспірімнің когнитивтік қасиеттерін дамытудағы маңызы» атты халықаралық семинарда таныстырып, елордалық балабақшалар халықаралық ісшарада «Бестемше» және «Алаңдағы бестемше» ойынының ережесі мен маңыздылығы бойынша шетелдік әріптестермен іс- тәжірибе алмасты.

Баланың креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білу дағдыларын яғни стандарт талаптарына сай барлық бес дағдыны дамытуға бағытталған және әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін ойындардың бірі – «Алаңдағы бестемше» ұлттық ойыны. Ұлттық ойынға Астана қаласының №5 «Ақбота» балабақшасы кейбір ерекшеліктер енгізіп, «Алаңдағы бестемше» авторлық ойынын қолданысқа ұсынуда. Жыл сайын жаңғырып, адам тұрмақ баланың қызығушылығын арттырған «Алаңдағы бестемше» ойынын өткен жылы жан-жақты зерттеу жүргізіп, Түркия еліне апарып екі жақты меморандумға отырды

«Алаңдағы бестемше» ойынының негізі «Бестемше» ойынынан алынған. Бестемше ойыны қазақ халқының ақыл-ой ойындарының бірі. Оның пайда болу мерзімі 4 мың жылдық мерзімді қамтиды. Бұл ойынға ұқсас ойындар Қырғызстан, Индонезия, Вьетнам, Малазия, Марокко және Түркияда кездеседі. Бестемше туралы мәліметтер өте аз. Ойын туралы «Қазақ тілінің түсіндірме» сөздігінде былай делінеді: «Тоғызқұмалақ ойынының бірнеше түрі бар. Оның балаларға арналған қарапайым, түрін «Бестемше» деп атайды.

Ойын алғашқыда ашық аспан астында тас үстінде ойналған [3].



1-сурет

«Бестемше» ойыны тақтасының ең алғашқы нұсқасы

Тоғызқұмалақ ойынның тарихы 4 мыңжылдық кезеңді қамтығаны туралы мәліметтер бар, бестемше туралы жоқ. Ең алғашқы жазба әдебиет үлгісі ретінде

Махмуд Қашғаридің «Диуани лұғат ат - түрік» жазбасында кездеседі, нақты жазба деректерінің болмауы кесірінен ойынның хронологиялық кезеңдері бірізді емес. Ауыз әдебиеті үлгілері мен аңыз-эпсаналарда ғана тоғызқұмалақ шығармасын айтуға болады. Шығарма XI ғасырда жазылған. Осы еңбекте Бестемше ойынына ұқсас ойын – «көшүрме» деген атпен ұшырайды [2].

Бестем немесе бестемше аталатын ойынның қазақ халқында барын іздеп тауып, ережесін қалпына келтірген зияткер ойындарды зерттеуші, ҚР еңбегі сіңірген жаттықтырушы, спорт шебері, математик Серікбай Тілеубаев екенін атаған абзал. Қазіргі таңда зияткерлік ойынды зерттеуші, ғалым Мақсат Шотаев елордалық мектепке дейінгі ұйымдар арасында кеңінен таралуына өз үлесін қосып отыр. Мектепке дейінгі жастағы балаларға ойынның барынша қарапайым әрі тоғызқұмалаққа қарағанда тақтасы да мейлінше шағын отау саны екі есе аз болғандықтан, бұл ойынды тарату мен дамытудың мүмкіндігі де, маңызы да зор. Ойынды балабақшада кеңінен таратып ойнату арқылы баланың арифметикалық есепке жүйрік болу қабілетін ашып, зердесін шыңдауға мүмкіндік береді [1].

«Бестемше» ойыны – математикалық есеп ойыны. Жүрістерді алдын-ала ойлау, есептеу, қиялдау – оның негізгі өзегі. Сондықтан бала ойынды үйрену барысында оның бойында стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті қалыптасады. Бұл кез-келген салада болашақта керек болады. Өйткені өмірде де болашақ істерінді алдын-ала ойлау, жоспарлау – негізгі мәнге ие. Бестемше ойынында арнайы тақта да екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 орда, 10 отау, 50 шардан тұрады.



2-сурет - «Бестемше» ойыны тақтасының қазіргі нұсқасы

Ойын басында әр ойыншыға бір орда, бес отау және 25 шардан тиесілі. Шарлар әр отауға бес-бестен салынады. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды [4]. Бұл ойын тарихында белгілі болғандай ерте кезде «Бестемше» деген атаумен танылып, балалардың сүйікті ойыны болған. Бірақ, ойынға екі бала қатысуымен ғана шектерген. Қазіргі уақытта балабақша тобындағы балалардың санының өсуіне байланысты ойынға кейбір ерекшеліктер енгізіліп, «Алаңдағы бестемше» ретінде қолданысқа ұсынылуда. Заманауи тұрғыда бейімделген «Алаңдағы бестемше»

ойынына қатысатын баланың саны 10-ға дейін артады. Сонымен қатар, төмендегідей артықшылықтар да бар:

- ойнау құралы ретінде құмалақтардың көлемі үлкейтілген, мектепке дейінгі жастағы баланың қауіпсіздік нормасына сәйкестендірілген;
- балаларды қимыл-қозғалысқа түсіріп, ептілекке баулиды;
- топтағы балалар ұжымда бірігіп жұмыс мүмкіндік алады;
- балалардың коммуникациялық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндігі мол;
- ойын арқылы ұжымдық мақсатқа бірігу дағдылары қалыптасады;
- ойынға қатысушы топтағы балалардың топтасып эмоционалдық қанағат алуға жағдай жасалады.


Ойынның мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойын, қимыл қозғалыс дағдыларын қалыптастыру арқылы мектепке дайындау. Ойынның міндеттері:

- ойын барысында зейінділік, есте сақтау, бақылау, шұғыл шешім қабылдау, талдау, келісу, қырағылық және т.б. дағдылардың қалыптасуына психологиялық дайындық жасау;
- мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық танымын қалыптастыруға ықпал ету;
- ойын ережелерін сақтау арқылы топта жұмыс жасау, тәртіп сақтау, эмоциясын басқару, әлеуметтену дағдыларын қалыптастыру;
- санау, кеңістікті бағдарлау, сөздік қорды молайту негізінде сыни ойлауға үйрету;
- қимыл-қозғалысын жетілдіру, ептілік және шапшаңдыққа баулу негізінде денсаулығын жетілдіру [6].

«Алаңдағы бестемше» ойынының тәрбиелік маңыздылығы:

«Алаңдағы бестемше» ойынын адамзат мәдениетінің феномені, оның қайнар көзі ретінде қарастыруға тұрарлық. Ойынның кейбір нұсқалары әлемде ойналады. Мәдениет феномені ретінде ол үйрету, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін де толық атқарады. Сондықтан да баланы жан жақты дамытып, мектепке дайындау үшін «Алаңдағы бестемше» ойынының ролі ерекше. Ойын кезінде баланың психологиялық күйі арта түседі. Себебі, бала ойнайды, эмоциялық әсер алады, белсенді қозғалады, ерік-жігері мен еркіндігі өріс алады, қиялға беріліп, елестету, жобалауға ұмтылады. Мұның барлығы баланың жасампаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Ойынды дидактикалық ойын, қимыл-қозғалыс ойыны ретінде де қарастыруға болады. Өйткені, ойын барысында білімдік міндеттермен қатар баланы қозғалысқа түсіретін, оның моторикасын икемдейтін элементтер де бар. Қимыл – қозғалыс арқылы балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі, тәртіпке бағыну, жолдастық көмек, ойын ережесін басшылыққа алу сияқты адамгершілік сапалары тәрбиеленеді. Ойын үстінде бала бейне өмірдің қуаныш, реніш сезіміне бөленеді.



3-сурет - «Алаңдағы бестемше» ойыны

Ол ойнау арқылы өмір құбылыстарын, адам бойында кездесетін мінез-құлық ерекшеліктерін көріп, таниды да адамды өз ерекшелігімен қабылдай бастайды. Бұл бала бойында қалыптасуға тиісті әлеуметтік-эмоционалдық мәні бар сапа [5]. Ата-аналар мен тәрбиешілердің міндеті ойынды ойнату барысында бала бойына жас кезінен бастап ізгілік, адалдық, мейірімділік, инабаттылық, шыншылдық сезімдерін қалыптастыру. Дұрыс та әділ ұйымдастырылған ойын еліміздің ертеңін, ұлтымыздың болашағын ойлайтын ой-өрісі кең, рухани болмысы жетілген азаматтарының қалыптасуына зор ықпал етеді.



Әдебиеттер тізімі

1. Ә. Ақшораев «Тоғызқұмалақ даналығы»- Тараз, 2000ж;
2. З. Есмағамбетов «Дене тәрбиесі ілімі мен әдістемесінің негіздері» - 2011ж; 3. М. Ноғайбаев «Ұлттық өнеріміз тоғызқұмалақ мектеп бағдарламасында» - Тараз, 1999 ж;
4. С. Тілеубаев, С.Бизақов «Тоғызқұмалақ әліппесі» - А.Қанағат, 2000ж;
5. М. Шотаев, Н.Жумабаев, С.Ақназаров «Таңғажайып тоғызқұмалақ» - Түркістан, 2004 ж;
6. М. Шотаев «Тоғызқұмалақ есептері мен этюдтері» - 2014ж.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ «АСЫҚ АТУ» - ДӘСТҮРДІ ЖАҢҒЫРТУ

*Жумагулова Самал Болатовна Астана қаласы, №36 «Балапан» балабақшасы
дене шынықтыру нұсқаушысы*

Аңдатпа. Қазақ халқының «Асық ату» дәстүрлі ойыны ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдени мұраның маңызды бөлігі болып табылады. Бұл ойын халықтың тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, мінез-құлқын көрсетіп, балаларды тәрбиелеу мен дамытудың құралы қызметін атқарады. Олар ептілік, ұқыптылық, реакция жылдамдығы және ұжымда өзара әрекеттесу қабілеті сияқты қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл мақалада біз осы ойынға, оның тарихына, ережелеріне және қазіргі мәдениеттегі маңызына тереңірек тоқталамыз.

Түйін сөздер: ұлттық ойын, асық ату, нейропсихологиялық тәсіл, нейро ойын.

Кіріспе. «Асық ату» – Орталық Азиядағы көшпелі халықтардың, әсіресе қазақтардың арасында кең тараған көне ойындардың бірі. Бұл ойын күнделікті өмір мал шаруашылығымен тығыз байланысты кезде пайда болды. Асықтар – үй жануарларының, көбінесе қошқарлардың ойында пайдаланылған буындарынан жасалған сүйектер. Оларды жануарлардың буындарынан алып, ойынға жарамды ету үшін мұқият дайындаған.

Қазақ халқы үшін «Асық атудың» ойын-сауықтық қана емес, тәрбиелік мәні де болған. Бұл ойын балаларға дәлдік, ептілік және стратегиялық ойлауды дамытуға көмектесті. Ойын барысында балалар әділдікке, қарсыластарын сыйлауға, ұжымшылдыққа үйренді. Сонымен қатар, ойын әртүрлі жастағы және ұрпақ өкілдерін біріктіре отырып, қоғамдастық ішіндегі әлеуметтік байланыстарды нығайтуға көмектесті.

«Асық атуға» байланысты әдет-ғұрыптар оның қазақ мәдениетіндегі маңызын атап көрсетеді. Көптеген отбасыларда асықтар ерекше құндылық саналып, ұзақ уақыт бойы сақталды. Тіпті маңызды ойындардың алдында асықтарды жылтырату немесе сырлау сияқты арнайы рәсімдер де болған [1].

Ойынның негізгі элементтері

«Асық атуды» ойнау үшін ең аз жабдық қажет: бірнеше асық және тегіс ойын алаңы. Ойынның негізгі элементтеріне мыналар жатады:

Асық. Ойынға бірнеше асықтар қолданылады, олар ойын алаңына қойылады. Қатысушылардың санына байланысты асықтар саны әртүрлі болуы мүмкін.

Сақа. Қатысушылар басқа асықтарды аймақтан шығару үшін қолданатын арнайы асық. Сақа көбінесе арнайы таңдалады, өйткені оның сапасы ойыншының жетістігін анықтайды.

Ойын процесі

Орын дайындау: Асықтар орналасқан жерге шеңбер немесе түзу сызық сызылады. Ойыншылар сақтарды шеңберден немесе сызықтан асып түсіруге тырысып, белгілі бір қашықтықтан лақтырады.

Қозғалыс реті: Ойыншылар сақ лақтырады, мүмкіндігінше көп асықты түсіруге тырысады. Егер асық алаңнан шығып қалса, ойыншы оны жүлде ретінде алады немесе өзіне ұпай жинайды.

Бағалау: Ұпай қағып кеткен асықтар санына беріледі. Ойын барлық асықтар қағылғанша немесе алдын ала белгіленген ұпай санына жеткенше жалғасады.

Жеңімпаз: Ең көп ұпай жинаған немесе көп асық жинаған ойыншы жеңімпаз атанады.

Көшпелі қазақ халқының негізгі қызметі ең алдымен мал шаруашылығымен байланысты болғандықтан асық ойындары балалар мен ересектер арасында кеңінен таралған. Асықтары бар көптеген ойындар бар. Бірақ оларды сәтті ойнау үшін асықтардың түрлерін және олардың құлаған кездегі негізгі орындарын білу керек.

Асықтың түрі өте көп. Мұнда ең көп таралғандары:

1. Кеней, кентай – қойдың немесе ешкінің ұсақ асықтары.
2. Саа-биток немесе Сақа- ең маңызды, үлкен және ауыр асық. Көбінесе бұл үлкен қойдың немесе арқардың сүйегі.
3. Ешкімер – қозы асық. Әдетте ең кішкентай және ең жеңіл.
4. омпы – қошқардың асығы. Асықтың ең көп тараған түрі.
5. топай, сомпай – сиырдың асығы.

Жалпы, асықтың негізгі 4 ережесі бар. Тәйке - алшының қарама-қарсы позициясы. Бүк - дөңес жағы жоғары қарайтын асық жалпақ орны, ал шік - асық жалпақтығы, оның ойыс жағы жоғары қарайтын қалпы [2].

Асық ойынының нұсқалары бар: алшы, омпы, шеңбер, хан, құнар, қора. Алшы, хан, қора, құнар жабық жерде, қалғандары далада ойналады.

Негізгі асық «сақа» ең жоғары бағаға ие. «Сақа» әдетте пісірілмеген буындардан алынады, өйткені пісіру кезінде сүйек өзінің массасын жоғалтады, бұл соққы күшіне теріс әсер етеді. Үлкен тұрақтылық үшін «сақа» әдетте қорғасынмен толтырылады. Ал хан мен сұлтан балаларының арасында «сақа» тіпті алтынмен толтырылған.

Қазақстанның кейбір аймақтарында мерекелерде немесе ерекше іс-шараларда аға және жас ұрпақ жиналып «Асық ату» ойнайтын дәстүр әлі күнге дейін сақталған. Бұл тек көңіл көтеру ғана емес, сонымен қатар мәдени білім беру мен отбасылық байланысты нығайтудың бір жолы[3].

Соңғы онжылдықтарда қазақтың дәстүрлі «Асық ату» ойындарына қызығушылық қайта жандады. Жаһандану мен урбанизация жағдайында мәдени мұра мен ұлттық бірегейлікті сақтауда ұлттық ойындардың маңызы зор.

Қазақстанда ұлттық ойындарды жастар арасында кеңінен насихаттауға бағытталған бағдарламалар белсенді түрде дамып келеді. Көптеген балабақшаларда, мектептер мен колледждерде балаларға асық атудың ережелері мен әдістерін үйрететін сабақтар өткізіледі.

Балабақшадағы балаларға арналған асық ойнаудың жүйке-психикалық ерекшелігі – мектеп жасына дейінгі балалар асық ату ойынын мектепке дайындау, қиын тапсырма немесе әрекет ретінде қабылдамайды[4]. Бұл ойынды көбірек ойын және ойын-сауық ретінде қабылдайды. Сондықтан тапсырмаларды орындау және дағдыларды шыңдау үйде де, балалар оқу орындарында да сәтті өтеді. Асық атуды нейро-ойын ретінде қарастыруға болады. Себебі, Нейро-ойын – миды жаттықтыруға арналған ғылыми негізделген жаттығу және әсіресе гиперактивтіліктен, мидың реттеуші функцияларының бұзылуынан және жүйке-психикалық бұзылулардан зардап шегетін қазіргі заманғы балалар үшін маңызды. Бұл дегеніміз, балаларға тек асық ойнатып қана қоймай, олардың ойлау қабілетін, шапшаңдығын, зеректігін де арттырамыз.

Қорытынды. Бұл ойын балалардың физикалық дамуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың мәдени ортасын тереңірек түсінуге және бағалауға көмектеседі.

Жоғарыда айтылғандардың барлығына сүйене отырып, мұғалімдер жұмысында нейрожаттығуларды, нейроойындарды, атап айтқанда асық ойынын белсенді және жүйелі түрде қолдануды ұсынамын.

Әдебиеттер тізімі

1. «Ойын ережелері» Сабыржанов Ж.С., Нарымбаев Е.Б., Курганбаев А.К.;
2. Книга «Казахские детские игры»;
3. <https://www.kazakhstanhistori.ru>;
4. Семенович А.В. Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте. М. Academia, 2002, 158 с.;

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жумбаев Дастан Алданышевич-педагогика ғылымдарының магистрі, Астана қаласы, №5 «Ақбота» балабақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы.

Аңдатпа. Дене шынықтыру сабағының нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Түйін сөздер: білім сапасы, салауатты өмір сүру бейімділік, танымдық қабілеттілік

Кіріспе. Қазіргі білім беру мазмұнын бағдарламасы негізінде «Дене шынықтыру» пәнінің мәртебесі артты деуге болады. Мұнда пән белгілі нормативтерге бекітілген

талаптар бойынша тек дене шынықтырып қана қоюға бағытталмайды. Арнайы педагогикалық тәсілдерге негізделеді. Жеке адамға бағытталған тәсіл арқылы бала организмнің функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін дене жүктемелерін мөлшерлеуді көздейді. Әрекет ету тәсілі бала қозғалыс арқылы дамитындығын қарастырса, құзыреттілік тұрғыдан келу негізгі біліктіліктерді меңгеруді көздейді. Сондай-ақ, денсаулықты сақтау тәсілі үйрету процесінде баланың денсаулығын міндетті түрде сақтауды қарастырады. Мұғалімдердің пайдаланатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін аса қажет. Олар алдында қол жеткізген жетістіктерден кейін оқушылардың алға жылжуына мұғалімдердің педагогикалық шеберлігі айтарлықтай септігін тигізетінін дәйекті түрде көрсетті. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс-тәсілдер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді.

«Дене шынықтыру» пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол оқушының дене дамуына, сондай-ақ әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептің білім беру жүйесінің құрамында бола отырып, денешынықтыру оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Осындай жол арқылы болашақта салауатты әлеумет қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, дене шынықтыру сабағындағы негізгі қағидаттардың бірі – белсенділік. Ол дене шынықтыру мен айналысатындардың ойластырылған негізде, терең түсінуін қамтамасыз етіп, дене шынықтыру-спорт шараларына тұрақты қызығушылық мен қажеттілік тудыруға, сондай-ақ барынша белсенді болуға жетелеуге бағытталған.

Бұл қағидатты іске асыру денешынықтыру мен айналысатындардың түрлі жаттығуларды орындау техникаларын біліп, терең түсініп, денешынықтыру үдерісіне саналы және байсалды қарауға көмектеседі.

Белсенділік – адам орындайтын іс-шаралардың өлшемі, оның жұмысқа тартылу деңгейі. Дидактикалық тұрғыдан алғанда, белсенділік деп білім, білік және дағдыларды саналы түрде игерудің алғы шарттарын, шарттары мен нәтижесін атаймыз. Проблемалық оқыту әдісі теориялық сабақтарда да, тәжірибелік сабақтарда да қолданылады. Мысалы, проблемалық оқыту әдісі қолданылатын сабақта оқушыларға тірек-қозғалыс дағдыларын дамыту мәселесін қарастырғанда оларға мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін:

Аяқпен неше түрлі жол мен қозғала аласың? Оқушылар бұл қозғалыс түрлерін көрсету керек. Жоғарыда аталған сабақ түрлерінің барлығына тән ортақ белгілер бар. Олар:

- оқушы мен мұғалімнің арасындағы тығыз қарым-қатынас;
- ойлау қызметі жоғары деңгейде іске қосылған;
- ұжымдық жұмыс түрлері жеке жұмыс түрлері мен бірге қолданылады;
- оқушыларға әсер ететін эмоция деңгейі артады;
- танымдық тұрғыдан оқушылардың дербестігі;
- өзбетінше білім алуға ынталандыру, бұл саралау әдісін іске асыруға мүмкіндік береді;
- оқу үдерісінің тиімділігі артады.

Бұның барлығы оқушы білімінің сапасына қазіргі заман сабағына қойылатын маңызды талаптардың бірі – оқушының денсаулық жағдайын, дене бітімінің дамуын, қимыл-қозғалысқа дайындығын, психикалық даму ерекшеліктерін, ерекеше балаларды есепке ала отырып, саралау және жекешелендіру тәсілін қолданудың маңызы зор.

Саралау және жекешелендіру тәсілі денешынықтыру саласында жоғары нәтижелері бар балалармен қоса, бұл саладағы нәтижелері төмен балалар үшін де маңызды. Әдетте қимыл-қозғалысқа білетінің нашар дамуы оқушының бұл сабақта үлгерімінің төмен болуының басты себебі болып жатады. Ал орташа оқушыға есептелген сабақта деңгейі жоғары оқушыға қызықсыз болады. Оның үстіне, денешынықтыру сабағында балалар негізгі, дайындық және арнайы топ деп бөлінеді. Сондықтан, тапсырмаларды да, сабақ мазмұнын да, оқу материалын игеру қарқынын да, нәтижелерді бағалауды да саралау қажет.

Дене шынықтыру сабағында оқытуды тиімді түрде саралай білу әркімге білім бере отырып, оларды лайықты әрі шабыттандырушы түрде жұмылдыруға жол ашады. Оқушыларының ішкі уәжін арттыру үшін бір қатар педагогикалық оқыту тәсілдерін қолдануға болады. Мысалы: оқушылардың қызығушылығын туғызып, олардың қажеттіліктері мен ұмтылысына сай келетін тапсырма орындауды қамтитын жаттығуларды әзірлеу және жетілдіру. Бұл оқушылардың спортшыларды тануына мүмкіндік береді. Олардың сынып қабырғасынан тыс дене шынықтыру жаттығуларымен айналысу тәжірибесі қандай? Олардың білетіні және қолынан келетіні мен істегісі келетінінің арасында қалай байланыс орнатуға болады? Мұны оқытуға қалай тиімді кіріктіре алуға болады? Сондай-ақ, мұғалім оқушылар өздері баратын секцияда үйренген дағдыларын көрсетуді өтіне алады. Оқушыларды оқыту мен оқудың жаңа әдістерімен қызықтырыңыз. Бұл мұғалімдер мен оқушылардың арасын байланыстырады, сонымен қатар, жақсы кері байланыс үшін жағдай жасап, оқытуға қолайлы мүмкіндіктер туғызады. Оқушылар сізді спортшы ретінде қабылдауы үшін, әрдайым модельдер құрыңыз көрсетілімдер жасаңыз.

Ынтымақтастық ортасындағы топтық жұмысқа ынталандыру керек. Балалар спортты қазірдің өзінде жақсы көреді, сіздің міндетіңіз – олардың спортқа деген сүйіспеншілігін арттыра түсу.

Оқушыларды ынталандыруға арналған осы ұсынылған тәсілдер тізімінде қандай да бір мадақтау немесе жазалау ескерілмегеніне мән беріңіз. Олар – жалпы қолданылатын техникалар әдетте, «сыртқы» уәж немесе «оқу керек» деген талаппен байланыстырылады. Оқушыларды мұндай жолмен уәждеу стратегияларын пайдалануға сақтық пен қараған жөн, себебі олар ішкі уәжді төмендетуі мүмкін. Атап айтқанда, оқушыларда төмендегідей сезім тудыруы мүмкін марапаттардан (әсіресе мақтаудан), жаза немесе кері байланыстан аулақ болған дұрыс:

- тапсырманы орындауға өзін қабілетсіз сезіну;
- тапсырманы аяғына дейін орындаудың қажеті жоқ деп сезіну;
- тапсырманы орындау үшін аз ғана әрекететіп, шектеулі күш-жігер жұмсаса жеткілікті деп сезіну;
- өзіне аз тапсырма берілді деп сезіну.

Бастапқы ішкі уәж төмен болған жағдайда сыртқы марапат пайдалы болуы мүмкін. Шын мәнінде, мұғалім оқушылардан жоғары нәтиже күтіп, олардың өз күшіне деген сенімін нығайту үшін мадақтауды пайдаланғаны дұрыс. Оқушының жұмысына құрмет пен қарай отырып, оның ішкі уәжін арттыруға ықпал етуге тырысыңыз (мысалы, оның жеке қызығушылығы, тақырыпқа қызығушылығы, жеке мақсаттарға ұмтылуы және т.б.). Оқушының оқуға құлқының болмауы, негізінен, мұғалімнің оның уәжін оята алмауының

салдарынан болады. Мұғалім қызметінің аса маңызды қыры – оқушылардың уәжін анықтауға көмектесетін көптеген факторларды түсіну.

Сонымен, дене шынықтыру пәнін оқытудың орны ерекше. Онда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Дене шынықтыру сабағының нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді.

Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Қорыта айтқанда, дене шынықтыру сабағында алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік күзиреттілігін дамытуға баса назар аударылады. Бұл оқушының өзін –өзі басқарудағы әлеуеті артады, салауатты өмір салтын ұстануына өзіндік септігін тигізеді деп айтқым келеді.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС ИКЕМДІЛІГІН ДАМУ МАҚСАТЫНДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНАТЫН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

Ильясова Б. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының дене шынықтыру
нұсқаушысы

Аңдатпа. Тәжірибемде, балалардың қозғалыс икемділіктерін дамытуда спорттық, ұлттық ойындар, жаттығулар мен түрлі тапсырмаларды тиімді пайдалану нәтижесінде, топтағы балалардың дене шынықтыруға қызыққандығын, қозғалысқа байланысты әрекеттерді дұрыс әрі қызыға орындайтын болғандарын байқадым.

Түйін сөздер: ұлттық ойындар, иіру, сақа, асық ойыны

Кіріспе. Қазақтың ұлттық ойындарын дене тәрбиесі сабағында жоспарға енгізу арқылы өткізу жас буынды тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Әр сабақ сайын ұлттық ойынның үш-төрт түрін алып, солардың ойнау тәсілін үйретіп отырса, жетілдіре, қайталау арқылы пысықтап отырса, әрбір бала жадында сақтайды да, оны ойнай біледі.

Ұлттық ойындарды мектептегі дене тәрбиесі іс- әрекетінде қолданудың заманға сай дәстүрін ойлап табу әрине қиын. Қазіргі компьютер заманында балаларды қызықтырып асық, бес тас

ойындар деп айту өте қиын іс. Әрбір баланың санасына ойынды сіңістіріп енгізу үшін біз қызықты да дұрыс әдістерді қолдануымыз керек.

қолдануымыз керек. Ұлттық ойындар өзінің табиғатында, жаратылысында ұлттық өнегені бойына сіңіріп, бүкіл ұлтқа тән қасиеттерді өз бойына дарытып, толығып, жетілу арқылы, өзінің жан жақты

тәрбиелік қасиетін шындай түседі

Ұлт ойындары өте күрделі дүние, ол адам баласының табиғи әрекеті. Іс-әрекет барысында сол табиғилықты сақтай отырып, оның элементтерін ретті пайдалану іс-әрекеттің әр кезеңінде балалардың көңіл-күйіне психологиялық жағынан барлау жасай отырып білгірлікке әрекет жасауды талап етеді.

Бала ойын арқылы ойлап, ойын арқылы қиялдайды. Көңіл аударарлық ойынның бір түрі - «Асық ойыны».

«Асық ату ойыны».

Максаты: ойын барсыныда балалардың ептілігі мен төзімділігін дамыту.

Бұл ойынды тек асығы бар балалар ғана ойнайды. Асық ойнаушылардың саны 4-8 балаға дейін жетеді. Бұл ойынның түпкі мақсаты - асық ұтып алу. Асық ойынының түрлері өте көп.

Олар -алшы, омпы, хан, құмар, көтеріспек.

Асық ойынында тігілген асықтарды атуға жарамды сақа тандап алынады. Сақа болатын асық салмақты, ірі болуға тис. Ол көбінесе еркек қойлардың, не қошқарлардың асығы болып келеді.

«Алшы ойыны» сақаның салмақты да алшы тұрғыштығына байланысты. Бұл ұту үшін өте қажет.

«Алшы ойының» ойнаушыларға шек қойылмайды. Ойын басталар алдында, ойын жүргізуші, барлығының сақаларын жинап алып, ойында әркімнің кезегін белгілеу үшін, яғни, кімнен кейін кім асық ату керектігін анықтау үшін, сақаларды иіреді.

Ірген кезде кімнің сақасы алшы түссе, сол бірінші, тәйке түссе екінші, бүк түссе үшінші, шік түссе одан кейін асық ататын болады.

Атқан кезде сақасы мен асығы бір жақты түссе, атқан асығын алып, әрі карай ата береді. Енді бірде асық атқан кезде сақасы алшы түсіп, асық кез келген жағында жатса да асықты алады, тағы атады, ал сақа мен асық екеуі екі түрлі түссе, онда алмайды. Ол аруды тоқтатып, кезекті келесі ойыншыға береді.

Екінші ойыншы ез кезегінде сақасын ирген кезде тәйке түссе, онда езінен кейін кезекте тұрған ойыншы көмбеде тұрып оның тәйке түскен сақасын атады, тигізсе, сақа есі ойыннан шығып қалады, тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады. Кезек алу үшін сақаларын иірген кезде бүк, шік түскен ойыншылар өз кезектерімен көнге тігілген асықты ата береді. Осы ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды да, асықтарын қайта тігіп, ойынды жалғастыра береді.

Асық ойыны өте қарапайым болып көрінгенмен, мұнда адам денесін шыңдап, сомдайтын қасиеттер, баланың «бұзылып» кетпеуі үшін, оны өзара әрекетке жетелейтін қимыл қаншама. Ең бастысы, ол баланы жастайынан салауатты өмір сүру салтына жетелейді.

Адамның ойлау жүйелерінің жетілуінен бастап, бұлшық еттерінің жетілуіне, тынысалу мүшелерінің реттелуіне, өз дене мүшелерін менгеруге, соның нәтижесінде қырағылық пен мергендікке баулиды.

Асық ойының балабақшадағы дене тәрбиесі іс-әрекетінде үйретіп алып, топтар арасында жарыс түрінде өткізуге болады. Асық ойыны білмейтін бала қазір ауыл түгіл, қалада да жоқ. Демалыс кезінде аула ішінде асық ойынын балалар көп ойнайды, ішінара қыздар да кездеседі.

ұлттық ойындар арқылы біз баланы көпшілдікке,
ұйымшылдыққа тәрбиелейміз, оларды жеке-дара тұлға ретінде
қалыптастырамыз.

Қазақтың ұлттық ойындарының біразы ойлауды қажет ететін ойындарға жатады. Олар негізінен логикалық ойлау мен математикалық, философиялық ойлануды дамытуға негізделген.

«Алтын қабақ» (жамбы ату) ойыны.

Мақсаты: спорт икемділігі мен қырағылықты дамыту.

Бұл ойын негізінен нысананы дәл көздеп атпен шауып келе жатып ату. Біз іс-әрекет кезінде бұл ойынды басқаша түрде пайдаланып қолданамыз. Бүкіл спортзалдың басынан жүгіріп келіп, 5 метр жер қалғанда бала нысанада тұрған жамбыға кіші допты дәл тигізуі керек. Немесе (дротик) деген ойынның құралын пайдаланып, нысананы көздеп дәл тигізіп үйретуге болады.

Бір дөңгелек картон ілулі тұрады, соны ұшы үшкір құралмен атады. Бұл ойын түрі балаларды мергендікке, ептілікке,
жылдамдыққа үйретеді.

Дротик құралы

«Соқыр теке» - ойыны да біздің қазақтың көптен келе жатқан ойын түрі. Бұл ойын кез-келген жерде ойнала беретін болғандықтан, көп пайдалануға болады.

Мақсаты: балалардың есту қабілеті мен қозғалыс икемділігін дамыту.

Балалар шенбер құрып, дөңгелене тұрады да, ортада көзі байланған бір адамды қалдырады. Соқыр теке - сол. Қалғандары оны қолымен түртіп қойып, одан айнала қашады. Соқыр теке түрткен адамды ұстап алуы керек. Ойын солай жалғаса береді, қашан педагог тоқтатқанша. Бұл ойын сезімталдыққа, жылдамдыққа баулиды. Ойынға 10-12 адамға шейін қатысуға болады.

Қорытынды. Мектепке дейінгі жастағы дене тәрбиесі және оның мақсат-міндеттері нақтыланды. Дене тәрбиесіне қажетті жағдайлар және дене тәрбиесін балабақшада ұйымдастырудың жолдарымен танысады. Салауатты өмір салтын қалыптастыру шараларын түсініп, тәжірибеде пайдалану мүмкіндіктерін қарастырады.

Әдістемелік нұсқау. Дерісте ұсынылған материалдарды тәрбиешілер мен дене шынықтыру жетекшілеріне толық меңгеру үшін төмендегідей мәселелерге басым көңіл бөлу, керек:

-Дене тәрбиесіне сәйкес негізгі тірек түсініктердің мәнін ашып, мағынасын түсінуі.

-Дене тәрбиесінің мақсаты мен міндеттерін нақтылай білуі;

-Дене тәрбиесінің мазмұны мен құралдарын айқындай білуі;
-Дене тәрбиесінің шарттары мен принциптерін және құралдарын жете түсінуі;
-Дене тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін, негізгі қимыл-қозғалыстар, қимылды ойындар, сауықтыру шараларына талдау жасау, педагогикалық жағдаяттарды (есептерді) шешу, тежірибелік жаттығулар жасау.

-Өз ой-пікірлерін жүйелі жеткізіп айтып бере білуге үйрену тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесін ұйымдастыру ерекшеліктеріне дене тәрбиесі нұсқаушысы басты назар аударуы тиіс: өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмнің қызметін жетілдіру, оның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы, жұмыс қабілетін арттыру дене жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылады.

Тәжірибеде, балалардың қозғалыс икемділіктерін дамытуда спорттық, ұлттық ойындар, жаттығулар мен түрлі тапсырмаларды тиімді пайдалану нәтижесінде, топтағы балалардың дене шынықтыруға қызыққандығын, қозғалысқа байланысты әрекеттерді дұрыс әрі қызыға орындайтын болғандарын байқадым.

Әдебиеттер тізімі

1. Уанбаев Е. «Дене тәрбиесінің негіздері», Алматы, 2000 ж
2. Тілеугалиева Ю. Адамбеков К. Касымбекова С. «Дене тәрбиесі». Алматы 2003ж.
3. Тайжанов С. Кулназаров А, «Дене тәрбиесінің бала өміріндегі маңызы». Алматы 2002 ж.

БАЛАБАҚШАДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Имангалиева Нурсулу Мураткалиевна, Астана қаласы
№43 «Қызғалдақ» балабақшасының тәрбиешісі

Аңдатпа. Мақалада балабақшада ұлттық ойындарды қолдану балаларға қызықты әрі көңілді екенін, сонымен қатар тәрбиелік мәнінің ерекшеліктерін ұғындыру туралы қарастырылған. Әрбір ұлттық ойынның өзіне тән ережесі мен мақсаты міндеттері айтылған.

Түйін сөздер: ұлттық ойын, құндылық, қоршаған орта, ойын ережесі.

Кіріспе. Балабақшадағы балалар ойын арқылы дамиды. Ұлттық ойындар – халқымыздың мәдени мұрасы, оның салт-дәстүрлерінің, әдет-ғұрыптарының, дүниетанымының айқын көрінісі. Қазақ халқының тарихы мен өмір салты, рухани құндылықтары ұлттық ойындар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Балабақшада ұлттық ойындарды пайдалану -баланың физикалық, танымдық және әлеуметтік дамуында маңызды рөл атқарады. Бұл ойындар балалардың танымдық қабілеттерін дамытып, рухани байлығын арттырады, сондай-ақ ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімін тәрбиелейді. Ұлттық ойындар, әсіресе қазақ

халқының ойындары, балалардың физикалық, танымдық және әлеуметтік қабілеттерін жетілдіруде маңызды құрал болып табылады [1].

Ұлттық ойындар көбінесе қозғалысқа негізделген, сондықтан олар балалардың моторикасын, дене шынықтыруын дамытады. Мысалы, асық ойыны, ләңгі тебу, арқан тарту сияқты ойындар балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіріп, денсаулығын нығайтуға көмектеседі. Олар табиғи қозғалыс арқылы баланың икемділігі мен күш-жігерін қалыптастырады.

Ұлттық ойындар балаларға қоршаған әлемді түсіну, логикалық ойлау қабілетін дамыту мүмкіндігін береді. Мысалы, «Тоғызқұмалақ» ойыны балаға санамақ есептеулерін үйретсе, «Асық ату» ойыны дәлдік пен зейіннің қалыптасуына ықпал етеді. Бұл ойындар баланың ойлау жүйесін дамытып, стратегиялық ойлау дағдыларын қалыптастырады.

Ұлттық ойындар, әсіресе топтық ойындар, балаларды ұжымда жұмыс істеуге, бір-бірімен тіл табысуға үйретеді. Балалар кезекпен ойнап, ережелерге бағынады, жеңіс пен жеңілістен сабақ алады. Мұндай ойындар өзара сыйластықты, ортақ мақсатқа ұмтылуды, достықты қалыптастыруға ықпал етеді.

Балабақшада ұлттық ойындарды пайдалану балаларға тек ойынның қызықты әрі көңілді екенін ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік мәнін де ұғындыруға мүмкіндік береді. Әрбір ұлттық ойынның өзіне тән мәні мен мақсаты бар. Олар баланың рухани дамуына, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ерекше әсер етеді.

Ұлттық ойындар балаларға қазақ халқының мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрлерін таныстыруға мүмкіндік береді. Бұл ойындар арқылы балалар ата-бабамыздың рухани мұрасын қадірлей білуге, ұлттың бірлігін, татулығын сезінуге үйренеді. Мысалы, «Қазақша күрес» ойыны балаларды батылдыққа, әділдікке тәрбиелейді, «Тоғызқұмалақ» ойыны сананы, ұқыптылықты және әділдікті тәрбиелейді.

Ұлттық ойындардың ережелері баланың тәртібін реттейді. Ойын барысында балалар ережелерді сақтай отырып, әділ ойнауға, жеңіске жеткенде қуануға, жеңілгенде сабыр сақтауға үйренеді. Бұл қасиеттер балалардың мінез-құлқына үлкен әсер етеді.

Ұлттық ойындар баланың шыдамдылығын, төзімділігін, еңбексүйгіштігін қалыптастыруға көмектеседі. Ойын барысында белгілі бір мақсатқа жету үшін баланың ұзақ уақыт бойы қажырлы еңбек етуі қажет. Мысалы, асық ойынында асықты дәл түсіру үшін балалар зейін қойып, дұрыс қадам жасауды үйренеді.

Ұлттық ойындарды балабақшада тиімді пайдалану үшін арнайы әдіс-тәсілдер мен ережелерді қолдану керек [2,3].

Әрбір ұлттық ойынның педагогикалық мақсаты болуы тиіс. Ойын барысында балалардың физикалық немесе танымдық дамуын, әлеуметтік дағдыларын дамыту көзделеді.

Балаларға ойынның ережелерін түсінікті әрі қарапайым түрде түсіндіру маңызды. Бұл балалардың ережелерді сақтауға үйренуіне, тәртіптілігін арттыруға көмектеседі.

Топтық ойындар балаларды ұжымда жұмыс істеуге үйретсе, жеке ойындар әр баланың жеке қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Осы екі тәсілді үйлестіріп, тәрбиеші әр баланың қызығушылығын қанағаттандыра алады.

Ойындардың түрін өзгертіп, жаңа ережелер енгізу балалардың қызығушылығын сақтап, ойнаудың жаңа жолдарын іздеуге ынталандырады.

Ұлттық ойындар балабақшада балаларды ұлттық мәдениетпен таныстырып, олардың рухани және физикалық дамуын қамтамасыз етеді. Олар балаларға тек көңіл көтеру мен уақыт өткізу ғана емес, сонымен қатар адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда да үлкен рөл атқарады. Ойын барысында балалар тәртіпке, еңбексүйгіштікке, шыдамдылыққа, әділдікке үйренеді.

Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор, ол баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Балабақшадағы ұлттық ойындарды пайдалану арқылы біз балаларға ұлттық құндылықтарды сіндіріп, оларды рухани бай, жан-жақты дамыған тұлға етіп тәрбиелей аламыз [4,5].

Балабақшада ұлттық ойындарды қолдану балалардың дене және ақыл-ой дамуының маңызды компоненті болып табылады. Олар балаларға өз халқының мәдениетін, салт-дәстүрлерін таныстырумен қатар, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі. Ұлттық ойындар балаларға дұрыс тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды насихаттау және әлеуметтік дағдыларды дамыту үшін аса маңызды құрал болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Айтбаева, Қ. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің негіздері. Алматы: Білім. 2014 жыл.
2. Досмұхамбетова, Ә. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дамуы. Астана: Фолиант. 2017 жыл
3. Ермакова, Т. С. Ұлттық тәрбие және оның бала психологиясына әсері. Алматы: Қазақ университеті. 2012 жыл
4. Құдайбергенова, М. Ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызы. Қазақ педагогикалық журналы, 1(3), 45-49. 2015 жыл.
5. Мұқанова, Р. Балалар психологиясы және ұлттық ойындардың рөлі. Шымкент: Нұр-Принт. 2016 жыл.

«ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ» ОЙЫНЫ


Камигат Жанарбек - Жетісу облысы, Көксу ауданы, Балпық би ауылы
Н.Алдабергенов атындағы орта мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Аңдатпа. Бұл мақаламда Тоғызқұмалақ ұлттық ойыны туралы айтылады. Ойынның ережелерімен таныстырылып, бірнеше өз ұсыныстарымды ұсынамын.

Түйін сөздер: тоғызқұмалақ ереже, турнирлер, ойын


Кіріспе. Тоғызқұмалақ ойыны аңыз деректер бойынша қой бағып жүріп, уақыт өткізу үшін қарапайым қойшылар ойлап тапқан деседі. Бірақ ойын ережесіне, тақта құрылымына қарап отырып, бұл қойшылардың ермегі үшін ойланып табылған ойын емес, ерекше арифметикалық цифрсыз есеп ойыны. Тоғызқұмалақ еліміз Тәуелсіздік алғалы басқада ұлттық ойындармен бірге қарқынды насихатталып, кең таралып келе жатқан зияткерлік ойын. Елімізде түрлі дәрежеде жарыстар, турнирлер өткізіліп жүр.

Ал жалпы Ұлттық ойындарды дәріптеу мақсатындағы ұзақ жылдар бойы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 1974 жылы Қазақ КСР Тоғызқұмалақ федерациясы құрылды. Арада уақыт салып 1977 жылы республикалық жарыста жеңімпаз атанған спортшыға «Қазақ КСР спорт шебері» атағы беріле бастады. Осылайша 1978 жылы қостанайлық Д. Поляков ерлер арасында алғашқы спорт шебері атанса, 1989 жылы павлодарлық Г. Қабылдинова әйелдер арасындағы спорт шебері дәрежесіне ие болды. Дүние жүзінде тоғызқұмалақ ойындарына ұқсас ойын түрлерін жалпы атаумен «Мангала» ойындары деп атайды. Осыған қатысты зерттеулерді қарастырсақ, ойынның пайда болу мерзімі 7 мың жылдық тарихты қамтиды. Ғалымдардың зерттеуінше, алғашқы «Мангала» ойыны Гвинея жарты аралында пайда болған сияқты, одан кейін Африка халықтарының арасында таралған. Ойын ережелерінің ауыздан-ауызға таралуы оның түрлі нұсқаларының көбеюіне әкелген. Ойынның Таяу Шығыс және Орта Азия елдеріне жайылуына арабтар ықпал жасаған. Ұлы Жібек жолы арқылы ойын Үнді еліне палангузи деген атпен таралған. Үндістан арқылы мангала ойындары Тынық мұхит елдеріне таралды. Тайланд, Шри-Ланка, Малайзия, Индонезия және Филиппинде ойын – «Сунгка», «Жонглак», «Дакон» сияқты атауларға ие боп ойнатылып жүр. Бүгінгі күні де бұл елдерде «Мангала» ойыны кеңінен танымал. Көненің көзі демекші, сан ғасырлық тарихы бар ұлттық тоғызқұмалақ ойынының тәрбиелік мәні өте зор. Бұл ойынды ойнап, мәнін терең түсіну үшін адам бойында белгілі бір қабілеттер болу қажет деп дөп басып айту қиын. Себебі, әр адамның қабылдауы мен түсінуіне байланысты уақыт өте адам бойында белгілі бір қабілеттер қалыптаса бастайды екен. 10 жылдық тәжірибемнен айтар болсам, бұл ойынмен тұрақты түрде айналысқан соң, тоғызқұмалақтан туындаған дағдылар қалыптасты. Атап айтар болсам, кез келген дүниені тереңінен ойланып, шешім қабылдауды, сонымен қатар әр уақытта төзімділік пен сабыр сақтай білу керек.



1-сызба. Ғалымдардың зерттеуі бойынша тоғызқұмалақтың таралу сызбасы.

Қазақ даласында тоғызқұмалақтан тасқа ойылып жасалған орындар



- Баласаз ауылы, Ақсу ауданы, Жетісу облысы
- Тараз қаласы
- Қызыбағар, Абай ауданы, Абай облысы
- Қылажат, Бейнеу ауданы, Маңғыстау облысы
- Тоғызқұмалақ тауы, Көксу ауданы, Жетісу облысы
- Дыстарбасы, Отырар ауданы, Түркістан облысы

Әдістемелік тәсіл

Тоғызқұмалақ ойыны ол ұлтымыздың алтын жауһарларының бірі. Сондықтан тоғызқұмалақты ұрпаққа ұлттық құндылық ретінде бойына сіңіре білу қажет. Ол үшін тоғызқұмалаққа қатты қызығушылықпен қараған ұлтымыздың атақты тұлғалары А.Құнанбаев, М.Әуезов пен Б.Момышұлын айтсақ жеткілікті. Олардың ойын тарихында алар орындары зор. Одан ары Ұлтымыздың ойшылдары А. Құнанбаев пен М.Әуезовтің ойынды өте сүйіп ойнағанын еске алсақ жеткілікті. Әрбір қазақ баласы, Болмасаң да ұқсап бақ,-деп Абай атамыз сияқты болғанды қаласақ тоғызқұмалақты міндетті түрде ойнау керек.

Тоғызқұмалақ ойыны алдында ;

Жүрсе – дағы қой бағып,

Жүрсе – дағы тойда анық.

Қарсы отырып екі адам

Ойнар мұны ойланып.

Құмалақтар басы артық,

деп аталар «базарлық»,

Бар он сегіз.

Үйренушілерге тоғызқұмалақты кез-келген адам ойнай алмайды, мұны ойы озық адамдар ғана ойнай алады деп қызығушылықтарын арттыру үшін айтуға болады.

Ойын алдында тақ сан мен жұп сандар ережесін қайталау мен 9-9-81 мұндағы 9 құмалақ,9 отау мен барлығы 81 құмалақпен 2-18-162 қағидасы 2ойыншы,18 отау жалпы 162 құмалақты білу.

Тоғызқұмалақты кесте түрінде таныстыру.

лардың рет саны	отаулардың атаулары	отауларға сипаттама	ойынды бастауға қолайлы отаулар	тұздық ашқанға қолайлы отаулар
	арт	ондағы құмалақтар көпке дейін өзгермей, түгел қалып отырады.		қарсыластан 1-отаудан тұздық алынса 9-отауға 1-2,8-отауға 2-3 құмалақтан артық жинауға болмайды. Ескерту қарсыласқа өзінен 7-8 отаудан тұздық мүлдем беруге болмайды.
	тектұрмас	жүріс көбінесе осы отауд абасталады		
	атөтпес	қарсы жақтың аты бұған түспей кете алмайды		
	атсыратар	жаман үй депте атайды,себебі қарсы жақтың адамы бұл жерден үнемі жеп отырады		
	бел	“Бел” дейді. Бұл екі орталық аса қауіпті емес.	ойынды осы отаудан бастауға кеңес беріледі	Тұздық алуға болады
	белбасар	Сары дала” дейді. Себебі бұл жүріске де, “тұздық” алуға да ыңғайлы жер		
	қандықақпан	Қосан жылаған” дейді. Оның себебі – бұрынғы заманда Қосан деген ойыншыны тағы бір ойыншы дәл осы 7-отауда әлденеше рет “тұздыққа” отырғызыпты, соған ыза болып жылапты-мыс.	ойынды осы отаудан бастауға кеңес беріледі	Тұздық ал деп кеңес беріледі
	көкмойын	мұнда да көптеп-көп “тұздық” алынатын көрінеді және бұл жерге көп құмалақ жиналып қала береді.		Тұздық ал деп кеңес беріледі
	маңдай	бұл шұңқырда құмалақ көп жатады. Ойыншы бұл отаудан өз құмалағын шығарса-ақ, қарсы жақтың отауына түседі, бірден оған аттап түсу ойыншыға пайдалы болмайды. Өзін жауып кетіп барып жүрсе, әрине, тиімді болады.	ойын бастауға болады	екі тарапқада тұздық алуға болмайды.

Жоғарыдағы кестеге қарап оқушыларды тоғызқұмалақтың атауларымен, ойын ережелерімен бірден таныстыруға болады. Одан ары осы сілтемеден ойын туралы толық мәлімет алуға болады.

<https://tsj.enu.kz/index.php/new/article/download/275/147>.

Қорыта келе төмендегідей ұсыныстардың қарастырылуы қажет деп ойлаймын.

1. Республикалық, облыстық, аудандық деңгейдегі тоғызқұмалақ федерациялары оқу орындарымен (мектеп, колледж, ЖОО) тығыз байланыс орнату керек.

2. Қазір тоғызқұмалақ тақташалары ағаштан жасалып жатыр, дұрыс оған қарсылық жоқ бірақ ойын кезінде сәл-пәл қолайсыздау (отаулар терең емес, құмалақтарды алған кезде құмалақтар екі жанында тұрған отауларға оп-оңай секіріп кетеді.)

3. Жарыстарға бірыңғай Кентау қаласында жасалған пластмассалық тақташаны пайдаланса деген ұсыныс бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Сағындықов Е. «Ұлттық ойындар»
2. Базарбайұлы Т. «Дене шынықтыру пәніне арналған оқыту әдістемесі»
3. Дене шынықтыру пәнінен оқыту әдістемесі, Алматы «Атамұра» 1998 ж.
4. Педагогикалық ойын технологиясы, Астана 2005 ж.
5. Ақшораев Ә., Жүнісбаев Н. Тоғызқұмалақ. – Алматы: «Мектеп», 1980 ж.
6. Ақшораев Ә. Тоғызқұмалақ. – Алматы, 1983ж.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫН – ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ

Космаханова Гулшат Еламановна, МКҚК №84 «Кәусар» балабақшасы дене тәрбиесі нұсқаушысы

Аңдатпа. Ұлттық ойындар – халқымыздың байырғы мәдениеті мен салт-дәстүрінің айнасы. Олардың тәрбиелік, рухани және денсаулыққа тигізер пайдасы ұлттың келешек ұрпағын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Бұл мақалада ұлттық ойындардың тарихи мәні, тәрбиелік құндылығы мен жаңғыру қажеттілігі қарастырылады.

Түйін сөздер: ұлттық ойын, қабылдау, есте сақтау, ептілік.

Ұлттық ойындар – халықтың сан ғасырлық тарихының айнасы, мәдениет пен салт-дәстүрдің айқын көрінісі. Олар тек көңіл көтеру немесе уақыт өткізу құралы ғана емес, ұлттың болмысы мен рухани байлығының айғағы.

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» деп бекер айтылмайды. Ойындар арқылы ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды сіңіру және рухани мұраларды сақтап қалуды мақсат еткен.

Көшпенді өмір салтын ұстанған қазақ халқы үшін ұлттық ойындар баланың денсаулығын нығайту, ақыл-ойын дамыту, жігер мен ептілікті шыңдау құралдары болды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың денесін шынықтырудағы негізгі мәселе - денсаулық күйін жақсарту, іс-әрекеттерге қабілеттерін арттыру, физиологиялық даму үстіндегі жас ағзаның функционалды мүмкіндіктерін кеңейту дененің қозғалыс қимылы мен гигиеналық дағдыларын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекетінде қазақтың «Бес асық», «Ханталапай», «Бәйге», «Қол күрес» «Арқан тарту», «Бестемше», «Теңге алу», «Бес кеней», «Бес асық», «Ақсерек-көксерек», «Орамал тастамақ», «Тақия тастамақ», «Соқыр теке», «Шертпек», «Сақина салу», «Қамшы өру» сияқты ұлттық ойындарын пайдаланамын.

Әр ойын белгілі бір мақсатты көздеген. Мысалы, «Тоғызқұмалақ» – ойлау қабілетін дамытып, логикалық ойлауға баулитын стратегиялық ойын. «Тоғызқұмалақ» ойынының әліппесі «Бестемше» ойыны қазіргі таңда балалар арасында кең тарап, даму үстінде.

«Көкпар» – ержүректік пен батылдықты шыңдап, бірлік пен ынтымақтың маңызын ұғындырады. Ал «Алтыбақан» – ұлттық мәдениетімізде жастарды жақындастырып, адамгершілік қасиеттерді насихаттайтын ойын ретінде белгілі.

«Асық ату» баланың мергендігін шыңдап, ептілікке үйретсе, «Тақия тастамақ» ойын барысында тапқырлық пен есте сақтау қабілетін арттырады. Бұл ойындар бүгінгі заман балалары үшін де аса маңызды, себебі олар тек экранға қарап отыратын пассив өмір салтын жоюға көмектеседі.

Қазақ халқының ұлттық ойындарын үйретер алдында қарастырылатын басты міндеттер:


- денесін дұрыс ұстау, жеке бас гигиенасын сақтау дағдысы мен денсаулық сақтау негіздерін қалыптастыру;
- әр баланың отбасымен қарым-қатынас орнату және ұлттық ойындарды ойнауға ниеті мен қызығушылықтарын арттыру;
- белсенді қимыл-қозғалыс, өз еріктерімен гигиеналық шараларын орындауға үйрету;
- балаларды спорттық сайыстарға қатыстыру;

Балалардың денсаулығы мықты, шымыр етіп өсіру, тек ата-аналардың мәселесі ғана емес, сонымен қатар әрбір мектепке дейінгі ұйымның мәселесі болып отыр.

Ұлттық ойындар арқылы тәрбие беру – ата-бабалардан қалған ұлағатты үрдіс. Қазақ халқында «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деген мақал бекер айтылмаған. Баланың қызығушылығын арттыру үшін ойын элементтері пайдаланылады. Әрбір ойынның ішінде мейірімділікке, достыққа, жауапкершілікке үйрететін тәрбие өнегесі бар.

Сонымен қатар, ұлттық ойындарды заманауи цифрлық технологиялар арқылы жаңғырту – заман талабы. Мысалы: мобильді қосымшалар және

компьютерлік ойындар арқылы балаларды ұлттық ойындарға баулу ісі нәтижелі болар еді. Қазіргі таңда мобильді қосымшалар арқылы ұлттық ойынымыз «Бестемше» дамып келе жатыр.



Қазіргі жаһандану заманында ұлттық ойындардың насихаты азайып, шетелдік мәдени өнімдердің әсері күшейіп барады. Дегенмен ұлттық мұраларды жаңғырту – ұлттың біртұтастығы мен болашағы үшін өте маңызды қадам. Бүгінде мектептерде, мәдени орталықтарда және спорттық іс-шараларда ұлттық ойындарға ерекше көңіл бөлініп келеді. Әсіресе, Наурыз сияқты ұлттық мейрамдарда ұлттық ойындардың ұйымдастырылуы – осы бағыттағы игі қадамдардың бірі.

«Бестемше» - қазақ халқының ұлттық ойыны, бұл ойынды ойнап, әдіс-тәсілін үйренген баланың логикалық ой-өрісін дамиды.

- математикалық есептеу әдісі арқылы балалардың логикалық ойлауы дамуда;
- балалардың ойынға деген қызығушылықтары, тастарды санап үйренуі мен дағдылары арта түседі;

- ойын барысында қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял т.б. танымдық қабілеттері артады, сөйлеу тілі жақсы және тез дамиды. «Бестемше» ойынымен Астана қалалық ұлттық ойын жарысында тәрбиеленушім Салыхан Азиз жүлдегер атанды.



Педагогика саласында жас баланың ойнайтын ойындарына үлкен мән беремін. Балалық шақтағы ойлау жүйесі мен оқиғалар адамның өмірлік сценарийіне тікелей әсер етеді. Бұл өте маңызды факторлардың бірі болғандықтан ойындарды

зерттеу жұмыстарымен тек педогогтар ғана айналыспайды. Бұл тұрғыда психологтар, философтар, жазушылар мен тарихшылар, этнографтар секілді түрлі ғалымдар өз үлестерін қосып отырады. Ал, «балалар-еліміздің болашағы» деп санайтын біз үшін оның әуел бастағы алғашқы қадамдарына баса назар аудару кезек күттірмейтін жұмыс екені анық. Жалпы, ойын ойнау арқылы балалар жан жақты өсу, қалыптасу этаптарынан өтеді. Соның ең негізгісі деп ойынның тәрбие құралы бола алатындығын атап өтпеуге болмайды. Ол ақыл ойды кеңейтеді, баланың сөздік қорының баюына септігін тигізеді. Өмір, қоғам, айналасындағы адамдардың ұстанымдарына бейімделіп, тәрбие алады. Ойын арқылы оны іс жүзінде өзі сынап көріп, кейін өмірлік жолына еніп кетуіне жол ашады.

Ұлттық ойындар – ұлт қазынасы ғана емес, оның рухани негізі мен болашағын бейнелейтін ерекше мұра. Оларды сақтап, жас ұрпаққа үйрету – әрбір азаматтың борышы. Ұлттық ойындар арқылы ұлт рухының беріктігін, салт-дәстүрлердің мәңгілігін сақтап қаламыз. Сондықтан да ұлттық ойындарды заман талабына сай бейімдеп, жастар арасында насихаттау – елдің мәдени және рухани өрлеуіне қосылған үлес.

Әдебиеттер тізімі

1. Сағындықов Е. «Ұлттық ойындар»
2. Базарбайұлы Т. «Дене шынықтыру пәніне арналған оқыту әдістемесі»
3. Дене шынықтыру пәнінен оқыту әдістемесі, Алматы «Атамұра» 1998 ж.
4. Педагогикалық ойын технологиясы, Астана 2005 ж.
5. Ақшораев Ә., Жүнісбаев Н. Тоғызқұмалақ. – Алматы: «Мектеп», 1980 ж.
6. Ақшораев Ә. Тоғызқұмалақ. – Алматы, 1983ж.
7. Ақшораев Ә. 60 сабақтық тоғызқұмалақ ойынның оқулығы. Оқулық. -Тараз, 2014.
8. Балғамбаев М. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. – Алматы, 1985.
9. Жалымбетов Ә. Айгөлек. – Алматы: «Қазақстан», 1975. – 34 б.
10. Шотаев М.Е., Н.Жұмабаев, С.Ақназаров Таңғажайып тоғызқұмалақ – Түркістан – 2004 ж.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫМЫЗ «БЕСТЕМШЕ», «БЕСТАС»

Кистаубаева Меруерт Махамбетқызы, Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты №34 «Ақ желкен» бөбекжай-бақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының ұлттық ойындарының іс - тәжірибиемде көп қолданылған түрлеріне талдау жасалынып, ұлттық ойындардың маңызы мен нәтижесі айтылады.

Түйін сөз: Халықтың ұлттық ойындары – көп салалы, көп қырлы ұлттық мұраның бай қазынасының бірі.

Кіріспе. Мектепке дейінгі ұйымдарда дене тәрбиесі – баланы физикалық жан-жақты дамытуда маңызы орасан зор. Балаларға арналған қазақтың ұлттық ойындарының айрықша ерекшелігі - ұтқырлық, ептілік және ұқыптылықта деп білемін. Ұлттық ойын арқылы балаларға қазақ халқының ұрпақтары мен игіліктерінің даналығы беріледі. Ойындар балаларға жанашырлық сезімін, командалық қолдауды және жеңімпаз болуға деген ұмтылысқа бейімдейді. Ұлттық ойындардың жүйелі жүзеге асуы балалардың бойында қазақ халқының ұлттық болмасы мен ұлттық құндылықтарды жан-жақты дамытады.

Мен алғашқы іс-тәжірибемді 2015 жылы Азат мөлтек ауданындағы №34 «Ақ желкен» бөбекжай-бақшасында бастадым. Қазіргі таңда бір мекемеде тұрақты 10 жылға жуық жұмыс жасаудамын. Осы жылдар аралығында өзімнің педагогикалық құзыреттілігімді дамыту мақсатында QAZINTELLECT Зияткерлік ойындар академиясы мен Тоғызқұмалақ Зияткерлік Қауымдастығы ұйымдастырған «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқытуда «Бестемше» ұлттық ойынын үйретудің әдістемелік ерекшеліктері» атты шеберлік семинарға қатысып білімімді шыңдадым. Осы білімімді шыңдау жолында бақшамыздың ересек пен мектеп алды даярлық тобының балаларына «Бестемше» үйірме жұмыстары жүйелі жүргізілді. Ата-аналар мен педагогтарға арналған «Бестемше» ұлттық ойындары шебер сынып негізінде талапқа сай өткізілді.

Бестемше аталатын ойынның қазақ халқында барын іздеп тауып, ережесін қалпына келтірген зияткерлік ойындарды зерттеуші, ҚР еңбегі сіңірген жаттықтырушы, спорт шебері, математик Серікбай Тілеубаев екенін атаған абзал. Мақсатымыз - мәдени мұрамызды, тарихымыз ұрпақ санасында жаттатуды жүзеге асыру.

Бестемше ойыны– математикалық есеп ойыны. Мағынасы терең, баланың жүйелі ойлануына, ортада ойын жеткізе білуіне, қол моторикасын дамытуға септігін тигізетін ұлттық ойын бестемше ойынының балабақшаларда қолданысқа кіруі қатты қуантады. 2020 жылдан бастап, Астана қаласындағы балабақшаларда енгізілген ойын қазақ балаларымен қатар өзге ұлт өкілдері балаларына да ұнап қалғаны шындық. «Білім беру бағдарламасына бестемше ойнауды үйрету үйірмелері» енгізіліп, арнайы кабинет ашылып жатқан

балабақшалар қатарында ұлттық байлығымызды біздің бақшамызда дамытуды жөн көрдік. Қазіргі қолданыстағы тақта шағын, ағаштан жасалғандықтан еш зияны жоқ, табиғи, бояусыз, өзіңмен алып жүруге өте ыңғайлы түрде ұсынылып отыр. Осы мақсатта балабақша қабырғасынан бастап ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңірудің бір жолы - ұлттық ойындарды насихаттау.

2023 жылы Республикалық семинарда «Бестемше – зияткерлік ойыны» тақырыбында шебер сыныпты мектеп алды даярлық топтары жоғары деңгейде ойнап Республикалық қонақтарды қуантты!



Бестемше ойынын балалар белсенді ойнайды. Балалардың ойынға деген қызығушылықтары орасан зор.



Бестемше ойынын бақшамыздың педагогтары, ата-аналары мен балалар ерекше қызығушылықпен ойнайды. Педагогтардың да ойын барысында шапшаңдықтары мен логикалық ойлау қабілеттерінің жоғары деңгейде екені ойын барысында анықталды. Осындай бақшамыздағы жұмыстарды ата-аналар көріп алғыстарын айтып ризашылықтарын білдіреді. Осындай жүйелі жұмыстардың жақсы оң нәтижесін көріп біздің де төбеміз көкке жетеді!



«Бестас» — өте көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлт ойындарының бірі. Ойынға керекті зат бес кішкентей домалақ тас, немесе кейде бес асық болып келеді. Кез-келген ойын белгілі бір ережеге, тәртіпке бағынатыны анық. Бестас ойынын да ата-бабаларымыз сондай бір керемет ережелермен бекіткен. Яғни бірінші қатысатын адам саны анықталады. Ойынға қатысатын адам санына шектеу шоқ. Кемінде екі адамнан басталады. Ойнау үшін ең бірінші тас таңдалып алынады. Яғни қойдың құмалағынан үлкенірек домалақ бес тас таңдалады. Ойыншылар жиналғаннан кейін, олардың ретін анықтау мақсатында бес тасты жоғары лақтырып, алақанға жинап, қайтадан жоғары лақтырады. Қаршып алу кезінде кім көп тас қаршып алса, соған байланысты ойыншылардың реттік тәртібі белгіленіп отырған. Бұл ойынның бір қанша кезеңдері бар, сол бойынша жарысады.

Бірінші тәсіл: Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары серпіп жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.

Екінші тәсіл: Бес тасты еденге шаша тастап ішінен өзіне қолайлы бір тасты алады да, жоғарыдағы тәсілмен жерде жатқан тастарды екі-екіден жиып алады.

Үшінші тәсіл: Еденге бес тасты шаша тастайтайды да, ішінен біреуін алып, жоғары лақтырып, алдымен біреуін іліп алып, лақтырған тасын тосып алады, сонан соң жерде жатқан үш тасты сол тәсілмен бірден жиып алуы керек.

Төртінші тәсіл: Бес тасты қолына алады да, біреуін жоғары серпіп жіберіп, қолындағы төрт тасты жерге қойып, жоғары серпіген тасын қағып алады. Сонан соң ол тасты жоғары қарай қайта лақтырып, жерге қойған төрт тасты жинап алып, жоғары лақтырған тасты қоса қағып алады.

Бесінші тәсіл: Бес тасты уысына алып, бірін жоғары қарай серпіп жібереді де, тасты алақанына қыса ұстап, шынашағымен еденді үш, не бес рет (ойыншылардың алдын ала келісімі бойынша) сипап өтіп (жалап өтіп деп те айтады) лақтырған тасын қағып алады. Осылайша жалғаса береді.



Қорытынды: Бақшамызда ақ жаулықты әжелер мен немерелері, аналар мен балалары бес тас ұлттық ойынын шебер сыныптарда керемет ойнайды. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін ата-аналар мен балалар бойында саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі

1. Дарын ақпарттық әдістемелік жинағы №2, 2005ж.
2. М.Н.Смайлова Ұлттық тәрбиені мектептерде енгізу Түркістан, 2000ж.
3. Ұ.Асыллов Даналардан шыққан сөз «Мектеп баспасы» Алматы, 1987ж.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ АРҚЫЛЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Құдайбергенов Қуаныш Құдайбергенұлы Дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы
«Арал индустриалды-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны

Аңдатпа Мақалада қазіргі кезеңдегі салауатты өмір салтын қалыптастыруда қажетті шарттар – мәдени орта, бұқаралық спорт, жас ұрпақты салауатты өмір салтын қалыптастыратын, денсаулығын, қоршаған ортаны таза ұстау, өмір салты мен денсаулық арасында өзара байланысты салауатты өмір салтын қалыптастыру ұғымын қалыптастыру мақсатында Дене тәрбиесі пәнінде жүргізіліп жатқан денсаулық сақтау технологиялары туралы кең түрде жазылған.

Түйін сөздер: салауатты өмір салты, денсаулық сақтау технологиялары, оқушының ішкі позициялық көзқарасы мен бағыты, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы

*Салауатты өмір салты
Ауырып ем ізденгенше,
Ауырмаудың жолын ізде*

Кіріспе. Қазіргі кезде адамдар мен қоғамның салауаттылығы бүкіл өркениетті әлем үшін әлеуметтік сипатқа ие болып отыр. Бүгінгі адам салауатты өмір мен денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімді адам деп санай алмайды. Өйткені, әрқайсымыздың денсаулығымыз – бұл жеке байлық қана емес, ол сондай-ақ еліміздің дамыған елдер қатарына қосылу үшін де қажетті шарт. Яғни, адамдардың денсаулығы да сол елдің өркениеттік деңгейін танытатын маңызды факторлардың бірі. Ал денсаулықтың негізгі шарты – мәдени орта, салауатты өмір салты.

Салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру қазіргі кезде білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – жас ұрпақтың салауатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, олардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортасын таза ұстауға және жоғары, сапалы білім алып, сол білімді келешектегі өмірінде пайдалана білуге тәрбиелеу. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады.

«Денсаулық кілті – дене шынықтыру. Бұқаралық спортқа, балалар спортына барлық жағдай жасалуы қажет. Облыс әкімдері спорт инфрақұрылымының кезең-кезеңімен құрылуын қамтамасыз етуі керек», – деді Президент.

Білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі – дене тәрбиесі арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі. Соған байланысты көптеген құжаттар бар. Сондықтан да оқытушыларға қойылатын жаңаша талаптар мен өзгерістер туындап отыр. Бұған себеп қазіргі кезде жеке тұлғаның қоғамдық және әлеуметтік мәні дене тәрбиесі оқытушыларының назарынан тыс қалмауы қажет. "Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі" деп тегін айтылмаған. Салауатты өмір салтына дене шынықтыру, спорт, дене тәрбиесі, туризм, халықаралық туризм, табиғатқа серуен, таза ауада жүру жатады. Денсаулықты сақтау мен қайта қалпына келтіру әр адамның өзіне байланысты. Ол оған әрекеттенгенде ғана жетеді. Жасалатын әрекет саналы түрде, өз сұранысын қанағаттандыру үшін жасалу қажет. Денсаулықты сақтау үшін салауатты өмір салтына оң ықыластың болғаны жөн. Бұл ретте оқушы тұлғасы ең құнды дүние болып табылады.

Соңғы кезде денсаулықты қалыптастыру факторының ең негізгісі салауатты өмір салты екендігін көптеген педагогикалық, психофизиологиялық, медициналық зерттеулерде, еңбектерде атап көрсетіледі. Жалпы алғанда, қозғалыс белсенділігінің көрсеткіштеріне көптеген факторлар біріге ықпалын тигізеді, мұнда дене тәрбиесі мен оңтайлы күн тәртібі, әрекет түрлерін ұтымды ауыстырып отыру, баланың бос уақытын физикалық белсенді демалыспен толтыру маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда дәстүрлі сабақ жүйесінде оқу үрдісін ұйымдастырудың кейбір жақтарының кемшіл тұстары ашылуда. Сол себепті де оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыратын қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды іздеп табу аса маңызды міндеттердің бірі.

Технология дегеніміз - білім беру үрдісіне қажетті әдіс - тәсілдер жүйесі және техникалық және адами ресурстарды пайдалана отырып оқытуды жетілдіре отырып білімді меңгерту.

Денсаулық сақтау технологиялары көптеген педагогтарға белгілі психологиялық - педагогикалық әдіс - тәсілдер, технологияларды, мәселені шешу жолдарын жинақтайды және соған қоса мұғалімнің өзін-өзі үнемі жетілдіруге ұмтылысы қажет.

Денсаулық сақтау технологияларының мақсаты - баланың денсаулығын сақтау, оның денсаулығын сақтау туралы білімі, білігі мен дағдыларын қалыптастыру, алған білімдерін қолдана білуге үйрету, денсаулық сақтау жөніндегі оқытушының білімін жетілдіру, оқушының дене шынықтыру жаттығулары мен салауатты өмір сүру салтының денсаулық сақтауды ұйымдастыру - сауықтыру әдістемесін жетілдіру.

Денсаулық сақтау технологиясы педагогтен үлкен кәсіби біліктілікті қажет етеді. Мақсатқа жету мен оң нәтиже алу үшін технологиялық амалдар мен денсаулық сақтаушы әрекеттер жасалу қажет.

Денсаулық сақтау технологияларының жалпы құрылымы мен жүргізілу барысын біле отырып, денсаулық сақтаудың негізгі мәселелерін шешуді жүзеге асыруымыз қажет. Бұл денсаулық сақтау технологияларының маңызды бірінші қадамы деп ойлауға болады. Екінші қадам оқушы мен педагог арасында сенімді қарым-қатынас орнату деп түсіну қажет, яғни оқушыны технологияның субъектісі деп қарау қажет.

Бұл жерде педагог пен баланың қарым - қатынасы тек мәлімет алмасу ғана деп түсінбеу керек. Баланы «мен» тұрғысында дамыту сапалы даму деңгейін береді, осы тұрғыда дамыту оны нағыз субъект ретінде дамуын көздейді.

Балаға өзін қоршаған ортаны білім көзі ретінде ғана емес, білімді қолдану ортасы ретінде үйретуіміз қажет.

Қозғалысқа бағытталған құралдарда сауықтыру технологияларының міндетін шешеді және оларға мыналар жатады:

- қозғалыс;
- физикалық жаттығулар;
- сергіту минуттары мен үзілістегі бой жазулар;
- эмоцияны басу мен «тыныштық минуттары»;
- гимнастика;
- қозғалысты ойындар.

Табиғаттың сауықтыру күштерін қолдану оқытудың денсаулық сақтау технологияларының мақсатына жетуге үлкен септігін тигізеді. Таза ауада сабақ өткізу биологиялық процестердің белсенділігін арттырады, ағзаның жалпы жұмысқа білеттілігін арттырады, қажу процесін тежейді.

Жоғарыда келтірілген құралдарды пайдалануға қойылатын бірден-бір талап оларды жүйелі, кешенді түрде пайдалану қажет.

Олар:

- алдын алу әдістері қолданылатын сабақ түрінде;
- функционалдық музыкаларды қолдану;
- сабақты аудио сүйемелдеу;
- жоғары мен төмен белсенділікті қажет ететін сабақтарды кезек қою арқылы;
- қайта оралту іс-шаралары түрінде;
- жаппай спорттық – сауықтыру іс – шаралары арқылы;
- денсаулық мерекесі;
- табиғатқа серуендеу;
- экскурсия.

Сабақ кезінде оқушының ішкі позициялық көзқарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады. Осы бағыттарда әрбір оқытушының оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет. Олар мыналар:

- Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты.

Сондықтан да оқытушы сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге оқу орнынан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әртүрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқантартыс, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдыққа білеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, жоғары сапаға қол жеткізуге болады.

Қорыта келе, халық денсаулығы тек медицина қызметкерлерінің кәсіби тірлігі ғана емес, бүкіл қоғамның тұтас денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған үйлескен іс-қимыл әрекеттерінің жемісі екенін баршамыз да ұғынуға

тиіспіз. Сонда ғана қоршаған ортаны сақтай отырып, таза су ішіп, дұрыс тамақтанып, иманды және салауатты өмір салттарын тұрақты қалыптастырсақ болашақтың жарқын кепілі болмақ.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Иманалиев Ш.И. Балалар мен жасөспірімдердің гигиенасы, Алматы.Ғылым баспа орталығы 2008 ж
- 2.Неменко Б.А.,Оспанова Г.К. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы. Оқулық-Алматы, «Ғылым»-2002.-300 бет Қосымш.
- 3.Төлемісов А.М., Қасмақасов С.Х Қазақстан Республикасының мектеп жасындағы балаларының физикалық дамуын есептеу және бағалау әдісі. Әдістемелік құралы.- Алматы 2008-230 бет.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР 4-6 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҚИМЫЛҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Медиева Жанар Рысбековна МКҚК №76 «Әдемі» балабақшасы дене тәрбиесі нұсқаушысы.

Аңдатпа. Қимыл-қозғалыс ойындар негізінен ұжымдық ойын болып табылады, сондықтан ерекше білім беру қажеттіліктері бар 4-6 жастағы балалардың қозғалыс өз қимылдарын басқа ойыншылардың қозғалыстарымен үйлестіре алуды, колоннада, шеңберде өз орнын табуды, басқаларға кедергі жасамауды, сигнал арқылы тез қашып кетуді немесе ойын алаңында, залда орын ауыстыруды үйренеді. Барлық түсініктемелер, іс-қимылдар балаларға қозғалысты орындауға, белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі. Әлеуметтік дағдыларды қалыптастырудың келесі кезеңі-сауатты ұйымдастырылған пәндік-дамытушылық білім беру ортасында балалардың бірлескен іс-әрекеті ұжымдық ойын іс-әрекетінде қалыптасады.

Түйін сөздер: қимыл-қозғалыс ойында, ақыл-ойы бұзылған мектеп жасына дейінгі балалар, заманауи әдістер, физикалық белсенділігі, ұжымдық қарым-қатынас.

Кіріспе. Қимыл-қозғалыс ойындары қазіргі мектепке дейінгі білім берудегі инклюзивті құралы болып саналады. Қазіргі уақытта Қазақстанда арнайы білім берудің жетекші бағыттары интеграция және инклюзия процестері болып табылады. Дәл осы процестерді ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың құқықтарын іске асырудың заманауи әдістері деп атауға болады. Инклюзивті білім

беруді дамытуға арналған 2011-2015 жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Қолжетімді орта» атты мемлекеттік жобасы болып табылады.

Жалпы білім беру мекемелерінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың кейбір санаттарын тәрбиелеу және оқыту мәселелері ерекше әдепті, батыл тәсілді талап етеді. Интеллектуалды және психоэмоционалды дамуында ауытқулары бар көптеген балаларды сау балалар тобына біріктіруге болмайды, өйткені көп жағдайда олар командаға қосылуға дайын емес. Яғни ақыл-ойы бұзылған адамдарды әлеуметтендіру дағдыларын қалыптастыру процесінде негізгі компоненті балалармен ұжымдық қарым қатынасқа түсуге дайын болу болып табылады [1, 3 б.].

Көп жағдайда әлеуметтендіру процесінде балалар ересектермен және құрдастарымен қалай байланысуды білмейтін қиындықтарға тап болады. Демек, айқын ауытқулары бар балаларды бірінші кезеңде мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде интеграциялық және инклюзиялық білім беру арқылы жүзеге асырылады, ол үшін ең алдымен қарым қатынас пен өзара әрекеттесу сияқты әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру қажет [2, 3 б.]. Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруда мұғалім ұйымдастырған оқу қызметі арқылы жүзеге асырылады. Бірінші кезеңде, бір біріне кедергі жасамай бірге отыруды үйренеді, көбінесе балалар мұғалімнің бүкіл айтқан сөздеріне жауап бермейді. Бұл жағдай ұзаққа созылмайды, болашақта балалар ересектердің талаптарына үйренеді және әдеттегі жағдайда топ мүшелері сияқты әрекет етеді.

Уақыт өте келе жұмыс формалары мен талаптар деңгейі өзгереді. Балалар жеке әрекет етіп қана қоймай, сонымен бірге бірлесіп әрекет етуді, ұжымдық іс-әрекеттегі рөлін түсінуді үйренеді. Бірлескен іс-шаралардың рөлін түсіндіру ақыл-ой кемістігі бар балалар үшін бірден қол жеткізе бермейді. Ол үшін мақсатты түрде және біртіндеп жұмыс жасау керек.

Әлеуметтік дағдыларды қалыптастырудың келесі кезеңі-сауатты ұйымдастырылған пәндік-дамытушылық білім беру ортасында балалардың бірлескен іс-әрекеті ұжымдық ойын іс-әрекетінде қалыптасады [3, 8 б.]. Ұжымдық ойын балалардың әлеуметтік қатынастар қабілетін дамытады. Ақыл-ой кемістігі бар мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық белсенділігі де жеткіліксіз дамығанын ескере отырып, білім беру мекемелерінде кеңінен таралған балалар ұжымдық ойындарының бір түрі сөйлеу арқылы қимыл-қозғалыс ойыны болып табылады. Қимыл-қозғалыс ойыны әлеуметтенудіруді қамтамасыз ететін бастапқы нүктесі болып табылады [4, 5 б.].

Қимыл-қозғалыс ойындарды ұйымдастырған кезде диагноз қойылған мектеп жасына дейінгі балалар оқу жылының басында жалпы ойынға қатысқысы келмейтінін байқауға болады. Олардың көпшілігі жиі шетте тұрады, басқалардың қалай ойнайтынын көреді және сонымен бірге не болып жатқанына эмоционалды түрде қарайды: олар күледі, қолдарын шапалақтайды, секіреді, орнында тұрады. Мұғалім алғашқы күннен бастап 393 барлық балалардың ойынға міндетті қатысуын

талап етпеуі керек. Педагог жаймен баланы тарту керек, сонда бала өзі міндетті түрде қызығушылығы артады. Бірақ көп жағдайда балалар – бұл балалар тобынан қорқатын немесе керісінше ұжымға қатысты агрессивтілікті қарайтын балалар. Осындай кезде көмектесу үшін қолынан ұсынтап бірге жүгіру, тығылу керек және олардың көңілін көтеруге тырысу керек. Мұғалімнің мұқият және сезімтал қарым-қатынастардың арқасында бірнеше күннен кейін қимыл-қозғалыс ойындардағы белсенді қатысудан қорыққан балалар немесе агрессивті балалар көбінесе ойынның көшбасшылары мен ұйымдастырушылары болып шығады [5, 10 б.].

Ақыл-ойы бұзылған мектеп жасына дейінгі балаларға қимыл-қозғалыс ойындарын үйрету үшін ережелерді түсіндіріп, осы ойынды әртүрлі режимдерде бірнеше рет өткізу керек. Айта кету керек, ойынды эмоционалды, мәнерлі түрде түсіндіріп, кейіпкерлерді өз дауысының интонациясымен сипаттауға тырысу керек. Мысалы, қояндар, құстар туралы жұмсақ, мейірімді сөйлеу керек, ал қояндарды қорқытатын аю туралы – төмен дауыспен, біршама қатал. Бұл жағдайда сіз балалардан осы кейіпкерді бейнелеуді сұрай аласыз. Түсіндіру кезінде ойын барысында балалар өз әрекеттерін өзгертетін сигналдарға назар аудару керек. Бір немесе басқа қозғалыстармен бірге жүретін сөздерді асықпай нақты айту керек: егер қозғалыстардың өзгеруі туралы сигнал болса, мәтіннің соңғы сөйлемін сәл қаттырақ айту керек.

Барлық түсініктемелер, іс-қимылдар балаларға қозғалысты орындауға, белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі. Мысалы, «Секіртпеден секіртпеге» ойын жаттығуларындағы балалардың іс-әрекеттерін басқара отырып, мұғалім: «енді Амина өзен арқылы өтеді. Амина, қорықпа, ағын таяз». «Абайла, Амина! Асықпа!» – деп мұғалім ескертеді. «Айтпесе суға түсіп, аяғыңызды сулап аласын. Міне, жақсы! Енді сен жақсы секіре алатын болдың! Енді жағаға жету үшін үлкенірек қадам жаса.» Сол кезде тәрбиеші жол бойында басқа балалармен сөйлесіп, оларды тапсырманы орындауға дайындайды. «Дария, Сен өзеннен өтуді қалайсыз ба?» – деп әрдайым әңгімелесіп отыру керек. Содан кейін мұғалім баланы жігерлендіреді: «Дария екеуміз бірге өзен арқылы жүреміз, қолымнан ұста, бұл біз үшін қорқынышты емес. Иә?» Ересектермен мұндай тұрақты ауызша қарым-қатынас балаларға қуаныш сыйлайды және олардың сөйлеуі мен қиялын дамытуына ықпал етеді. Балалардың ойынға деген қызығушылығын артудың маңызды шарты – мұғалімнің тікелей қатысуы, оның балалармен бірге орындауы. Мұғалім көбінесе ойынның ойнағандағы әрекеттерін бақылау міндетті, өйткені кемістігі бар балалар бұл міндеттерді өз бетінше шеше алмайды, дегенмен кейбіреулер мұны істеуге тырысады. Қазіргі уақытта балалар мұғалімді ойынның белсенді қатысушысы ретінде қабылдайды. Бұл мұғалімнің ұйымдастырылған оқу қызметін сәтті өтуіне ықпал етеді және ойындарға ынталандыру одан әрі артады [6, 3 б.].

Оқу жылының соңында қимыл-қозғалыс ойын барысында мұғалім ережелердің орындалуын, балалардың қарым-қатынасын, олардың жағдайын бақылайды. Мұның бәрі өте маңызды, өйткені ережелердің бұзылуы, мысалы, балалардың көпшілігінің немесе кейбіреуінің шаршау белгілері болып табылады.

Бұл жағдайда ойынды тоқтатып, балалардың назарын неғұрлым тыныш әрекетке аудару керек.

Қимыл-қозғалыс ойындар негізінен ұжымдық ойын болып табылады, сондықтан балалар өз қимылдарын басқа ойыншылардың қозғалыстарымен үйлестіре алады, колоннада, шеңберде өз орнын табуды, басқаларға кедергі жасамауды, сигнал арқылы тез қашып кетуді немесе ойын алаңында, залда орын ауыстыруды үйренеді [7, 15 б.].

Әдіс-тәсілдер. Қимыл-қозғалыс ойындар ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қозғалыс дағдыларын қалыптастыруына қаншалықты әсер ететінін нақты бақылау үшін біз бір арнайы топқа зерттеу жүргіздік және 2021-2022 оқу жылында алынған нәтижелерді талдадық. Бізді қызықтыратын негізгі параметрлер: баланың қимылқозғалыс ойынға қатысу белсенділігі; қимыл-қозғалыс ойын процесінде ойынның элементтерін орындай алуы; достарымен еркін әрекеттегі қарым-қатынас.

Деңгейді анықтау үшін біз келесі бағалау шкаласын, жоғарыда көрсетілген параметрлерді қолдандық: Баланың қимыл-қозғалыс ойынына қатысу белсенділігі.

1. Баланың ұжымдық ойын әрекеттеріне қатысқысы келмейтіндігінің айқын көрінісі, мұғалімнің ойынға шақыруына жеткіліксіз реакция; бала белсенді емес.

2. Бала ойын әрекеттеріне қатысуға деген аса ынтасы жоқ қатынасты көрсетеді, мұғалім бірнеше рет шақырғаннан кейін ойынға енеді; бала белсенділігі аз.

3. Бала іс-әрекетке қызығушылық танытады, ойынға қатысқысы келеді, бірақ шақыру мен ынталандыруды күтеді; бала белсенді.

Қимыл-қозғалыс ойын процесінде ойынның элементтерін орындай алуы.

1. Негізгі қимыл жаттығуларды тек баламен жеке жұмыс жасаған кезде орындайды;

2. Топтағы балалармен бірге негізгі қимыл жаттығуларды орындайды;

3. Қимыл-қозғалыс ойындар элементтерін де, негізгі қимыл жаттығуларды да орындау техникасын жетік меңгерген.

Достарымен еркін әрекеттегі қарым-қатынас.

1. Бала балалармен қарым-қатынаста өте сирек түседі, серіктесті өзі таңдайды, балалардың ұсыныстарынан бас тартады.

2. Бала балалар ұжымына қызығушылық танытады, бірақ жасы үлкенге жақын болады.

3. Бала қарым-қатынасқа тартылады, балалармен қарым-қатынаста белсенді, бейтаныс адамдарға қызығушылық танытады, балалармен қарым-қатынаста ашық, мейірімді.

Зерттеу нәтижелері.

Талдау барысында біз кестеде көрсетілген нәтижелер алынды. Кестеде көрсетілген пайыздардан ұжымдық қимыл-қозғалыс ойындарды ұтымды пайдалану арқылы оқу жылының соңында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қозғалыс дағдыларын артқаны және достарымен және ересектермен сөйлесуден бас тартқан немесе қаламайтын жабық балалар саны азайғанын көруге болады.

Кесте 1 –Нәтижелер

Аты-жөні	Баланың қимыл-қозғалыс ойынына қатысу белсенділігі		Қимыл-қозғалыс ойын процесінде ойынның элементтерін орындауы		Достарымен еркін әрекеттегі қарым-қатынас		Жалпы саны	Жалпы көрсеткіші
	Оқу жылдың басы	Оқу жылдың соңы	Оқу жылдың басы	Оқу жылдың соңы	Оқу жылдың басы	Оқу жылдың соңы		
1. Алдыбергенова Амина	1	2	1	2	2	2	10	2
2. Асқарұлы Дарын	1	1	1	1	1	1	6	1
3. Серік Әмір	1	2	1	2	1	2	9	2
4. Сыздық Кәусар	1	3	2	3	2	3	14	2
5. Габбасова Дария	1	2	1	2	1	2	9	2
6. Оразалин Ильмаз	1	3	2	3	2	3	9	2

Қортыныдылай келе, қимыл-қозғалыс ойындары денсаулық сақтау мен нығайтып қана қоймай, сонымен қатар қазіргі заманда ерекше білім беру қажеттілігі балалардың әлеуметтендіруге бағытталған құралы деп санауға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Баряева Л.Б., Зарин А.П., Гаврилушкина О.П. Программа воспитания и обучения дошкольников с интеллектуальной недостаточностью. – СПб.: Издательство «СОЮЗ», 2003. – 320 с.
2. Вайзман Н.П. Психомоторика детей-олигофренов. – М., 1997.
3. Стребелева Е.А. «Коррекционно-развивающее обучение и воспитание» – М.: Просвещение, 2003.
4. Забрамная С.Д. Психолого-педагогическая диагностика умственного развития детей: 2-е изд. – М.: Просвещение. Владос, 1995.
5. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д., Нисневич Л.А. Как помочь «особому» ребенку: 3-е изд. – СПб.: «Детство – пресс», 2001. – 128 с.
6. Кольцова М.М. Двигательная активность и развитие функций мозга. – М.: Педагогика, 1973.
7. Смирнова Е.О. Исследование общения дошкольников со сверстниками. // Вопросы психологии. – 1988. – № 2. – С. 54-65.

БАЛА БАҚШАДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ НАСИХАТТАУ

Мырзагерей Меруерт Болатқызы Астана қаласы
№ 43 «Қызғалдақ» балабақшасы музыка жетекшісі

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының ұлттық құндылықтары оның мәдениеті мен өнері музыкалық мұрасы туралы баяндалады.

Түйін сөздер: Балабақшадағы музыка ұйымдастырылған іс-әрекет арқылы балалар халқымыздың бай мәдениеті мен салт-дәстүрін терең түсініп, патриоттық рухта тәрбиеленеді.

Кіріспе. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары оның мәдениетімен, өнерімен, әсіресе музыкалық мұрасымен тығыз байланысты. Музыка – баланың рухани дамуына ықпал ететін қуатты құралдардың бірі. Балабақшадағы музыка жетекшісі тек ән айтып, би билетумен шектелмей, балалардың ұлттық құндылықтарды сіңіріп, туған елінің мәдениеті мен өнеріне деген сүйіспеншілігін оятатын маңызды тұлға. Қазақстанның көпұлтты қоғамында балаларды өз халқының дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына құрметпен қарауға үйрету ерекше маңызға ие. Ұлттық әуендер мен күйлер, халық әндері-ата-бабамыздың өмір сүру салты мен дүниетанымының көрінісі. Оларды кішкентай кезден бастап бойға сіңіру балаға өзінің ұлттық бірегейлігін сезінуге көмектеседі.

Музыка жетекшісі ұлттық мұра арқылы балалардың:
-эстетикалық талғамын қалыптастыруға;
-шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
-туған жеріне деген мақтаныш сезімін оятуға ықпал етеді [1].

Музыка жетекшісі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық музыкалық мұраны қызықты әрі қолжетімді формада жеткізуі керек. Оның мазмұны мынадай бағыттарды қамтуы мүмкін:

Балабақшада халық әндері арқылы тәрбие беру – ұлттық құндылықтарды сіңірудің ең тиімді әдістерінің бірі. Халық әндері баланың жан дүниесін байытып, оларды мейірімділікке, еңбекқорлыққа, өз мәдениетін қадірлеуге баулиды. Бұл – ұлт болашағын тәрбиелеудегі маңызды қадам.

Қазақтың аспаптық музыкасы: Домбыра, қобыз секілді ұлттық аспаптардың үнін тыңдатып, олардың ерекшеліктерін таныстыру. Балаларға домбырада күй ойнаудың негізгі элементтерін көрсету қызығушылықты арттырады.

Ұлттық билер: Қазақтың ұлттық билері арқылы балалардың қимыл-қозғалысын жетілдіру. Ұлттық билерді үйрету арқылы олардың дене қозғалысын дамытып, көңіл-күйін көтеруге болады.

Мерекелік іс-шаралар: Наурыз, Тәуелсіздік күні секілді ұлттық мерекелерде музыкалық қойылымдар ұйымдастыру. Бұл балалардың сахналық мәдениетін қалыптастырып, өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік береді.

Ұлттық құндылықтарды музыка арқылы сіңіру, ертегілер мен аңыздарды қолдану: ұлттық ертегілер мен аңыздар негізінде музыкалық көріністер қою. Бұл балалардың есте сақтау қабілетін жақсартып, ұлттық мұраға қызығушылығын арттырады.

Интерактивті тәсілдер: Аспаптардың макетін жасау, ұлттық музыка туралы викториналар өткізу, қазақша әндерді QR-код арқылы тыңдату сияқты заманауи әдістер балалардың қызығушылығын оятады.

Ата-аналарды тарту: Балалардың отбасымен бірге ұлттық әндер орындауы немесе аспаптарда ойнауы ұлттық дәстүрді жанұялық деңгейде нығайтуға көмектеседі [2,3].

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырды [4]. Осыған орай 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Біртұтас бағдарламасы аясында құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтылып, мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған, шығармашылық, дербес іс-әрекеті барысында «Күй күмбірі» іс-шарасы қамтылды [5].

«Күй күмбірі»-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру мақсатында, қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру болып табылады.

Осы арқылы балалардың ұлттық рухы мен ұлттық сана-сезімі қалыптасып, өз халқының тарихы мен дәстүрлерін құрметтейтін азаматтар өсіп жетіледі. Бұл процессте тәрбиешілер мен педагогтердің рөлі зор, өйткені олар балаларға ұлттық құндылықтарды тек білім беру арқылы емес, жүректеріне жеткізу арқылы танытады [6].

Қорыта келе, музыка жетекшісінің ұлттық тәрбие берудегі рөлі ерекше. Балабақшадағы музыка ұйымдастырылған іс-әрекет арқылы балалар халқымыздың бай мәдениеті мен салт-дәстүрін терең түсініп, патриоттық рухта тәрбиеленеді. Бұл ұрпақтар сабақтастығын сақтап, ұлттық бірегейлікті нығайтудың негізгі жолдарының бірі.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Э.Б. Абдулин. Е.В. Николаева Музыкалық білім берудің теориясы мен тәжірибесі-М., 2004ж.
- 2.Р.К. Дүйсембинова Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған.- 2006ж.
- 3.Г.А. Праслова Мектепке дейінгі балаларға музыкалық білім берудің теориясы мен әдістемесі. Детство-пресс, 2005ж.
- 4.Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты екінші отырысы /akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959
5. Біртұтас тәрбие бағдарламасы.
6. Меңжанова А. «Мектепке дейінгі педагогика»-Алматы.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нуралин А.Н. № 9 «Нұршашу» бала бақшасының денешынықтыру нұсқаушысы, педагог-сарапшы. Астана қ.

Аңдатпа Дене шынықтыру пәнінде дәстүрлі немесе аз танымал ұлттық ойындарды пайдалану оқушыларға бірқатар артықшылықтар әкелуі мүмкін. Бұл ойындар мәдени әртүрлілік пен түсіністікке ықпал етеді, танымдық және әлеуметтік дағдыларды жақсартады және балалардың физикалық белсенділігін арттырады. Дегенмен, бұл ойындарды дене шынықтыру сабақтарына енгізген кезде олардың мәдени шығу тегіне қарау және мәдени айырмашылықтарын ескеру маңызды.

Түйін сөздер: ойын, ереже, оқушы.

Кіріспе. Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балаларға білім берудің маңызды бөлігі болып табылады, өйткені олар дене шынықтыруды, салауатты әдеттерді және жалпы әл-ауқатты дамытуға ықпал етеді. Дегенмен, жүгіру немесе ауыр атлетика сияқты дәстүрлі әрекеттер барлық оқушылар үшін тартымды болмауы мүмкін, бұл құлықсыздық пен мотивацияның болмауына әкелуі мүмкін. Бұл мәселені шешудің бір жолы – дәстүрлі немесе аз танымал ұлттық ойындарды дене шынықтыру сабақтарына қосу. Бұл ойындар дәстүрлі іс-шараларға көңілді және қызықты балама бола алады, сонымен қатар студенттер арасында мәдени түсінік пен тануды дамыта алады.

Дәстүрлі немесе аз танымал ұлттық ойындарды дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қосу үшін дұрыс ойындарды үйренуден және таңдаудан бастау керек. Оқушылардың жасына және дайындық деңгейіне сәйкес келетін ойындарды таңдау, сондай-ақ оқушылардың мәдени ерекшеліктерін ескеру маңызды. Ойындардың мәдени фоны мен шығу тегіне құрметпен қарау және оларды жүзеге асыру кезінде мәдени айырмашылықтарды ескеру маңызды. [1]

Ойындар таңдалғаннан кейін балаларға дұрыс оқуды және ойын ережелері мен ережелерін көрсетуді қамтамасыз ету маңызды. Мұны ауызша нұсқаулар мен практикалық сабақтарды біріктіру арқылы жасауға болады, мұғалім қажет болған жағдайда нұсқаулар мен кері байланыс беруі керек. Мұғалім сонымен қатар, балалардың дәстүрлі ойындарға қатысты ережелермен, нормалармен және мәдениеттермен таныс екендігіне көз жеткізуі керек.

Сондай-ақ, балалар ойын ойнауы үшін қауіпсіз және инклюзивті орта құру маңызды. Мұны балалардың ойын ережелерін түсініп, орындағанына көз жеткізу, сондай-ақ тиісті жабдықтар мен жағдайларды қамтамасыз ету арқылы жасауға болады. Мұғалім сонымен қатар ойындарға байланысты ықтимал қауіптер мен қауіптер туралы біліп, оларды азайту үшін тиісті сақтық шараларын қабылдауы керек. [2]

Келесі кезекте ұлттық ойындардың бірнеше түрінен мысалдар келтіріп, ойын ережесімен таныстыра өтсем.

Бөрік жасырмақ. Ойынға қатысушылар араларынан бір ойыншыны шығарып, алыстау жерге барып басындағы бөрік жасыруға мүмкіндік береді. Әрі ол ойыншының өзі де сол маңайға жасырынады. Сосын басқа ойыншылар тығылған бөрікті іздеуге кіріседі. Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып алмақ болса, иесі оны бермеуге тырысады. Бірақ ойынның ережесі бойынша таласуға, бір-біріне күш көрсетуге болмайды. Бұл жерде алушы қалайда ебін тауып, бөрікті алып кетіп, жүргізушінің қолына тапсыруы керек. Келесі кезекте әлгінде бөрікті әкелген ойыншы жасырынуға барады. Осылайша ойын жалғаса береді.[2]

Түйілген шыт. Ойынға қатысушылардың санына шек қойылмайды. Ойынға ортасынан бір-екі рет түйілген орамал, немесе кесінді шыт мата пайдаланылады. Ойынды түнде де ойнауға болады. Ол үшін әрине ақ орамал болғаны жөн. Жүргізуші ойыншыларды жинап алады да: «Бір, екі, үш!» – деп дауыстайды. Осы кезде ойыншылар жан-жаққа бытырай қаша жөнеледі. Ал жүргізушінің өзі қолында түйілген орамалы бар ойыншыны қуып береді, мақсаты – оны қуып жетіп, қолындағы орамалды алып қою. Бірақ қашып бара жатқан ойыншы жүргізуші жете бергенде қолындағы орамалды басқа ойыншыға қарай лақтырып жібереді. Ол болса басқа ойыншыға лақтырады. Сөйтіп, жүргізуші түйілген орамалды қолына түсіргенше ойын жалғаса береді. Егер жүргізуші орамалды ұстап алса, ұстатып қойған адам ортаға қазақ ұлттық ойындары 45 шығып өз өнерін көрсетеді. Сосын сол ойыншы жүргізушіні ауыстырады да, ойын қайта жалғасады.

Ақшамшық (сақина салу). Бұл – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он-он бес

адам қатысып, ортаға бір жігітті немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз-жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болып шығысымен, «Тұр сақинам, тұр» - деп, немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде» - деп. Оны көршісі ұстап алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді. Кейбір кітаптарда сақина тастау ақшамшық емес, ақшымшық деп те жазылып жүр. [3]

Тымпи. Ойынға қатысушылар шеңбер жасап, дөңгелене отырады. Ойынды жүргізуші: «Ал ойынды бастаймыз, бәрің түгел тым-тырыс тымпи!» деп бұйырады. Бұдан кейін бірде-бір ойыншы дыбыс шығармауы, үн қатпауы керек. Мұнда жүргізуші ғана сөйлеуге ерікті. Жүргізуші әзілкеш, күлдіргі болуы керек. Ол әзіл-қалжың сөздерді айтып немесе күлкілі іс-қимылмен қалай да біреуді күлдірудің амалын жасайды. Қалжың жыр да айтады. Бұл жерде тек қалжың өлеңге қатысушылардың атын қосып, шамдандырмау керек. Жаңылыстыру үшін неше түрлі сұрақтар қойып, көздеріне төнеді. Біреу абайсыз жаңылып сөйлесе не күліп жіберсе, айып тартады. Айыпты өлең айтады, ән салады не би билейді.

Қазан. Ойынды қыс кезінде мұздың үстінде, ал жазда тақыр алаңда ойнауға болады. Ойынға қатысушылардың әрқайсысының басы қайқы қақпа таяғы мен ағаштан істелген домалақ шары болуы керек. Ойынға қатысушылар үлкен шеңбер сызып, дәл ортасынан бір «қазан» қазады. Ой наушылардың саны көп болса, шеңбер соғұрлым үлкен болады. Шеңбердің бойымен қатарласа тұрған ойыншылар арасы бір-бір адымдай жерден, яғни әрқайсысы өзінің алдынан «қазан» қазып алып, домалақ ағашын соған салып қояды. Бір ойыншы шеңбердің ортасындағы бос «қазанды» күзетіп тұрады. Шеңбер бойында тұрған ойыншылардың мақсаты – әрқайсысы өзінің шарын ортадағы бос «қазанға» түсіру, ал бос «қазанды» күзетіп тұрған Қазақ ұлттық ойындары 29 ойыншының мақсаты – олардың шарын қалайда бас «қазанға» түсірмеу. Егер кімде-кім ортадағы «қазанға» шарын түсірсе, сол адам күзетшіні алмастырады. Өйткені ортадағы «қазанды» қорғау жауапты әрі беделді қызмет болып есептеледі. Ойын осылайша жалғаса береді. [4]

Дене шынықтыру сабақтарында дәстүрлі немесе аз танымал ұлттық ойындарды пайдалану оқушылар үшін бірқатар артықшылықтарға ие болуы мүмкін. Бұл ойындар оқушылар арасындағы мәдени әртүрлілік пен түсіністікке ықпал ете алады, бірегей физикалық сынақтар мен физикалық даму мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді, когнитивті және әлеуметтік дағдыларды жақсартады және оқушылардың физикалық белсенділікке қатысуын арттырады. Сонымен қатар, дәстүрлі ойындар ойнау оқушыларға өздерінің мәдени мұралары мен тарихымен танысудың тәсілі бола алады. [4]

Дәстүрлі немесе аз танымал ұлттық ойындарды дене шынықтыру сабақтарына қосу дәстүрлі әрекеттерге көңілді және қызықты балама бола алады, сонымен қатар оқушылар арасында мәдениетті түсінуге және қабылдауға ықпал

етеді. Алайда, бұл ойындарды дене шынықтыру сабақтарына енгізу кезінде олардың мәдени шығу тегі мен шығу тегіне құрметпен қарау, сондай-ақ мәдени айырмашылықтарды ескеру қажет. Оқушылар осы ойындардың ережелерін түсініп, оларды қауіпсіз және тиімді ойнай алатындай етіп тиісті дайындықты, демонстрацияны және басшылықты қамтамасыз ету қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ ұлттық ойындары. Құрастырған Базарбек Төтенай. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2013. 96 бет, суретті. ISBN 978-9965-672-86-6
2. Б.Төтенаев. «Қазақтың ұлттық ойындары»
3. «Дене тәрбиесі және спорт» журналы
4. https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/43388/

ҰЛТТЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫНДАР ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНДЕ

Оралбай Динара Керімбайқызы Астана қаласы №38 «Шаттық» балабақшасының МКҚК дене шынықтыру нұсқаушысы педагог-сарапшы

Аңдатпа Ұлттық ойындары – ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Ұлттық ойындар ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі. Сондықтан заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуде пайдасы зор.

Түйін сөздер: ұлттық ойын, зияткерлік ойын, жаңа технология, дене шынықтыру, спорт түрлері, сабақ мазмұны.

Кіріспе. Кез келген ұлт мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде тән саулығы, дене тәрбиесі, спорттық және зияткерлік ойындардың өзіндік орны бар. Ұлттық спорт пен ойындардың қосымша ерекшелігі, олар әлемдік мәдениет пен өркениетке қосқан әр халықтың өзіндік үлесі болып табылады. Ендеше, қазақтың ұлттық спорты мен ойындарының бүгінгі ахуалын саралап, оның болашақ биіктеріне бастайтын бағыттарды анықтау – біздің азаматтық та, ұрпақтық та парызымыз.

Ұлттық ойын түрлерімен таныстыру, ұлттық ойындар арқылы оқушының өз ұлтының әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне деген қызығушылығын ояту мақсатында ұлттық ойындар қазақ халқының өмірінде үлкен маңызымен қатар алуан түрге ие болуында. Ең қызығы кішкентай балалардан ересек адамдарға дейін қатысып ойнайтын сан алуан ойын түрлері бар. Ойын дегеніміз - адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең ғажайып нәрсе.

Қазақтың ұлттық ойындарының арасында дене мен қимыл-қозғалысты ширататындарымен қатар, адамның танымын, ойын жетілдіретін түрлері де жоқ

емес. Дене тәрбие пәнін жаңа технологиялық әдіспен оқушылардың жас ерекшеліктеріне, денсаулықтарына байланысты, спорттық ойын түрлерін, сабақтың мазмұнына қарай іріктеп алып, пайдалануға болады.

Қазақтың ұлттық және зияткерлік ойындарын дене шынықтыру пәнінде ойнатудың негізгі мақсаты:

- Балалардың денсаулығын нығайту;
- Денені шынықтыру;
- Мәдениетін қалыптастыру;
- Өзін-өзін тәрбиелеу, жетілдіру;
- Жарыс кезінде әділ ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-құлық көрсетуді талқылау және бейімдей білу.

Жетістік критерийлері:

- Қазақтың ұлттық ойындары арқылы патриоттық сезімді оятып, әділдіктің әсерін ойын арқылы көрсетеді;
- Қазақтың ұлттық ойындарының түрлерін ажыратады және балама ұқсас ойындарды құрастырады;
- Қазақтың ұлттық ойындарының атауларын атайды және қандай физикалық қасиеттерді дамытатынын анықтайды;
- қазақ ұлттық ойындарындағы өздерінің қозғалыс дағдыларын және стратегиялық ойлауын талқылай, салыстыра және талдай алады.

Тілдік мақсаттар мыналарды қамтиды:

- ұлттық, зияткерлік;
- стратегия, тактика, жүріс;
- «Тоғызқұмалақ» (құмалақ, тұздық, отау, атсырау), «шахматтар»;
- рөлдер: ойыншы, төреші;
- команда қарсылас, шабуылдау, қорғаныс;
- ережелер, бағалау, адал ойын.

Мысалы:

1. «IQ DODA» – білім сынауға негізделген осы заманның зияткерлік ойыны. Білімнің үлкен табысқа, биік шыңдарға бастайтын күш екендігін растайтын бұл ойында негізінен Еліміздің тарихы, жер-су аттары, мәдениеті мен руханиятына қатысты сұрақтар қойылады..

2. Бестемше ойыны — әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын рухани ойын, логикалық ойлау өнері. Бұл ойынның басты қасиеті — жеке тұлғаның сана-сезімін жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады.



Бестемшенің басты маңызы — ойлау жүйесін дамытады.

Бестемше ойыны — математикалық есеп ойыны. Жүрістерді алдын-ала ойлау, есептеу, қиялдау — оның негізгі өзегі. Сондықтан оқушы ойынды үйрену барысында оның бойында стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті қалыптасады. Бұл кез-келген салада болашақта керек болады. Өйткені өмірде де болашақ істерінді алдын-ала ойлау — негізгі мәнге ие. Бестемше ойнаған балалар алғашқы кезде бір орнында отыра алмай, жеңілтек мінездер көрсетеді. Олардың назары біресе ойында, біресе телефонда немесе басқа жақта болады. Уақыт өте келе ойынның құндылықтары оны шыдамды, төзімді етіп тәрбиелейді. Баланың назары тек тақтаға ғана ауып, ойынға ықыласы артады. Ойыннан қуаныш алып, жаман мінездерден арылады.

3. Тоғызқұмалақ — қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ойды дамытуға арналған ойын. Бұл ойын адамның ойлау, талдау қабілетін дамытатын есепке құралған. Ол екі адам арасында ойналады. Ойнау тақтасы – 2 қазан мен 18 отаудағы 162 құмалақтан тұрады.

Қазір тоғызқұмалақ пен бестемше ойыны қатар ойналып жүр. Бестемше ойынының тоғызқұмалақтан ерекшелігі қандай?

Бестемше ойынын барлығымыз білмесек те, ол белгілі бір деңгейде дамып келеді. Бұл – елімізде ұлттық ойындардың дамуына үлкен көңіл бөлініп отырғандығының белгісі. Бестемше ойыны қазір балабақшаларда көп таралып, даму үстінде. Неліктен балабақшада? Бестемше ойынының тоғызқұмалақ ойынынан айырмашылығы осында жатыр. Яғни, бестемше ойыны тоғызқұмалақтың жеңілдетілген түрі болып саналады. Аты айтып тұрғандай, 5 ұяшықтан, әр ұяшықта 5 құмалақтан барлығы 50 құмалақ болады. Күрделі нюанстар боғандықтан кішкентай балалар үшін тоғызқұмалақ ойыны қиын көрінуі мүмкін. Сол үшін осы жеңілдетілген бестемше ойыны пайда болды. Ал бұл ойынды ойнау 5 және 12 жас аралығын қамтиды.

Ұлттық спорт түрлері мен халық ойындары жеткіншек ұрпақты үйлесімді тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Ойын баланың даму құралы, таным

көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Сондықтан білім беруді жаңа технологиясын пайдаланып, дене тәрбиесі пәнінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне, денсаулықтарына байланысты, ұлттық зияткерлік ойындарды спорттық ойын түрлеріне іріктеп алып пайдалануға мүмкіндігі бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгінгі мен келешегі», «Алматы», 2004ж, 207 б.
2. Наурызбаев Ж. «Ұлттық мектептің ұлы мұраты», «Алматы», 1995ж, 91 б.
3. Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар-халық мұрасы», «Кітап» 2006 ж, 272 б.

БЕСТЕМШЕ - ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ

Палашова Жамила Кеңесбекқызы - №71 «Қ. Қазиев атындағы » бөбекжай-бақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының ұлттық ойыны Бестемше туралы, ережесі мен мақсаты, ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіру жолының бірі - ұлттық ойын екені айтылады.

Түйін сөз: Бестемше - қазақ халқының ұлттық байлығы және мәдени мұрасы.

Кіріспе. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап, халқымыз тарихи, мәдени, рухани мұраларымен, салт-дәстүрімен қайта қауышты. Ұлттық құндылықтарды сақтау, қорғау, насихаттау басты міндеттеріміздің біріне айналды.

Балабақша- балалардың жайлы мекені, екінші үйі десек те болады. Өзім қызмет атқарып отырған мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы бүлдіршіндердің өз ұлтының ойындарымен етене жақын таныс боуы үшін мен де аянып қалмай, бар білгенімді үйретуден жалыққан емеспін.





Бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында балабақша қабырғасынан бастап ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңірудің бір жолы - ұлттық ойындарды насихаттау. Халқымыздың санасынан өшіп, ұмыт бола бастаған ұлттық ойындары көп, солардың бірі 4000 жылдық тарихы бар, тоғызқұмалақ ойынына ұқсас, бес таспен ойналатын «Бестемше» ұлттық ойыны. Ойынның мағынасы терең, баланың жүйелі ойлануына, ортада ойын жеткізе білуіне, қол моторикасын дамытуға септігін тигізетін ұлттық ойын бестемше ойынының балабақшаларда қолданысқа кіруі қатты қуантады.

Бұл ойын ең алғаш 2020 жылдан бастап, Астана қаласындағы балабақшаларда енгізілген. 2023 жылдан бастап Шымкент қаласындағы мектепке дейінгі ұйымдарда үйірме ретінде жүргізілуде. Ойын қазақ балаларымен қатар өзге де ұлт балаларына ұнап жатыр.

Бестемше ойынының ережесі:

Бестемше ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 10 отау, 50 шардан (құмалақтан) тұрады. Қазанға ұтып алынған құмалақтар салынады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, бес отау және 25 шардан тиесілі. Шарлар әр отауға бес-бестен салынады. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп аталады.

Негізгі ережелер:

Бестемше ойынында барлығында 3 ереже бар.

1. Жүріс жасау ережесі
2. Құмалақ ұту ережесі
3. Атсырау ережесі

Ойын мақсаты:

Басты шарты өз қазанына 25-тен көп құмалақ жинау керек. Ол мақсатқа жетудің екі жолы бар:

1. Өз қазанына әр түрлі әдіс жасау арқылы, 26 құмалақ ұтып салу
2. Қарсыластың отауларында құмалақ қалдырмай, оның жүріс жасайтын мүмкіндігін қалдырмай, өз жағындағы құмалақтарды қазанға салу

Мәселен, бастаушының № 4 отауынан бастап таратайық. Сонда осы отаудағы шарларды таратқанда қарсыластың №3 отауына түсіп, онда 6 шар болады. Сонда төмендегі позиция пайда болады

1. Егер қостаушыда № 4 отаудағы 5 шарын таратса, онда төмендегі жағдай қалыптасады. Екі ойыншының ордасында 6 шардан болады.

Бастаушы осы позициясынан кейін, № 5 отаудағы 6 шарды таратса, төмендегідей позиция пайда болады. Бұл жай жүріс.

Қостаушы №5 отаудағы 7 шарын таратса, онда өзінің №1 отауына түсіп, 8 болады. Бірақ ешнарсе ұтып алынбайды.

Отаудағы жалғыз шар көрші отауға жүргенде орны бос қалады.

Осы позицияда қостаушы № 5 отаудағы бір шарды жүрсе, орны бос қалып, қарсыластың отауынан 2 шар ұтып алады.

Ат сырау ережесі:

Ойын аяқталуға жақындаған сайын әр ойыншының отауларындағы шарлар таусыла бастайды. Әр шар ұтып алынған сайын жүріс мөлшері кеми береді. Сондықтан ойын соңында қарсыластардың бірінің отауларында жүріс жасай алмайтын жағдай да кездеседі.

1. Ойыншылардың бірінің отауларындағы шарды бірінші таусып алып, жүріссіз қалуы – атсырау деп аталады.

Бестемше ойынын меңгерген балада логикалық ойлау қабілеті артып, дұрыс шешім қабылдау дағдысы қалыптасады. Сонымен қатар ежелгі салт-дәстүрімізден, жалпы өткен ғасырдағы халқымыздың ой ұшқырлығынан хабардар болады. Өйткені қазіргі таңдағы балаларға беріліп жатқан білімнің ерекшелігі -логикалық ойлау арқылы кез-келген ситуациядан шыға білу. Ал ситуациядан шығу барысында баланың миы жан-жақты ойлана отырып әрекет жасайтыны анық. Бұл өз кезегінде балабақшадан мектепке барған кезде математикалық және логикалық есептерді жеңіл және тез меңгеруіне өз септігін тигізетіні анық. Ойынның ынталандыру қабілеті жоғары болуы халқымыздың даналығының айнасы екенін аңғартады.

Бестемше ойыны қазақтың белгілі ұлттық ойыны тоғыз құмалақтан шыққан. Қазіргі таңда бұл ойынның әртүрлі кіші түрлері бар. Онда тек тақтайша ғана емес, асық немесе кілем қолданылады. Бұл ойын зейінді, ұсақ моториканы, стратегиялық ойлауды және математикалық есептеулер жасай білуді дамытуға ықпал етеді.

2024 жылы сәуір айында Шымкент қаласы білім басқармасының Мектепке дейінгі дамыту орталығының ұйымдастыруымен мектепке дейінгі ұйым педагогтері арасында өткен «Алаңдағы бестемше» жарысында ІІ орынға ие болсам, қараша айында Астана қаласында өткен республикалық жарыста ІІІ орынға ие болдым.



Бұл зияткерлік ойын – мәдени мұрамыз, ұлттық байлығымыз және құнды құндылығымыз. Логикалық ойлауды дамытып қана қоймай, тың тарихымызды сақтауға да көмектесетін ойын. Өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуге үлесімді қосу басты мақсаттарымның бірі болып қалмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Тогызкумалак - игра интеллектуалов. Астана, 2006ж.
2. С. Ерғали. Қазақи зияткерлік ойындарды жасөспірім логикасын дамытуға пайдалану, Астана, 2015ж.
3. Бестемше ойынының бала тәрбиесіндегі орны, Е. Шотаев, Астана, 2024 ж.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІМІН ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ ЖЕТІЛДІРУ

Рысбаева Назкен Рыстыбаевна, Астана қаласы, №43 «Қызғалдақ»
балабақшасының инновациялық әдіскері, п.ғ.магистрі

Кіріспе. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы Келесі маңызды мәселе – білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Қазақта «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөз бар. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек деп атап көрсетті [1].

Еліміздің білім беру саласындағы басты мақсаттарының бірі – ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, болашақ ұрпақты тәрбиелеу. Осы міндетті жүзеге асыруда педагогтердің кәсіби құзыреттілігі ерекше маңызға ие. Ұстаздар тек оқыту процесін ұйымдастырып қана қоймай, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік,

мәдени және ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Бұл ретте қазақ этнопедагогикасының бай мұрасын тиімді пайдалану педагогтердің кәсіби білімін жетілдірудің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

1) Қазақ этнопедагогикасы: мәні мен маңызы. Этнопедагогика – белгілі бір халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүріне негізделген тәрбие мен білім беру жүйесі. Қазақ этнопедагогикасы халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан өмірлік тәжірибесі мен ұлттық құндылықтарын қамтиды. Оның басты ерекшеліктері:

- Баланы табиғатпен және қоғаммен үйлесімді өмір сүруге үйрету;
- Адамгершілік пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу;
- Ұжымшылдық пен бауырмалдық құндылықтарын насихаттау;
- Ұлттық мәдениетті сақтау мен дамыту.

Қазақ этнопедагогикасының құндылықтары қазіргі білім беру процесінде ұлттық сана-сезім қалыптастыру мен тұлғалық дамуды негіздейтін тиімді құрал бола алады [2,3,4].

Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлген абзал. Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек. Жалпы, бұл бағыттағы жұмыстың беталысы жақсы, оны жалғастыру қажет /Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауы.

2) *Педагогтердің кәсіби білімін жетілдіру қажеттілігі.* Қасым Кәсіби біліктілік – бұл педагогтің білім беру мен тәрбиелеу процесінде қажетті әдіс-тәсілдерді меңгеру деңгейі. Заманауи білім беру жүйесінде ұстаздардың білімін үнемі жетілдіріп отыру – олардың кәсіби құзыреттілігін арттырудың басты шарты. *Мұндай білімді жетілдірудің бірнеше бағыты бар:*

1. Теориялық білім: Пәндік, педагогикалық және психологиялық білімдерді тереңдету.

2. Әдістемелік дағдылар: Сабақ өткізудің жаңа тәсілдерін меңгеру.

3. Рухани даму: Ұлттық және мәдени құндылықтарды игеру[5,6].

Этнопедагогика негіздерін пайдалану арқылы педагогтер балалардың ұлттық болмысын қалыптастыруға арналған арнайы әдістерді меңгереді. Бұл оқыту мен тәрбиелеу сапасын жаңа деңгейге көтереді.

3) *Қазақ этнопедагогикасының кәсіби білімді жетілдірудегі рөлі.*

1) Білім беру процесінде ұлттық мазмұнды қолдану: Қазақ этнопедагогикасында оқу-тәрбие процесінде пайдалануға болатын бай материалдар бар.

Мысалы:

- *Мақал-мәтелдер:* Олар оқушыларды тәрбиелеп, өмірлік даналықты жеткізеді.

- *Аңыз-әңгімелер:* Ұлттық батырлар мен тарихи тұлғалар туралы әңгімелер баланың рухани дүниесін байытады.

- *Дәстүрлі өнер*: Домбыра тарту, айтыс, ұлттық қолөнер – баланың шығармашылық қабілетін арттырады.

2) *Ұлттық ойындар арқылы оқыту*:

Ұлттық ойындар педагогикалық процестің бір бөлігіне айналуы мүмкін. Мысалы: «Ақ сүйек», «Асық ойыны»: Балаларды зейінді, жылдам ойлауға және шапшаңдыққа тәрбиелейді.

«Арқан тарту»: Ұжымдық жұмыс пен ұжымшылдыққа үйретеді.

3) *Рухани-адамгершілік тәрбие*:

Қазақ этнопедагогикасының материалдары жеке тұлғаның мінез-құлқын қалыптастыруға, оның жауапкершілік, адалдық, еңбекқорлық сияқты қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

4. *Этнопедагогика элементтерін қазіргі білім беру жүйесіне интеграциялау*

1) *Заманауи технологиялар арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау*:

Электронды оқу құралдары мен цифрлық ресурстарға этнопедагогика материалдарын енгізу.

Интерактивті платформаларда қазақ мәдениеті мен дәстүрлеріне негізделген білім беру бағдарламаларын жасау.

2) *Тәрбиешілерді қайта даярлау курстары*:

Этнопедагогика қағидаттарын қолдануға арналған арнайы тренингтер мен семинарлар өткізу.

Ұлттық мазмұндағы әдістемелік құралдар мен оқулықтарды кеңінен қолдану.

3) *Ұйымдастырылған іс-әрекетіне ұлттық мазмұнды енгізу*:

Қазақ этнопедагогикасы элементтерін әр ұйымдастырылған іс-әрекетіне енгізу.
Мысалы:

- қазақ батырларының ерліктері туралы мәліметтер;
- ұлттық шығарма ертегілер арқылы тәрбие беру;
- қазақ халқының табиғатқа деген көзқарасын түсіндіру.

5. *Қазақ этнопедагогикасы негізінде педагогтердің кәсіби біліктілігін дамыту тәжірибелері*. Қазіргі таңда этнопедагогика негізінде тәрбиешілерді оқытуға бағытталған бірнеше жобалар мен бағдарламалар жүзеге асырылуда:

Ұлттық тәрбие орталықтары: Мұнда педагогтерге ұлттық құндылықтарды оқыту әдістері үйретіледі.

Жергілікті тәжірибе: Мысалы, балабақшада, мектептерде ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып білім беру.

Әлеуметтік жобалар: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында педагогтерге ұлттық мәдениетті насихаттау жолдары ұсынылуда [7,8,9,10].

Қорытынды: Қазақ этнопедагогикасы – ұлттық білім беру жүйесінің алтын қазығы. Ол тек балаларды ғана емес, педагогтерді де тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады. Этнопедагогика элементтерін кәсіби білімді жетілдіруде қолдану:

Ұстаздардың кәсіби құзыреттілігін арттырады;

Ұлттық мәдениетті насихаттауға мүмкіндік береді;
Болашақ ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге жол ашады.

Ұсыныстар:

1. Этнопедагогика бойынша оқу бағдарламаларын жетілдіру: Педагогтерге арналған арнайы оқу-әдістемелік құралдар әзірлеу.
2. Тәжірибелік семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру: Ұлттық мазмұнды білім беру тәжірибесін бөлісу.
3. Заманауи технологияларды қолдану: Қазақ этнопедагогикасы материалдарын цифрлық форматта кеңінен тарату. Бұл шаралар білім беру сапасын арттырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды сақтауға және дамытуға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy>
2. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы: оқу құралы. – Алматы.
3. «Этнопедагогика» Ақжарқын Бәделқызы. (қазақ этнопедагогикасы – тәрбие бастауы), Астана 2009 ж.
4. Ф.Н. Жұмабекова «Мектепке дейінгі педагогика», Оқу құралы 2008 ж.
5. «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы)
6. «Ұлттық құндылықтар негізінде білім берудің педагогикалық аспектілері» (облыстық ғылыми-практикалық конференция) 25.12. 2013 ж.
7. Қазақ халқының салт дәстүрлері» ав: С. Калиев, М. Оразаев Алматы, 1994;
8. Г.Т. Ергожина «Ұлттық ойындардың білімділік, тәрбиелік рөлі мен мәні» Қазақстан – Заман 2012, №13.
9. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі Балалық шақ орталығы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына мектепке дейінгі білім берудің инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу бойынша бағдарлама», Астана, 2015 ж.
10. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі Балалық шақ орталығы «Халық ауыз әдебиеті – мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің негіздері», Астана, 2017 ж.

«БАЛА БАҚШАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ: БОЛАШАҚҚА НЕГІЗ»

Сагынбекова Асель Жаркынбековна -

Астана қаласы, № 43 «Қызғалдақ» балабақшасының тәрбиешісі

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының ұлттық құндылығын дәріптеу, ұлтымыздың бай мәдениеті, отанын сүйетін, рухы биік, адамгершілігі мол тәрбиеленушілердің білімін, ой-өрісін дамыту туралы баяндалады.

Түйін сөздер: өз ұлтының мәдениеті, ана-тілі, дәстүрлерге құрмет.

Бүгінгі таңда балабақшадағы тәрбиенің негізгі бағыттарының бірі – ұлттық тәрбие. Ұлттық тәрбие – бұл жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды сіңіру, ұлттық мәдениетке, дәстүрге және тарихқа құрметпен қарауды қалыптастыру процесі. Баланың тұлғалық дамуы мен өзін-өзі тануы үшін ұлттық тәрбие маңызды рөл атқарады. Балабақшадағы ұлттық тәрбие – жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру мен рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудағы маңызды бағыт. Бұл тәрбие баланың рухани дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, оны өз ұлтының мәдениетіне, тіліне, дәстүрлеріне құрметпен қарауға тәрбиелейді [1].

Балабақша-баланың дүниетанымы мен мінез-құлқының негізі қалыптасатын алғашқы орта. Ұлттық тәрбие арқылы балаларға елін, жерін, тілін сүйу, үлкендерге құрмет, табиғатқа жанашырлық сияқты қасиеттер беріледі. Сонымен қатар, бұл тәрбие балалардың рухани дамуын, мәдени мұраларды бағалауды және болашақта ұлттық санасы бар азамат болып қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың игеретін дағдылары мен құзыреттіліктер қатарында тіл табыса алу, мәдениетті, кішіпейіл, парасатты, өзіне сенімді, мейірімді, рухани бай, елін, жерін қастерлеу; отанын құрмет тұту, отбасын қадірлеу, ұлтының дәстүрлерін білу, адамгершілігі мол, бауырмал болу деген көрсеткіштер бар. Оны жүзеге асырудың бірден бір жолы ұлттық тәрбие болып келеді.

Балабақша-баланың алғашқы қоғамдық ортасы, тұлғалық қасиеттерінің негізі қаланатын кезең. Осы кезеңде балаға ұлттық құндылықтарды дұрыс таныстырып, оның бойында патриотизм, рухани байлық, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру ерекше маңызды. Ұлттық тәрбие арқылы бала:

- өзінің ұлттық болмысын сезінеді;
- ана тілін меңгереді;
- мәдениет пен өнерге қызығушылық танытады;
- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйренеді.

Балабақшадағы ұлттық тәрбие әртүрлі әдістер мен құралдар арқылы жүзеге асырылады: «Халық ауыз әдебиеті» арқылы балалардың ойлау қабілетін дамытуға және ұлттық дүниетанымды сіңіруге болады. Мысалы, қазақ ертегілерінде адалдық, еңбекқорлық, батырлық сияқты құндылықтар насихатталса, «Ұлттық ойындар»

балалардың денсаулығын нығайтып, ұлттық рухты қалыптастырады. Ұлттық ойындар арқылы балалар ұйымшылдық пен достықтың маңыздылығын түсінеді.

Балабақшада «Шілдехана», «Бесікке салу», «Тұсау кесу» сияқты ұлттық салт-дәстүрлерді таныстыру – балаларға ұлттық мәдениетті жақындатудың тиімді тәсілі болса, «Қолөнер мен өнер» арқылы балаларды ұлттық өрнек салуға, киіз басуға, жүн иіруге, қамшы өру мен шаш өруді үйрету олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады [2].

Педагог баланың жан-жақты дамуына бағытталған ұлттық тәрбиенің негізгі ұйымдастырушысы. Тәрбиешілер өз жұмысында ұлттық құндылықтарды насихаттап, ұйымдастырылған іс – әрекеттер мен ойындарды қазақ мәдениетімен байланыстырып өткізуі керек. Сонымен қатар, ата-аналармен тығыз байланыс орнату да маңызды, себебі ұлттық тәрбие тек балабақшада емес, отбасында да жалғасуы тиіс. Балабақша тәрбиешілері балаларға ұлттық құндылықтарды күнделікті өмірде көрсетсе, ата-аналар бұл тәрбиені үйде жалғастыруы тиіс.

Балабақшада ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Балабақшада балаларға ұлттық тәрбие берудің маңыздылығы осында деп ойлаймын. Ұлттық тәрбие сана – сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі [3].

Қорыта келе, Ұлттық тәрбие – ұрпақтың болашағына салынған ең маңызды инвестиция. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің басты мақсаты – жас ұрпақты өз елінің нағыз патриоты етіп тәрбиелеу. Ұлттық құндылықтарды меңгерген бала болашақта елінің дамуына өз үлесін қосатын саналы азамат болып өседі. Сондықтан әрбір балабақшада ұлттық тәрбие жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылуы қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы.-Алматы, Санат, 2001ж.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы.2010ж.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

ШАХМАТ –ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫН

Саймасева Сапаркуль Токташевна, Шымкент қаласы

№ 68 жалпы орта біімі беретін мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Аңдатпа. Әлемде шахмат ойыны – ақыл-ойды дамытатын спорт түрі болып саналады. Бұл қызықты ойын ғана емес, сонымен қатар миға арналған ерекше жаттығу. Шахмат — ежелден бері арнайы физикалық дайындықты қажет етпейтін қызықты спорт түрінің бірі. Сондай-ақ шахмат ойыны балаға ересек өмірде

міндетті түрде қажет болатын қабілеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Шахмат стратегиялық ойлау, жоспарлау, шоғырлану, логика және проблемаларды шешу сияқты әртүрлі интеллектуалды дағдылардың дамуына ықпал етеді. Шахмат – ақыл-ой мен танымдық қабілеттерді дамытудың қуатты құралы саналатын ойын түрі. Уақыт өте келе шахмат аналитикалық ойлауды, жоспарлауды, шоғырлануды және проблемалық ойлауды дамытуға ықпал ететін интеллектуалды ойын ретінде үлкен танымалдыққа ие болды. Шахмат қиын жағдайларда жүйелі ойлау, талдау және шешім қабылдау қабілетін дамытуға көмектеседі. Тек ақыл-ой дағдыларын ғана емес, сонымен қатар шыдамдылықты, өзін-өзі тәрбиелеуді және өзіне деген сенімділікті арттыра отырып, мінезді де қалыптастырады. Бұл мақалада біз осы ойынға, оның тарихына, ережелеріне және қазіргі жас ұрпағымызға, жеткіншектерімізге шахмат ойынының маңызды екеніне тереңірек тоқталамыз.

Түйінді сөздер: Интеллектуалды ойын, креативті ойлау, зейін қою, логикалық ойын.

Біз жеке тұлға қалыптасуға мүмкіндік беретін шахмат ойынының тарихына үңіліп, сырын есте сақтап жүрміз бе?

Кіріспе. Шахмат — ақыл-ой өрісті дамытатын үстел спорт ойыны. Шахмат сөзінің мағынасы парсы тілінен аударғанда патша (шах) өлді (мат) дегенді білдіреді. Әлемдегі кең таралған ойындардың бірі саналады. Ежелден жеткен аңыздарға сүйенсек, шахматты алғаш болып біздің заманымызға дейінгі мың жыл бұрын үндістандық математик ойлап тапқан деседі.

Мемфис университетінің зерттеушілері жүргізген зерттеуге сәйкес, шахмат есте сақтау мен ден қоя білуді жақсартады. Сондай-ақ шахмат ойнау кезінде ми визуализация мен бейнелі ойлаудың қабілетін қолданады, сол арқылы нейрондар арасындағы байланыс нығайып, ақпаратты есте сақтау мен талдау қабілеті жақсарады.

Массачусетс технологиялық институтының (МТИ) зерттеушілері шахмат ойыны шығармашылық ойлауды дамытуға көмектесетінін көрсетті. Шахмат тапсырмалары ойыншыдан әртүрлі жағдайларда жаңа идеялар мен шешімдерді табу қабілетін дамыта отырып, стандартты емес және ерекше шешімдерді табуды талап етеді.

«Ең әсерлі білім – сені жеңе алатын бәсекелеспен шахмат ойнау» деп америкалық публицист Ричард Бах айтпақшы, адамның бәсекеге қабілеттілік қасиетінің дамуына шахматтың пайдасы көп. Тіпті, әлемдегі ел басқарған айтулы саясаткерлер шахмат ойнап, табысқа жете білген. Бұл аңыз шындыққа жанасады.

Бүкіл әлемді жаулап алған шахмат ойыны о баста соғыс жүргізу тактикасы мен стратегиясын үйрету құралы болған. Жоғары деңгейлі шахматшылар да шахматтың интеллектіні дамытудағы пайдасы туралы өз пікірлерін айтады. Бұрынғы шахмат әлем чемпионы Гарри Каспаров шахмат оған қиын жағдайларда жүйелі ойлау, талдау және шешім қабылдау қабілетін дамытуға көмектескенін атап өтті. Ол шахмат тек ақыл-ой дағдыларын ғана емес, сонымен қатар шыдамдылықты,

өзін-өзі тәрбиелеуді және өзіне деген сенімділікті арттыра отырып, мінезді де қалыптастыратынын айтады. Шахматтың интеллектінің дамуына көптеген жағымды әсерлері бар екені анық. Әрі ол барлық жас топтары үшін қолжетімді және арнайы дағдылар мен жабдықтарды қажет етпейді.

Психологтардың айтуынша, шахмат ойнау адамның есте сақтау қабілетін жақсартады. Сонымен қатар, қиын сұрақтарды шешіп, күрделі идеяларды ойлап табуға септігі мол. Көптеген адамдар бұл ойынды жоғары ақыл-ой дәрежесі барларға арналған деп ойлайды. Шахмат ойнау арқылы кез-келген адам өзінің ақыл-ой дәрежесін көтере алады. Ғалымдардың дәлелдеуінше, шахмат ойыны барысында адам миының екі бөлігі де жұмыс істеп, концентрациясы жоғарылап, жылдам ойлау қабілеті жақсарады.

Шахмат ойынының пайдасы қандай?

Бірінші кезекте, шахмат — ол күрес.

Шахмат – ақыл-ой мен танымдық қабілеттерді дамытудың қуатты құралы саналатын ойын түрі. Уақыт өте келе шахмат аналитикалық ойлауды, жоспарлауды, шоғырлануды және проблемалық ойлауды дамытуға ықпал ететін интеллектуалды ойын ретінде үлкен танымалдыққа ие болды. Ойын-сауықпен қатар, шахмат ойынының ұсынатын көптеген артықшылықтары бар. Көптеген ғылыми зерттеулер шахмат ойыны интеллект пен когнитивті қабілеттің дамуына оң әсер ететіндігін дәлелдейді.

Ақыл-ой қабілеттерін дамыту

Шахмат ойнау жоғары концентрация мен зейінді қажет етеді. Шахмат ойыны - бұл ойыншылар өз қадамдарын стратегиялық түрде жоспарлайтын және ықтимал нұсқалар мен салдарды талдайтын тапқырлар шайқасы. Бұл логикалық ойлауды және қозғалыстардың ретін есептеу қабілетін жаттықтырады, болжау және есептерді шешу дағдыларын дамытады.

Жад пен концентрацияны жақсарту

Ежелден келе жатқан бұл ойын түрі үлкен көлемдегі ақпаратты сақтауды және өңдеуді қажет етеді. Шахматшылар алдыңғы ойындардың жүрістерін есте сақтай отырып талдауы, стратегияларды меңгеруі және ойынның жаңа әдістерін ашуы керек. Бұл есте сақтау қабілетін жақсартып, зейінді арттыруға көмектеседі.

Шығармашылық ойлауды дамыту

Бұл танымал ойын түрі, сонымен қатар, шығармашылық ойлау мен интуицияны дамытады. Ойын барысында шахматшы қарсыласын алдап, жеңіске жету үшін стандартты емес жүрістерді табуы керек. Бұл еркін ойлауға, жасырын мүмкіндіктерді көруге және мәселені шешудің жаңа тәсілдерін табуға дағдыландырады.

Эмоциялар мен күйзелісті басқару

Шахмат ойнау эмоциялар мен күйзелісті басқаруға да көмектеседі. Ойын барысында шахматшы қарсыластың мүмкін болатын қиындықтарына және

қарсылығына қарамастан сабырлы және ақылды болуы керек. Бұл өзін-өзі бақылауға және стрестік жағдайларда ұтымды шешім қабылдауға үйретеді.

Әлеуметтік өзара әрекеттесу

Шахмат – әртүрлі жастағы және әртүрлі мәдениеттегі адамдарды біріктіретін ойын. Шахмат ойнау әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді, байланыстарды нығайтады және жаңа достар табуға көмектеседі. Шахмат жарыстары мен клубтары басқа ойыншылармен араласуға, тәжірибе алмасуға және әртүрлі ойын мәнерлерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Ойын ережесі.

Шахмат екі ойыншы арасында шахмат тақтасында ойналады. Ойын тақтасы 64 шаршыдан тұрады. Ойынның басында әрбір ойыншының иелігінде ақ немесе қара түсті он алты тас (шахмат фигурасы) болады: бір патша, бір уәзір, екі піл, екі ат, екі тура және сегіз сарбаз. Ойынның мақсаты қарсыластың тастарына шабуылдай отырып, патшаға мат қою.

Шахматты ойыншылар тобы да, бір-біріне немесе бір ойыншыға қарсы ойнай алады; мұндай ойындар әдетте кеңес беру деп аталады. Сондай-ақ, бір мықты ойыншы бірнеше қарсыластармен (әрқайсысы бөлек тақтада) ойнайтын бір уақытта ойын сеанстарының тәжірибесі бар. Ойын белгілі бір ережелерге бағынады; ресми турнирлерде ФИДЕ ережелері қолданылады, олар тек фигуралардың қозғалысын ғана емес, сонымен қатар төрешінің құқықтарын, ойыншылардың мінез-құлық ережелерін және т.б. реттейді. Стандартты емес ережелері, фигуралары, тақта өлшемдері бар шахматтың көптеген нұсқалары бар. Шахмат композициясының тиісті бөлімі-ертегі шахматы. Математика шахмат ойынының әртүрлі аспектілерін зерттейді (мысалы, классикалық «ходе барысы туралы есеп» және «сегіз патшайым туралы есеп»), соның ішінде компьютерлік модельдеу арқылы.

Шахмат ойынының арнаулы тақтасы бар.

Ережесі. Ережесі өте қарапайым. Шахматқа тек екі ойыншы қатысады. Содан шахмат екі ойыншы арасында шахмат тақтасында ойнатылады. Ойын басталмай тұрып екі қарсыласқа өз иеліктеріне әрқайсысына қарама-қарсы түстес он алты ақ немесе қара тас бөлініп беріледі. Тастарды жеке жіктеп қарастыратын болсақ: бір патша (♔), бір уәзір (♚), екі тура (♖, ♗), екі піл (♘, ♙), екі ат (♞, ♟) және сегіз пешка (♟, ♞). Ойынның басты мақсаты қарсыласының тастарын шақ келтірмей, патшаға мат қою.

Ойын басталғанда король қанатындағы ат пен пілді тез жылжыта отырып, қысқа рокировка жасаған жөн, ол корольдің қауіпсіз жерге орналасуын және тұраның (ладья) ойынға тез шығуын қамтамасыз етеді. Ұтылып қалам-ау деп жүрексініп, ойындағы белгілеген жүрістен ешқашанда бас тартпау керек. Егер сол жүрісті мығым жүріс деп шешімге келген жағдайда қалайда жүру керек.

Дебютте пешкалармен a3, a7, h7 сияқты дәрменсіз жүрістер жасамаған дұрыс. Әрбір жүріс өзінің қимылына қарай фигураны мақсатпен жылжытатын немесе линия ашатын (тігінен, көлденеңінен және диагональ) жүріс болуы тиіс.

Ойын барысында амалсыз жағдайда болмаса, бір фигурамен мақсатсыз бірнеше жүріс жасауға болмайды. Ол позицияның дамуына кедергі келтіреді.

Ферзь - барлық фигуралардың жүрісін жүре алады.

Король -тақта үстінде кез-келген бағытта бір ғана шаршыға жүре алады.

Слон -диогональ бойынша жүреді

Конь- жолында тұрған кез-келген фигураның үстінен секіріп өте алады.

Г әрпі бейнесінде жүреді.

Ладья - горизонталь және вертикаль жолдармен тіке жүре алады.

Пешка -тұрған орнынан ілгері қарай бір ғана шаршы жүре алады. Бірінші жүрісте екі шаршы жүре алады.

Терминдермен жұмыс

- ШАХ – қандай да бір фигурамен корольге шабуыл жасау
- МАТ – қарсыластың шабуылына ұшыраған король ешқайда қашып құтыла алмаса, яғни ұтылысты білдіреді.
- ПАТ – корольдің өз кезегінде бірде-бір жүріс жасай алмайтын жағдайы.Нәтижесінде тең ойын деп саналады.

Шахмат кезеңдері:

- *Дебют* – (французша «басталу» деген сөз)- шахмат партиясының бастапқы кезеңі.Ол 10-15 жүрістен кейін аяқталады., нәтижесінде пешкалар мен фигуралар шайқасқа түсуге дайын жауынгерлік сапта тұрады.

- *Миттельшпиль* – (немісше Mittel -ортасы, Spiel -ойын) ойынның ортасы, әдетте басты оқиғалар жүреді.

- *Эндшпиль* – (немісше Endspiel – ойынның соңы) партияның қорытынды сатысының аяқталуы.

Жаттығу ойындары: Шахмат ойнау арқылы оқушылардың ой қабілетін арттыру. Екі немесе үш жүрісте мат қылу, алмастыру жүрісі, пат қылу жаттығулары. Ойынды қызықты өткізу.

Шахматтың балаға 5 пайдасын ұсынамыз.

1. Жағдайды жан-жақты көре алу

Жақсы шахматшы бірнеше қадам алға ойлап, қарсыласының қалай жүретінін біліп отырады. Әлемге әртүрлі бұрыштан қарай білу қабілеті баланың басқа адамдармен жылдам ортақ тіл табысуына және оларды жақсы түсінуіне көмектеседі. Шахматта қарсыласын аса құрметтеу, өз эмоцияларын ұстай алу және абыроймен жеңілу маңызды. Бұл қасиеттердің тек ойында емес, жалпы өмірде жоғары бағаланатынын білеміз.

2. Жақсы есте сақтау

Шахмат ойнау үшін көптеген комбинацияларды жаттап, есте сақтау керек. Мысалы, бес қадам бұрын тақтадағы пішіндердің қалай орналасқанын ұмытпау керек. Бұл есте сақтаудың барлық түрлерін, бірақ, әсіресе, визуалды түрін дамытады. Мұндай қабілеттің медицина, бағдарламалау немесе хореографияға қызығатын балаларға қажет болатыны анық.

3. Логика

Шахматта барлығы қадамдардың нақты реттілігі мен анализге негізделген. Ойыншы тақтада не болып жатқанын бақылап қана отырмай, шешімдер қабылдап және өз стратегиясын түзеп отыруы керек. Сондықтан шахматта еш нәрсе ойланбастан және тәуекелмен жасалынбайды. Балаға логикалық ойлау түрлі өмірлік міндеттерді шешу үшін қажет. Мысалы: өз күнін жоспарлау, шешім қабылдау, дұрыс сұрақ қою және т.б.

4. Зейін қою

Атлеттер, суретшілер, музыканттар және шахматшылардың суреттеуінше, олар мәселеге зейін қойғанда уақыт баяулап, сол сәтке қатысы жоқтың барлығы жоқ болып кетеді екен. Бұл қабілет балаларға, әсіресе, мектеп қабырғасында аса қажет. Қандай да бір есепті шешуге немесе сұраққа жауап табуға зейінін қоя алу қабілеті баланың ұйымшыл әрі жауапты болуына көмектеседі.

5. Креативті ойла.

Шахматшылар қадамдары мен комбинацияларын жақсы жоспарлап қана қоймай, кенеттен өз жоспарын өзгерте де алады. Ал бұл оның креативті ойлауын көрсетеді. Шахмат ойнау баланың нақты проблеманы шешуге ғана емес, жылпы өзін және қоршаған ортаны жақсырақ түсінуіне көмектеседі.

Қорытынды. Шахмат - бұл қызықты ойын ғана емес, сонымен қатар миға арналған ерекше жаттығу. Шахмат стратегиялық ойлау, жоспарлау, шоғырлану, логика және проблемаларды шешу сияқты әртүрлі интеллектуалды дағдылардың дамуына ықпал етеді. Егер сіз өзіңіздің интеллектіңізді дамытып, танымдық қабілеттеріңізді арттырғыңыз келсе, шахмат ойнауды дағдыға айналдыруыңыз керек.

Қазір қоғамға интеллектуал адамдар көбірек қажет. Ал шахмат - адамның ақыл-ойын дамытатын бірден-бір ойын.

Шахмат – балаларға да, ересектерге де пайдалы болатын қызықты ойын. Бұл ойын түрі ақыл-ой дағдыларын дамытып, зейінді жақсартумен қатар, жоспарлау мен болжауды үйретеді. Сондықтан бұл ойын түрін меңгеру ешқашан кеш болмайтынын біле жүріңіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Оливер Рейдер Адамзат тарихындағы жеті басты ойын.
 - 2.Калиниченко Н.М. Эмануель Ласкер Шахмат ойыны мектебі
 - 3.Дэвид Притчард Үйренушілерге арналған шахмат оқулығы
 4. Селиванов А.В. Яков Владимировтың Таңдаулы тапсырмалар жинағы
 - 5.Дидар Серіков. Шахмат интеллектіні дамытуға қалай көмектеседі?.
- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ студенті.

БЕСТЕМШЕ - БАЛАЛАРДЫҢ СҮЙІКТІ ОЙЫНЫ

Сейдахметова Қалдыкүл Әбетайқызы - Шымкент қаласы білім басқармасы
Мектепке дейінгі дамыту орталығының әдіскері

Аңдатпа Мақалада қазақ халқының ұлттық ойыны Бестемше туралы, ережесі мен мақсаты, ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіру жолының бірі - ұлттық ойын екені айтылады.

Түйін сөздер: Бестемше, ұлттық құндылықтар, ойын тақтасы

Кіріспе. Бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңірудің бір жолы- ұлттық ойындар. Халқымыздың санасынан өшіп, ұмыт бола бастаған ұлттық ойындардың бірі- бестемше. Бестемше - тоғызқұмалақ ойынының кішірейтілген, балаларға арналған түрі. Бестемше ұлттық ойынының балабақшаларда қолданысқа кіруі қатты қуантады. Бұл ойын алғаш рет Астана қаласының балабақшаларында 2021 жылдан бастап, ал Шымкент қаласындағы мектепке дейінгі ұйымдарда 2022 жылдан бастап үйірме түрінде енгізілді.

Бестемше тақтасының авторлары: Мақсат Шотаев - халықаралық тоғызқұмалақ федерациясының вице-президенті, ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы, ғалым және Жандос Полатбеков - Нұр-Сұлтан Тоғызқұмалақ Қауымдастығының атқарушы директоры, Тоғызқұмалақ және Бестемше ойындарының төрешісі.

Бестемше ұлттық ойыны арнайы тақтада екі бала арасында ойналады. Ойын тақтасы 2 қазан, 10 отау, 50 шардан (құмалақтан) тұрады. Қазанға ұтып алынған құмалақтар салынады. Ойын барысында әр ойыншыға 1 қазан, бес отау, 25 шардан тиесілі. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны-бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны-қостаушы деп атайды.

Бестемше ойыны-математикалық есеп ойыны. Жүрістерді алдын ала ойлау, есептеу –оның негізгі өзегі. Сондықтан ойын барысында ойынға қатысушының стратегиялық және жүйелі ойнау қабілеті шындалады. Бұл бала үшін болашақта кез келген салада алдын ала жоспарлау, ойлау, мақсатқа жетудің алғашқы қадамдары.

Бестемше ойынында 3 ереже бар:

- жүріс жасау ережесі;
- құмалақ ұту ережесі; - ат сыру ережесі.

Ойынның мақсаты ойыншы өз қазанына 25 құмалақ жинау керек. Мақсатқа жету үшін ойыншы қарсыласының қазанында құмалақ қалдырмай, оның жүріс жасауына мүмкіндік бермей, өз жағындағы құмалақтарды қазанға салу керек. Ойыншылардың бірінің отауларындағы құмалақтары бірінші таусып алып, жүріссіз қалуы-ат сыру деп аталады.

Бестемше ойынын меңгерген баланың логикалық ойлау қабілеті артып, дұрыс шешім қабылдау дағдысы қалыптасады. Мектепке дейінгі ұйым

тәрбиеленушілерінің ұлттық ойынымызға деген қызығушылығы артуда. Қаламыздағы 16 мектепке дейінгі ұйымдарда 300-ге жуық бала «Бестемше» үйірмелеріне қатысуда. Үйірмені «Бестемше» ұлттық ойыны бойынша сертификатталған дене шынықтыру нұсқаушылары жүргізуде.

Биыл мамыр айында қаламызда алғаш рет мектепке дейінгі ұйымдардың дене шынықтыру нұсқаушылары арасында «Алаңдағы бестемше» ұлттық ойынынан жарыс өткізіліп, 16 команда (32 дене шынықтыру нұсқаушысы) қатысты. Қазақстан Республикасының ұлттық спорт төрешісі Аманова Мадина Сапаралықызы төрешілік еткен жарыс өте тартысты өткен болатын.

Шымкент қаласында ағымдағы жылдың 21 қазан күні Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жоспарына сәйкес мектепке дейінгі ұйым педагогтері арасында өткен жарысқа 26 команда (51 педагог) жоғары деңгейде дайындықпен келгендерін жарыс барысында көрсетті. Педагогтердің ойлау жүйесінің дамығандығын, дербес әрекеттерін, назарды шоғырландыру тәсілдерін, уақытты тиімді пайдалану, жоспарлау және бас тартуды көрсете білді. Тартысты өткен жарыста жадыны жақсартуы және есте сақтау қабілеті мықты командалар жеңіс тұғырынан көрінді.

Қорыта келе, бестемше-әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын рухани ойын, қисындық ойнау өнері. Бұл өнердің басты қасиеті-адам санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Балалардың дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына көп мән берген бабаларымыз ойлап тапқан осы ойын қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтынына бірден бір дәлел бола алады.

Әдебиеттер тізімі

4. Тогызкумалак-игра интеллектуалов. Астана, 2006ж.
5. С. Ерғали. Қазақи зияткерлік ойындарды жасөспірім логикасын дамытуға пайдалану, Астана, 2015ж.
6. Бестемше ойынының бала тәрбиесіндегі орны, Е. Шотаев, Астана, 2024ж.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР- ТӘРБИЕНІҢ ТҮП ҚАЗЫҒЫ

Сегизбаева Нургуль Лесалиевна, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Құмжота ауылы, «Балауса» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі

Аңдатпа. Бүгінде өсіп келе жатқан әр баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, ұлттық тәрбие беру – ұлттық ұғым кепілі. Қазақ халқының ежелден келе жатырған адами қадір-қасиетін жаңғыртып, келешек ұрпақтың көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыру – ұлттық тәрбиенің қайнар көзі.

Түйін сөздер: ұлттық құндылықтар, ұлттық тәрбие, ұлттық ойын, бала тәрбиесі.

Кіріспе. Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Ол өзіне адамгершілікті, сыйластықты, имандылықты, кішіпейілділік пен ізеттілікті, мейірімділік пен досжандылықты, мәдениеттілік пен руханилықты қамтыған орны толмас құндылық болып табылады.

Бүгінде өсіп келе жатқан әр баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, ұлттық тәрбие беру – ұлттық ұғым кепілі. Қазақ халқының ежелден келе жатырған адами қадір-қасиетін жаңғыртып, келешек ұрпақтың көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыру – ұлттық тәрбиенің қайнар көзі.

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие - адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы.

Балабақша –бүлдіршіндерді болашақта салт-дәстүрді, өнерді дәріптейтін, ана тілін қадірлейтін, Отанын, елін, жерін сүйетін, ата-дәстүрін сақтайтын инабаты да, ибалы үлкен-кішіні сыйлай білуге үйрететін орталық.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұжымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, Отан деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы **педагог** ойын түріндегі түрлі балалар әрекетін ұйымдастырады. Бүгінгі заман талабына сай АКТ құралдары немесе кез-келген көрнелік құралдары арқылы бала бойына алғашқы ұлттық құндылықтар туралы түсінік қалыптастыра алады. Ол түсінікті одан әрі дамыту үшін бейнелі сөздер мен сөйлемдерді қолдана отырып, балалармен тығыз байланыста әңгімелесу әдісі арқылы дамытуға мүмкіндік жасаймыз. Мектеп жасына дейінгі баланың негізгі жетекші іс-әрекеті – ойын екені бәрімізге аян.

Ойын - баланың білім білік дағдысын қалыптастыратын тәрбие құралы. Міне, мұның бәрі баланың көңілін ашатын, оны ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялмен қанат қақтыратын ғажап ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Ойынның барлық кезеңдерінде баланың қабілеттерін дамытудың алдын алуға жағдай жасайды; өз деңгейіне өзінше көтеріле отырып, бала одан әрі нәтижелі дамиды. Бала ұқыптылыққа үйренеді, өз бетінше әрекет етуге тәрбиелейді, тез әрі тереңнен ойлау қабілетін дамытады

Балаларға берілген теориялық ақпараттарды дәл осы жетекші іс-әрекеттің көмегімен практикалық тұрғыда дамыта аламыз. Мектеп жасына дейінгі балаларды ұлттық құндылықтармен таныстыру үшін ойналатын ойын түрлеріне тоқталсақ: «Асық ату», «Асық қағу», «Бестабан», «Ханталапай», «хан», «Арқан тартыс», «Ақсүйек», «Аударыспақ», т.б» сынды спорттық ойындар және «Шік-бүк», «Ақсерек-көксерек», «Қуырмаш», «Арқан түйю», «Соқыр теке», т.б» сынды қимыл-

қозғалыс ойындары және «Тоғыз құмалақ», «Бестемше», «Бес асық», «Омпы», «Асықты дойбы» т.б» секілді үстел үсті ойындарын ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйретеміз. Мысалы, «Қақпа қол».

Ойын шарты: Бір асықты алақанға салып алып, жоғарыға жәймен лақтырып, асық қайтып түскенше алақанды төңкеріп, асықты қолдың сыртымен қағып алу керек. Содан соң қолдың сыртындағы асықты қайта лақтырып, төмен түсіп келе жатқанда алақанды ашып қалу керек. Бұл ойын баланы жылдам қимылдауға, шапшаң әрекет жасауға, баланы өз бетінше жылдам ойлануға, есеппен әрекет етуге үйретеді.

«Кім жеңімпаз?» ойыны

Мақсаты: Балаларды ептілікке, бәсекелестікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу. Қол ұсақ моторикасын дамыту. **Шарты:** Ойында екі бала ойнайды. Кезектесіп асықты иіреді. Кімнің асығы алшысынан түссе, сол бала ойынды бастайды. Иірген асығы алшы түссе 3 асық, тәйке түссе 2 асық, шік түссе 1 асық, бүк түссе ұтпайды. Ұтып алған асықтарды өз тақтайшасына толтырып қояды. Кім бұрын тақтайшаны асықпен толтырса сол бала жеңімпаз.



Сондай-ақ, қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілігі, батылдықты, дененің шынығуын қажет етеді. «Асық ату», «Түйелген орамал», «Қыз қуу», «Ұшты-ұшты» т.б ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейту, ептілік қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді. «Асық ойыны»- қазақ халқының ежелгі өте кең тараған ұлттық ойын түрлерінің бірі. Асық ойыны, баланың күн ұзақ қимылына тигізер әсері мол.

Балабақшада қазақтың ұлттық ойындарын бүлдіршіндерге ойнату мен үйретудің негізгі мақсаты балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қоюға, спорттық шеберліктері мен мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған. Сондай-ақ бұл халқымыздың ерлік-жауынгерлік тарихын, ерліктің өшпес үлгісін қалдырған қас батырлардың өмір-өнегесімен таныстыруға, өз жерін, өз елін қорғай алатын елжанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеуге жол ашады. Жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп, өзін өзі тәрбиелеуге дағдыландырады.

Қорыта келе, бала тәрбиесі – баршамызға ортақ маңызды іс. Халқымыз «Баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген. Осы жерде қазақ халқының ұлы ақыны, ғалым М.Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті» деген сөзі соның дәлелі. Сондықтан да сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы болашақ ұрпақтардың бойына дарыту керек. Жас ұрпаққа ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, оларды мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – қазіргі таңдағы өмір талабы және қоғам қажеттілігі.

Әдебиеттер тізімі

1. Аманов Д. «Ұлттық құндылықтар- ұлт қорғаны» 2020ж
2. Абдыханова Ғ.Т «Ұлттық құндылықтар-бала тәрбиесінің қайнар көзі» 2019ж

ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ҮЙРЕТУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сулекеев Кенжеболат Каппасович - Астана қаласы әкімдігінің І.Есенберлин атындағы «№ 67 гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Директорынң тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Аңдатпа. Бұл мақалада волейбол ойынының әдіс-тәсілдерін үйретуде ақпараттық технологияларды қолдану жолдары мен ерекшеліктері, негізгі мәселелері, тиімді жолдары талқыланады. Заманауи әдістер мен инфрақұрылымды дамыту арқылы оқушылардың физикалық дамуын жақсартуға бағытталған ұсыныстар беріледі.

Түйін сөздер: дене шынықтыру, волейбол, ақпараттық технология, білім беру, физикалық даму, салауатты өмір салты.

Зерттеудің өзектілігі. Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру - қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндеттер ауыр» деген болатын. Ұстаздар қауымының алдында сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру; Шығармашылықпен жұмыс істей отырып, заман талабына

сай іскер, жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары дамыған шәкірт тәрбиелеу; Сабақта оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдана білу; Оқушының таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету міндеттері тұр.

Қазіргі таңда жеткіншек ұрпақ - мектеп оқушыларына білім беруге ерекше көңіл бөлініп келетіні белгілі. «Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек» деп көрегендікпен Шоқан Уәлиханов айтқандай, халқымызды кемеліне келтіру үшін жастарымызды білімді, мәдениетті, Отанын, тілін шексіз сүйетіндей етіп дайындауға - әрбір ұстаз міндетті.

Негізгі бөлім. Зерттеудің мақсаты. Волейбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан жүгіру, жүру, секіру, т.б. жаттығулардан тұрады. Бұл ойынды он жасар баладан бастап қай жаста болмасын ойнай береді. Сондықтан да, волейбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді де ағзаға пайдалысы болып табылады. Ойын барысында нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы адамның координациясы қалыптасады. Қандай жаттығу болмасын, қозғалыс барысында нақтылы орындалады. Айталық, шабуылдау кезінде допты қарсыласының алаңға дәл түсіру, болмаса допты әріптесіне дәл бере білу, допты қарсыласының алаңына алдап тастау т.б. Демек адамның барлық қабілет-қасиетін қалыптастыратын ойынның бір түрі. Дене шынықтырудың өзектілігі - өз алдына жеке бір сана, іс-әрекетінің процесінде өзгеше, құралы мен амалы жеке тұлғаның дене жегілдіруін қалыптастырады.

Кез-келген пәнді оқытуда ұстаздарға қойылатын басты талап - *жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, оқушыларға сапалы білім беру.*

«Жаңа ақпараттық – коммуникациялық технологиялар» ұғымының пайда болуы білім беру саласында компьютердің қолданыла бастауымен тығыз байланысты. Көптеген электронды оқулықтар мен оқу бағдарламалары, мультимедиялық оқу бағдарламалары жасалады және жасалып та жатыр. Сондықтан, бүгінгі таңда пән мұғалімдерінің кәсіби құзырлылығы құрылымынан оқытудың ақпараттық – коммуникациялық технологиялары ерекше орын алады. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру үрдісі. Бұл үрдісті іске асырудың негізі компьютер болып табылады.

«Дене шынықтыру» пәніндегі АКТ-ның негізгі мақсаты қозғалыс әрекеттерін жақсартуда және ілгерілеуде, немесе оқу үлгерімін бағалауда жатыр. АКТ-ны пайдалану оқушылардың физикалық белсенділігі мен қатысуын арттыруға, алайда алмастырмауға тиіс. АКТ оқушыларға жеке кестелер әзірлеуге көмектесіп, сондай-ақ, қозғалыс қызметінің мәнін түсінуге жағдай жасайды. Ал АКТ-ны шығармашылық пайдалану белгілі бір физикалық қиындықтарға тап болатын немесе айрықша оқытуда қажет ететін оқушыларға қосымша мүмкіндіктер бере алады.

XXI ғасырдағы жұмыс, демалыс және қарым-қатынас жасау үшін технологияны сенімді және сыни тұрғыдан пайдалануды қарастырады. Бұл базалық АКТ дағдыларын білу есебінен қамтамасыз етіледі.

Зерттеудің әдістері. Дене шынықтыру сабақтарында ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың мүмкіндіктерін қолдануда төмендегідей нәтиже беруде:

Ілімділік оқу материалын оқу бағдарламасы бойынша ғылыми негізінде ең жоғарғы дәрежеде меңгеріп шығуы және ілімдік білімін іс жүзінде тиянақты, саналы түрде қолдана білуі;

- ✓ Ақпараттық технология мүмкіндіктерін қолданып, өз бетімен білімін толықтыруға дағдылануы;
- ✓ Игерген материалдарын шығармашылықпен талдап, өңдеп, қорытындылап, өз көзқарасын қорғай алуы;
- ✓ Жеке қабілеттеріне қарай шығармашылық жұмыстарға белсене араласып, белгілі бір ғылыми білім саласында өз мүмкіндігін көрсете алуы;

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

- ✓ Интерактивті тақта;
- ✓ Мультимедия;
- ✓ Интернет кеңістігі;
- ✓ Электронды оқулық.

Интерактивті тақтаны пайдалану:

«Ауызша айтсаң – тез ұмыттым,

Көрсетсең – есте сақтаймын,

Іске кіріссең – үйренем» деген екен қытай даналығында. Ендеше оқушылар интербелсенді тақтаға назар аудара отырып, волейбол ойынын ойнауды үйрету сабақтарын ұтымды түсінуге мүмкіндік алады.

Интерактивті тақта — топтағы оқушылардың барлығын оқыту үшін құнды құрал. Бұл оқытушы жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін құнды құрал. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы танысуға мүмкіндігі зор. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге көмектесе алады. Оқытушылар өздерінің жаңа ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса мақсаттарына жетеді. Бұл тақтада оқытушылармен жаңа материалдарды бірігіп талдауға мүмкіндігі зор. Зерттеулер көрсеткендей, түрлі ресурстарды, қызықтыруларды ұлғайта отырып қолданса, оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де интерактивті тақта сабақты қызықты ететіні анықталды. Интерактивті тақтамен дұрыс жұмыс жасаса, оқушылардың білімдерін тексере де алады. Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналады. Ал егер де керекті материалдардың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді.

Электронды оқулық құралдар: Электронды оқулықтар оқушының білім сапасын бақылау жүйесін өзгертуге мүмкіндік жасайды. Дәстүрлі оқытуда әр

оқушы оқытушы тарапынан бақылау өте жиі болмай қалуы да кездеседі, ал электронды оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр кезеңін бақылай алады.

«Дене шынықтыру сабақтары аз сағат бөлінетін кең көлемді теориялық материалды қамтиды, сондықтан электронды презентациялар бұл мәселені тиімді шешуге мүмкіндік берді. Білім беру үрдісінде компьютерлік технологияны пайдалана отырып өткізген сабақ біршама қызықты, көрнекті және ширақ болады. Үйретілетін қимылдардың орындалу техникасының түсініктемелері, тарихи құжаттар мен оқиғалар, спортшылардың өмірбаяндары, әртүрлі бағыттағы теориялық сұрақтарды баяндау оқушыларға тікелей көрсетілмеуі мүмкін. Сондықтан көрнектіліктің әртүрлі түрлерін пайдалану қажет. Компьютерлік техникамен жабдықталған кабинетте сабақ өткізу балаларды қызықтырып, сыртқы уәждеме пайда болады. Сыртқы уәждемеден пәнге қызығушылық туындайды».

Материалдың ғылымилығы. Волейбол әдіс-тәсілдерін үйретуде ақпараттық технологияларды қолдану ғылыми тұрғыдан негізделген. Видеоталдаулар мен симуляциялар ойыншылардың қозғалысын нақты талдауға және оларға нақты уақыттағы кері байланыс беруге мүмкіндік береді, бұл ойыншылардың техникасын жылдам жетілдіруге әсер етеді. Мобильді қосымшалар мен интерактивті платформалар арқылы жаттығу үдерісін жүйелі түрде бақылауға болады, бұл оқыту сапасын жоғарылатып, жаттықтырушылар мен ойыншылар арасындағы байланысты нығайтады.

Ғылыми әдебиеттер мен озық тәжірибелердің негізінде ақпараттық технологияларды қолдану волейболда қажет болатын барлық әдіс-тәсілдерді нәтижелі түрде үйренуге мүмкіндік береді.

Волейбол ойынының әдіс-тәсілдерін үйретуде ақпараттық технологияларды қолдану ерекшеліктері. Ақпараттық технологиялар (АТ) спорттық дайындықтың әр түрлі аспектілерін жақсартуда маңызды рөл атқарады, соның ішінде волейбол ойынының әдіс-тәсілдерін үйретуде де үлкен әсер етеді. АТ қолдану арқылы жаттығу үдерісін жетілдіріп, оқушылардың, спортшылардың дағдыларын жедел дамытуға болады. Мұнда әсіресе **видеоталдау, виртуалды тренажерлар, мобильді қосымшалар және интерактивті оқыту платформалары** маңызды орын алады.

1. Видеоталдау. Видео арқылы ойыншылардың техникаларын, қимылдарын түсіріп, кейіннен оларды талдау — ең тиімді әдістердің бірі. Түсірілген бейнелерді жаттықтырушы ойыншыларға көрсетіп, олардың кемшіліктері мен артықшылықтарын визуалды түрде көрсетуге болады. Сондай-ақ, видео арқылы халықаралық немесе кәсіби деңгейдегі ойыншылардың ойынының үзінділерін қарап, оларға еліктеуді үйренуге болады.

2. Виртуалды тренажерлар және симуляторлар. Арнайы виртуалды тренажерлар ойыншылардың белгілі бір қимылдарды қайталап орындауына мүмкіндік береді. Мысалы, доп беру немесе соғу әдістерін қайталау арқылы ойыншылардың дағдылары жақсарады. Виртуалды симуляторлар шынайы ойын

жағдайларын имитациялап, ойыншылардың реакция жылдамдығын және тактикалық ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

3. Мобильді қосымшалар. Қазіргі уақытта көптеген спорттық қосымшалар бар, олардың көмегімен жаттықтырушылар волейбол әдістерін түсіндіре алады. Бұл қосымшалар жаттығу жоспарын құруға, ойыншылардың жетістіктерін бақылауға, және әрбір жаттығу туралы мәліметтерді сақтауға мүмкіндік береді. Кейбір қосымшалар нақты уақыттағы деректерді (мысалы, жүрек соғысы, қадам саны, қозғалыс жылдамдығы) жинауға мүмкіндік беретін сенсорлармен біріктіріледі.

4. Интерактивті оқыту платформалары. Интерактивті платформалар арқылы жаттықтырушылар мен ойыншылар арасында тиімді байланыс орнатуға болады. Мұнда оқушыларға тесттер, бейнематериалдар, инфографика және басқа да мультимедиалық материалдар ұсынылады. Бұл құралдар әдіс-тәсілдерді жақсы меңгеруге және ойында қажет болатын негізгі теориялық білімді игеруге көмектеседі.

Волейболдың негізгі әдіс-тәсілдерін үйрету үшін келесі модульдерді басшылыққа алуға болады:

1. Базалық қозғалыстар мен техникаларды меңгеру:

- Волейболда қолданылатын негізгі соғу әдістерін, доп беру, қабылдау техникасын үйрету.

- Жеке және топтық жаттығулар арқылы ойыншылардың дағдыларын бекіту.

2. Тақырыптық видеосабактар және онлайн тестілеу:

- Әр түрлі техниканы талқылау және бейнеталдау жүргізу.

- Видеосабак соңында техникалық тестілеу арқылы ойыншылардың біліктілігін тексеру.

3. Виртуалды симуляция және жаттығулар:

- Жаттығуларды виртуалды түрде қайталау, мысалы, пас беру, шабуыл жасау.

- Симуляторлар арқылы ойын жағдайларын моделдеу.

4. Жетістіктерді талдау және кері байланыс:

- Жаттықтырушының кеңестері мен ойыншылардың өзіндік есептері негізінде әрбір оқушының даму динамикасын талдау.

Бағдарлама 10-17 жас аралығындағы балаларға арналған. Оқыту мерзімі 1 жыл. Қысқа мерзімді сабақ жоспары саны – 34. Бұл авторлық бағдарлама ақпараттық технологияларды қолдану арқыры волейбол ойнаудың жоғарыда зерделенген әдіс-тәсілдерін үйретуді көздейді. *Бағдарламаның тиімділігі* – уақыт талабымен сәйкес. Жеке тұлғаның қозғалыс координатасын жетілдіру қиын мәселе болғандықтан, волейболды үйретудің құрылымы мен мазмұны ойын барысында жылдамдық пен нақты қозғалыты ныңайтуға бағытталған мінез қалыптастыруға тәрбиелейді. Сабақтан тыс білім беру жүйесінде волейболды үйрету жүйесі оқушылардың жеке қабілеттіліктерін айқындап, жетілдіре отырып, оның әр түрлі қимылдары мен жылдамдықтары түрлі қарқында дамуына бағытталады

Бағдарламаның ерекшелігі оқушыларды топтастыру арқылы ұжымдық білім беруге бағытталғандығында. Ол бағдарламаға енгізілген негізгі екі бағыт алады. Алдымен әр волейбол ойнаушының тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеуде, екіншіден әр тәрбиеленушінің өмірге көзқарасы, жағдаяттарды шеше білуі есепке алынады. Баланың жеке қасиеттерін табиғи, физикалық және психологиялық қасиеттерін білуді талап етеді.

Бағдарламаның жаңалығы - оқушы ойын үрдісі кезінде жоғары эмоциялы үлкен қуанышқа бөленіп, қанағат алады. Дене тәрбиесі жүйесінде волейбол ойынының маңызы-баяндамалар жазуында, мектептің материалдық жағдайын ескере отырып оқу-тақырыптық жоспарын құру.

Бағдарламаның мақсаты: Денсаулығы мықты, ұжымла ұйымдастыру қабілеті жоғары, жауапкершілігі мол, нақты қозғалыс кординациясы қалыптасқан, жылдам, өз бетінше шешім қабылдай алатын жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау.

Бағдарламаның міндеттері: Білім беру: Волейболдың шығу тарихымен таныстыру; Ойын ережелерін үйрету; Оқушыларға волейбол ойыны туралы теориялық білім беру, сайыстар өткізу ережелерімен таныстыру. Жетілдіру: Тұлғаның жылдамдық қозғалысын, есте сақтауын, орнықтылығын және басқа да жағымды қасиеттерін жетілдіру; Төзімділігін, өз өзіне және қарсыласына сынмен қарауын; Топтық жұмысты ұйымдастыру және сыныпта ынтымақтастық атмосферасын құруды, оны іс жүзінде қолдануды жетілдіру. Тәрбиелік: Айналасына ұқыптылықпен қарау, жеке қасиеттерін жетілдіруге ұмтылдыру; Топта ұйымшылдыққа және өзін өзі тәртіпке салуға тәрбиелеу; Еріктілік қасиеттерін жетілдіруге және өзін өзі бағалай білуге. Апталық жүктеме бірінші жылы аптасына 1 сағаттан /34 сағат.

Қорытынды. Білім беру ұйымдарындағы дене шынықтыруды жетілдіру үшін кешенді шараларды іске асыру қажет. Бұл оқушылардың физикалық дамуын жақсартып қана қоймай, олардың салауатты өмір салтына деген көзқарасын өзгертеді. Жаңаны меңгеру балалардан белгілі бір физикалық және психикалық күш-жігерді, қиындықты жеңе білуді, жинақылықты, мұқияттылықты, ой нақтылығы мен белсенділігін, зейінді дамытуды талап етеді: эмоционалдық, егер оқыту үрдісі қызығушылық туғызса және балалардың көңіл күйіне оң әсер беретін болса; бейнелі – қимыл-қозғалыстың көрнекі үлгісін қабылдау және жаттығу орындау кезінде; сөз-логикалық – тапсырманы ұғыну және жаттығудың барлық элементтерінің орындалу ретін, қимыл ойында мазмұны мен әрекетті есте сақтау және оларды өздігінен орындау кезінде; қимыл-қозғалыс – жаттығуды балалардың өзінің практикалық орындауына байланысты; ерікті, онсыз жаттығуды түйсіне, өздігінен орындау мүмкін емес. Физикалық әлеуетті дамыту әлеуметтік құзыреттіліктің дамуымен, баланың адамгершілік сана-сезімінің қалыптасуымен, оның толеранттылық, кеңпейілділік және өзара көмек көрсету, мақсатқа ұмтылу, адалдық секілді адамгершілік қасиеттерінің дамуымен тығыз байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Волейбол техникасы мен тактикасы жөніндегі оқу құралдары, мысалы: Платонов В.Н. «Спортивная тренировка»
2. Икрамова Л., «Физическая культура и спорт в цифровом мире»
3. Фурман Ю. «Волейбол: современная техника и методика обучения»
4. «Электронное обучение в спорте», Журнал физической культуры и спорта
5. Digital Coaching Systems for Volleyball, МЕГФМ (Международная электронная галерея физического мастерства)

Интернет-ресурстар:

1. ҚР БҒМ сайтындағы оқу бағдарламалары (edu.gov.kz).
2. Ұлттық білім беру платформалары: BilimLand, Daryn Online.
3. Спорттық әдістемелік порталдар: olympic.kz, sportedu.kz.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Тұлеуова Ж.Е. - М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, экономика пәндерінің оқытушысы

Ерниязова М.М. - М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, арнайы пәндер оқытушы

Аңдатпа *инклюзивті білім беру* – барлық балаларды, соның ішінде ерекше білімді қажет ететін білім алушылардың жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, емдік массаж, мүмкіндігі шектеулі балалар, инклюзивті білім беру тұжырымдамасы,

Кіріспе. Инклюзивті білім беру – бұл заманауи адам санасындағы революция және ашық демократиялық мемлекеттерді таңдау. Инклюзивті білім беру – білім беру саясатының ұлттық шолуына сәйкес БҰҰ-ның бірқатар конвенциялары қолдайтын жаһандық қозғалыс.

Инклюзивті білім беру барысында белгілі бір арнайы топтағы оқушыларға жеке білім беру бағдарламаларына сәйкес, «Емдік дене шынықтыру» сабағын өткізген дұрыс. Арнайы курстан өткен, оқыған білікті маманның нұсқауымен емдік дене шынықтыру сабағында, емдік-сауықтыру жаттығулары, арнайы әзірленген дене жаттығулары, массаж т.б. жүргізіледі. Мысалға оқушының белгілі бір дене бөлшегінің, буынының, аяқ-қолының тартылып немесе бөгіліп қалушылық

қасиетін жою үшін арнайы әзірленген жаттығуларды жасай отырып, осы емдік дене шынықтыру сабағының тигізер пайдасы зор [1].

Сонымен қатар, емдік дене шынықтыру қозғалыстың шектеулілігін, қозғалыстың жеткіліксіздігін және бұлшық еттің сезімінің байланыссыздығын түзету, емдеу және қалпына келтіру, қозғалыс біліктілігін жетілдіру, моториканы дамыту мүмкіндіктері жүзеге асырады. Мұндай сабақтар топта, дербес және кіші топта өткізілген дұрыс. Сабақ ұзақтығы 30 минуттан аспағаны жөн. Ауруының мәліметтері ескеріліп, кешенді дәрігерлік тексеруден өткен балаларға емдік дене тәрбиесі, арнайы әзірленген дене жаттығулары тағайындалады.

Оқушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында барлық оқу пәндерінде оқытудың түзетушілік бағыты жүзеге асырылады, сонымен қатар дене және танымдық, сөйлеу әрекеті дамуындағы ауытқуларды жеңу мақсатын алға қояды. Оқу процесін ұйымдастыру арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдануды, сонымен бірге бала дамуындағы ауытқуды түзету бойынша жекелеген және топтық арнайы сабақтар өткізуді қарастырады [2].

Тірек-қозғалыс аппараты функциялары бұзылған балаларды оқыту емдеу-қалпына келтіру жұмыстары аясында жүзеге асырылатын жұмыстардың құрамына: қимыл-қозғалыстың бұзылуындағы медициналық түзету, жүйке-психикалық ауытқудағы арнайы емдеу, соматикалық аурулардың алдын алу кіреді. Білім алушылардың қимыл-қозғалыстық, сөйлеу және жалпы дамуындағы кемшіліктерді жеңу үшін келесі курстар бойынша арнайы оқу жоспарымен қарастырылған жекелеген және топтық түзету сабақтары ұйымдастырылған жөн. Бұл балалардың қимыл-қозғалысы бұзылуы басымдылығының орнын толтыру мақсатында жекелеген және топтық арнайы жаттығу сабағы десе де болады. Әр оқушыға арналған арнайы емдік жаттығулар, гимнастикалық жаттығулар және қол-аяқ, саусақ моторикасын түзету жұмыстарының жоспарын дене шынықтыру мұғалімі мен дәрігер бірлесе отырып құрастырған дұрыс.

Емдік дене шынықтыру нұсқаушысы немесе мұғалімі әр ерекше балаға арналған есеп карточкасын жүргізе отырып, оның ішіне баланың қимыл-қозғалысы туралы мәліметтер, жұмыстың жалпы жоспары, кезеңді жаттығу кешендері, әр сабақтың өткізілуі және оның нәтижелерін жазып отыру керек. Әр тоқсанның аяғында дене шынықтыру және түзету жұмысының қорытындысы шығарылып, қол жеткен нәтижелерді ескере келе жоспарға толықтырулар енгізгізіліп отыру қажет. Сабақтар емдік дене шынықтыру бөлмесінде немесе арнайы жабдықталған гимнастика залында өткізілгені дұрыс. Алынған нәтижелер дене шынықтыру және сабақтан тыс жалпы дене шынықтыру шараларында бекітілетін болады [3].

Колледждерде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі ерекше топтағы оқушыларды оқыту барасында, тірек-қимыл аппаратындағы бұзылыстарын ескеріп, жалпы және ұсақ моторикасына назар аударып, сонымен бірге, ерекше оқушыларға арналған балалардың денсаулығын нығайту мен дене дамуына бағытталған арнайы жаттығуларды жоспарлауы керек. Сабақ өткізу кезінде есту, көру бұзылыстары бар

балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, анық және нақты командалар беріп, әрекеттерді арнайы көрсетіп, емдік дене шынықтыруларды ұйымдастыру қажет.

Қандай массаж болмасын барлығы тек осы сипаудан басталады. Оны бірінші орынға қоюдың өзінде үлкен мән бар. Өйткені емдік, спорттық, гигиеналық, өзін өзі массаждау – осы массаждардың бәрін сипаудан бастайды, бұл алғы шарт болып саналады. Сипау әр тәсілдердің арасында және массаждың соңында жасалады. Бір сөзбен айтқанда, сипаумен басталған массаж тек сипаумен аяқталады. Оны қаламайтын адам жоқ. Үлкен де, кіші де, дене еңбегімен айналысушы да, ой еңбегімен айналысушы да – бәрі де ұнатады. Өйткені сипау денеге ешбір қиянат жасамай, тек рахатқа бөлейді.

Сипау – адам қолының алақаны мен саусақтары арқылы тері үстінде жылжуы. Басбармақты алшақ ұстап, төрт саусақтары бірге, алақанды денеге сырғыта отырып, жәймен сипайды. Ол кезде тері жиырылмауы керек. Асықпай, жеңіл, еркін, белгілі ырғақпен орындалады. Массаж жасаушының қолы жұмсақ, бос, жылжығаны өте нәзік болады. Сипаған кезде шеткері лимфалар орталыққа қарай бағытталады. Емдік массажында үстіртін және терең сипаулар болады. Үстіртін жазықтықта сипау лимфа ағыны бойынша және оған керісінше де жүргізіледі. Қолды, аяқты сипаған кезде алақанмен қапсыра ұстап екі жағына бірдей жасайды.

Массаждың сипаудан кейін қолданылатын тәсілі, ысқылау. Бұл тәсілді қолданғанда саусақтар тердің өзін, оның астындағы тканьдарды қоса созып, орнынан қозғап, әр жаққа жылжытады. Сипаудан мұның айырмашылығы терді қатпарлап, тері, жиырып алға, артқа қарай ысқылайды. Сондай үлкен жылдамдықпен ысқылаған терінің температурасы 1,5 – 3 градусқа көтеріліп қызарып кетеді. Терідегі нерв талшықтары тітіркену, орталық нерв жүйесіне қоздыру импульстары, ағымдап жетеді. Қан тамырлары кеңіп, зат алмасуы артып, оттегі мен қамтамасыз етіледі. Сол сияқты қортылған заттардың денеден шығуына да жол ашады. Ысқылауды көбіне буындарға қолданады, оның сіңірі созылғанда буыны тайғанда, оқыс жарақаттанған да, нерв талшықтары зақымдалғанда ысқылау үлкен көмек көрсетеді.

Ысқылау арқылы бұлшық еттердегі түйіндер мен терінің шоғырлануын ыдыратып жіберуге болады. Терінің жиырылу қабылетінің арттырып, тонусын көтереді. Ысқылау тканьдардың жылжуын, қозғалыштығын үдетеді. Кішкене бала жүгіріп келе жатып жығылып, терісін ауыртып алса, шешесі оны жуатып, бірден қолмен жаңағы жерді ысқылап жібереді. Сонда баланың ауырған жері басыла қалады. Өйткені қатты ысқылағанда (әрине қан ағып тұрмаса) нерв ұштары мұқалып, сезгіштігі әлсірейді. Содан соң қозу бәсеңдеп ауру азаяды [4].

Массаждың ең күрделі тәсілі илеу немесе жұмсарту. Басқа тәсілдерге қарағанда бұл күшті әсер етеді. Әсіресе, бұлшық еттер мен қол еттерге өте қажет. Ел арасында, массаж жасау деген сөз денені жұмсарту дегенді білдіреді. Ол тегін емес, өйткені айтылып отырған тәсіл еттен өтіп, сүйекке жетеді. Массаж жасаушының қолы соншалықты күшті болуға тиіс, сол сияқты оның техникасын жете білу керек. Денедегі барлық бұлшық еттерді (үлкенді-кішілі) жұмсарту үшін

оның талай тәсілі бар, соны іске асыру керек. Сонымен орындау тәртібі: массаж жасаушы, алақанмен бұлшық етті қапсыра ұстайды, оны жоғары созады. Саусақтармен бармақтың арасында қатты қысады. Бұл кезде қол ет сүйектен бөлініп көтерілгендей болады. Сол кезде алақанмен езіп жұмсартады, әрі қарай жылжытады. Денедегі барлық ет дәл осылай уысты толтыра ұсталмайды. Жабысып жатқан жалпақ еттер бар.

Дірілдету (вибрация) – атына сәйкес бұл тәсіл немесе бірнеше саусақтармен алақанмен немесе жұдырықпен жасалып, тканьдерді қозғап дірілдетеді. Кейінгі кезде ел арасында массаждың осы тәсілі кейіннен таралуда. Өйікені оның нәтижесі айтарлықтай. Әсіресе, нерв жүйесіне тигізетін әсері ерекше. Дірілдету тәсілі жүрек соғысын реттеп, қан қысымын қалпына келтіреді. Асқазан сөлін көбейтіп, нерв жүйесінің арнасына түсіреді, ауырған жерді тыныштандырады. Сонымен қатар дірілдету бұлшық еттің тонусын көтеріп, жүректің жұмысын жақсартып, тыныс алу мүшелерінен ауа өтуін реттейді [5].

Шапалақтау – саусақтарды сәл бүгіп алақанмен жасалады. Сонда денеге жұмсақтау тиеді. Екі қолдың ара қашықтығы 2-4 см болады. Алма-кезек екі қолмен бұлшық ет талшықтарына көлденең бағытта шапалақтайды. Мұнда білезік, шынтақ буындардың жамбастың, арқаның иықтың, қарынның қалын еттеріне массаж жасағанда қолданылады. Үстіртін шапалақтау тамырларды тарылтады, олардың соғуын баяулатады, ал күштірек шапалақтау тамырларды кеңейтеді, массаж жасаған жердің температурасын көтеріп, аурығанын басады. Бұл тәсілді бүйректің тұсына, мойынға, жауырынның арасына қолданбайды. Соққан кезде екі қолдың ырғағы бірдей болғаны дұрыс.

Қорытынды. Англияда инклюзивті білім беруді дамыту үшін: мемлекет қаражат бөледі, мамандарды дайындайды; Ерекше баланы жастайынан орта мектепке дейін психологтар мен педагогтар алып жүреді, олар оның бойында қажетті дағдылар мен дағдыларды қалыптастырады, ата-анаға кеңес береді; арнайы оқыту бағдарламаларын әзірлеу; мұғалімнен басқа балаға оқу материалын меңгеруге көмектесетін, психологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешетін көмекшісі бар.

Бұл шаралар мүмкіндігі шектеулі балалардың өздерін қоғамның толыққанды қатысушысы ретінде сезінуге, дамуына және басқаларға пайдалы болуына мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беруді дамыту – мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, бүкіл білім беру жүйесіне білім беруді дамыту. Ол барлығына тең жағдайда және тең жағдайда білім алуға мүмкіндік береді.

Осы оқушылардың мысалында инклюзивті білім беру балаларға өздерінің жеке ерекшеліктерін айқынырақ көрсетуге, өмірге бейімделуге, дарындылығын көрсетуге және оқуын жалғастыруға мүмкіндік беретінін көруге болады. Осындай әртүрлі балалардың дамуына мысалдар келтіргенімізді қандай мақсатпен түсіндіргім келеді. Оларды не біріктіреді? Олар әдеттен тыс балалар, жеке көзқарасты және мұғалімнің бөлек, мұқият дайындығын талап етеді, бұл көптеген педагогтарды қорқытады.

Бірақ бір бала толығымен инклюзивті білім беруде, ал екіншісі мұғалім мен ата-ананың бастамасымен жартылай ғана. Бірақ инклюзивті білім беруді ішінара енгізудің өзі баланың дамуына жақсы әсер етті. Сонымен, кейбір жағдайларда инклюзивті білім беруді жеке біліммен ұштастыруға болады деген қорытындыға келеміз. Мұны тек мұғалім ғана емес, басқа да мамандар: дәрігерлер, психологтар, дефектологтар, логопедтер және т.б. шешкені абзал.

Сонымен, қорытындылай келе, инклюзивті білім беру барысында белгілі бір арнайы топтағы оқушыларға жеке білім беру бағдарламаларына сәйкес, «Емдік дене шынықтыру» сабағын өткізген дұрыс. Арнайы курстан өткен, оқыған білікті маманның нұсқауымен емдік дене шынықтыру сабағында, емдік –сауықтыру жаттығулары, арнайы әзірленген дене жаттығулары, массаж т.б. жүргізіледі. Мысалға оқушының белгілі бір дене бөлшегінің, буынының, аяқ-қолының тартылып немесе бөгеліп қалушылық қасиетін жою үшін арнайы әзірленген жаттығуларды жасай отырып, осы емдік дене шынықтыру сабағының тигізер пайдасы зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 14 б.

2. «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың әдістемелік ұсынымдарын бекіту» туралы ҚР БЖҒМ 2011ж. № 524 бұйрығы. – Астана, 2011. – 24б.

3. Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған ісшаралар жоспары. – А., 2012.

4. Белая Н.А. Руководство по лечебному массажу. Медицина, М., 1993

5. Сабырбек Ж. Б. С 12 Массаж және оның әдіс-тәсілдері: оқу құралы. – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 122 б.

ҰРПАҚ - ҰЛТТЫҚ ОЙЫНМЕН ШЫҢДАЛАДЫ

Туленбаев Жанибек Оразбекұлы Шымкент қаласы

№ 69 «Еркебұлан» бөбекжай – бақшасының дене шынықтыру нұсқаушысы

Аннотация: Мақалада заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты ұрпақ қалыптастыру, ұлттық ойын – бестемшенің бала тәрбиесіндегі ролі, тарихы, қазіргі таңда елімізде дамытушылар, насихатталуы, іс-шаралар туралы айтылады.

Түйін сөздер: ой-өріс, рухани ойын, көшпенділер ойыны

Кіріспе. Бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Алғашқы тәрбие мен білім мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Ұлттық ойындар қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын сауықтардың бір түрі. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі-түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Оның адам денсаулығын жақсартуда пайдасы зор. Ұлттық ойындар - ата-бабамыздан жалғасын тауып келе жатқан байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, ұлттық ойындарды үйренудің, күнделікті пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары – «Көкпар», «Бәйге», «Қыз қуу», «Ақ серек – көк серек», «Арқан тарту», «Бес кеней», «Бестемше» т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, икемділікке, шапшаңдыққа үйрету іске асырылады. Яғни күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтас сабақтас жүргізіледі.

Дүниежүзінде зияткерлік ойындарды дамыту, өркендету арқылы жеке тұлғаның біліктілік қасиеттерін осындай ойындар арқылы шыңдап дамыту көзделіп отыр. Балабақшада бүлдіршіндерді тәрбиелеу үшін қазақтың ұлттық ойындарын кеңінен пайдаланып, іске асыруымыз керек. Салт - дәстүрімізді, ұлттық ойындарды ұрпаққа үйретіп, бойына сіңірудің мән-маңызды ерекше.

Бестемше ойыны – бала санасын жетілдіруге, ақыл – ойын кемелдендіруге, адамның ойлау қабілетін, ой-өрісін шыңдайтын спорт түрі. Бестемше ойынының тағылымдық, танымдық құндылықтары көп. Бұл ойын арқылы балалардың сабырлық, төзімділік, ойшылдық, есептегіштік пен үнемшілдік қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Ұрпағымыздың бойынан осы қасиеттер табылып жатса, келешегіміздің жарқын болатынына нық сеніммен айтуға болады.

Бестемше ойыны балалардың математикалық қасиетін шыңдауға таптырмас құрал. Жүрістерді алдын-ала ойлау, есептеу, қиялдау, оның негізгі өзегі. Ойыншы ойынды үйрену барысында, оның бойында стратегиялық және жүйелі ойлау қабілеті қалыптасады. Алдын-ала жоспарлау, алдын ала ойлау, ойлаған мақсатқа жетудің басты әрі алғашқы қадамы. Құмалақ тастарды ұстап, жүріс жасаған кезде баланың қол моторикасы дамиды.

Түркі халықтарының сүйікті ойыны болған бестемше елімізде жаңғыру аясында қайта түледі. Бұл ойынның басты қасиеті баланың санасын жетілдіруге, ақыл – ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Жас бүлдіршіндердің дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойнаған. Пайда болу мерзімі төрт мың жылдық мерзімді қамтиды. Бұл ойынға ұқсас ойындар Қырғызстан, Индонезия, Марокко, Вьетнам және Түркияда кездеседі. Бестемше ойыны туралы «Қазақ тілінің түсіндірме» сөздігінде былай делінеді: «Тоғызқұмалақ ойының бірнеше түрі бар. Оның балаларға арналған

карапайым түрлерін «қоздату», «бестемше» деп атайды. (Ө.Жолымбетов, Айгөлек, 46).

Бестемшеге ұқсас ойындар түркі халықтарының көпшілігінде кездеседі. Дүниежүзінде де кеңінен насихатталып түрлі іс-шаралар өткізілуде. Бестемше ойынын алғаш рет халыққа таныстырылған және оның насихатшысы болған белгілі тоғызқұмалақ қайраткері – Серікбай Тілеубаев болды. Ол 1998 жылдан бастап тоғызқұмалақ көрмелерін жасап, сол жерде бестемше тақтасын да таныстырып жүрді. Бестемше ойыны – алғаш рет Астана қаласында 2010 жылы тоғызқұмалақтан Бірінші Әлем чемпионатына арналған көрмеде қойылды. Ол көрменің авторы – Серікбай Тілеубаев еді. Бұл көрмедегі бестемше тақтасы шет елден келген қонақтардың назарына түсіп, олар қатты қызығады.

Зияткерлік ойындарды зерттеуші ғалым Мақсат Шотаев өзінің іргелі мақаласына қазақтың бестемше және қырғыздың ұйымдастыруды ойындарының атауларында ерекшілік болғанымен, олардың тақта құрылысы ұқсас екендігін келтіреді. Ұлттық ойындарымызды дамытып, насихаттап жүрген зияткерлік ойындарды зерттеуші, қайраткер ғалым ағаларымызға айтар алғысымыз шексіз.

Биылғы жылы Астана қаласында өткен көшпенділер ойынында (1,2 суреттер) ұлттық ойындарымыз насихатталып, оның ішінде бестемше ойыны дүниежүзінен келген шетел өкілдеріне таныстырылып, олардың ойынға деген қызығушылықтарын байқауға болады.



1 сурет



2 сурет

Қазіргі кезде – Бестемше ойыны елімізде бүкіл өңірлерде кеңінен насихатталып келеді. Атап айтқанда, Шымкент қаласында да бұқаралық сипаты артып, түрлі іс-шаралар өткізілуде. Дәлел ретінде, мобильді топтың ұйымдастыруымен жекеменшік балабақшалардың педагогтеріне арналған «Ұлттық ойын ұлт қазынасы» тақырыбында шебер сынып (3 сурет) және де бестемше ұлттық ойынынан мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің арасында қалалық жарыс (4 сурет) өткізілді. Жарысқа қатысушылар жоғары деңгейлі дайындықпен келгендері, ойлау жүйесінің дамығандығын, дербес әрекеттерін, уақытты тиімді пайдалану, ойын арқылы жадыны жақсарту және есте сақтау қабілетінің дамыған,

жан-жақты қалыптасқан дамыған, жан-жақты қалыптасқан тұлға екендіктерін көрсете білді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру жоспарына сәйкес № 69 «Еркебұлан» бөбекжай-бақшасында тәрбиешілер-мен педагогтарға «Бестемше» ойынына шебер сынып және тәрбиеленушілер арасында іс-шаралар ұйымдастырылды. Ойын ережесі өте қарапайым болғандықтан, іс-шара барысында ойынды жылдам меңгеріп, қызыға ойнады.



3 сурет



4 сурет

Қорыта келгенде, ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, ілгерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейрімділікке, ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге – құрмет, кішіге қамқорлыққа баулып, адамдық қасиеттерді ұғындыру, қалыптастыру болып табылады. Сондықтан, ұлттық ойындарымызды үйрену арқылы заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы маңызды орасан зор. Бестемше – зияткерлік ойынын дамытудың маңызы – балабақшалар мен бастауыш сыныптарға кеңінен таратып ойнату – зияткерлік қабілетін ашып, зердесін шыңдауға мүмкіндік береді. Сонда ғана, жасөспірімнің жас кезінен озық ойлы болып өсуіне жағдай жасайтын боламыз. Ата – бабамыздың аманат етіп қалдырған ұлттық ойындарымызды келесі өскелең ұрпаққа тапсыру біздер үшін маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, МТДИ, 2014 ж., Б. Қалиев.
2. С. Ерғали. Қазақы зияткерлік ойындарды жасөспірім логикасын дамытуға пайдалану. Астана, 2015 ж.
3. Жолымбетов Ө., Айгөлек – Алматы, «Қазақстан», 1975 ж.
4. Шотаев М.Е. №2 наурыз-сәуір 2023ж. «Спорт жұлдыздары».
5. Куланова К.К., Марчибаева У.С., Махашева З.У., Уалиева А.К. «Бестемше», Оқу құралы, Астана 2021ж.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТАҒА БЕЙІМДЕУ

Тілеубайұлы Әнуарбек Дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы, педагогика-психология магистрі, педагог-модератор «Қазалы аграрлы-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Аңдатпа. Мақалада арнаулы білім жүйесіндегі мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті білім беру жүйесі бойынша оқыту және кемтар балаларды психологиялық бейімдеу, қоғамға кіріктіру, тұлға ретінде қажеттілігіне дейінгі проблемаларына қарамастан санаттары бойынша инклюзивті білім дағдыларына оқытып, білім мен тәрбие беру туралы жазылған.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолжетімді орта, медиа-телекоммуникация

Кіріспе. Соңғы жылдары арнаулы білім жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларды сапалы біліммен қамту өзекті мәселенің біріне айналды. Мәселелерді тұңғыш рет мемлекеттік деңгейде көтеріп, ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында инклюзивті білім беру жүйесін дамыту жан-жақты қарастырылған.

Қоғамдағы мүгедектердің жағдайы, олар бастан өткеруге мәжбүр қиындықтар туралы пікірталастар жиі орын алып келеді. Алайда ересек мүгедектердің өз құқықтарын іске асыруына байланысты мүгедектік проблемалары жиі іске алынып жатады, ал кемтар балалардың жағдайына тиісті көңіл бөлінбейді. Бұл кемтар балаларды психологиялық бейімдеу және қоғамға кіріктіру мәселелерінен бастап, олардың тұлға ретінде қажетсіздігіне дейінгі саладағы проблемалар санының көптігіне қарамастан орын алуда. Бұл баланың адамзаттық ар — ожданын кемсітетін, оның дамуға және тіпті өмір сүруге құқығын іске асыруына кедергі келтіретін әр түрлі кемсітуші көріністер болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңына сәйкес, арнайы түзеу ұйымдары дамуында кемтарлығы бар балалардың келесі санаттары үшін құрылады:

- есту қабілеті бұзылған (естімейтін, нашар еститін, кейіннен саңырау болып қалған);
- көру қабілеті бұзылған (көзі көрмейтін, нашар көретін, кейіннен соқыр болып қалған);
- жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған; сөйлеу қабілеті бұзылған;
- ақыл-ойы кенжелеп қалған; психикалық дамуы тежелген;
- эмоциялық-еркі жағынан және мінез-құлқы бұзылған;
- күрделі бұзылыстары бар, оның ішінде соқыр-саңырау болып қалған балаларға арналған ұйымдар [2].

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды кәсіби-еңбектік оқыту Қазақстанның арнайы білім беру ұйымдары қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Инклюзивті білім беру – ерекше мұқтаждықтары бар балаларды техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту-даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция үдерістерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі.

Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасын қамтамасыз ету, сонымен қатар оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастырудың идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалып жатады. Мұндай қалыптасқан жүйе баланың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау және жеке адамның шығармашылық рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілікпен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру және басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен. Осыған байланысты қоғам алдына оқушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылып отыр.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады.

Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция үдерістерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуына тоқтап атап өтейін. «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;
- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;
- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін қолжетімді ортаны құрайтын техникалық және кәсіптік білім беру орындарында ғимаратқа кіру, ғимараттағы қозғалыс бағыттары, санитарлық- тұрғын бөлмелер, медиа-телекоммуникация, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, арнайы мамандар. Бұл параметрлерге келесідей көрсеткіштер кіреді:

Ғимаратқа кіру:

- Пандустардың болуы;
- Екі жағынан тұтқалардың болуы:(жоғарғы және төменгі жағында көлденең, жарақатсыз бітуімен);

- Кіре берістегі сырғанақ емес жабынның болуы;

- Колледж қолжетімділік белгісін орнату

Ғимарат ішіндегі қозғалыс жолдары:

- Пандустардың болуы;
- Мүгедектерді көтеруге арналған жабдықтың болуы;
- Кеңселерге, аудиторияларға, кітапханаларға, басқа да бөлмелересігін кеңейту;

- Қажетті өлшемдегі парталардың болуы;

- Оқу бөлмелерінде қажетті мөлшерлерде балдақтарға арналған ілгектердің болуы.

Санитарлық-тұрғын бөлмелер:

- Дәретхана есігінің кеңейтілуі;
- Дәретханадағы шұңғылшаның белгілері бір деңгейде болуы;
- Мүгедектер арбасына арналған шұңғылша жабдық алаңы;
- Унитаз жанында мүгедектер арбасына арналған аймақтың болуы;
- Аяқпен немесе балдақпен сезілетін писсуарға бағыттағыш жолының болуы;

- Кабинаның қолжетімділік белгісі.

Медиа-телекоммуникация:

- Қажетті жазулардың болуы;
- Сөйлейтін ақпаратшы мен маяктардың болуы;
- Жедел ақпаратты шығару үшін жарық мәтіндік жәшіктердің болуы.

Оқу әдістемелік қамтамасыз ету:

- Арнайы оқу бағдарламасының болуы;
- Арнайы оқу әдебиеттерінің болуы;
- Арнайы оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдардың болуы.

Еліміздің нормативтік құжаттарында ерекше қажеттіліктері бар адамдардың белгілі бір санаттары көрсетілмейді. Мүмкіндіктері шектеулі балалар санатында

жеңіл немесе ауыр даму бұзылулары бар балалар болуы мүмкін. Кейбір санаттарда ерекше білім беру қажеттіліктері мамандықты игеру сатысында да сақталады.

Төмендегі оқушылар категориялары оқу орындарында ең көп таралған, олар тек жалпы емес, сондай-ақ арнайы топтарда да оқытылады:

1. Есту қабілеті бұзылған адамдар;
2. Көру қабілеті бұзылған адамдар;
3. Жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған адамдар;
4. Ақыл-ойы кенжелеп қалған адамдар;
5. Психикалық даму кедергісі бар адамдар.

Техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға арналған арнайы білім беру бағдарламаларын дайындау. Арнайы оқу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу мынадай мәселелерді шешуге бағытталған:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін техникалық және кәсіптік білім берудің қолжетімділігін арттыру;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін техникалық және кәсіптік білім беру сапасын арттыру;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға техникалық және кәсіптік білім алу, оларды әлеуметтендіру және бейімдеу үшін қажетті оқу орындарында арнайы білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендерді құру;

- білім алушылардың ерекше қажеттіліктері бар жеке білім беру траекториясын қалыптастыру мүмкіндігі;

- білім беру мекемелерінде толерантты әлеуметтік-мәдени ортаны қалыптастыру.

Қорыта келгенде, ең бастысы мүмкіндігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасын, пікірін өзгерту керек, олар үшін кедергісіз орта қалыптастыру қажет және мүмкіндігі шектеулі баламен бір партада отырған дені сау бала әлдеқайда мейірімді, қайырымды болып өсетінін халықаралық тәжірибе көрсетіп отыр. Енді сол тәжірибенің біздің елімізде де қанат жайып, өркендеуіне педагогтер қауымы зор үлес қосуы қажет деп ойлаймын. Мүмкіндігі шектеулі балалардың сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсіп, өзін әлеуметтік ортада жеке тұлға санап, олардың тағдырын ел болып реттейтін уақыт келді. «Бала тағдыры-ел тағдыры» деп қарап, ұрпақтың өмірге келген сәтінен бастап, тәлім-тәрбиені бойларына сіңіріп, мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік өмірге даярлап, еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын азамат тәрбиелейтін кез келді.

Әдебиеттер тізімі

1.«Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж

2.«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы». ҚР 2002ж №343 Заңы

3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін арнайы оқу бағдарламалары әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар «Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ

ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА ЗАНЯТИЯХ ПО ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ С ДЕТЬМИ ООП

Усманова Кундуз Юлдашевна - инструктор по физической культуре
ГККП детский сад №89 «Қыз Жібек», г.Астана.

Аннотация. В статье рассматривается использование инновационных технологии на занятиях по физической культуре. Значение и влияние на здоровье и развитие ребенка.

Ключевые слова: Интерактивный скаладром, скалалазание, спорт, физическая культура, инновационные технологии.

Введение. Сегодня в дошкольных учреждениях уделяется большое внимание здоровьесберегающим технологиям, которые направлены на решение самой главной задачи дошкольного образования – сохранить, поддержать и обогатить здоровье детей. Кроме того, серьезной задачей является и обеспечение максимально высокого уровня реального здоровья воспитанников детских садов, воспитание валеологической культуры для формирования осознанного отношения ребенка к здоровью и жизни как собственных, так и других людей.

Успешное решение поставленных задач возможно лишь при условии комплексного использования всех средств физического воспитания: рациональный режим, питание, закаливание и двигательного режима. Оздоровление детей не результат одного дня деятельности, а спланированная работа всего коллектива образовательного учреждения на длительный период, которая проводится систематически в течении всего времени, пока ребенок посещает детский сад

«Спорт, Ты – жизнь!» Благодаря спорту мы развиваемся, становимся сильнее, выносливыми, именно в спорте закаляется характер, формируются такие важные качества, как взаимовыручка, упорство в достижении цели, без которых так трудно прожить в современном мире. Но как привить это человеку? Начинать нужно с раннего детства - с детского сада.

В нашем детском саду есть группы с инклюзией, в которых требуется присутствие тьютора, а так же 2 коррекционные группы. И главная задача моя как педагога – не сделать из них мастеров большого спорта, а привить вкус к здоровому образу жизни, чтобы они чувствовали потребность в наших занятиях и получали от этого настоящее удовольствие, чтобы становились физически сильными и здоровыми.

Дети с ООП, это группа детей, которым характерно стойкое расстройство функций организма, врожденными недостатками, как умственного, так может быть

и физического развития, различные травмы, все эти перечисленные элементы приводят к ограничению нормальной жизнедеятельности ребенка. Ведь для здоровых детей спорт – это обычная потребность, то для детей с ООП, физические упражнения жизненно необходимы, так как это ключ к физической, социальной и психической адаптации.

Применение инновационных технологий в физическом воспитании дошкольников - одно из главных условий для проведения результативной работы на современном этапе. Любая инновация представляет собой не что иное, как создание и последующее внедрение принципиально нового компонента, в следствии чего происходят качественные изменения среды.

И одним из инновационных технологий нашего детского сада, является применение на своих занятиях интерактивного скаладрома.

Интерактивный скаладром кроме физического развития скалалазания, позволяет детям учить различать цвета, формы, решать логические задачи.

Скаладром - искусственное сооружение, представляет собой тренажер для скалалазания, имитирует рельеф скалы и имеет различную форму.

Скалалазание - вид спорта, который заключается в лазании по естественному рельефу. Этот спорт возник из альпинизма, и является одной из его техник. Однако, цель скалалазания - не достижение горных вершин, а сам процесс преодоления препятствия.

Кроме положительных эмоции, скаладром позволяет развить ребенку множество полезных навыков.

1. Развитие физических качеств (выносливость, ловкость, гибкость, усиливает силу и цепкость пальцев)

2. Развитие координации движений (развитие глазомера, формирует правильную осанку, вырабатывает чувство равновесия)

3. Логическое мышление . Каждое задание представляет собой головоломку, для решения которой необходимо задействовать логическое мышление.

Скалалазание служит не просто досугом для детей, оно еще является отличной развивающей гимнастикой. Использование скалодрома позволяет повысить интерес детей к занятиям физическими упражнениями, разнообразить и совершенствовать физическую подготовленность воспитанников ДОУ.

Как сделать так, чтобы мир движений стал действительно привлекательным, интересным для детей , на своих занятиях я так же использую нестандартное оборудование, изготовленное своими руками. Эти оборудования повышают интерес к выполнению основных упражнений и двигательной активности. Детей привлекают необычные формы и красочность, способствует высокому эмоциональному тону во время занятий физкультурой. Дети всех возрастов выполняют упражнения с нетрадиционным физкультурным оборудованием с большим удовольствием и достигают хороших результатов.

Я знаю, что чудес не бывает, но если с детства привить ребенку правильное отношение к физическим упражнениям, учить закаливанию, различным спортивным навыкам, то это постепенно перерастет в привычку, от которой он вряд ли откажется потом, уже во взрослой жизни. И я стараюсь вовлечь всех ребят в спортивную жизнь, начиная с ежедневной зарядки, проводимая в виде танца на заданную тему, которая является экспромтом для детей, решая и задачи творческой направленности, заканчивая массовыми спортивными мероприятиями, где каждый ребенок способен почувствовать себя сильным, ловким и уверенным в себе.

Ребенок, имеющий то или иное заболевание, сможет только по настоящему жить, узнать себя, исключительно в социуме, именно в нем происходит формирование его личности, познание себя и своего окружения, радости движения, он начинает чувствовать себя частичкой целой системы, понимает, что он не один такой, что есть дети, находящиеся в похожем положении, учиться взаимодействовать с ними, дружить, работать в команде, ощущать вкус победы или поражения.

В заключении следует отметить, что значение физической культуры для детей с ООП играет огромную роль в процессе их социализации и адаптации так как :

- Укрепляется психика
- Мобилизуется воля
- Происходит расширение их функциональных возможностей

Таким образом, занятие спортом помогает детям познать себя самого. Вот так, шаг за шагом, мы учимся, боремся, преодолеваем себя и добиваемся успеха. А каждый успех своих детей я расцениваю как собственную, пусть и не большую победу

Правильное организованное занятие по физической культуре, разносторонне и гармонично развивает ребенка, способствует укреплению мышц. Позволяет лучше овладеть своим телом, что значительно повышает его самооценку. Ведь стремление к победе, к лучшим результатам помогает каждому ребенку не только становиться здоровым, но и дает возможность почувствовать себя личностью.

И еще я очень не люблю проигрывать, это наверное, тоже связано со спортом. И поэтому по жизни я лидер во всем. И стараюсь учить этому ребят. Ведь стремление к победе, к лучшим результатам помогает каждому ребенку не только становиться здоровым, но и дает возможность почувствовать себя личностью.

Использованная литература

1. Абдукаримов Н. А. Использование инновационных технологий на занятиях физической культурой // Молодой ученый. 2016. № 3 (107). С. 1015-1017.
2. Агаджанова С.Н – Физическое развитие детей Инструктор по физкультуре в детском дошкольном учреждении- М.: Сфера.

«Бестемше» ойынынан республикалық жарыс \ Республиканские соревнования по национальной игре» Бестемше"















ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикалық Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы 2024 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушыларына арналған «Ұлттық зияткерлік ойындар» республикалық ғылыми-практикалық конференциясын өткізді. Конференцияның мақсаты - еліміздің мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтері мен нұсқаушыларының ұлттық зияткерлік ойындарды дамытудағы теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын жетілдіру болды. Конференцияға республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен 20 облыстан жалпы саны 280 дене шынықтыру педагогтері қатысты.

Конференция қонақтары ретінде ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім беру комитетінің төрағасы Қаныбек Бекболатұлы Жұмашев, Мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры Манара Елеукенқызы Адамова, Балаларды ерте дамыту институтының бас директоры Мария Наятовна Ерманова, Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының вице-президенті Мақсат Есенбекұлы Шотаев, ҚР құрметті спорт қайраткері, Халықаралық асық ату федерациясының мүшесі Жомарт Сабыржанұлы, Қазақстан Этнодизайнерлер одағының президенті Салтанат Әминқызы, Астана қаласы бойынша дене шынықтыру мұғалімдері қауымдастығының төрайымы Амантай Динара Мұратқызы, қол күрестен Қазақстан және Азия чемпионы Тимур Спатаев және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, п.ғ.к. Фатима Ниязбекқызы Жұмабекова мен п.ғ.д., профессор Сайра Нағашыбайқызы Жиенбаева шақырылды. Қонақтар өз кезегінде құттықтау сөздері мен қатар, мектепке дейінгі білім беру саласындағы оң өзгерістер мен жанартылған білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері туралы баяндамаларын оқыды.

Конференция екі бөлімнен құралды: біріншісі пленарлық отырыс және «Бестемше» ұлттық ойынынан республикалық жарыс. Конференция барысында бала бақшалардағы дене шынықтыруды жетілдірудің өзекті жолдары мен дене шынықтыру процесінде балалардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ ұлттық зияткерлік ойындарды дамыту мәселелері талқыланып, спикерлерге құрмет грамоталары мен алғыс хаттар табысталды.

Конференция барысында Қарағанды, Ақтөбе, Түркістан облыстары мен Астана, Шымкент қалаларының бала бақшалары балаларының қолдан жасаған еңбектері мен дене шынықтыру педагогтері ұлттық ойын түрлерінен жасалған еңбектерін көрмеге қойып, үздік тәжірибелерін ортаға салды. Қарағанды облысынан 12 ұлттық ойын (шахмат, үлтел бестемшесі, сырғымақ, шертпе) түрлерінен ұсынылған көрмеге қонақтар ерекше қызығушылық танытты.

Конференция аясында өткен «Бестемше» ұлттық ойынан республикалық жарысқа барлық өңірден 20 команда (297 адам) қатысып, өз бақтарын сынады.

Жарыс нәтижесінде ҰҒПДТО бас директорының орынбасары С.К. Куптилеуова жеңімпаздар мен ептілігін көрсете білген барлық қатысушыларға алғысын білдіріп, жеңімпаздарға кубок, медаль, дипломдар табыстады.

Конференция Бестемше ұлттық үстел ойының жарысына ұласты. Бұл жарысқа 43 ер адам мен 48 әйел адам қатысты. 4 турдан тұрған бұл сайыста 1-орынды Қарағанды командасы жеңіп алды. Ерлер арасындағы жұптық ойын нәтижесінде Сүйеу Тәйжібеу Сүйеуұлы, ал әйелдер арасындағы ойыннан Кали Перизат Сагадибековна мен Омар Сая Ер-Тарғынқызы үздік ондыққа енді.

Конференция мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру нұсқаушыларына тәжірибе мен білім алмасу барысында ғылыми ынтымақтастықты және кәсіби байланысты нығайтуға мүмкіндік берді. Конференция жылы және сындарлы жағдайда өтті.